


*Ақыш Мақсұтхан Термизиұлы*



# **ҚҰС ЖОЛЫ**

**ТӘЛІМ - ТАҒЫЛЫМДЫҚ ОЙ - ТОЛҒАНЫС**

**ҚАРАҒАНДЫ**  
**2008**

Қарағанды облыстық білім департаменті  
Қарағанды облыстық мемлекеттік және білім беру  
қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау  
институты  
Бұқар жырау ауданы, Керней орта мектебі

**Ақыш Мақсұтхан Термизиұлы**

**ҚҰС ЖОЛЫ  
ТӘЛІМ – ТАҒЫЛЫМДЫҚ ТОЛҒАНЫС**

**Қарағанды  
2008**

ББК 74.24  
А 38  
Ә.О.Ж. 371

Авторы: Ақыш Максұтхан Термизиұлы

Пікір жазғандар:

Қарағанды қаласы, №92 гимназия директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты **Әмір Шарапат Қауденұлы**.  
МББҚБА және ҚД институтының аға оқытушысы **Туғанбаев Әділхан Ошақбайұлы**.

А 38 Ақыш М.Т.

Құс жолы: Тәлім - тағылымдық ой - толғаныс:  
Қарағанды, ЖШС «САНАТ-Полиграфия», 2008 – 301 с.

ISBN 978-601-7002-07-7

ББК 74.24 .

Кітапта жаратылыстанудың болмысына, психологиялық толғамдарға, әлеуметтік сұраныстарға, халықтық педагогикаға, имандылық тәліміне, патриоттық тәрбиеге және оларды өзара тығыз байланыстыра отырып, барыяша жан-жақты мән мен мағна берілген. Кітап қазақтың киіз үйінен басталып, адам ағзасының жалпы анатомиялық, физиологиялық, психофизикалық, химиялық, физикалық құрылымдарымен, сондай-ақ биомеханикамен сомдалып, «дiлнама» тағылымымен өрiлiп тажмаланған. Кітаптың құндылығы өсер ұрпақты ұлттық рухта, яғни, Қазақстандық патриот етiп тәрбиелеудегі оңтайланған ықпалында.

Кітапта Қазақстан мектептерiнiн он екi жылдық оқу жүйесiне көшүiне байланысты теория мен тәжiрибе, ой мен пікір, ұсыныс пен тiлек, әңгiме мен аңыз, құбылыс пен оқиға, бағыт пен бағдарламалар қалып оқырманға, оның iшiнде мұғалiмдер мен тәрбиешiлерге, оқушылар мен студенттерге арнаған.

Бұл кітапта дiлнамаға негiзделген жаңа тұрпатты оқу-тәрбие мәселелерi жан-жақты қарастырылған.

ISBN 978-601-7002-07-7

©Бұқар жырау ауданы, Керней орта мектебi, 2008



*Ақыш Мақсұтхан Термизиұлы*

Ақыш Мақсұтхан Термизиұлы, осы күнгі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы кентінде 1948 жылы 19 ақпанда дүниеге келген. Осы жердің мектебін 1967 жылы тәмамдап, сол жылы Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, аталған оқу орнын 1971 жылы бітіріп шықты.

Осы, қазіргі күндерге дейін, Керней мектебінде 37 жыл ұстаздық етеді. Мәскеу, Астана, Алматы, Түркістан қалаларында іс сапарымен болған. Ән, күй, айтыс өнерлерін жан – тәніммен сүйеді, құрмет тұтады. Тарлан тарих пен көне жәдігерлерді зерделеу мен, оларды білуге құштар. Өзі ақын болмағанымен, бірақ ішкі дүние, жан сезіміне еш бір тыныштық бермейді. Теміртау, Қарағанды, Алматы және Мәкеу қалалары деңгейінде өткен көптеген ғылыми – практикалық конференцияларға, сонымен қатар, Бүкіл Одақтық Педагогикалық Ғылым Академиясының өткізген Бүкіл Одақтық «Физика сабақтары – 88» ғылыми - әдістемелік Фестивалында қатынасқан және бірқатар еңбектері жарыққа шыққан:

1. Центральный Институт усовершенствования учителей, научная конференция на тему: «Научные основы управления общеобразовательной школой.» №8. Алматы 1983.

2. «Проблемы преподавания физики в средней школе». Журнал «Физика в школе», №6. 1987г, стр. 18. Москва 1987. Педагогика.

3. Бүкіл Одақтық Педагогикалық Ғылым Академиясының өткізген Бүкіл Одақтық «Физика сабақтары – 88» ғылыми - әдістемелік Фестивалына қатынасқан. Москва 1988.

4. «Воспитательная работа в средней школе.» Журнал «Воспитание школьников» №3. 1989г, стр. 18. Москва 1989. Педагогика.

5. Облыстық ғылыми–практикалық конференция: «Бейіндік оқыту - әдістемелік, психолого–педагогикалық проблеманың бірі». (Тақырыбы: «Кернейдегі болашақ ресурстық оталық», 43 – 45 беттер.) Қарағанды 2006.

6. Облыстық ғылыми–практикалық конференция: «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы». (Тақырыбы: «ДЛНАМА (тәлім–тағылым, адами–ұлттық тәрбие.)», 453–458 беттер.) Қарағанды 2007.

7. Республиканская научно-практическая конференция: «Современные образовательные технологии как фактор повышения качества среднего общего образования». Мынандай тақырыптар бойынша осы конференцияға ат салысуға өтініш жасаған: «Ант суы мен рух туы (шәкіртсіз ұстаз тұл)», «Жарқын болашаққа тән білім - тәлім технологияларына...». Қарағанды. ИПК и РО. 13.05.2008.

«Учитель Казахстана», «Орталық Қазақстан», «Сарыарқа» газеттерінде оқу – тәрбие мәселелеріне байланысты мақалалары жарық көрген. Мысалы: «Возможности наши – реальны» 1988 ж., «Көкейдегі ой ұшқындары» 1991 ж., «Ұлы бабамызға құрмет» 1991 ж., «Әдебиет беті (өлеңдер)» 1993 ж., «Ұстаз – ұлы есім» 1995 ж., «Асқақтаған әнұран» 1995 ж., «Даналарға тағызым» 1995 ж., «Бабалар ұлағаты» 2008 ж., «Арда Қазақ» 2008 ж., «Ана тілі, ардағым» 2008 ж., «Замандастар – Отандастар» 2008ж., «Асқақ рух» 2008 ж., «Үш намыс» 2008. т.б.

2007 жылы Бұқар жырау ауданының орталығы «Ботақара» кентінде болып өткен ақындардың жыр мұшайрасында «Доскей ақын» атындағы жүлдені жеңіп алған. «Аға мұғалім» деген атақ берілген. №415. Қарағанды 1989.

Отыз жеті жылға созылған мұғалімдік табысты еңбегі ескеріліп, Білім және Ғылым министірлігінің, облыстық білім беру департаментінің, содай – ақ аудандық оқу бөлімінің мақтау қағаздарымен марапатталған:

1. Почетная грамота – Оргкомитет XXV областных педагогических чтений награждает Акишева М.Т. за педагогическое творчество и новаторские подходы к организации учебно–воспитательного процесса. В. Каменский. Караганда 1991.

2. Благодарственное письмо – Педагогическое общество Республики Казахстан благодарит Акишева Максутхан Термизулы за активное участие в республиканском конкурсе на лучшую методическую разработку по организации учащихся на педагогическую профессию. Заместитель председателя Республиканского совета Педагогического общества – О.Ш. Кожаметов. Председатель жюри – А.А. Бейсембаева. Алматы 1992.

3. Алғыс хат «Бейіндік оқыту әлеуметтік психолго-практикалық конференцияның ұйымдастыру комитеті М.Т. Акьшевқа конференция жинағына мақала дайындауда белсенділік көрсеткені және жауапкершілік танытқаны үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙДЫ. Ұйымдастыру комитеті төрағасы – С.С. Қонтаев. 11.05. 2006. Қирағанды 2006.

ЕМНПО ИНК и ПГС РО кафедрасының аға оқытушысы, физика пәнінің мұғалімі Туғанбаев Әділхан Ошакбайұлы

## АЛҒЫ СӨЗ

Уақыт шіркін, жылжи береді, тоқтаусыз жылжи береді. Бүгінгі істеген істеріміз көне тарих койнауына аттанады, елеулісі халық санасында жатталады. Уақыт жүйрік, ол ешкімге де жеткізбейді, ұзап кете береді, алыстай түседі. Уақыт жылжыған сайын, дүние желпіне, сан қилы, оңды – солды, жаптар Тәңірі күдіретімен бірде дамып, бірде күйрейді. Уақыт пен қозғалыс, шексіз ғалам кеңістігінде өтетін заңды құбылыс, физикалық дене мен алуан өрістердің өзара қарым – қатынасы, адамның көретін, сезінетін және еш бір сезім мүшелеріне білінбейтін ағза мен рухтың өзара мәмілесі, ерекше ықпалдасуы.

Діл мен дін қағидаларының қанаттасуы, бір жазықтықта параллель қатарласуы келешек ұрпақтың, көркем де жоғары санатты құрылымын, сана – сезімін, аз және пәк рух күдіретін шарықтата түседі, ал ол ғылымға деген мызғымас тұғыр.

Адамның мамандығы, қызыметі, өмірден тоқығаны, алған тәлімі мен бек білімі жоғары адамгершілік сипаттарынсыз, рух қуатынсыз, ана тілі нәрінсіз, яғни, діл - дінсіз түкке де, әсте, тұрмайды.

**Д І Л** - а д а м н ы ң ө з і н - ө з і т а н у а л г о р и т м і, оның ішкі жан – дүниесі, ақыл – парасаты, өнерге бейімі, кәсіпке ыңғайы, ұлттық асыл әдет – ғұрыпты сақтауы, ана тілін кәстерлеуі, ғылымға құштарлығы.

**Д І Н** – р у х а н и к а з ы н а, адамды жан – жануардан өзгешелейтін, анағұрлым жоғарғы сатыға көтеретін с е н і м - н а н ы м. Кең – дархан даламыз, дана халқымыз, ар – ұжданды еліміз, тарлан тарихымыз – осы рухтың қайрат – қажырымен, адалдықпен, ерлікпен, ерен табандылықпен келген. ДН – т ә л і м н і ң тұнығы, ғ ы л ы м н ы ң тереңі, д е н е м е н р у х п ә к т і г і, с е н і м м е н н а н ы м н ы ң х а қ т ы ғы.

Діл мен дін әрбір тұлғаны жақсылыққа жақындата түседі, жамаңдықтан жирентеді - адамгершіліктің алынбас шыңдарына әрқайсымызды жетектейді, қадір - қасиетімізді шыңдай береді, а д а м д ы анағұрлым асқақтатады, Мемлекетімізді Әлемдегі ең дамыған 50 ел санатында болуына үндейді де қуаттайды!

*Мұнан туындайтын мақсат – мұраттар:*

- мектептегі педагогика - психология саласының өзекті, көкей кесті мәселелерін оңтайлы шешуі;
- оқу бағдарламаларының түрлі нұсқаларын тәтпіштей қарастырып, оның сапасына мән беру;
- түрлі – түрлі оқыту технологияларын ұтымды да ұстамды қарқында тәжірибеге кіргізу;

- бейінді оқыту бағытында орта мектепті ғылыми - әдістемелік бағыттармен қамтамасыз ету;
- бейіналды дайындық пен бейінді оқыту кезіндегі оқушының сипаттама ~ мүмкіндіктері;
- әлемдік бәсекелестікке қабілетті, тәрбиесі жоғары, рухы берік, Қазақстандық патриот тұлғаларды қалыптастыру.

**Биік тау алыстан көрінеді, шыңына өрлеген жетеді...**

***Еңбегімді аялы алақанды,  
үлкен жүректі Аналарға арнаймын***



## І ТАРАУ. ХХІ ҒАСЫР – БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҒАСЫРЫ (ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ДІЛНАМА)

1.1 Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы,  
Бұқаржырау ауданындағы Керней орта мектебінің  
әдістемелік кеңесі отырысының хаттамасынан қысқаша  
көшірме:

Хаттама - ұсыныс № 7

«28» маусым 2007 ж.

Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Бұқаржырау ауданы,  
Керней ауылы

---

Қатысқаны \_\_\_\_\_ 17 \_\_\_\_\_ Қатыспағаны \_\_\_\_\_ жок.

### *Күн тәртібі:*

Физика, астрономия, математика, ділнама пәндерінің мұғалімі, тоғызыншы сыныптың тәрбиелік жұмыс жөнінен жетекшісі, Ақышев Максұтхан Термизиұлының «Құс жолы» атты қолжазба түріндегі еңбегін педагогика - әдістемелік тұрғысынан талқылау және оған әділ баға беру.

1-мәселе бойынша сөйлеген: Есентаева Нәзігүл Амантайқызы, физик.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны: «Физика пәнінен 7 – 12 сыныптарға арналған қолданбалы курс». Қолданбалы курстың психология – педагогикалық тұжырымдамалары Қазақстандық Білім беру стандарты шеңберінде толығымен пайымдалған, қазыргы уақыттың қоғамдық сұранысына үйлестірілген, техникалық бағытты меңгеруге бағдарлы оқытудың оң ықпалы зор екендігі айғақты да шынайы дәлелденген, тәжірибе - эксперименттік және ғылыми - ізденістік мақсатқа бағытталған. Мен бұл бағдарламаны бекітуді сұраймын.

2-мәселе бойынша сөйлеген: Айбасова Гүлмира Мағжанқызы, қазақ тілі маманы. Тақырыбы және қысқаша мазмұны: «1 – 12 сыныптарға ұсынылған «Ділнама» атты мектеп компоненті – элективті курс». Ел арасында көптеген адамдар мемлекеттік тілді білмейді, олар ұлттық ұлық мәдениеттен мақұрым, содықтан да оқу орындарына ділнама тәлімін енгізу мәселесі қоғамға өте қажетті және уақытылы. Осынша Отандық өзекті мәселені шешу жолдары шығармада сәтті пайымдалған және тәжірибемен топшыланған. Автордың ұсынған бағдарлама – концепциясын толығымен құптағаймын.

3-мәселе бойынша сөйлеген: Асылбекова Шолпан Севкрайқызы, директордың тәрбие жөнінен орынбасары, математика пәні мұғалімі.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны: «ҚҰС ЖОЛЫ» атты көлемді қолжазба. Қолжазба бес тараудан тұрады: дифференциациялаудан – бейінді оқытуға, терең сулар білінбейіне, бейінді оқытудағы политехникалық білімнің мәні, көңіл болқыны және интеграция урочно – внеурочной работы и профильное обучение. Бұл бес тарау жеке – жеке мәселелерді сабақтай отырып, асылында, барлығы біріккендей әсер беріп, бейіналды дайындықтан бастап, бейінді оқытуды 12 – жылдық мектепте жүзеге асырудың жол тәсілдерін практикалық – теориялық – ғылыми тұрғыда, әсем де қоркем, әдеби тілменен әсерлі түйіндейді, оңтайлы тұжырымдайды, қоксей кесті, өзекті мәселелерді шешуге жағдай жасайды, мұғалімдер мен оқушыларға, сонымен қатар, қалың оқырманға білім – тәлім шуағын төгеді. Бұл тұғырлы еңбек 12 – жылдық білім беру жүйесіне қомақты үлес қосарлық шығарма деп есептеймін.

Қабылданған қаулы: Қолжазбаны Керней мектебінің жұмысында істейтін мұғалімдер оқып, әдістемелік кеңес отырысында жан жақты талқылап, мынандай жауапты да салықалы қортындыға келді: қолжазбада патриоттық тәрбиеден бастап, өзін - өзі тануға дейінгі мәселелер кеңінен қамтылған, оларды шешу жолдары пайдалы тұжырымдалған, білімді беру мен алу көкжиектері иманымын сай келерлік, терең де мәнді мәтінделген, содықтан да, бұл еңбектің іс – тәжірибелік маңызы айтарлықтай, ол мұғалімдер мен оқушыларға тәрбие мен білім шапағын төгер кітан болуға лайық. Жоғары құзыреттіліктен осы қолжазбаны кітап қылып шығаруды, Керней мектебінің ұстаздар ұжымы атынан ұсынамыз.

Керней орта мектебінің директоры:

Өтеулин А.Ш.

Әдістемелік топтың жетекшісі:

Жұмкенова С.Қ.

## **1.2 МЕКТЕП КОМПОНЕНТІ НЕМЕСЕ ОҚУШЫ КОМПОНЕНТІ СТАНДАУ КУРСЫ**

Діл – адамның өзін-өзі танудың баспалдағы, тұлға келбеті, ақыл мен парасаттың өлшемі, тегін тектейтін ұлы қасиет, *тәлім – тағылым, жоғиры адами – ұлттық тәрбие.*

Таңдау курсы – оқушы компоненті, жекелеген сабақтар түрінде жүзеге асады.

*Мұхаммед з. с. Хадисінен: «Кімде – кім ниетін – имандылыққа, тазалыққа, тігін - шындыққа, өзін – тыныштыққа, мінезін – туралыққа, құлағын тыңдаушыға, көзін - өнегелі бақылаушыға айналдырып алған болса, демек, ол бақытты.»*

*Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: Бүгін мәдениетаралық және конфессия аралық үндесудің маңызды халықаралық орталығы ретінде Қазақстанның ролін жаңа деңгейге көтеру керек.*

**Таңдау курсының көкейкесті мәселелері:**

- бейінді оқытуды тарихи-педагогикалық тұрғыдан саралау;
- бейін алды дайындық пен бейінді оқытуды ұйымдастыру мәселелеріне айырықша көңіл бөлу;
- ауыл жағыдайында ресурстық орталық құрудың бір жолын тәжірибеге ұсыну;
- бейіндік мектепте бейіналды даярлық кезеңінде жүргізілетін таңдаулы және қолданбалы курстардың бағдарламаларын мысал ету;
- орта мектепте физика пәнін оқытудың бейіндік нұсқасын жалпы пәндермен қанаттастыра қарастыру;
- бейіндік оқытуда шәкірттердің тұлғалық қасиеттерін ашып дамытуды траекториялау;
- ауылдың дамуы мен экологиясына жан – жақты тоқталу.

**Ділнаmanın ғылыми негізі.**

Оқу – тәрбие жүйесіне «ДІЛНАМА» және мектеп компоненті – элективті, қолданбалы курстарының бағдарламалар концепцияларын ұсынамын. 12 – жылдық білімді Қазақстандық Білім Беру Стандартынан анағұрлым жоғарырақ деңгейде, оны одан да әрі пәрмендей түсуді өгінемін, ұстаздар мен оқушылардың қоғамдағы әлеуметтік статусын, зерделі зейінін, психологиялық беріктігін, тұрақты ізденгіштігін, шығармашылыққа ұмтылғыштығын, ғылыми зерттеушілігін, қазақы ұлттық рух пен қайыспас қайрат биіктігін, яғни «Ділнаmanın» жүйелі және ретті түрде оқу орындары тәжірибесіне кіргізуді сұраймын.

«Ділнама» пәнінің құнарлы мүсіндеуші екендігі, Қазақтың ұлы мәдениетін дәріптеуші және дамытушы, ұлттық рухты қалыптастырушы және сіңіруші, жалпы адамзаттық баға жетпес қасиеттерді сана мен сезімге құюшы, білім мен ғылымды оркендетудегі мызғымас алтын қазықтығымен, шайқалмас тұлғалығымен сомдалуында.

Діл – адамның өзін-өзі танудың баспалдағы, тұлға келбеті, ақыл мен парасаттың өлшемі, тегін тектейтін ұлы қасиет. Діл адамның ішкі әлеміне жатады, ғылыми логикамен астарласады. Адамдар жоғарғы тәртіпті болулары үшін, ғылыми діл логикасын меңгергендері жөн. Қазақы, ұлттық діл бес тармақтан тұрады: тіл, ғылым, өнер, кәсіп, әдет-ғұрып.

Діл қазақы идеямен ұштасады, ол дана халықтың көптеген тасырлар бойы қалыптастырған мейірім, шапағат, парасат, жарасым, бұқыт тұрғын арман аңсары, мәдениет пен өнер, тіл мен ілім, салт пей дәстүр. Қазақ деген ұлт жахандану кеңістігінде бір ділді, бір дінді болулары елімізге, келер ұрпаққа, болашаққа қажет. Бағдарлы оқыту жүйесі, оқушыларды ұлттық діл идеясымен жоспарлы, пәрменді түрде пәрлендіріліп отырғаны жөн. «Ділнама тағылымы» сабақтары әрбір сыныпта жүргізілгені абзал.

## *Діл*

*тәлімнің мәні болар,*

*Дін - рухтың сәні болар.*

*Синамыздағы діл мен дін –*

*Нәктіктің ән - дәні болар.*

*Өмір-су, ағады да кетеді,*

*Армандарға хәм, кім жетеді?*

*Уақытшіркін-ай, ұлаңдап,*

*Тасырлар алашаңдаумен өтеді.*

*Қазақтың болашағы ұрпақта,*

*Шиптің шүйегіні бар құрақта.*

*Киесі бар, кербез ен жерімізге*

*-*

*Бақыт құсы, кел де тұрақта!*

*Діл мен Дін, бол, ұрпаққа*

*аманат,*

*Елімнен аулақтасын жаман*

*ат.*

*Ойды жүгіртіп, гарышты*

*барласам –*

*Халқымның болашағы*

*ғаламат!*

**Н. Назарбаев:** *Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек.*

Мектеп – мұғалімнің бағыттауымен ұрпаққа білім – ғылым алуды үйрету, ділнамалық тәлім – тәрбиені жүргізу, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесі мәселелерін жүзеге асырушы үкіметтік мекеме.

Педагогика – адамды тәрбиелеу мен білім беру мақсатына бағытталған ғылым саласы.

Педагогикалық зерттеу – оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы, педагогиканың тарихы мен теориясы, оқыту мен тәрбиелеуді жүргізу әдістемесі т.б. бағыттарда мақсатты түрде жүргізілетін ізденіс, тажмалау, онан соң, тәжірибелік сараптаудан туындайтын нәтиже.

Педагогикалық әдістеме, технология – оқушыларға тәрбие мен білімді алуды үйретуге байланысты, оқытушы тарапынан қолданылатын техникалық және рухани айла – тәсілдер, әрекеттер, түрлі жұмысты жүргізу алгоритмдері.

Ұстаз – ұрпаққа тәлім мен білімді өз бетінше алуды үйретуші, өнер мен ғылымға баулушы, ақылшы, тәрбиеші адам, тұлғаны қалыптастыратын білікті мүсінші және де өте шебер ұста.

Мұғалім – мектептегі оқушыларға білім мен тәрбие берумен қатар, ғылым – тәлім дәндерін алу жолдарын шәкірттеріне саналайтын, ерекше биік тұратын, сыйлы тұлға, маман. Мұғалім дегенде, ылғи да сол мектептегі қимас та сағынышты балалық шақ көз алдыма, дәл кешегіндей болып, айна қатесіз келеді де тұрады. Ауыл, ауылдағы үлкен - кішілер, ондағы қызықты оқиғалар, мектеп, мектептегі оқушылар мен мұғалімдер, сабақтағы мұғалімнің асқақ бейнесі еш уақытта ұмытылмақ емес. Сол кездегі әрбір мұғалім, өз алдына көрнекті тұлға образында, дәл бұрынғыдай кейіпінде, осы, бүгінгі күні де, сондайын сымбатты, іздесеңіз де мін таппайтындай, жүріс – тұрысының өзі де кісіге терең ой саларлық, аса өнерлі де өнегелі, ерекше байсалды да білімдар қалпында елес бергендей.

*Қауып - қатерден қаққан,*

*Жас балапандай баққан.*

*Мұғалімдерім қорғаныш,*

*Арманның отын жаққан.*

*Сыныптан сыныпқа көшірген,*

*Адамдыққа тәрбиелеп өсірген.*

*Мұғалімдеріме мың бір рахмет,*

*Жіберген қателерімізді кешірген.*

*Білім әлеміне барғызған,*

*Тас қамалдарды алғызған.*

*Мұғалімдерім мақтаныш,  
Ыйықтерге жол салғызған.*

Кеңес үкіметі заманында көптеген мұғалімдер қиындықтарға тап болды, күйзелді – тіл саясаты қасіретін көрді. Педагогикалық институтты қазақ тілінде тәмамдап, амалсыздан орыс тілді мектепке барып, қиындыққа түсті, оқырлықтың дәмін татты, әлі де тарғып келеді. Қазақ халқы алғыр да дана ғой, орыс тіліне ешкім оқығаса да, көзді ашып жұмғанша, оны өмір бойына білетіндей, жақсынбай, құтты бір ана тіліндей кейіпте, бұлбұлша сайран, қоя берді!

Кеңес Одағында Ислам дініне толығымен тыйым салынды. Оған «Дін ишан» айдары тағылып, еліктегіш, жел тұрса ұшайын деп тұрған, ишанк пұлт қияқты, алдану қақпанында жетпіс жыл бойына мықтап ұстап, тілінен де, дінінен де, дінінен де жартылай айырды. Көптеген мұғалімдердің ой есінсіздігі мен іс-әрекетінде қарама қайшылықтар болды, ойынданысы өңге болса да, ісі мүлдем басқа, алдамшы болатын. Олар рухы берік ұлт өкілдері еді. Осы уақытта ана тілі мен ұлт мәдениеті, қыпшақ ділі мен ислам діні үшін тер төгіп, шокпар сілтел жүргендер де, тап соңыр еді – бұл еш уақытта ошпейтін, өлмейтін, үздіксіз жалғаса беретін, ұлт пайалық, тұтырлы рух энергиясы деп ұғыныздар.

Мұғалім, қоғамдағы болып жатқан даму қарқынымен қанаттас қозғалып, оқушыларға саналы білім мен ұлттық мәнді тәрбие беруі үшін, ХХІ ғасырға сай келерлік, осы заманғы оқытудың озық технологиялық тетіктерін меңгеруімен, білімдарлығымен, біліктілігімен, кәсіби шеберлігімен, оқушыларының өз беттерінше білім – тәлім алу траекторияларына үйретілуі дәрежесімен, болашақты болжай білетіндей мүмкіндік – қабілетімен ерекшеленуі қажет.

Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп айтылғандай, тәлім мен тәрбиені, білім мен ғылымды шәкіртіне үйретуді, жанықпайтып да шаршамайтын, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтып, шығармашылық қызметке толық берілген, еңбекқор да нарасты мұғалім ғана жүзеге асыра алады.

Білімді беру мен оны өз бетімен ала білуді балаға үйрету-тәлімдеу мен оқытудың үздіксіз үрдісі, жалпы даму заңдылығы. Мұны сәтті жүзеге асыру үшін, мұғалімнің өзі өз білімінің деңгейін тоқтаусыз көтеріп, жоспарлы жетілдіріп, ілгерілі ізденіп отыруы қажет. Жаңа ғасыр оқушыларының жәдігер - құндылықтары да, талап-тілектері де, идея-шіелдері де, мұрат-мақсаттары да өзгеше. Олар қайратты да өжет, бас пайдалан біледі, өзгеге есесін жібермейді, іскерлікке ілтипатты, қыдыруды ұнатады, анау-мынауға сенгіш емес. Сондықтан, мұғалімге қойылатын талап-сұраныс өзгеше болмақ. Мұғалім әрбір сабақты ерекше

дайындықпен, компьютерді қолданып, аса ыждаһаттықпен, әсерлі пабытпен өткізгенде ғана айтарлық нәтижеге жетері ықтимал.

Жаңа буын мұғалімдеріне жүктелетін жауапкершіліктер:

1. Жан-жақты тәрбиелілігі және жалпы бәсекелестікке төтеп беру қабілеттілігі.

2. Профильді мамандық деңгейінің білім стандартына сай келуі.

3. Электрондық техникалар жүйесін толық қанды меңгеруі.

4. Осы заманғы, дүние жүзілік деңгейдегі әдістемелік «сандығының» толық екедігі.

5. Педагогика–психологиялық көзқарасының қалыптасуы.

6. Шығармашылық сипатты қызметке оңтайлылығы.

7. Саяси, экономикалық, әлеуметтік түсініктерінің келістілігі.

**Н. Назарбаев: *Он-лайн тәртібінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқулық теледидар құру қажет.***

Білім беру жүйесінде Web – технологиялар, телекоммуникация тәрізді оқытудың жаңа технологиялары еніп, оқытудың әдісін сапалық жағынан жақсартты және ілімдену барысын тездетті. Мұғалім, ақпараттық-пәндік орталықтан, ақпаратты іздеу мен оларды өңдеу жүйелерін үйрене отырып, бішімді-тәлімді іздеп табу мен оны тәжірибеде қолдану әрекетіне оқушыларды да баулуы керек.

Бұл технологияны қолданып, мынандай нәтижелерге жетуге болады:

1. Оқушыны бәсекелестік ортаға дайындап, оны нағыз тұлға етіп сомдауда – ойлау қабілетін дамыту, адамдармен тіл табысуға машықтау, информациялық мәліметтерді өңдеуді пайымдау, сонымен қатар, информациялық мәдениеттілікке тәлімдеу.

2. Қоғамды ақпараттандыруға орайлы әлеуметтендіру бағыты бойынша – жаңа информациялық технология құралдарын қолдана білуге оқушыларды үйрету.

3. Оқу-тәрбие барысын интенсификациялауда – тәрбиелеу, оқыту, тәлімделу, оқу үрдістерінің тиімділігі мен сапасын арттыру, оның танымдық қасиеттерін жетілдіру, пәнаралық байланыстарды тереңдетуге оқушыларды ықпалдау.

Жүзімізден шуағы шашылған,  
Жүрісімізден сара жол  
ашылған  
Ошны, сол бір жанарға  
қаралғанда,  
Көзқарастар бір арнаға  
толысқан.  
Көп айтпай ақ, тез  
ұтысқан,  
Білімнің кокжиегіне барысқан.  
Ғылымның шыңына ұмтылып,  
Биліктерге әрмелеп, тырысқан.  
Адамгершілікке тереңнен  
бөйленсқан,  
Ұтықтардың да бөлшегінен  
өшпесқан  
Ұлы дана саят - дәстүрін  
ұтықтап,  
Мектепте ділді оқытуға ойы  
асқан  
Тарихи тарихқа терең  
бойлапқан,  
Сол қиы оқиғалармен  
жеттескен.

Әуенді ән сандуғаштай  
сайратып,  
Компьютер ақылымен  
ізеттескен.  
Ана тілін құрметтеп,  
қастерлеген,  
Сөздерді түрліше әрлеп,  
астарлаған.  
Балаға дана ойын терең  
ұғындырып,  
Бабалар баталарынан нұр  
алдырған.  
Өмір - өзеннің қазанын  
қайнатқан,  
Өлкені бау – бақшадай  
жайнатқан.  
Сарыарқаның өр өнерін  
әспеттеп,  
Дарынды даралоздарын  
сайратқан.  
Мұғалімдік ант суын ішемін,  
Мың жанып, бір өшемін!  
Ұстаздықты ұшастырып,  
Ғылым теңізіне түсемін!

Ұлы ұстазымыз Әл Фарабидің әлемде теңдесі жоқ кітапханасы болмаса, қазақ тілінің тынысы кеңінен ашылса, ислам діні әбір мұсылман санасында берік ұяласа, еліміздің ұшқырлы саясаты мен іс-әреетінің экономикасын барша адам толығымен құптап, оны өркендетуге өз үлестерін барынша қосса, Қазақстан дүние жүзі кеңестігінде бірінші орында берік те сенімді тұрақтайды. Мұндай нәтижелі жетістікке білгір мұғалім, ұлағатты ұстаз жеткізеді. Себебі, кез келген адам – қарапайым жұмыскерден бастап, ұлы патшаға дейін мұғалімнің алдынан өтеді, ұстазынан өмірлік өрлі ұстамын алады, тәрбиешісінің аялы алақанынан қанаттанып, шартарапқа самғай ұшады.



Тәлім – жеке тұлғаға немесе оқушылар тобына білім алу әдістерін мұғалімнің үйретуі.

Тағылым - өткеннен үйреніп, оны заманға сай етіп, адамның өмірінде пайдалануы.

Тәрбие – тұлғаның адамгершілік бейне-тұрпатын қалыптастырып, өскелең сипатты, бәсекелестікке қабілетті, жалпы өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін игі іс-әрекеттер.

Оқу-тәрбие жүйесіне «ДЛНАМА» және мектеп компоненті – элективті, қолданбалы курстарының бағдарламалар концепцияларын қабылдауды ұсынамын. Педагогикалық оқу орнындарын аяқтайтын, келешекте үлкен әріпті ұстаз болатын тұлға, салтанатты түрде, беделді ғалымдар алдында, білім – ғылым мен тәрбие – тәлімді алдарындағы шәкірттеріне адал да сапалы беретіндіктері жөнінде **ОТАНДЫҚ АНТ** беруді күзіреттік орынында заңдастырып, педагогикалық оқу орны түлектеріне міндеттеуді сұраймын.

Ғылым – табиғи және қоғамдық құбылыстар мен іс-әрекеттерді топшылауға арналған бақылау мен зерттеу нәтижесінен туындайтын, тәжірибелік маңызға ие боларлық, тұғырлы және бұлжымас заңдылықтар жүйесі.

Теория – бақылау мен тәжірибеге сүйеніп қортындыланған, құбылыстар мен фактілерді түсіндіретін және оларға ықпал ететін, ғылыммен тұғырланған іргелі ілім.

Практика – теорияның өмірлік іс-тәжірибеде қолданылуы, яғни, адамға пайдалы еңбек көзіне айналуы.

Дін – адамзаттың рухани жан-дүниесін асқақтататын, оны он сегіз мың ғаламнан ерекшелеп, нағыз адам кейіпінде жан – жақты сомдайтын наным – сенім, еш уақытта өзгермейтін, өлмейтін, өшпейтін, дәлелдеуді керек етпейтін, теңдесі жоқ, ерекше ілім мен ғылым идеалы.

Дін психологиясы – діни сана ерекшеліктеріне және де қызыметіне негіз болатын психологиялық әрекеттерді зерттейтін жалпы психология ғылымының бір саласы.

Оқыту – заман сұранысына орайлы келетін, серпінді үрдістегі әдістемелермен қаруланған, электондық техникалар көмегіне сүйенген мұғалімнің оқушыларға білім мен тәрбиені бере отырып, оларды өз беттерімен білім алу мен оны ұғыну мүмкіндіктері мен жолдарын шәкірттеріне үйретуі.

Тәрбиелей оқыту – оқушының білімі, білігі және дағдысымен қоса оның қоршаған ортаға көзқарасын, мінез-құлқын, ерік-жігерін, таным-талпынысын және басқа да адами қасиеттерін жүйелі қалыптастыру.

Оқу оқушының негізінен, өзінің ынта-жігерімен, тұлға болуы үшін білім, білік, тәрбие, тәлімге ұмтылыс дағдыларын мақсатты түрде меңгеру мүмкіндігі.

Тұлға - өзгелерге ұқсамайтын индивит, табиғатынан ерекше көрінісін дарын иесісі.

*Бала деген, тура тал шыбық,  
Қалай бұрасаң солай майысар.  
Биптенен, білімді ғып өсірсең,  
Адам жақсылықтан қайысар.*

*Андықнан шықар арманың,  
Иылмәй көй биікке самғарың.  
Үмітім саған қалды сонып,  
Азырақпенді ұлап асарың  
Жүніе бартамын табарсың,  
Онан керектеріңді аларсың.  
Шыңдарыңа да биымдырып,  
Мақаттанып та қаларсың.*

Мақсат, цель – келешекте орындалатын іс-әрекет траекториясының образды бейнесі.

Мүрит, идеал адам бойындағы биік мақсатты, асыл арманды, үлгі мен өнегені білдіретін ұғым, оны тоқтаусыз алға ұмтылтар жүлдыздық өге жоғары да қиын меже.

*Мүритты адам биіктерге жетер,  
Асыл, алыс армандарға да кетер.  
Ұзақ сапар қиындығына мойымай,  
Аланбас қамалды бұзуға беттер!*

Өнер. Абайдың ұғымынша, тамылжыған саз құлақтан кіріп, бойды билеп, адам рухын, оның жан дүниесін толқытады:

*Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүйі,*

Шумақтан байқайтынымыз әсем саз адам жанын сергітеді, оны ішкі рухани күй – жайға түсіреді.

*Хадистен: Тілің түзеген адамға Алланың рақматы жаусын!*

**Н. Назарбаев:** «Тілдердің ұштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіргізу тілі.

Тіл – ойдың сөз, сөйлем түріндегі, тілдің толқындық-тербелістік әрекеті, адамдардың өзара түсінісу құралы, мәлімет тарату мүмкіндігі. ХХІ ғасыр білім заманы болғандықтан, саясаттың да, экономиканың да қозғаушы күші білім мен ғылым. Сондықтан да білім мен ғылымға барынша шыңыраулата бойлай беру керектігі осы қоғамның да, бұл уақыттың да сұраныс-тілегі. Білім мен ғылымды дүниежүзілік деңгейде игеру үшін, адамға ең басты қажеттілік – тіл. ХХІ ғасыр талабына сай, қуатты елдермен қатарлас тұру үшін, үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін, сонымен қатар, компьютер-тілін меңгеру мәселесін шешу, мемлекеттің құзырында.

Ми – ең жоғарғы дамыған сатыдағы материя түрі. Миды зерделі және де дұрыс істету үшін, бағалы ақыл керек, тұлғалық өнегелі мәдениетті бойға жинау үшін, даналық нақыл керек, әрбір адамға өз құнын нақтылайтындай түйсікпен қарау керек. салт – сананы үрдіс – үрдіспен жаңғырта отырып, оны онан әрі дамытарлықтай, кәдеге жарату керек. Грек жаңғағы – адам миының ең құнарлы қорегі, ойшылдықтың басты азығы.

Ой – ми қызметінің өрістік сипаты. Ой – адамзатқа табиғат тәңірінің тартуы. Ойлау қасиет шегімен өлшенеді. Яғни, мидан ой, ойдан тіл сабақтасып өрбиді – ауыздағы тілдің ретті қозғалысы сөз, сөйлем, әңгіме, әуен т.б. құлаққа әкеледі, басқаның санасына жеткізеді.

**Хадистен:** *Кім ақылды болса – сол бақытты.*

Ақыл – ойдың жеңісі. Ой мен істің бір жерден шығуы ақылға өте қонымды шара. Ақылға ойды жеңдірген дұрыс, ол жанға жайлы кылық – жамандықтан адамды қорғайды.

Даналық – асқан саналылық, тәңірінің өзінде тазалық, сөз бен істің асқақ бірлігі. Даналық – ілім – білім жолына басыңды бәйгіге тігу арқылы ғана келетін қасиет, жоғары сатылық адами белгі.

Дарын – адами ерекше қабілеттердің өте биік деңгейі.

Ұлы өнер – ұлағаты мол өмірдің ұшығынан ұшынған сәттерінен ғана нәр алады, адамзатқа асқақ сезім сазын береді, сый етеді.

*Алтын ұям, өнер – білім берген мектебім,  
Гұмырыма сенен нәр алып, көктедім.  
Синама ақыл мен нақыл қосқан бар сенде,  
Мақтанатын ұстаздарым, көп менің.  
Жүгіріп келем. алда бар алыс арманға қарай,  
Баянсыз бақытқа мастанба, шыбын жан – ай.  
Арманым – ақ құс, ол құс жолында жатыр,  
Ұшырып мені келеді қос қанатым. майырылмай –  
Мен емес қой, бір дегінде сұйылып қалатындай!*

**Хадистен: Құс та өз тағдыр бұйрығымен ұшады.**

Құс жолы бүкіл аспан кеңістігін белдеулеп тұрған, ғылымға сыйы беймәлім, бозарған жолақ іспетті, немесе, жол тәрізді көріністі өлестетін жұлдыздар тізбегі. Жыл құстары, осы «құс жолының» арқасында, еш адаспастан, мыңдаған жылдар бойына, көк аспанда ұшып, сипир шегуде. Біздің жағыдайымызда, адамдар үшін, «құс жолы» білім тәлімі е шексіз ұмтылыстың символы.

*Құс болып, бір ұшамын,  
Бүкіл Әлемді құшамын.  
Билегімді айтатығұм,  
Сөлем хатты ашамын.*

**Парасат. Жүсіп Баласағұн төмендегідей парасаттылыққа мейлін:**

*Ақыл-шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім – жарық, нұрын саған шашатын...  
Ақыл болса, асыл болар – болса ер,  
Білім болса, бектік қылар – қылса ер.  
Ақыл кімде болса – болар асыл ол,  
Білім кімде болса – бек нәм болсын ол.  
Ақылмен кісі асыл атанар,  
Бекке ел ісі білімімен жасалар.  
Талай ізгі іс атқарылды ақылмен.*

Яғни, Ж.Баласағұн казак халқының рухани өрлеуіне, биіктеуіне үлес қосқан даналардың бірі.

Орындауы мен іске асырылуы қажеттігіне қарай адам құқығы мен бостандығы мынадай ретпен анықталады:

1. Азаматтық. 2. Саяси. 3. Экономикалық. 4. Әлеуметтік. 5. Мәдени. 6. Ар – ұжданлық. 7. Діни құқықтар мен бостандықтар.

**Рух психологиясы** – қазақы психологиядағы психикалық, материалдық – физиологиялық құбылыстармен байланысып отырылатын бағыт. Туған жер, ондағы ел-жұрт адам жүрегін ұлық тебіреніске келтіреді, ұлттық рухқа шабыт қуатын құяды. Халқым шарықтаса, мен де аспапдатып, биіктерге самғаймын.

**Сана** – адамның рухани іс-әрекетінің ең жоғарғы сатысы, деңгейі. Мыналар Қазақтың жалында әр уақытта сақталуы керек: атам қазақ аттан құласа да, салт пен дәстүрінен ешбір кезде құламаған; салт-дәстүр – тарлан тарихымыздың ғасырлар илеуінде қалыптастырған ерекше дүниесі, айталық. Қорқыт атаның қобызының мұңылы зары, мындаған жылдық үні санада қалған қазақтың қара домбырасының ұрпақтарға көрсетер жолдары, арман-тілектері. Адамдар ұлттық сана-сезімімен ерекшеленеді.

### 1.3 ДҮЛНАМА ЖӘНЕ ҚАРА ШАҢЫРАҚ ОБРАЗЫ

*Хадистен: Діліңде бірер шүбә пайда болса, дереу оны жоюға тырыс.*

**Киіз үй** – дүниетаным мен космогониялық түйсік – түсінікке байланысты рухани, фәлсафалық, әлеуметтік тұрмыс – тіршілік қарым-қатынасының айнасы. Үйдің іші – сыртына аздап мән – мағна береді. Қонақтарды жасына, ел арасындағы беделіне байланысты төрден бастап орын-орындарымен жайғастырады. Қасиетті төрге аса сұлу адамдар отырады.

**Киелі қара шаңырақ** – үздіксіз ұрпақ, үлгілі дәстүр символы, бауырлық, бірлік пен беріктіктің белгісі, мәңгілік өмір мен жарық дүние күәсі. Қара шаңырақтың қысқаша мағанасы:

1. Әрбір әулеттің қара шаңырағы киелі орын болып саналады. Оған кіріп келе жатқан әрбір адам ізеттілік жасап, басын иіп, оң қолымен жүрегін басып сәлем салуы парыз, ол қазақтың салт – дәстүрінде ежелден бар. Қара шаңырақ әулет мүшелерінің жиналып тұратын орны, ерекше немесе өмірдегі шешуші сәттерде бата беретін не алатын ақ ордасы. Қара шаңырақтың болашақ иесі, әкенің ісін жалғайтын мұрагер, жанұя дәстүрін сақтайтын адам жеке ұл.

2. Мәдени немесе үкіметтік зәулім ғимраттар – қара шаңырақ. Ғимраттың саханасы киелі орын, шаңырақ төрі болып саналады. Сахана қоғамдық немесе мәдени қайраткерлерге шабыт пен жігер келтіреді, адамдарға ерекше күш пен қуат береді. Мұндай саханада ғылым мен өнер тарландары халқымен қауыша сұқпаттасып, дарын нәтижесін паш етіп, оларға жүрек жарды энергиясын сый етеді.

1 Ауыл – қара шаңырақ. Оның иесі, ақылшысы ауыл қариясы немесе аял белеңді адам. Олар ауылдастардың салт – дәстүрді берік ұстауына қолдайды, ішпалдарын тигізіп отырады, тұрғындардың көбінің ақылға сыйады, жан жағына байыппен қарауды үйретеді, құрып-са болуға баулиды, қонақ жиындарда тәлім және тәрбиелі сөздерін айтып, ақ баталарын беріп жүреді.


2 Елдіктің қара шаңырақ. Оның тұрғындары Қлмекетшіліктер, қиын төрі Ақ Орда гимраты, шаңырағы Қазақтың асқан жері, оның иесі Қазақстан Республикасының Президенті, елді ертеуішкі Қлшққтың Мемлекетінің Ата Заңы, елді сипаттап танытушысы Мемлекеттік рәмілер.

3 Жер таламшыры бүкіл адам иттың қара шаңырағы, үлкен үйі. Күтты мекен – құрағы Шаңырақтың иесі адамзат, төрі әрбір кісінің тұрып отыратын мекені, ақылшысы асқан аламгершілік қызылдар, дандышынық ой – тоқтамдыр, адамдар арасындағы ұлы достық деңгейдегі қарапайым қарым қарнас. Достық дегеніміз қонақ танылғандары жарқымды адамдар арасындағы сезімді бөлісу, өмірі жарыстамы елді сипат көрсетісу. Доссыз өмір тұзсыз ас тәртілі, адам татусты болады. Доссыз адам тамырсыз ағашпен пара – шыр, өмірінен өмір қуарым, аяғанда солып қалады. Балдай тәтті балалық достық, асқан достық, ақыл тоқтатқаннан кейінгі достық – күтты достық, өмірлік достық шынайы достық, шет елдік достық – асқан достық ең бірегей мәуелі достық – ол асқан рух деңгейлі ұлы достық! Ел – жүрт сенін достарына қарап, баға береді, адамдар арасында белеңді байқайды. қандай жан иесі екенінді айна қатесіз айтырды. шынықтық баға береді. Шынайы, адал достарың көп болсаңа не жетсін? «Достары көпті жау да алмайды» деп Қазағым бекерден бекер айтпаған ғой!

Жоғарыда айтылғандардан «өз отынды өшірме» деген халық ақылға сыйа орнады. Бұл деген жанұяның да, жалпы өнердің де өркендеуін сипаттайды, діл мен діннің рухтық қуатын қолдауды көрсетеді. ұяттық мүддені өз тілегіннен жоғары қоюға, салт – дәстүрдің қиындығына, оны дамыға жалғастыруға үндейді.

4 Үйім – өлең төсегім демей ме – қонақжай қазақ. Үй, ондағы күттей ұйыған жанұя үлкен мемлекетіміздің тірегі, кіші отаны, негізі.

Кіші үйдің құрылымы, эстетика – тәлімдік және ғылыми сипатына қысқана тоқталып өтейін:



Киіз үйден ғарышты игеруге... (кеше, бүгін, ертең).

Тарихты зерделеп, ауыл қарияларының әңгіме – дастандарын саралап, ата –бабаларымнан мирас болып, қан арқылы жалғасып келе жатқан зердеге сүйеніп, мынандай ой – түйіндерімді айта аламын: қазақ досына жайлы, инабатты, қонақжай халық болған, ал дұшпанына ымырасыздығы, қайсарлығы, батылдығы, батырлығы және сөз өткірлігі құдіретімен срекшеленеді. Мұндай қасиеттері адамға кіндік кескен жерінен, ошақ жылуынан, от басынан, ата – баба дәстүрінен дариды.

Қара шаңырақтың киесінен жан – дүниесі асыл, пейілі кең, сымбаты келісті, ерік – жігері мықты, білімі ұшан – теңіз, өнері асып – тасыған мәуелі ағаш іспетті, сегіз қырлы, бір сырлы, нағыз қазақы тұлға шығады. Жарқын болашаққа деген үміт – мұраты айқын, арман – тілегі асқақ, Оанының патриоты – от жүректі азаматтар көбейе түседі. Елін, жерін сүйер ұрпақтың жүрегі әр уақытта Отан деп соғады, ұлағатты дала мен кара шаңырақтан даналық дәнін өз зердесіне ұялатады, сіміреді. Яғни, ғұламалық көзі туған жерді, өсіп - өнген ел – жұртты, ордалы Отанды қастерлеумен есептеледі, өрелі бас үйдің төріндегі қариялардың өсиеттерімен өрімделеді. Шаңырақта хатталған сөз сарасы, шырқалған ән әуені, мың бұралған би қимылы, сикырлы домбыра мен күніренген қобыз үндері адамның сана – сезіміне сіңіп, ой - өрісін кеңейтіп, ағзаға таза ауадай, мөлдір судай, қасиетті нандай сіңімді болып, рухымызды табиғат кереметтерімен де, ғарыш тұңғыықтарымен де байланыстырып тұрады. Жахандандудың кара шаңырақтан бастау алатынын, әлбетте, ғылым мен өнер майталмандарының бүкіл әлемдік сахна төрінде, Қазақстандық дарапоздар жеңістерінен көреміз, олар бүкіл дүние жүзілік деңгейде көк Туымызды желбіретеді, Ел Танбамызды жарқыратады, Ән Ұранымызды шықатады! Ғылым мен өнердің шынын алу, олимпиада

чемпионы болу, тау биіктерін бағындыру, ғарышты адамзатқа қызымет еткізу, бүкіл әлемдік жетістіктерге жете беру, жете беру, яғни төрткүл дүниенің назарын Қазақстанға аудару, оларға үлгі болу деген сөз түйіні. Қоғамның эволюциялық дамуы, оның ішінде, білім, ғылым, өнердің дамуы, Алла жазса, Қазақстанды айтарлықтай айғақты, биік нәтижелерге алып келеді, әлеуметтік сананы жоғарлата түседі, рухты түлетіп, оны аскактатады, Қазақ ұлты әлем сахнасында тұғырлы орын алып, сап алтындай жарқырай береді, жарқырай береді!

*Ұлы бардың өшпес ізі бар,  
Қызы бардың тарар өрісі бар.  
Өз ұлтыңды еш өшірме,  
Қара шаңырақтың қасиеті.  
Өз атыңды еш өшірме,  
Шаңырақтың несі мен киесі.*

Ата мен әже, әке мен шеше ұрпақтарын табиғат анамен тлдестіреді, құстардың сазды әнін тыңдатады, мейірім мен парасат шапағын олардың періштедей нәк жүрегіне қондырады. Ұрпақ біздің келешегіміз, жалғасымыз. Адамзат ұрпақтарымен мәңгілік, оларға ең керегі шаңырақтарының еш уақытқа шайқалмауы!

Киіз үйге байланысты, төмендегідей қанатты сөздер ойға оралады: «Біреудің қанжығасын қиып алсаң, өз айылыңнан айырыласың», «Босағаны керме, есігін ашылмайды», «Үйің жанға толсын, қораң малға толсын», «Босағаң берік, шаңырағың биік, бас арқаның берік болсын», «Малың өрісті, жан ұяң келісті болсын»...

**Киіз үй элементтері.**

1. **Табалдырық** – босағаның төменгі ағашы, дала мен үйлің шекарасы. Үйге табалдырықты аттап кірген жөн, ол екі әлем шекарасы.

2. **Босаға** – есіктің сол және оң жақтаулары. Қазақ ырымында «босағаны керме» дейді. Босағалар табалдырыққа перпендикуляр және өзара параллель кесінділер.

3. **Есік** – кеңістіктегі жазықтық. «Есігің жабылмасын» дегені, үйге көрші, туыс, қонақ (құдайым, мейман, кезбе...), бала, немере, шөберелердің келіп тұруларын меңзейді.

4. **Кереге** – киіз үйдің қаңқасы, іргесі. Кереге тор көзді болып келеді – формасы өзгеріп тұратын геометриялық фигуралар. Кереге – өмір тынысының қанаты.

5. **Уық** – кереге мен шаңырақты жаластыратын бір басы ніктеу ағаш. Уықтарды ойына адамдармен салыстыруға болады. Ғылыми мағынада уықтар күн шапағын білдіреді



6. Шаңырақ – киіз үйдің күмбесі, етегі шеңбер іспеттес, мәңгі өмірдің түсінігі. Шаңырақ – уықтарды біріктіріп, аламдарды өзара сідастыққа, ымыраға шақырғандай. Шаңырақ – киелі орда. Шаңырақ бақыты отбасының жарасымын көрсетеді.

7. Басарқин – киіз үйді беріктейтін жылқы қылынан өрілген жіп. Адамдарға беліңді бекем буып, ісіңе мықты бол деп айтатындай, астрономиялық терминде – орбита (экватор).

8. Киіз үй – бұрынғы ата - бабаларымыздың негізгі тұрағы, бас панасы. Киіз үйдің астрономиялық негізін аспанның жарты сферасына балаймын. Киіз үй – далалық ежелгі обсерватория. Шаңырақтың ең жоғарғы нүктесі – зенит, шаңырақ – жұлдыз немесе күн, уық – күн сәулесі, кереге – меридиандар мен параллельдер, табалдырық – екі кеңістік шегі, бас арқан – жұлдыз траекториясы, киіз үйдің жермен шектелетін шеңбері көкжиек т.б.

Киіз үй – келешектің зәулім, компьютермен жабдықталған ғимараттың, оның ішінде, оқу орындарының (компьютерлік сыныпты), не болмаса ғарыштық кемелердің символы. Келешекте Қазақстанда биіктігі 777 метір болатын, төбесі күмбезделген, дүние жүзіндегі ең биік, компьютер тілінде адамдарға қызмет ететін, өзі электр қуатын өндіретін, басқа да экономикалық, мәдени, әлеуметтік қызмет атқаратын, интернетпен қосылған болашақтың адам нанғысыз, керемет, зәулім үйі. Қазақстандық ғарыш кемелері мен жер серіктері халыққа бейбіт қызмет жасайды, ғылымды, экономиканы, мәдениетті дамыта түседі.

9. Ошақ – киіз үй центріңдегі от жағатын орын, шамшырақ. Ошақтың сөйбесін деген сөйлемнің мағынасы – ұрпақтың жалғасуы. От, ошақ – энергия көзі. 2015 жылы Ақтау, Балхаш, Курчатов қалаларында АЭС-ы салынса, Қазақстанда энергия мәселесі толығымен шешіледі, әлеуметтің ал – ауқаты, қуат дәрежесі жоғарлайды, халыққа құт – береке келеді.

10. Бақан - шаңырақтың тіреуі, алтын қазығы, зенит пен надірді басып өтетін тік сызық, сфера жазықтығына перпендикуляр...

Қазақтардың киіз үйі көшпелі тұрмыс – тіршілікке арналған, мұндай орташа үй бір түйенің жүгі боларлықтай ғана есептелген. Қанаттар киіз үйдің барлық қабырғасын қамтиды, ал ағаштан жасалған кереге, уық, шаңырақ қаңқаларының үстінен жылдың мезгілдеріне орайластырылып, сырттағы температураға байланысты қабат – қабатпен киіз жабылады. Бірнеше қабат киіз үйді жауын – шашын, аяз – бораннан өте жақсы қорғайды. Кереге торлары бір – бірімен қайыспен біріктіріліп, лезде жиналады, тез жатылады, киіз үйді тіккенде де, жыққанда да көп уақыт алмайды және де барылша ыңғайлы. Үйдің қабырға – іргесін қоршқан керегелер екіден сегізге

дейін болады, керегелердің барлығы біріне – бірі жалғасып, байланғанда канат құралады. Иілген ұзын ағаштар киіз үйдің күмбезін құрайды, уықтардың төменгі ұштары керегеге байланады, ал олардың жоғарғы ұшы күмбездің төбесіндегі шаңырақ бүйіріндегі тесіктерге кігізіледі. Киіз шеңбері мен уықтарды өзен жағасында өсетін түрлі талдардан иіледі. Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал тәрізді түрлері кеңінен қолданылады. Яғни, киіз үй қаңқасын жасауға аса қолайлы ағаш түрі тал. Талдан жасалған уық – керегелер жеңіл әрі берік келеді, ал қайыңнан істесе – үй өте мықты, бірақ та ауыр болады. Киіз үйге орнатылатын ағаш есік сықырлауық деп аталады. Сықырлауықтың бөлшектері өзара шегесіз бекітіледі. Есіктің жоғарғы маңдайшасына таға бекітіліп қойылады. Ол қазақтың ырым – нанямында, ұзақ жолға шығатын адамдарға ақ жолтай сапар, үй ішіндегі кісілерге, жанұяға таусылмас құт пен берсеке, мықты денсаулық пен ұзақ өмір тілеп тұрады.

Шаңырақ деп киіз үйдің жоғарғы тұсындағы күмбез пішінді дөңгелек ағашты атайды. Шаңырақ жер ошақта жағылған отынның түтінінің шығуына, ал күдіз үй ішіне жарықтың түсуіне арналған, содай – ақ іштегі ауаның үздіксіз конвекциялық негізде ауысып тұруына оңтайлы, ол ұзын жіп арқылы, арнаулы киізбен керегінше ашылады немесе жабылады. Үйге жабылатын киіздер ауданы жағынан да, аталуы жағынан да түрлі – түрлі болып келеді. Керегелерді жабатын төменгі тұстың киізін туырлық десе, жоғарғы жақты – уықты жабар киіз дейді, шаңыраққа тартылатын квадрат пішінді жеңіл киізді түндік деп атайды. Киіз үйдің көп тараған түрі – алты канат үй, ол алты керегелі. Киіз үйдің көлемі қанат санымен пайымдалады. Қанат санына орайлы кереге бастарының саны, неше уық қажеттігі анықталады. Екінші өзгешелік, кереге көздерінің үлкен – кішілігіне қарай тор көз кереге (бір жұлдырық сиярлықтай) және жел көз кереге (көс жұлдырық сиярлықтай) болып екіге бөлінеді.

Киіз үй мәдени – тұрмыстық және саяси – экономикалық тұрғысынан мынандай түрге бөлінеді: жаз - күздік қоныс аударуға негізделген тұрғын үй; мереке – тойға құрылатын салтанатты үй; соғыс – жорыққа сайланған кеңсе үй; тамақ қоймаға арналған ас үй. Хан шатыры, ақ орда, ақ үй, боз үй, үлкен үй, отау үй болып киіз үй атаулары жалғаса береді.

XIX ғасырдағы Қазақтың би – хандары Орыс патшаларына сыйлаған немесе түрлі көрмелерге жіберген киіз үй қаңқасын таза күміс не күміс жалатылған темірден жасатып, үйдің іші – сыртын алтын ұнтақты өю - өрнектермен әшекейлетіп безендірткен.

Біздің заманымызда киіз үй жасау өнеркәсіптік жолға қойылып, онымен арнаулы кәсіпорындар айналысуы тиіс. Олар киіз үйдің негізгі

конструкциялық құрылымын берік сақтай отырып, химия мен физика заңдылықтарын ұтымды пайдаланып, жалпы алғанда ғылым жетістіктеріне сүйеніп, жоғары технологияға негізделген үй моделдерін ХХІ – ші ғасырдың тұрмыс – тіршілігіне дизайын, эстетика және экологиялық тұрғыда сай етіп жасай береді деп топшылаймын. Мұндай асқак моделді киіз үймен үйлестірілген дәулім құрылымдар (жуполды), үлкен – үлкен шаһарларға сән – салтанат беріп, қазактың тағылымды тарихынан әрлі де нәрлі сыр шертіп тұрары хақ. Дана халықтың мәдениеті, өнері, тілі және асқак рухы сш уақытта өлмек емес, себебі олар бір – бірімен талай ғасырлық берік байланыста шынығып, алынбас алмас семсер тәрізді шыңдалған. Бұған мен кәміл сенемін.

#### **1.4 ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА САЯХАТ**

*Хадистен: Ғылымның өлгені – есте сақталмағандығы, қымықлайтын адамдарға үйретіліп, там кеткені.*

**Н. Назарбаев:** *Оқытудың тиімділігін, әр оқушының білім мен білікті деңгейін бағалаудың біріңғай жүйесін жасау керек.*

**Мақсәт:** оқытуды даралауға және оқушыны әлеуметтендіруге, тәлімдеуге, болашақ кәсіби іс – әрекет саласын саналы да жауапты түрде таңдауға және дайындауға бағдарлау. Білімін, білігін, машығын, ділін, рухтық көзқарасын қалыптастырар әлеуметтік сұраныстарын негізге ала отырып, алдына қойған мақсәтқа жету үшін ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін тиімді түрде іске қосуында байқалатын құзыреттілік қажет.

**Міндеттер:**

- оқушылардың өз бетінше білім алу мүмкіндігін дамыта отырып, олардың танымдық қызығушылығын арттыра түсу;
- курстың тәжірибелік бағыттылығын сақтай отырып, зерделенетін мәселелерді жалпы өмірмен байланыстыру;
- негізгі оқыту бағдарымен сабақтастықты сақтау;
- әрбір сыныпта ділнама компонентін барлық нәшдердің тәрбиелік фундаменті ету.

**Жеті мұрат:** білім беру саласындағы өзгерістер жекелеген тұлғаларды қалыптастыруға, оқушылар санасында ағза, рухани және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға, қарапайым адамгершілік пен өрелі өмір салт – түйсігін түйінді ұстануда, ұлттық менталитетке негізделген білім – ғибадатты оқушыларға берудің қарқынды жүйесін қалыптастыру үшін, қажеттіліктер:

1. Мектептегі педагогика – психология салаларының өзекті, көкей кесті мәселелерін шешу.

2. Оқу бағыдарламаларының түр – түрлерін қарастыра отырып, оның анағұрлым ұтымдысын іс жүзінде қолдану.

3. Интер активті және электрондық технологияларды білім стандартына сай етіп, мектеп тәжірибесіне енгізу.

4. Оқушылардың сұраныс – деңгейіне сай тапсырмалар ұйымдастыру.

5. Шәкірт білімін уақыт тынысына икемдеп, жүйелей жетілдіріп отыру.

6. Оқушыларға, деңгейден деңгейге жоғарлауға мүмкіндік беретін тапсырмаларды пән кабинеттерінде, мұғалімнің ұйымдастыруымен, жүзеге асыру.

7. Әр тарауды аяқтаған соң, балалар білімін мониторингілеу.

**Ұтымдылығы:** Рухани – адамгершілік дәріс, оқушыларды белсенді өмір жолына, қоғамдық борышқа, оң дағдыға, шеберлікке ұмтылысты, сапалы білім алуға деген тұлғалық дамудың ескерілуінде.

**Болжамдылығы:** Бақылау, тексеру, бағалау, оқушы жөнінде мағлұматтар жинақтау, мониторингтен өткізу, басқа да істерді пайымдау, болашақтағы шәкірт дамуын икемдеуге әкеледі.

**Бір тұтастығы:**

- жеке адамның рухани және ой - өрістік мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен имандылықтың берік негіздерін қалыптастыруда;

- қоғамның экономикалық, мәдени, экологиялық және саяси өміріне қатынасуын қамтамасыз етуде;

- оқу үрдісін мұғалім мен шәкірттің өзара шығармашылық қарым – қатынасымен сипаттауда;

- ірі блокты, электронды – цифрлық бейінді оқытуды қолдануда.

- Дене сымбаты мен қатар баланың рухын, ақылын, сезімін, жігерін, мінез – құлқын шыңдауда.

**Шындыққа сай келуді қалыптастыру үшін, білім – білік дағдысының өзгеруін бағалау көзі ретінде салыстыру – жетістіктер тестерін қолдану.**

**Қадағалау мүмкіндігін бағалаудың деңгейлік өлшемін (шкаласын) енгізу, оқушылардың оқу үлгерімінің бағалануының шынайылығын қамтамасыз етуге, оқу–танымдық іс-әрекеттердің сапасы мен нәтижелілігін арттыруға, сараланған білім беру барысында, шәкірт дарынын аяқтауға ықпалдайды.**

**Келергіге сезімталдығы:**

пәнді оқыту барысында жоғары нәтижеге жету үшін, оқушыларды белсенді танымдық күйге келтіру, оқу мазмұнының репродуктивті түрін кеміту, оқу мәтінін тәжірибелік бағытқа негіздеуде;

он екі жаңалықты енгізу, мектептің дамуы мен жоғарғы жетістіктерге жетудегі, қиыншылықтарды жеңуге ықпалдауында.

**Нәтижені болжау ғылыми** – техникалық прогресстің қарқынды дамуына орай, заман талабына қажетті мамандықты сапалы меңгеру, еңбек майданында өзіне, еліне деген табыс түсіру мүмкіндігі.

**Өзгерістердің үйлесімділігі.** Еңбеккердің кәсіптік даярлығына қойылатын талаптардың артуымен қатар, оқушылардың болашақ мамандыққа бағдар алуы, көкей кесті мәселе бола түсуінде.

**Қажеттену.** Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауынан: «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары өндірістері үшін мамандар қорын жасақтауымыз қажет»

**Стратегия.** Жан – жақты дамыған, білімді, өз іс - әрекетіне әділ және сенімді, Елінің әлеуметтік – экономикалық жағынан дамуына үлес қоса алағын, алғыр да, нағыз патриот тұлғаны тәрбиелеу.

**Тактика.** Жаңа педагогикалық технологияларды ғибадатты меңгеру, оны тәжірибеде қолдану, әлеуметтік ортаға оңтайлата дамыту, соңында кешенді, биік нәтижеге жету.

**Сапа.** Кез келген мектептің басты мәселелерінің бірі – білім және тәрбиенің сапасы. Ілім мен тәлімде бұл мақсатқа жету үшін ой - өрісі ұшқыр, жаңалыққа ұмтылысты, дүниетанымы кең, бүкіл әлемдік білім көкжиегіндегі бәсекеге төтеп берерлік, жан – жақты қалыптасқан, текті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

**Нәтиже.** Әрбір баспалдақта, оқушының білім – тәлім бағдарламаларын меңгеруін – түлдесу, ақылдасу және тест жүргізу арқылы пайымдау.

*Хадистен: Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйретпеу – мал дүңше жып, оны керегіне жәратпай, көміп қойғанмен бірдей.*

**Мектеп дамуының стратегиясынан туындайтын негізгі міндеттер:**

1. Оқу – тәрбие барысын жүзеге асыру.

12 жылдық білім беру жүйесі үшін баспалдақта жүзеге асады:

I баспалдақ – бастауыш білім беру, 1 – 4 сыныптар.

II баспалдақ – негізгі білім беру, 5 – 10 сыныптар.

III баспалдақ – орта білім беру, бейінді оқыту, мамандық таңдауға болашақ түлектерді дайындау, 11 – 12 сыныптар.

## **2. Оқу – тәлім үрдісіндегі өзгерістер:**

I баспалдақтың өзінен бастап – ақ жалпы білім алуға оқушыларды бейімдеу, мамандықтар үшін олардың құлақтарына сіңістіре беру.

II баспалдақта бейіндік оқудың алғы шарттарын жақындата отырып, мамандықтар сұлулықтарына балалар жанырын қанықтыруға жағдайлар жасау.

III баспалдақта бір немесе бірнеше пәндерді бейінді оқыта отырып, болашақ түлектер санасында мамандықтардың қыр – сырын, оның әлеуметке қажеттігін ұғындырып, үлкен өмірде бас әріпті, шынайы маман иесі атануына бағдарлау, бейімдеу, бейіндеу, оларды ақ жолға түсіріп жіберу.

3. Даму нәтижесін көздеудің басты нысаны білім беруде кез келген жаңалықты, соның ішінде, кәсіптік білім берудегі жаңалықтарды, ұстаз және оқушының тәжірибеге енгізуі.

4. Оқушы жетістігін бағалау арқылы шәкірттің іс - әрекетіне бәсекелестік ықпалды қалыптастыру, білік дағдыларын игеру үрдісіндегі, психикалық дамудағы, жеке тұлғалық нәтижеге келу.

### **Ұйымдастыру баспалдақтары:**

1. Мәселе. Мектепте қарқынды ғылыми – зерттеу нәтижесіне негізделген, инновациялық білімді дамыту, білім беру жүйесіне, ақпараттық технологияларды қолдану барысында, уақытқа лайық интеллектуалды, ой - өрісі жоғары дамыған, ділі сау тұлғаларды қалыптастыру, әр шәкірт таңдауына бағытталған білім – тәлім жүйесін жетілдіру.

### **2. Оқу орнының тұжырымдамасы:**

1. Оқушылардың білім – тәлім алу, рухани өсу, мамандық таңдау іс - әрекеттерін ұйымдастыру.

2. Білімі, білігі және рухани деңгейіне сай, бағдарлы оқу пәнін шәкірттің таңдап алуы (11 – 12 сыныптар).

3. Өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыра дамыту.

3. Оқушының даму стратегиясы. Оқу – тәрбие жүйесіне инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу барысында, оқушылардың білімге қызығуын, талпынысын ояту, өз бетімен ізденуге, шығармашылықпен еңбектену мүмкіндігіне машықтау.

4. Іс - әрекетті нақтылау үшін оқу – тәрбие саласында, эксперименттік тәжірибелер жүргізу.

5. Бағдарламаны уақыт сүзбесінен өткізу барысында, эксперимент нәтижесі бойынша, педагогикалық ұжым жұмысының тиімділігінің көрсеткіштері мен критерилерін талдау, кемшін тұстарын түзету.

**6. Мұғалімдер стратегиясы** – ұстаздардың жоғарғы интеллектуалдық, шығармашылық ортасын қалыптастыра дамыту. Білім мен тәлімнің осы заманғы мәселелерін таркатудың түрлі қажеттіліктері:

1. Бағыттаушы, ұйымдастырушы, көмекші, тьютор, ақылшы, тыңдаушысын жігерлендіруші, сара жол сілтеуші ұстаз болу. Оқушылардың жеке – дара, жұптық және топтық білім алуы, білімденуді жүзеге асырушы әдіскер – тәрбиеші мұғалімдерді оқу орындарында қалыптастыру. Ұстазды білім бұлағының көзін ашушы ретінде сипаттау, зергер нұр құюшы, ойға канат бітіруші, мұратқа нәр сіңіруші, зерделі ақыл кеншісі дәрежесінде көрсету. Ұстаздарға лайық қасиеттер: Қазақы және бүкіл әлемдік деңгейлі, үздік интеллектуальды, жоғары мәдениетті сом тұлға; эволюциялық прогресті дәріптеуші көрнекті педагог; ғылым шыңына өрмелеген тынымсыз ұмтылыстағы Отанның патриоты; ұлттық ұлы мәдениет экологиясын қызғын құстай қорғаушы және қыран құстай қостаушы ерекше дарын иесі.

2. Сынып жетекшісі – бала көңілін табушы, өнер мен білімге баулушы, ақыл мен нақыл үйретуші, мінез бен қылықты қалыптастырушы, кешірімділік пен сйластықты үлгі етуші, жақсы мен жаманды ажыратушы, ой мен өрістің өзгерісін қадағалаушы, жол мен жобаны айыра білуді тәлімдейтін тәрбиеші – педагог.

3. Әдістемелік және тәлімдік негізді оқу орнында таяымалап отыратын, уақыт талабына орайластырылған, инновациялық идеялы, информациялық технология паркін білім беру жүйесіне кіргізу. Оқушылар арасында, жылына екі мәрте ғылыми – практикалық интернет конференция және сана – сезімді, ой - өрісті секциялар бойынша дарапоздау фестивалін өткізіп отыруды дәстүрлі ғып, дипломаттарын «жоғарғы оқу орнының грантты студенті» атаңдыру дарынның одан әрі даралай дамыту.

4. Оқушылардың физикалық, физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық дамуларын қамтамасыз етуді ықпалдайтын, компьютерлік техникалар жүйесімен толығымен жабдықталған, мектептерде «шаңырақ» атты интеграциялық оқу – зертханалық кабинеттерін жабдықтау.

5. Оқушының және оқытушының өзара мектепішілік және мектепаралық ғылыми - әдістемелік зерттеу және тұжырымдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге жол сілтеу.

6. Ділі бекем, рухы мызғымас Қазақстандық патриот тұлғаларды жоғары адамгершілік қасиеттердің аскарына аскактату, оларды білім мен тәлім алу мен беру жүйесіндегі үздіксіз өзгеріс құбылыстарға икемді және бейімді ғып тәрбиелеу.

7.Өнер дарапоздарын қалың ел – жұрт арасынан іздеп тауып, мәдениет көкжиегіне шығарып, жыл сайын, Ел Ордадағы пирамида төріне аспандатып, онан соң, Әлем кеңістігіндегі бүкіл дүние жүзіне мойындату.

7.Түпкі ой – тұжырым. Ұжым шығармашылығын дамыту, зерттеу шараларымен айналысу барысында, қабілеті мен қызығуын ояту нәтижесінде, уақыт талабына сай, ұстаз бен шәкірт бейнелерін сомдау.

2.Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін зерттеудегі шәкірттік әдістемелермен танысуды көздеп, педагогикалық диагностика негізінде, оқыту және тәрбиелеу жүйесіндегі даралау, саралау жолдарын қамтамасыз ету, оқушы тұлғасын және оқушылар ұжымын зерделеуші педагогтар - оқушыны зерттейді - оқуға деген қабілетін, білім деңгейін, әлеуметтік жағыдайын анықтап, оларға оң бағыт – бағдар береді.

3.Мұғалімдер оқушылардың ділнамалық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдағы зерделеу диагностикасын меңгеріп, шәкірттің ақыл – ой қабілетінің дамуына оңтайлы әсер беріп, жүйелі еңбектену әдетін қалыптастыруға және өзін - өзі бақылауға, танып – білуге, танымдық белсенділігін өзі байқауға, жауапкершілікке тәрбиеленуіне ықпалдайды.

4.Ұстазбен шәкірттің зерттеушілік тұтастығын қалыптастыру үшін:

- оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыратын, оқушы мен оқытушының жоғарғы шығармашылық деңгейін қамтамасыз ететін, нақты зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру.

- тәжірибенің бастапқы, аралық және соңғы нәтижелерін пайымдап, қорту, онан соң, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми – тәжірибелік, ғылыми - әдістемелік бағыт – нұсқаулар жасап, педагогикалық ортаға орайластыру.

Мұрат:

1.Таңдамалы шығармашылық дәрістеу әдіс – тәсілдерін қолданып, бейінді оқыту барысында, шәкірттер санасында сапалы білім жүйесін қалыптастыру, келешектегі болашақ мамандыққа бағдарлау.

2.Халықтық педагогиканы дәріптей, дамыта отырып, оқу – тәлім желісін, уақыттың ырғақ – талабына үндестіре тағылымдау.

3.Мектептен, бәсекелестікке қабілетті, ұлт жанды, әлемдік деңгейдегі, Қазақстандық патриотты мұхит айдынында шығару.

Нәтиже:



1. Шәкірттердің қабілет – дарындарын дамытып, жалпы адамзаттық, абзал қасиеттері тұрғысынан, адамгершіліктің асқар шыңына өрлеуінде.

2. Қазақ тілін ерекше асқар тұғырлап, кемінде орыс, ағылшын және араб тілдерін меңгеруіше.

3. Ділнама қасиеті мен компьютердің керемет мүмкіндіктерін ұтымды да ізгілікті игеруінде.

4. Оқушы, оқытушы, қоғамдық орта және ата – ана тәрбиесінің сабақтастығында.

5. Параллель екі деңгейдегі, жаңа форматты пән мұғалімі, кең ауқымды, жан – жақты, дарынымен ерекшеленген, тәрбиеші еңбегіндегі қажырлықта.

6. Ғылым мен тәжірибе, ғалымдар мен мұғалімдер қызметтеріндегі пәрменділікте.

7. Тәрбие сапасы 100%, ал білім сапасының 77 % төңірегінде болуында!

## 1.5 НҰР ШУАҒЫНДАҒЫ МЕКТЕП

*Хадистен: Ілім – гүбадаттан абзал, тақуа ілімді ұстанса ғана өзгеден басым түседі.*

2006 – 2007 оқу жылында, есігін айқара ашқан жаңа мектеп, 464 оқушыға есептелген. 2008 – оқу жылында оның табалдырығын 291 бала аттайды деп жоспарлануда, ал оларға білім нәрін сұлайтын ұстаздар – 37. Керней мектебінің магниттік өрісі картада көрсетілген.

Бағдарлы оқытулы интернеттық жүйеге көшіру үшін, мектеп тұсынан жана интернат ғимаратын тұрғызу қажет деп ойлаймын. Бұқар жырау ауданының білім беру жоспары бойынша, 2008 – 2009 – оқу жылында қазақ – орыс тілдеріндегі екі сыныпта 39 бала, 11 жылдық бағдарламасымен білім алуы тиіс. Сондықтанда, мектеп толық қуатында жұмыс істеуі үшін, төңіректегі ұсақ ауылдардағы жоғарғы сынып оқушылары осы білім ордасында дәрістенгені, экономикалық – әлеуметтік жақтарынан өте тиімді болмақ.

**Д І Л Н А М А** дәнімен нәрленген жан жоғарғы тұғырда болмақ

*Н. Назарбаев: Білім беру реформасының өйдігімдай жүр.ізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу.*

Ғажайып, тылысым дүниеде еш нәрсе де, ештеңе де, еш уақытта бекерден – бекер, тектен – текке, бостан - босқа болмайды.

Танудың атасы, өзінді - өзің тану. Адамның сыртқы және ішкі әлемдері, негізіндегі, өзін - өзі тану ілімі – бұл діл ілімі, бұл жүрек ілімі!

Ұрпақтан – ұрпаққа, ғасырдан – ғасырға жалғасқан жүрек ілімінің үзілмейтін алтын қыл – талшығы, адамзат баласын дүние танымға, имандылық пен адамгершіліктің зәулім мұнара – күмбезіне жетелеп, жаратушының қолдауымен ғана жалғасып келеді. Өзін - өзі тану ғылымының түпкі мақсаты, Алланы тану, оның құдіретіне шұба келтірмеу, оған бас ию. Дүние танымы терең, Отаншыл, ата – баба дәстүрінен сусындаған, Аруаққа тағызым жасап, Аллаға табынған, дініне, діліне шексіз адал, батыл, еңбекқор, адамдық ар – ұжданы түбегейлі орныққан ұрпақты қалыптастыру – ұстаздардың міндеті.

**Сыртқы әлем:** ғалам, ғылым, өнер, салт – дәстүр, ал **ішкі әлем:** рух, жан, діл, сезім, ақыл, парасат. Адамның ішкі әлемін, таным – тағылым әлемін, дүниенің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл – Фараби бабамыз былай топшылаған:

*Сан берген, сана берген, санат берген,  
Инсан деп саналыға ол ат берген.  
Жаратып барша әлемді жалғыз нұрдан,  
Жауһары нұр сәулесін тарат деген.*

**Абайша өмірдің фалсафасы, болмысымыздың мән – мағынасы, дүние танымымыздың келбеті:**

*Дүние – үлкен көл,  
Заман – соққан жел.  
Алдыңғы толқын – авалар,  
Артқы толқын – інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Бағғыдай көрінер.*

**Логика** – адамның ой - өрісі әрекеттерін, тиімді шешім – нәтижелерге жетелейтін ми қызметінің жемісі.

Адамның **логикасын**, ой – тұжырымдарын, ақыл – парасаттарын, қабілет – мүмкіндіктерін мынандай сатыларға бөлген дұрыс:

1. **Адами логика** – қарапайым кісінің логикасы.
2. **Ғылыми логика** – әлемдік деңгейдегі қайраткерлердің логикасы.
3. **Діни логика** – жоғары парасатты, діни адамдардың логикасы.

4.Тәңір логикасы – еш қателеспейтін, АЛЛАНЫҢ қасиетті логикасы.

### МЕРЕЙЛІ ДІЛНАМА БӨЙТЕРЕГІ

*Хадистен: Ата тегіңді, туыс – туғандарыңды жақсы танып біл. Өйткені өзара қатынас жасауың үшін қажет болады. Егер қарым – қатынасың үзілсе, жақын туғаныңның да ешқандай пайдасы тимейді.*

Д І Л – адамның өзін - өзі тануындағы баспалдағы, тұлға келбеті, ақыл мен парасаттың өлшемі, тегін тектейтін ұлы қасиет.

ДІЛ және басқа да қазақы, далалық, даналық ілімдерді жастар тәрбиесі нысанына алмасак, ру х а н и ж ү д е у ш і л і к, ж ұ т а у ш ы л ы қ қ а ұрынамыз. Ондайдан аулақ болу үшін, ұлттық тәрбие тамырына балта ұрмайық. Адамдық қасиеттердің фәлсафасы мен экологиясы - өлсемен өрілген және бәйтерекпен бірінші суретте сомдалған:

*Қупиясы шешілмес,*

*Рухты адам болмасақ*

*Шеше алмасақ кешірімес,*

*Откен, Бүгін, Болашақ!*

*Жаратқан, жарық дүние, ашық аспан,*

*Әлемнің сырын біліп, кілтін ашқан.*

*Табынған бар адамзат басын іліп,*


*Ұстаға – бар табиғат нұрын шашқан.*

*Арманға талы, бар жүрек,*

*Албырт сезім, ой зерек.*

*Өрмелеп білім шыңына –*

*Асқар тау, алып бәйтерек!*



Тылысым шыңырауынан көру, есту, иіс пен дәмді сезу, түйсіну арқылы адам, дүние құпиясынан мағлұмат – хабар алады, ой – тұжырым жасайды.

### Қазақы идея

Ана тілі, салт – дәстүр, әдет – ғұрып, білім – ғылым, төл өнерді сағылы дамыта отырып, оқушыларды математикаға жүгіндіре негіздеп – тілдер, тарих, физика, химия, технология т. б. пәндермен ұштастыра, әрбір шәкірт таңдаған бір, немесе бірнеше пәндерді бейінді, бағдарлы оқыту уақыт талабы, сұранысы.

Жалпы алғанда, адамзаттың ғаламшарлық адамгершілік – руханият бағыттарындағы ізденістердің, талпыныстардың самалын сезіне қабылдап, өзіміздің баға жетпес мұрағаттарымызды дамыта қанаттасуымыз абзал.

Қазақы идея – қазақ халқының тарихи, тарлан тағдыры тәлімдеген мейірім, шаянағат, парасат, жарасым, бақыт туралы арман – аңсары, ұлттық өнер мен мәдениет, тіл мен діл, салт пен дәстүр.

Ұлттық діл бес бұтақтан тұрады: тіл, ғылым, өнер, кәсіп, әдет – ғұрып.

Демократиялық мемлекетімізде қазақ ұлтының бір тілді, бір дінді, бір ділді, бір текті, бір мінез, бір бүтін, бір тұтас, бір намыс, терсең ғылымды, жоғары технологиялы, ауқымды кластерлі, жұрттың елдігін қалыптастыратын, үдете дамытатын, әрі, әлемдік деңгейде елді айғақтайтын ұлттық үрдіс – идея, идеология, патриоттық идеал қажет.

12 – жылдық оқыту жүйесіне көшу мүмкіндіктері:

1. 12 жылдық оқыту жүйесіне көшудің, жалпы Қазақстандық нұсқау – жоспарларын, ресурстық – интернаттық орталыққа орайластыру;

2. 12 жылдық оқытуды іске асыратын, мектеп – интернат жүйесінің финанс – қаражатын қалыптастыру;

3. Дәстүрлі және электрондық оқулықтармен, жалпы, кәсіби және ғылыми әдебиеттермен, интернет жүйесімен, зертханалық құрал – жабдықтармен, әдістемелік – тәжірибелік ... жалпы техникалық ақуалдармен, мектеп - интернатты қамтамасыз ету.


4.Білім орталығына оқушыларды твсымалдау мәселесін оңтайландыру;

5.Ресурстық орталықты, жоғары санатты, д і л н а м а ш ы – психолог педагогтармен ұжымдау;

6.Жалпы пәндермен тамырлас негіздегі, бейінді оқыту және тәлімдеу жүйесін қалыптастыру;


7.Ресурстық – интернаттық орталықта, бағдарлы оқытуды шәкірттің, ата-ананың, әлеуметтік ортаның сұраныс – тілектерін ескере отырып, ұстаздар мүмкіндіктеріне орайластырып, сатылы алгоритмде жүзеге асыру.

Кернейдегі болашақ ресурстық орта екінші суретте образды түрде бейнеленген:



2 сурет. "Керней мектебінің" мекенінің арпі. (Алишан Біржан мұқарыпқызы)

Бағдарлы оқыту жүйесі төмендегі, үшінші суретте айшықталған:



3 сурет. Бағдарлы оқыту, баянды мамандыққа жеткізеді.

## 1.6 БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ

**Н. Назарбаев:** *Оқу жоспарына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттанудан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу керек.*

**Е р е к ш е ұ с ы н ы с:** мектеп тәжірибесінде «электрондық оқыту тактасы мен электрондық оқулықтарды» білім беру мен алуды, саралау мен даралау құралы ретінде қолдану.

1.Жанұя мен балабақша – бөбектер мен бүлдіршіндер қызығушылығын жылы жүрекпен мақпал сезініп, замана сұранысына мәтіндей ғибадаттап, қоғамдық орта, д і л шапағаттарын ұрпақ санасына ұялату, оларды мектеп кеңістігіне бағыттау, бастапқы білім дәнін қабылдау дағдыларын қалыптастыратын: Дастан – ертегі, мақал – мәтел, тақпақ - өлең, күй – би көшеттерімен бала қиялын нәрлендіріп, «Ана», «Туған жер», «Менің Отаным», «Ана тілі – дана тілі» т. б. сөз - сөйлемдермен айшықтап, әсем саз – бояулы қазақтың 42 әріпімен, терең мәнді және ерекше қасиетті сандарымен сырлас ету, қарапайым сөйлемдер мен есептерді тартымды да қызықты, ойын деңгейінде мәтіндеу және де олардың мән – мағнасын түсіндіру. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деп дана халқым айтқандайын, білім – тәлімнің қайнар көзі жанұя мен балабақшадан басталады. Сондайлық, жүректен жүрекке жететін, ғажайып нұр кілтті, анамн ыстық мейіріммен, оның мамық алақаны қызуымен, әкс қамқорымен, оның өр өнегесімен, маңдайдан синіген самал тәрізді, атадан ұрпаққа берілетін, үзілмейтін ұлы ғибадат.

Бала мектепте сәтті оқуы үшін, жалпы, арнайы дайындықтан өтіп, оқыту бағдарламасын ойдағыдай меңгеруі және оқушылар ұжымына баруы үшін, алғы шарттар жасалуы тиіс. Бала бақшасының жоғарғы тобындағы бүлдіршіндердің диагностикасын, мінездемелерін бақша тәрбиешілері мен бірінші сыныпты жасақтаушы ұстаз бірлесіп, қарастыра отырып, алғашқы педагогикалық талаптарға дөп келетін, бірінші сыныпты ұйымдастырады:

1.Бүлдіршіндер санасына, бастапқы жақсы қасиеттер элементтерін: еңбек сүйгіштікті, туған ауылын, қоршаған табиғатты, айналадағы адамдарды қастерлеу – білімге деген икемделудің бет ашар баспадағы.

2.Қазақстан жағдайында, жалпы орта білім берудің 4 + 6 + 2 құрылымы оңтайлы, бастауыш сыныптарда жұмасына 1 – 2 сағаттық, қосымша, «талдау пәндері» кіріктіріледі, ол балалар қызығушылығын

дамытуға және ұлттық, асыл сипат алуға сабақтасады, мысалы «д і л н а м а»).

3. Жасөспірімдік кезең 11 – 16 жастағылар, 5 – 10 сыныптар оқушылары. Негізгі құрылымдағыларға 3 сағаттық факультатив қарастырылып, бейінді білім берудің алғы шарттарын жасауға жұмсалады.

4. 17 -18 жастағылар, бозбалалар – 11 – 12 сыныптарда бағдарлы оқитындар – жоғарғы деңгейдегі бейінді оқытылатын, шәкірттің таңдал алған, бейімі бар түлектің, болашақтағы мамандығына апарар соқпақ жол іспеттес. Жаратылыстану – математикалық бағытқа жататын мектептегі пәндер: математика, информатика, физика, химия, биология, география...

Бағдарлы оқуды таңдаған оқушыға ол пән міндетті. Бағдарлы оқылатын пәннің білім – тағылым кеңістігін кеңейтетін, олардың сапалық деңгейін арттыратын, 10 – 12 сыныптарда жұмасына қосымша, 3 сағаттық, қолданбалы, бейінді оқыту курстары мен пәндері енгізіледі. Қолданбалы, бейінді оқыту барысында екі мәселені шешуге мүмкіндік туындайды:

1. бағдарлы оқыту барысында, ол пән бойынша білім деңгейін жоғарлатады;

2. болашақтағы, жүрек қалауындағы мамандығына қажетті біліммен қаруланады.

Бағдарлы оқытудың ғаламшарын төртінші суреттен байқаймыз:



Жалпы орта білім беру жоспарлары:

1. Базистік – негізгі мемлекеттік құжат. Ұсынушы – мемлекет, оқу министрлігі.

2. Типтік – ұсыныстық, мектептік бағдарлама. Орындаушы – мектеп.



3.Бағдарлы оқытуды ұйымдастыратын мектептегі оқу бөлімі.

4.Жалпы және бағдарлы оқыту жоспарлары. Мемлекеттік және ұсынушылардан.

6.Жалпы, бағдарлы оқытуды ұйымдастыру, үйлестіру бағдарламалары. Жүзеге асырушылар – тәрбиешілер, ұстаздар.

7.Қолданбалы, бейінді оқыту курстарын, вариативті курстарды, жалпы пәндерді және бағдарлы оқыту іс – шараларын ұйымдастырып, жүзеге асырудың күнделік, сабақтар жоспарлары. Жауапты – мұғалімдер.

12 жылдық мектеп, міндетті және бейіндік оқыту мәселелерін, толық шешеді. Бейіндік оқыту бағдарламалары шығармашылық негізде, деңгейлік және қолданбалы болып ерекшеленеді. Білім сапасын көтеру, оқу мәтіндерін деңгейлеп меңгертуге лайық бола отырып, педагогикалық жаңартпашыл оқыту әдістемелерін жетілдіру нәтижесінде жүзеге асады. Деңгейлете, саралап оқытуды іске асыру арқылы – оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттерін, ерекшеліктерін ескеу барысында, бағдарлы оқыту нәтижесін көруге мүмкіндік бар. Сонымен, бағдарлы оқытудың интернаттық жүйесін, төрт баспалдаққа бөлдім: мектепке дайындық (0 – 5 жастағылар), бастауыш (6 – 10 жастағылар), негізгі (11 – 16 жастағылар) және толық (17 – 18 жастағылар). Бейнелі ойлаудан даналыққа:

Даналық – ұлы тұлғаның жалпы табиғат пен жекелеген өмір шынайылығын, олардың себебі мен салдарының үйлесімділігін дөп басып, еш қателіксіз тани білуі қасиеті, құбылыстың тыныс - ырығын сезініп, сондай – ақ, тіршілік иесінің нақты өмірдегі орны мен іс - әрекетін анықтап, білімпаздығы мен даналығын адамзатқа айғақты көрсетуі.

Данышпаңдық – адамзат үшін өшпес із қалдырып, өлшеусіз зор еңбек етіп, ұлы мәселелерді парасаттылықпен шеше алатын ұлы тұлғаға тән психологиялық қасиет.

Балама білім – дәстүрлі білімге қосымша білім алу, кәсіптік бағыттағы білімге бет бұрып, нарық сұранысы мен бала қажеттілігі арасындағы байланысты көрсетеді, шығармашылық шабытқа да тұлғаны итермелеуі әбден мүмкін.

Бейнелі ойлау - адамды қоршаған орта мен түрлі құбылыстардың мида жанама сипатта әр түрлі ұғымдар негізінде образды бейнеленуі.

Оқытудың түрлері мен әдістері:

- бағдарлы оқыту;
- модульдік оқыту;
- зерттеу сабақтары;
- тәжірибе сабақтары;

- дамыта оқыту жүйесі;
- дифференциалдық оқыту;
- блок – схема бойынша жүйелен оқыту...

**Оқыту технологиялары:**

- жобалық;
- деңгейлік;
- ақпараттық;
- зертханалық;
- интерактивті оқыту;
- жекелеп, жұптап, ұжымдап оқыту;
- электрондық оқулықтар және тақтамен оқыту;
- интернет жүйесі және цифрлық технологиялармен оқыту;
- ...

**Н. Назарбаев: Сонымен қатар жаратылыстану ғылыми бейініндегі арнаулы сыныптар жүйесін құруды көздеген жөн.**

Білім беретін интернаттық жүйенің әр баспалдағы, ортақ міндеттерді шешуде, балалардың жас ерекшеліктеріне сай, өзіндік функциялары бар. Біздің жағдайымызда, білім берудің құрылымы –  $1 + 4 - 6 + 2$  болып табылады:

1 – і құрылым, бастауыш мектепке дейінгі білім мен тәрбие, іскерлік алды мен алғашқы оң дағдыларды қалыптастыруға негізделеді.

2 – і құрылым, 1 – 4 сыныптарда, жүйелі оқытуды жаңартпашыл әдістермен жүргізу үрдісінде, оқушылар бойында білім құрын, сарапайым тілдегі, ғылыми таным негіздерін, ойлау дағдыларын үйлестіруге бағытталады.

3 – і құрылым, 5 – 10 сыныптарда, жан – жақты көз қарастар барысында, педагогика - психологиялық сабақтастығы астарында, оқу барысын – оқушылардың таным дербестігін басқару идеясын ұйымдастыру, жіктел – саралау т. б. логикалық топшылауды, әрбір оқушының санасына ұялату.

4 – і құрылым, 11 – 12 сыныптар түлектері, бүкіл әлемнің, бүтіндей қалпын қабылдай алатын, шығармашылықпен айналысатын, жертеудің қыр – сырына жақын, жаңаға құмар, тәуелсіз ой топшылай білетін, адал еңбекті пір тұтатын, өздігінен біліммен сусындай алатын, асқақ және жалпы адамзаттық, діни пәк сезімдерді асқақ тұтатын, жоғарғы бәсекелестікке тәтеп берерлік, мамандық атаулының корифейі санатындағы, Қазақстандық нағыз патриот, озық тұлғаны өмір шырқына әкелу!

Бүлдіршін – кәусәр көзі, бала – бал – бұлақ, жасөспірім – сарқыраған өзен, бозбала мен бойжеткен – тулаған теңіз тәріздес

болса, мектептен түлеп ұшар абзал тұлға – мұхиттың тылсым дүниесінен елес бермей ме?

Осынау, ғылым мен техниканың үдей дамып келе жатқан ХХІ ғасырда, жастарымызды тәрбиелі, білімді, шығармашылыққа бейім, адал еңбекке дағдыланған, дүние бәсекелестігіне тотеп беретін, ғаламшар деңгейіндегі, Қазақстандық, қазақы, жұлдызды тұлғаны мектептерімізден жер – жаһан кеңістігіне самғату, ғарыш шыңына көтеру, біздер, ұлағатты ұстаздар үшін ұлы ғанибет, қастерлі міндет, шексіз парыз!

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жастарымызға жол ашар болмақ. Президентіміздің «Осы заманғы білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамыту туралы» басымды құжаты жарияланды. Онда адамның өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызу қажеттігі айтылған. Сапалы білім алумен ғана жастарымыздың білікті маман бола алатыны да ескеріліп, ең жоғарғы халықаралық стандарттарға сай мектеп құру қажеттігі айтылған. Елбасының болашақты менсеп тұрған, білім беру жүйесін дамығуға қолдан келгенше үлес қосу, біздерге, ұстаздарға, жауапты да салмақты міндет.

Ұрпақ – адамзаттың болашағы, жалғасы, тарихтан нәр сіңірген мирас. Келешек ұрпақ саналы, тәрбиелі және білімді болса, адам баласының жер бетіндегі жасампаздығы да сан ғасырларға жалғаса береді. Білім күші, қуаты күдіретті. Ол бар жерде үздіксіз даму үрдісі жүреді. Ал бүгінгі күні ұстаздардың басты мақсаты - өзіндік, қазақы патриоттық және жалпы адамгершілік құндылықтарын бала бойына сіңіре отырып, оның діни – рухани қазынасын қалыптастыру, әрбір баланы жеке тұлға ретінде дамыту мұратында – білім беруге деген талап күшейе түсуде. Жаңа идеялар, білім беруге жаңаша көзқарас, кәсіби біліктілік бізді бұрынғыдан да биік, жаңа сатыға көтерілгендігіміздің көрінісі болмақ.

Бейінді оқыту дегеніміз не? Бейінді тәрбие ата – бабадан мирас болып келе жатқан қазақ халқының дана салт – дәстүрі, дала психологиясы, ана тілі, пәк діні, ақ пейілі, мәңгілік жасампаздығы. Бұл шәкірттерге жан – жақты, тереңдетілген білім беруге жағдай жасайтын, осы заман сұранысына сай, ауқымды ақпарат пен жұмыс істеуге дайын, бәсекелестікке бейім, бейіндік (профильдік) оқыту талаптарының үрдісінен шыға алатын кешенді мектеп. Бұл дегеніміз, мемлекетіміздің сұранысына дөп келетін, білім беру жүйесін түбегейлі түрде ғылымға, теорияға, тәжірибеге негізделіп, қоғамның және жеке тұлғаның ішкі сұранысын қамтамасыз ететін, бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлауға және тәрбиелеуге жағдай жасау.

Бейінді оқу – тәрбие жұмысын мынадай үрдістерді орынды қолдана алатын, ХХІ ғасырға лайық ұлағатты ұстаздар жүзеге асыра

**азды** – пәндерді деңгейлеп және тереңдете оқыту, модульдік әдіс, **интерактивті** жүйе, **аппараттық** технология, **цифрлік** үрдіс, **даналық** әдістер, **дара**, **кос** және **ұжымдық** білім алу әдістері, **блок – қортындылау** мүмкіндіктері, **білімге** **құштарлықты** және **шығармашылық** қасиеттерді дамыту, **ғылыми – зерттеу** қағидаларын ұстану т. б.

Ұстаздың міндегі, шәкірттеріне өздігімен халық педагогикасынан осы заманға икемдей келтіріп, жүзеге асыра **дамытатын** тәлім, білім ала білуге, болашақ өмірлік, биік әріпті маман **жесі** болуына біртіндеп, кешенді бағыттау, дайындау. Осы кезде **Қазақстанға** қоғамдық гуманитарлық бағытпен қатарласа **жаратылыстану**, математика, техникалық мамандықтар өте актуальды болып отыр, атап айтқанда, мынандай кешендер: қорғаныс (оборонный комплекс), нефте – газ, темір және автомобиль жолдары, радиоэлектрондық, энергетикалық, халықтық тұтыну тауарлары, **ғарыш** кеңістігін игеру, информациялық кеңістік, интернет жүйесі, **цифрлық** технология, агрошаруашылық т. т. Жоғарыда аталған салмақты, академиялық білімді қажет ететін мамандықтар ең алдымен **оқу** орындарының жүйелі, әлемдік деңгейдегі, болашаққа барынша бағытталған, үдемелі дамытушы екіпінде, ең алдымен **оқымыстылардың**, **оқытушылардың**, **оқушылардың** табанды оқуымен, **ерен** еңбегімен, өте биік технологиямен, **диплома** тәліміне сүйенген **патриоттық** ұмтылыстармен жүзеге асады. Қазақстанды дүние жүзіндегі дамыған, өркенді 50 ел қатарына қосады, мемлекетімізді АҚШ, Жапон, Қытай, Англия, Корея, Германия, Сингапур, Малайзия т. б. тәрізді алпауыттар санатына жеткізеді.

Бейінді оқытуды, ресурстық орталықта жүзеге асыру мүмкіндіктері:

1. Белгілі ортадағы 11 – 12 сыныптар оқушыларының әлеуметтік сұранысы.

2. Орта және жоғары оқу орындарында оқушының таңдаған мамандығы бойынша оқуын жалғастыру мүмкіндігі және осы мамандықтарға сұраныс.

3. Оқушылардың бәсекелестік ортаға төтеп беретіндігі.

4. Балалардың жеке бас талпынысын, мүмкіндігін, ыңғайын, **дырынын** ескеру.

5. Тереңдетіп оқытатын пәнді, бағытты да жан – жақты игеру мүмкіндігі.

6. Бейінді оқыта алатын пән мұғалімдерінің жеткілікті болуы.

7. Мектептің мүмкіндігі – техника – материалдық негізі (базасы).

Жоғарыда аталған шарттарға сәйкес келетін «Керней» орта мектебі мен левантты (мінез – құлық) жастар үшін арнаулы кәсіптік

мектеп. Осы екі оқу орындары, түбі, ресурстық орталық болуға әбден лайық.

*Ойларға шомып, келемін ертеп,  
Алған бағытым, киелі мектеп.  
Отыз бес жыл, тез өткендей –  
Ұстаздық сәттерімді екшеп...*

*Жасым келіп қалды - ау алтыс үшке,  
Осындайда, түрлі нәрсе түседі еске.  
Қара өлең мен әңгімені айтып берем,  
Оқуды оқысаң – тоқысаң кілең беске.*

Керней ресурстық орталығында қоғамдық – гуманитарлық және математика – техникалық бағыттарында, бейіндік оқыту бағдарын жүзеге асыруға болады. Орталықта тілдер, тарих, математик, физика және технологияны тереңдете оқытып, оқушыларды орта кәсіптік негізінде – трактор мен автомобиль жүргізушісі, ағаш пен темір шебері, киім тігуші мен металл дәнекерлеуші, ал жоғары оқу орнында агрожүйеге т. б. мамандар дайындалса нұр үстіне нұр.

«Керней» топтық (ресурстық) орталығында шәкірттерді оқытудың интернаттық жүйесінің, мүмкін болатындай жоба – бағдарын ұсынамын:

1. Оқу тәрбиесі саласында әлістемелік және психологиялық серпіліс – төңкеріс барысында, жалпы пәндер негізінде, шәкірттерді білім мен біліктілікке жетелеу – бағыттау.

2. Жоғарғы сыныптарға дейінгі шәкірттерді бағдарлы пәндерді шығармашылықпен оқып – білуге дайындау, үйрету, жеткізу.

3. 11 – 12 сыныптарда жас шамалары әртүрлі оқушыларды біріктіріп дәрістеу.

4. Жалпы және бағдарлы пәндерді кезектестіре оқыту отырып, тұлғаны бәсекелестік ортаға машықтау, сіңімді ету.

5. Шәкірттер бойына білім – ғылым – тәлім алудың инновациялық жүйесін қалыптастыру (цифрлық – электрондық, интерактивті...).

6. Балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, дарындарын, сұрашстарын ескере отырып, жоспарлы дамыту.

7. Әрбір сабақта шәкірттерді ғылым шуағына бөлен, жүректерін білім нұрына еркелетіп, саналарына ұлттық, қазақы рухты барынша сіңіріп, түлектерді ғұмырнама ғаламына шарықтата ғарыштату!

*Білімге неге тоймаймын,  
Ойланамын, қоймаймын?*

*Сол кітаптан басқаны –  
Еш қолыма алмаймын!*

*Әріден әңгімені ағытамын,  
Физиканы әсерлі оқытамын.  
Шәкірттерімнің санасына –  
Ой - өрістерін тоқытамын.*

**Оқу нәтижесі** жүйесіне қойылатын негізгі талаптарға бағалаудың толықтығы мен көрсеткіштерді қолдану жатады. Бағалаудың толықтығы дегеніміз – оқушылардың оқудағы жетістіктер көрсеткіштерін анықтау үшін ұйымдастырушылық және әдіснамалық мүмкіндіктердің болуы. Көрсеткіштер критерийлері мыналар:

- объективтілігі - оқушы білімінің шын нәтижесі;
- сенімділігі - бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігі;
- қажеттілігі – қоғам сұранысына керектігі.

Кезінде, ұлы Абай өзіне деген басты кәсіп ретінде – ұстаздықты қалаған. Ұстаз – ұлы есім. Ол – ой иесі, өмірге өзінше қорығынды жасаған дана адам. Балаларды оқыту, білім беру жөнінде Абайдың көкейкесті ойлары осы заманда жүзеге асып отыр. Абайдың қара сөзінен: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Соған қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшіншісі – алымдық деп білесің. **Н а д а н д ы қ** - білім - ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. **Е р і н ш е к т і к** - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. **Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік** бәрі осыдан шығады. **З а л ы м д ы қ** - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дүшпән болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады». **Ад, Ыбырай Алтынсарин** былай тақпақтайды:

*Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық...  
Оқысаңдар, балалар,  
Шамнан шырақ жағғылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей - ақ табылар...*

**БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ**-дың кейбір мұраттары:

- оқушының бағдарлы оқытудағы бір белгілі бағытты тереңдете оқуы, мысалы , **ф и з и к а н ы**;

- өзгермелі бір ортаға келісімді ақыл – парасат, шығармашылық көзқарасты, бәсекелестік қасиеттерді тұлға бойына қалыптастыру;

- баланың мүмкіндігіне, осынау қоғамның сұраныс - тілегіне орайлы келетіндей дифференциаланған мақұмынды білім жолдарын және траекториясын қалыптастыру;

- әрбір оқушының бойында, қандай да пәнді таңдамасын, қандай да мамандық иесі болмасын, ДІЛНАМА дәрісін өмір бойы сіміре беру, ұлты **ҚАЗАҚТЫҢ** қажеттілігі, әр уақыт ішер дәмді тамақпен пара – пар рухани, қасиетті жан азығы.

**М Е К Т Е Б І М І З** екі бағытта, жаратылыс тану – математика және гуманитарлық, жұмыс істеуге дайындық жүргізуде. 12 – жылдық мектептің негізгі шарты, әрбір тұлғаға орайластырылған оқыту жүйесін қасыптастыру, оның білімге күштарлығын қалыптастырып, шығармашылыққа бейімін арттыра беру, сонымен қатар, алған білімін бағалау, тәлімін саралау. Білім – тәрбие деңгейін анықтау үшін, «ПОРТФОЛИО» **ТЕХНОЛОГИЯСЫН** қолдануға болады. «Портфолио» - жеке тұлғаның оқуындағы жетістігін көрсететін, тіркейтін, жинақтайтын, саралауға мүмкіндік туғызатындайын – белгілі бір уақыт аралығында істеген жұмыстарын жинақтайтын сандық – қойма – оқушының жетістігін паш ететін, көрнекілі мұрағат.

**МОТИВАЦИЯ** – тұлғаның мотивтер жүйесі. Мотив – негізгі себеп, белгілі іс - әрекетке түрткі, бір нәрсеге ықпал. Жалпы мотивацияның психологиялық бағыттағы негіздік қалыптасу жолдары төмендегідей:

- мұғалім оқушы мотивациясының қалыптасу мәселелерін осы жасқа сәйкес оның тиімділігіне, «ертеңгі даму күніне» қарай анықтайды;

- оқушылардың мотивацияға үйрену ахуалын шамалайды;

- оқушының белсенді қызымет түрлерін ұйымдастырады, кең аялы тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыралы, оқушыны арнайы құрылған педагогикалық жағдайларға араластыралы, өзінің мотивациялы саласын түсінуге арналған тапсырмаларды орындауын ұйымдастырады, мақсат қоярлық тәсілдеріне шынықтырады.

**О** Й зердесінен туындаған ғылымдар: 1.тіл; 2.грамматика; 3.логика; 4.поэтика; 5.математика; 6.психология; 7.хак таналаны танудың құдіретті ғылымы.

Сапа тілінен бастап, психология нәрменіне дейінгі алты ғылым «Ділнаманан» қозғаушы күші, нәрлендіретін энергия көзі.

Қорыта айтқанда, бейіналды дайындық пен бейінді оқыту, білім алу кешістіліңдегі жеке аламының дамуына, өсуіне, түбінде, жан – жақты мамандық иесі болуына жасалатын сатылы жағдайлар, жалпы

пәндермен қатар жеке бір саланы, өзекті ғылыми негіздегі, шешуші бағытты таңдап, оны түптей түсу, жекелеген тұлғаның білім шыңына өрлеуі, болашақта, таңдаулы қызметкер, өз ісінің шебері, елінің ағулы азаматы болуы.

## 1.7 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ - БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ОТАНЫМЫЗ

*Хадистен: Жерді атына қарап, адамды досына қарап тануға болады.*

**Н. Назарбаев** - Қазақстан халық қарулы күштеріне тежеуге, халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, есіртпе саудасы мен басқа да осы сынды қылмыстарға қарсы күреске жұмылған халықаралық аумақтық ынтымақтастықтың белсенді мүшесі болып келеді және болып қала береді.

Еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігі 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланды. Жер ауданы 2717,3 мың шаршы шақырым. Халқы – 17 млн. адам. Астанасы – «Астана». Президенті – Н. Ә. Назарбаев. Ата заңы – Конституция.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері:

1.Туы. 1992 ж. 4 маусымында қабылданған. Авторы – суретші Ш. О. Ниязбеков. Ауданы 1м x 2м = 2м<sup>2</sup>.

2.Елтаңбасы. 1992 ж. 4 маусымында қабылданған. Авторлары – суретшілер:

Ж. М. Мәлібеков, Ш. Ы. Уәлихан.

3.Әнұраны. 1992 ж. 4 маусымында, ал «Менің Қазақстаным» 2006 ж. 6 қаңтаңтарында қабылданған. Сөзін жазғандар: Ж. Нәжмиденов, Н. Назарбаев. Саздаған – Ш. Қалдыаяқов.

«Менің Қазақстаным» әнін ең алғашқы боп орындаған әнші Жамал Омарова.

*Арғы*

*атам – ер түрік,*

*Біз осы қазақтың еліміз.*

*Асқар тау, шалқар қол.*

*Сары арқадай жеріміз!*

*Туған жер тир болмас, Жүрген*

*елің қор болмас.*

*Отан – ел, жұрт анасы,*

*Ел – халықтың данасы!*

*Ел тілегі хаққа жетті,*

*Ақ жауын құйып кетті.*

*Жер жахан құлтырып,*

*Адамдар тәубе етті!*



Т У – Елдің тұғырын көрсететін, оны ерекшелейтін, танытатын белгілі геометриялық фигура кескініндегі, сабақ бекітілетін мата.

Е Л Т А Ң Б А – Мемлекетті танытағын көркем белгі – құрал.

Ә Н Ү Р А Н – ел – жұртты даралай суреттеп, соның төңірегінде ұйымдасуға үндейтін, сазды және поэтикалық шығармалар арқылы сомдалған, көркем туынды.

А С Т А Н А – ең мәртебелі мемлекеттік билік жүзеге асырылатын орталықты білдіретін саяси – географиялық ұғым.

А Д А М – қоғамдық – тарихи құбылыстың, Жер кеңістігіндегі материалдық – рухани мәдениеттің субъектісі, ерекше қабілетті арқасында жалпыдан бөлініп шыққан сойлей, ойлай білетін, саналы б н о ә л е у м е т т і к тіршілік иесі.

Р У Х – ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана – сезімі мен іс - әрекетінің озық болжампаздығы, тарихи құбылыстың идеалды түрі. Ұлы, күдіретті күшпен нәрлендіріліп - рухты, рухани қабілетті қалыптастыру тәрбиенің нысанды, марқасқа мақсаты.

*Хадистен: Отанды сую имандылықтан басталады.*

ИСЛАМ – хақ құдай мен иманды адам арасындағы байланыс. Адамның хақ тағалаға сенімділігі, абсолюттің шынайылығына және барлық, күллі бар нәрселердің, оған тәуелділігіне деген сенім – нанымға негізделген. Ислам – абсолюттің шынайы діні, сондай – ақ, пәктік пен гажайыптар да абсолютті, өйткені, олар оның адамға деген қатынасын сипаттайды. Ислам адамдарды өз сенімінің мызғымастығымен және өз дінінің жасампаздық рухымен, қайран қалдырады – рухани тұрғыдағы таңымдық маңызы шексіз.

*Алла деген – дүниеге тир болмас,  
Құдайға сыйынған қуштай ұшады.  
Алла деп әрі барсан, аман келесің,  
Алла деген еш нәрсеге зар болмас.*

Осы кезде , 1880 мешіт ел үшін қызымет етуде. Ешбір халық, ешбір ел, еш уақытта руханиятсыз өмір сүре алмайды. Дінсіз адамда арман – мақсатта жоқ, оны қорғайтын ешкім де жоқ, болмайды да. Дінсіз, тілсіз ел, болашақсыз, құрлымға кетер халық. Тілді жою үшін әуелі дінді құрту керек, ондайды болдыру дегеніміз, қазақ ұлтының түп тамырына балта салумен пара – пар. Алла ондайдан сақтасын! Құранның әрбір аятының астарында терең рухани мағына жатады.

Адам санасына Ислам дінінің пәк қағидалары тереңірек сіңсе, қоғамның рухани қуаты жоғары болады. Бұл күндері ҚАСИЕТТІ АЛЛА КІТАБИ ҚҰРАН КӨРІМГЕ ЕКІ МИЛЛИАРД МҰСЫЛМАН МНАЖАТ ЕТЕДІ. Зайырлы мемлекет дегеніміз, дінсіздер елі деген түсінік бермейді, керісінше, ынтымақтастық пен түсіністік нышаны. Ислам діні ғылымға еш уақытта қарсылық көрсетпек емес, қайта оның сырқынды дамуына оң ықпалын тигізеді. Бір уақыттарда, Алла жазса, еліміздің Қазақстаннан үлкен өркениет самалы дүние жүзіне шапағын шадып, қазақ ұлты бүкіл адамзат атаулыға үлгі - өнеге болып, ұлы көштің жол бастаушысына айналады. ИНАШ АЛЛА ! Иманды елді жау алмас!

ҚАЗАҚСТАН РӘМІЗДЕРІ ТАРИХЫНА көз жүгіртсек, еліміздің ағаш әнұранының сазын дүниеге келтірген композиторлар М. Төлебаев, Е.Брусилловский, Л. Хамиди. Елдің 1993 жылы егемендік алуына байланысты ақындар М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж. Дәрібаевалар өрнекті сөздер тауып, жаңа ән шумағын жазды, бірақ ол шумақтар халықтың жүрегінен орын таба алмады. 2006 жылы, жарты ғасыр өткен соң, жаңа әнұран қабылданды, ол – «Менің Қазақстаным»!

ШАРЫҚТА ӘНҰРАН. Әуен нақыштарынан казактың досқа шық қушағы, дархан мінезі мен жомарт көңілі сезіліп, айдың көл, ақсар тауға жан берген шуақ самалының лебі еседі. Әуен халықтың жан дауысы десек, әсем әнұраннан ұлттық, жайдары мінездің сезіліп тұрғаны қандай ганибет! Әнұранның сезім жүрегін жаулап алар сазы халықтарды бірлікке, татулыққа үндесе, шумақтардағы сөз маржандары туған жерді аялау, ата дәстүріне деген адалдық, болашаққа деген сенім жолына меңзейді.

РӘМІЗІНЕН ТАНЫ ЕЛІҢДІ. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәмізінде үш нәрсе басым бейнеленген: киіз үйдің шадырағы, уық – керегесі, күннің алтын шапағы, бұған қоса мемлекетіміздің жан сырын аша түсетін түрлі безендірулер бар. Солардың арасынан тұлпар бейнесінің кездесетінін, ерекше атап өткен жөн. Қос тұлпар адамның досы, қанаты және уақыт ұшқырлығын көрсетпек. Тұлпар мүйізі ж е т і бөліктен тұрады. Ол – жеті атаңды білмесең жетесіздігің дегенді баяндаса, төмендегі «Қазақстан» сөзінің екі басындағы найзалар Отан қорғау белгісін айғақтаса керек.

ҚАСИЕТТІ КӨК БАЙРАҚ. Ту көтерген батыр бабалар бейнесі сонау ерте дәуірлерде жартастарда айнықталған суреттерде кездеседі. Тудан айырылу деген сатқындықпен пара – пар, немесе, үкіметтің құлағанымен тең. Ту сабы найзаны елестетеді. Оның сабына таяу, тік тартылған ұлттық ою «қошқар мүйіз», халық мәдениетінің маржанына, құттыққа шақырғандай. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Туы зеніп көк аспан түстес, төрт бұрышты пішінде. Көк түс – еркіндік, қонақжайлылық және жомарттық бояуы. Көгілдір аспан аясындағы 32 сәулелі Күн – жылылық, жарық және байлық көзі іспеттес. Күн нұрында қалықтаған ұлы дала қыраны, бүркіт, бостандықты, еркіндікті құптап, адамзат дамуының шырқарын алуға деген шешімді ұмтылыс сәті аңғартады. Көк байрақ сенімді қолда болып, әрдайым биікте желбіреп тұрсын деген тілек айтқым келеді!

## 1.8 МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ - ЖОҒАРЫ АДАМГЕРІШЛІК ПЕН БІЛІКТІ МАМАНДЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ

*Хадистен: Сапар шегіңдер, дендерің сау, несібелі боласыздар.*

**Н. Назырбаев:** *Үздік оқушылардың жұмысын бағалау мен оларға сыйлықты төлеу жүйесін ерекше мұқият зерделеген жөн.*

Тектілік – адамның затында бар, ұрпақтан – ұрпаққа қанмен берілетін информация, атадан келетін данлық ой – толғамдар. Ар – ұждан, сана – сезім, ұлттық намыс пен жігер арқылы рухынды сыртқа байқатып жүру, тектіліктің бір ғана белгісі. «Үяңда не көрсен, ұшқанла соны аласың» деген бабалар сөзіңде қанмен келе беретін, келе беретін тектілік толқыны жатыр. Немере өз балаңнан тәтті. Немере балдан да, шыбын жәннан да тәтті! Адам ғұмырының төрт кезеңінде айтарлықтай дағдарыс байқалады:

1.Өтпелі кезең (переходной возраст). 13 - 14 жастағы балалардың физикалық, физиологиялық, психикалық, рухтық дамулары күрт, өте қарқынды жүреді де, бұл кезде, ол, осынышама өзгерістерге зерделі төтеп бере алмауы әбден мүмкін.

2.Тұрмыс құрған уақыт. Екі адамның бір – біріне үйренісуі, қарым – қатынастардың үйлесуі, ұжымдық тұрмыс – қарекетке төселуі психологиялық біршама, түрлі қиындықтар туғызады.

3.Жас жаңуға бөбектің мен мұңдалап, інгәлап келуі. Ата – ананың ұрпағына деген ішкі сезімдік, сыртқы материалдық, жалпы қоғамдық жауапкершіліктер атаулыны мойындарына жүктеледі.

4.Қарттық қиындық. Балалар ер жетеді, арман құсы болып, қанаттарын қатып, өмір кеңістігіне ұшып кетеді. Қара шаңырақта шал және кемпір сөмпиді, бойлары түзуліктен алыстап, жерге қарай еңкейеді, ауырулар қыңқыл – сыңқыл молайады, уайым – қайғыға бой алдырады, үй қанырап бос қалғандай сұрықсыз жайға түседі, олар «Бала қайда?» деп, кен далаға жауаңдан қарай – қарай, тіршіліктің

бағы сол бір күйбеңімен итшілеп, қара жер қойнына кіргенінше жүре береді.

Осыншама дағдарыстардан ұтымды шыға алу үшін не ітеуі керек? Қиындықтардан құтқарар қағидалар:

1.Туындайтын проблемалар түйінін ұрыс – керіссіз, ақылмен екішеп шешу үшін ішкі түсікті қолданып, қарсыласыңның өзін білетін жеті позитивті қасиетін оған қарсы қолданған абзал.

2.Ішкі жан айғайыңды бойыңа жинай бермей, сыртқа шығарып отырсаң, жан – дүниен жеңілдейді, себебі, ағзан жайма – шуақтық раяқтына шомылады да тазарады.

3.Түйсікке көрегендік қасиетті дарытып, кездесер қиындықтардың алдын алып, оны болдырмай орап отырса, түп тамырын кийіп тастаса, нұр үстіне нұр.

4.Өмірде тек қана жақсылықты ойлап жүрсең, сені де, жанұяңды да, ел – жұртыңды да жақсылық өзі іздеп келеіп, әрқашан да тап төрінде отырады, жамандық аулақтайды.

5.Санаға ұлттық ұлы мәдени мұраларды, Ислам дінінің інжу – маржандарын үздіксіз құя берсең, сіңіре алсаң, басқа келер деген бар бәзеден аулақта боласыңыз.

*Бойдағы қан толассыз ағады,  
Жүрекке шам – шырағын жағады.  
Жаппар иеміз маңдайымызға,  
Дұғадан киелі тұмарын тағады.*

*Қиындықтарға мойымаймыз,  
Табыстарға жетпей қоймаймыз.  
Бібістерге кідіріссіз сатылап,  
Дұман - қызықтарға тоймаймыз.  
Ата мен әжені сыйлаймыз,  
Оларды жамандыққа қимаймыз.  
Әке мен шешені қастерлеп,  
Кісіліктің тереңіне бойлаймыз.*

*Атадан ұрпақтар жалғасады,  
Келешекте олар да алға басады.  
Дамалардың ақылына сүйеніп,  
Алтынбас шыңдардан да асады.*

*Хадистен: Жақсы адаммен бірге болу – мускус (ісі күшті зат) қоймасында отырғандай. Жаман адаммен бірге болсаң – шешірінің бағасының қасында отырғандайсың. Мускусі бар ісіден хош иіс тарайды. Одан сенің жаның ләззәт алады. Ал бағадан үстіңе от шапқанда, киімніңді күйдіреді, ең болмағанда жұртыңа жаман иіс келеді.*

## 1.9 ЖУСАН ИІСІ

Жусан – күрделі гүлділер тұқымдасы, бір - екі немесе көп жылдық шөптесін немесе бұта тәрізді өсімдік. Кең байтақ жерімізде жусанның 87 түрі кездеседі, оның 17 түрі – сирек байқалатын эндемик, ал дәрімене түрі тек Қазақстанда ғана өседі. Әр өлкеде өсетін жусанның түсі де, дамуы да, биіктігі де, дәмі де, иісі де бір – бірімен әсте ұқсамайтын, өзгеше болып келеді.

*Жусандары мол белім – ай,*

*Шымылдық жал елім – ай.*

*Жусаныңи малдар семіріп,*

*Суына қанған төлім – ай.*

*Жусанның дауасы болады.*

*Қойдың аузы оған толады.*

*Ағзаға жақпас зиянкестер,*

*Жусанның күшінен салады.*

*Жусанды қазақ неге сағынады,*

*Жусанды тұмардай тағынады?*

*Ғұмырлық жырақта жүргенде,*

*Жусанның аз иісіне табынады!*

Әрбір өңір жусаны ерекше мүнкiп, бар қазаққа кiндiк кескен, ойнап өскен, тай – құлындай тебiскен, туған ауылыш есiне мезгiл – мезгiл салып, ел - жұртына кiмастық ыстық сағыныш сезiмiн тулырғандайын әсер бередi. Қазақ жусаны дертке шипа, сағынышка жұбаныш, рухқа дауа. Кезiнде, Бейбарыс бабамыз да, туған жер жусанын бiр iскеуге зар болған екен, шiркiн – ай десеңiзшi, жалған дүние - ай! Ал, жаңа ғана туған немеренiң иесi қандай тәттi десеңiзшi?!

Жусан – аллергияға қарсы тұратын дәлалық дәрi, iшкi органдар жұмысын реттейдi, жануарлардың iшкi - сыртқы құрттарын түсiредi, үй iшiндегi құрт – құмырскаларды, бақа - иаяндарды аулақтатып, жонға қуады, ғасыр iндетi раққа да қаскып қарсы тұратын, дертке дауа болатын, қырдың әр өсiмдiгi.

Мектепте бiлiм беру – үздiксiз оқыту жүйесiндегi негiзгi деңгей болып табылалы және жалпы, кәсiптiк бастауыш, сондай – ақ, кәсiптiк орта бiлiм беудi қамтиды. Кәсiптiк бастауыш бiлiм, кәсiптiк мектептер мен кәсiптiк лицейлерде, негiзгi, жалпы бiлiм беру базасында алынып, жалпы орта бiлiм алумен ұштастырылады және ол еңбек қызметiнiң түрлi бағыттары бойынша, бiлiктi еңбек қызметкерлерiн даярлауға бағытталады. Кәсiптiк орта бiлiм колледждерде, училищелерде негiзгi, жалпы бiлiм беру базасында, таңдау жолымен алынып, жалпы орта бiлiм алумен ұштастырылалы және ол тәлiмдi боп, кәсiптiк орта бiлiм алып шығатын мамандар даярлауға бағытталады.

**Н. Назарбаев: Біз үшін барынша мүдделілік туғызып отырған білім беру салаларына шетел ғалымдары мен оқытушыларын бағалы тарту өзіміздің білікті оқытушылар құрамы мен әдістер – педагог кадрлардың санын ұлғайту жөніндегі стратегиямыздың құрамдас бөлігі болуы керек.**

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ** – педагогика ғылымының ішкі құрауыштар кешені. Педагогика ғылымының инфрақұрылымына ғылыми – педагогикалық негізгі тараптары, педагогика ғылымын ақпараттандыру, әлемдік білім орталықтары мен байланыс мекемелері кіреді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ** адамды оқыту мен тәрбиелеу барысында оның болмысының даму заңдылықтарын зерттейтін, танымдық қызметі мен қоғамдық қасиеттерін жүйелейтін психология саласы.

**ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ** – техниканың әр саласынан білім беретін, өндіріске мамандарды тәрбиелеп, даярлау. Мектепте политехникалық білім беру міндеттерін жүзеге асыратын оқу – тәрбие формасы.

**ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ** – оқушы мен оқытушының тікелей бірлескен іс - әрекеті арқылы жүзеге асатын оқытудың түрі.

**ПСИХОЛОГИЯ** – тіршілік қаракетінің ерекше нысаны ретінде психиканың даму және функция атқару заңдылықтары туралы ғылым.

**ПСИХОФИЗИКА** – жалпы психологияның психикалық және физикалық құбылыстар мен процестердің байланысын зерттейтін саласы. Психофизиканың ерекшелігі - әр түрлі мінез – құлық пен психикалық күй физикалық құбылыстар мен ахуалдың айырмашылығынан туындайды. Психофизиканың негізін неміс психологы Г. Т. Фехнер (1801 – 1887 жж.) қалады. Психико – сенсорлық процесті, ондағы түйсік шебін және психофизикалық шкаланы құрастыруды анықтайды. Мұндай ізденісте сенсорлық түйсіктің сезімталдық күйімен қатар, іштей белсенділік ерекшелігі, шешім қабылдау арқылы да ескеріледі. Осындай көпшамалы шешімдерлеу ізденісіне Р. Шепард әдістемесі ерекше ықпал етті. Әдістеме түйсіктердің өзара үйлесімін көпшамалы субъективтік ерекшелікте эмоция психологиясында, психодиагностикада, психосемантикада қалыптасуға септігін тигізетінін дәлелдеді.

**ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫҢ БІРЛІГІ** – бір мектепте, бір сыныпта жұмыс істейтін оқушылардың білімдерін оқу сабақтарын ұйымдастырудағы, оқушының әрекетіне оқушының өзара ортақ бірыңғай және келісілген көзқарасы. Бұл

бірлік, теориялық және практикалық оқыту көлемі мен мазмұнының, оқу бағдарламаларының мақұлдануын, білім сапасына, білікке, дағдыға қойылатын және оқу әрекетін ұйымдастыра біту әрекетіне қойылатын талаптарды қамтиды. Осы талаптардың оқу – тәрбие процесінде сақталуы, оның сапасының көтерілуіне, оқу еңбегі мәдениетінің дамуына және оқушылардың тәртібінің нығайуына жағдай жасайды.

**ОҚЫТУ ӘДІСІ, ҮЙРЕТУ ӘДІСІ** – білім мазмұнын меңгеруді қалыптастыру мен қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушының өзара байланысты жүйесі, әрекеттер үйлесімі. Оқыту әдісі, білім берудің мақсатын, меңгеру тәсілін, оқыту субъектілерінің өзара әрекетінің сипатын қамтиды. Бұл белгілердің ерекшелігі, оқытудың әрбір әдісінде көрінеді, ал әдістер жинағы, тәрбиелей оқытудың барлық мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуі керек. Оқыту әдісі – оқыту психологиясына тәуелді:

- оқу – тәлім мотивациясына ықпалдайды;
- белсенділігін көбейтеді;
- өзбетінше оқуға, өзін - өзі бағалауға үйретеді;
- оқу іс – әрекеттерінде мақсат – мұрат қоя білу, оны жоспарлау мен ұйымдастыру қабілеттіліктерін қалыптастырады.

Адамның басшысы – а к ы л, жетекшісі – т а л а н, шолушысы – о й, сынаушысы – х а л ы қ, қорғаушысы – с а б ы р, таусылмайтыны – а р м а н, ең қымбаттысы – а р, барлығынан ардақтысы - ө м і р. Өмір бірақ рет беріледі, жарқ етіп өтеді де кетеді. Әр күнінді ардақта, әр сәтіңнің құнын біл.

*Өмірге арқа сүйемеген өкініште кетеді,  
Уақытқа арқа сүйемеген ұйқыда өтеді.  
Жүрекке нұр келтірген адамдар –  
Білімімен, мұраттарына жетеді.*

## **1.10 МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Хадистен: Ілім үйрену әрбір мұсылман үшін парыз. Ілімге талпынсаң, дүниедегі барлық нәрсе, тіпті теңіздегі балыққа дейін күнәңа ортақтасып, Алладан сені құтқаруды сұрайды.*

2008 жылдың бірінші қыркүйегінен бастап, 12 – жылдық оқу жүйесіне көшеміз. Оқу жүйесін модернизациялаудың маңызды мақсаты оқығудың сапасын жоғарлатып, оқытушылар мен оқушылардың бәсекелестік мүмкіндіктерін кеңейту. Оқыту жүйесін

модернизациялау дегеніміз - даму құбылысы, үздіксіз алға адымдау, бұл тоқтаусыз даму негізіндегі мәселені тәтпіштей отырып, түпкі, жағарлы нәтижеге жету. Сонымен қатар, модернизация дегеніміз оқыту барысында қазақтың тарихи салт - санасының аргы түп қасасын тұғырлай отырып, уақыт талабымен жұптай дамытып, діл - діл сипаттарымен үздіксіз нәрлендіре, байытып отыру. Бұл дегеніміз, Қазақстандықтарды - оқушыларды, оқытушыларды, ата - ананы, әже - атаны, қоршаған ортаны 12 - жылдық оқыту жүйесіне мәйда және мектептен, тұлғалар мүмкіндіктерін ескеріп, түсінікті ете отырып, сатылап іске келтірген, әлбетте, аң болар. БІЛІМ - ҒЫЛЫМ - ТӘЛІМ - ТӘРБИЕ - ДІЛМЕН, ұлттық қазақы нақышпен боялып отырмаса, тарих шыңырауынан нәрленбесе, табиғатымыздың сұлулығымен сусындамаса, бабалар байыбына бармаса, мұсылман дінімен жемелмесе, ана тілімен ұрпақтарымыз тербелмесе, боланатымыз бұрыңғылап, түп тамырымыз осалданып, құрлымға бет бұарымыз ашан анық, ақиқат нәрсе болмақ!?

Оқу іс - әрекеттерін ұйымдастыру түрлері: жекелік, тұтастық, топтық, ұжымдық.

Оқушылардың өзін - өзі басқаруы:

1. оқушылардың іс - әрекетін ұйымдастыру;

2. топтық ерекшелігін бейнелеу;

3. өзін - өзі басқарудың негізі - оқушының ұйымдасу шеберлігін оқыту дәрежесіне сәйкес құрылады.

Оқыту, оқу, білім, білік, әрекет дағыдыларын үйрету мен оқыту құбылысы, өмір мен еңбекке бейімді етіп, тәлім - тәрбиелеудің негізгі құралы.

## А ҚЫ Л - О Й ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСУЫ

*Хадистен: Салмақтылық, ұстамдылық, ойлылық - ақылмен барлық сипаттың жиырма тирттен бір бөлігі.*

1. Оқушылар, әрекет - мақсаты туралы, оның объектісі туралы, бағдар - жұіесі жаілы, қажетгі түсініктемелер алады.

2. Әрекеттің материалдық түрде қалыптасуы кезеңінде, оқушылар әрекетті орындайды, оқушылардың әрекет мазмұнын бақылауына, оларды операция әрекетіне кіретінінің әр қайсысына, объективті бақылау жүргізуіне мүмкіндік береді.

3. Әрекеттің сыртқы сөздік ретінде қалыптасуы.

4. Әрекеттің сыртқы сөзде қалыптасуы кезеңі - іштен сөйлеу.

5. Әрекеттің ішкі сөзде қалыптасуы - автоматтанған ағыста.

*Жақсымен сөйлессең көңіңді шат қылар.*

*Жаманмен сөйлессең көңіңді тат қылар.*



## II ТАРАУ. ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ ТАҒЫЛЫМЫ (АҒЫЗ - ДАСТАНЫ АРАЛАС ӘДІСІМЕ) 2.1 ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ

*Хадистен: Дүниеден өтіп кеткендердің тек жақсы жақтары ғана еске алыңдар. Жаман жақтарына келгенде тілге тыйым салыңдар.*

Транс – сананың кенеттен өзгеруі, айналадағы құбылыстарды және де өз қылықтарын ұғынбай, мінез – құлқының түсініксіз өзгеруі, бей – берекет күйге адамның белгілі бір уақытқа түсуі. Транстың басталуы да, аяқталуы да кенеттен, ойда жоқта болады.

Қожа Ахмет өзгеше бала болған. Бірде, оның атасы Сайрамдағы бақшасын арам шөптен тазартамын деп, әбден шаршаған екен. Жанына таяған ұлы, бір ауыз сөзбен, сиқыр тәрізді, әлгі жерді шөп - шаламнан әп – сәтте тазартып береді. Көп ұзамай, ол, қазіргі Түркістанның тұрған жеріне жетіп, қолындағы шыбығын жерге қалай салады. Сол бойда жер бетіне су көтеріліп, бұлақ пайда болады. Осы жерге өзі бақша салады. Хак тағала оған таңғы намазын өтеуге, Меккеге барып қайтуы үшін, ақ түйені береді дейлі аңыз.

17 – 19. 08. 2006 жылы, Түркістанға үлкен ұдым, Нұрланмен бірге, тәуіп сапарда болып қайттым. Аллаға тәубе айтып, жолым түсіп, жоғары рухты аруақтардың бастарына барып, оларға арнап, дұғалар қайырдык, садақ еттік, ел жұртымызға, ауылдастарымызға, туған туыстарымызға, бала – шағамызға және өз шаңырағымға арнап ақ тілекті бір Алладан сұрадық. Төмендегідей, еліне белгілі, халқына қадірлі тұлғалардың зираттарында болып, барша аруақтарға иман тіледік:

1. Ибрахим ата – Қожа Ахмет Йасауидің атасы. VI – VII ғғ.

2. Қарашан ана – Қожа Ахмет Йасауидің анасы.

3. Абдул Азиз баба – бірінші болып Қазақ жерінде ислам дінін таратушылардың санатындағы адам.

4. Қазығұрттағы Адам ата мен Хауана ана мүсіндері сипаттарындағы қос жар тас. Бұл жар таста атаның оң қолының, ананың екі емшегінің таңба – белгігері ап – анық болып, көзге анадайдан көрінеді. Орташа ұзындығы жеті метір болатын екі тас арасындағы жінішке жол - кеңістіктен, тылысым күштің лебі еседі, оған біреулері тіптен жұп – жуан болса да өтіп кетеді, ал екінші біреулері, қылдай жінішке бола тұра еш өте алмайды. Таң қаларлық көрініс! Тілек – бата тасының үстіне, қалтаңыздағы затыңызды қойып, Алладан керегіңізді сұрауға, мүмкіндік бар. Жоғарырақта тұрған ірі тас, кеме іспетті. Осынау керемет тас мүсіндер композициясының төменгі тұсында, толқындата бүлкілдей аққан бұлақ, үш көзден, үш

түрлі дәммен ерекшеленетін жұмбақ су – емдік қасиетке ие, минералдық құрамды, дәмді сусын.

5. Қазығұрт тауын бауырлай бабымен, жайлап аққан, байсалды Балам өзені, қазақтың мамыржай мінезінен сыр сүлейлегендей әсер қалдырды.

6. Бекзат Сейілханұлы Сяттарханов – бокстан Сидней олимпиадасының чемпионы, апатқа түскен тұсқа тоқтап, аруаққа дұға бағыптады.

7. Түркі шейқы Арыстан баб – Ахметтің тәбиешісі, ұстазы.

Аристанбапқа түнеу, Ахмет Ясауиден тілеу керек. Аллаға сен, Аллаға сыйын, Аллаға құлшылық ет, Алладан жәрдем сұра дейді бабалар сөзі.

8. Қазақтың атакты патуаны, бүкіл әлем чемпионы, Қажымұқанның ауылын басып өттік.

9. Ш. Қалдаяқов пен М. Шахановтардың туған өлкесі Шәуілдірді көрдік, көрдік те басымызды иіп, оларға деген құрметімізді өрсеттік.

10. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көз ұшында ұстап, Түркістан аласын басып өтіп, бетті бұрдық, Укаша ата тамы бағытына.

Діни дәстүрлер – діни танымға орайластырылған қазақы тұрғындардың орындалуы. Дінің саяси - әлеуметтік саладағы дінді шикхаттап, оны ұстанушы адамдардың парасат – пайымына, азамгершілік иждахатты қасиеттеріне барынша байланысты. Жастар ақынды, ізетті және әдепті болса екен деп ойлаймын. Ислам дінін ұстанған адамдар жаман қылықтардан аулақ жүреді, сонда жер беті өрескелдік қиянаттан, қантөгіс соғыстан, алдан - арбаудан, арамдық – арамдықтан, арак – шараптан, насыбай – напакорлықтан, налаты ақандықтан ала болады. Алланың бергенінен артық сый жоқ екенін түсініп, әр адамның иманды болып жүргеніне не жетеді?

Зейін – адам санасының мағлұматшылық қасиеті. Балаларды оқыту барысында жетістіктерге жету мәселеге зейін қоюдан бастау керек. Зейінді оқушы ғана айтарлықтай табыстарға жете алады. Шығармашылық жұмыстарды зерттеп, зерделеу адамдарды жақсы нәтижелерге жеткізеді.

Зиялылық – адамның дінге, ғылымға, мәдениетке сондай – ақ өзінің діліне деген ден қоюшылығынан, олардың құндылығы мен маңызын түсінуінен құралған ерекшелігі.

*Ариалар ұстаздарға жалын анім,*

*Силаған шәкіртіне білімнің нәрін.*

*Шуақтап нұрын сепкен келбетіме,*

*О ұстаз, құдіретіңе табынамын!*

- деп талай ұлылар мен даналар, ғалымдар мен ақындар ұстаз мәртебесі алдында бас иеді. Себебі, ұстаз – зиялылық пен шындық, үлгі мен ұлағат, ақыл мен білім, тәртіп пен тәрбиеліліктің жарқын бейнесі.

*Мектеп – кеме, білім – теңіз,  
Барар жерге жүзіп жетеміз.  
Адаспаймыз бұралаң жолда,  
Ұстаздар берген білім қолда.*

*Біз де зиялы азамат боламыз,  
Бақыт бағына келіп қонамыз.  
Ұстаздар сөзіне зейін қойып,  
Білімнің шыңына ұмтыламыз.*

*Отан - ана үшін еңбектенеміз,  
Қазақты Әлемге танытамыз.  
Ата салт – дәстүрін сақтап,  
Ділің үлгісін шарықтатамыз!*

Тұлпарда да тұлпар қазан қап, демекші, астымызда темір тұлпар – немістің Аудиосы жотаға қырлай өрлеген. Жол бойы, Қазақтың киелі жерінің, көз жауын алар табиғатына зер салып, әр түрлі ойларға шомып отырмын. Мұнша кеңістікті бағындырған, Қазақтың сусыны мен тағамы – жылқы, өрлігі мен мінезі – жылқы, қайраты мен мінезі – жылқы, қаны мен жаны да жылқы. Босағала ілінген таға, оң сапарға жайлы жол тілеу ырымы. Сапарымыз сәтті болып, Укаша ата жерленген жотаға да жеттік.

*Сарыарқам алтыңа бай емес пе,  
Сарыарқаның самалы ем емес пе,  
Сарыарқадан еркелей аққан озен,  
Ананың ақ тілегіне тең емес пе!?*

*Қазақтың бұзылмас ынтымағы,  
Басынан ажырамас келген бағы,  
Кеудеме күннің ерке нұры толып,  
Жырлаймын ұлы аташ даналығын.*

*Құдайдың құдіретіне кім де кім сенбес,  
Алланың қайда екенін еш кім де білмес.  
Жүрек төрінен орын тепкен бір бейне,  
Кетпейтін көз алдымнан, болып белес.*

Ислам діні – АЛЛА тағаланың Мұхаммед пайғамбар салта – л – лаһу ғалейһи уа салам арқылы жіберілген ақиқат жолы, пендені құтқарар тура жол, дүние кеңістігіндегі ең ықпалды, әрі кеңінен таратқан хақ дін. Пенде болған соң, бір мұқтаждық болмай

болмайды. Шалқыған бизнесменнің өзінде де бір арман мен әттеген – Алла болары айқын. Алла тағаланың 99 атау – сипаттарында «Рахман» деген есім бар, яғни Алла тағала бұл дүниеде мұсылманға да, кәпір – дінсізге де, күнәһар пендесінің де қажетін өтеймін деген рахман сипатында. Ойткені, барлық тіршілікті жаратқан бір өзі, оның несібесін беруші де – Құдай. Сол себептен әрдайым Құдайдың берген рахмәтіне таубе – шүкір деп жүру, сабырлы да қайырымды болуды жеткелейді. Бір – бірімізге он тілеулестік білдіріп, сүрінгенге сүйеніп, шығылғанға жанашыр болуға шақырады. Ең болмаса «Фатиха», «Бұқар» мен «Ықылас» сүрелерін жатқа біліп, таза жүріп, жарық дүниеден көшкен адамдарға дұға бағыштап, иман келтіріп жүру қажет. Хәл ислам Қазақтың рухын беріктейді.

У к а ш а а т а – Мұхаммад пайғамбардың атқосшысы, түйе үстінде отырғанында екі аяғы жерге тигендей, ұзын бойлы, қыруар бұл несі, ер жүрек, жау оғы алмайтын сахабасы болған екен. Оның бір – екі осал тұсы белгілі – ол сахабаның намазға құлап, әбден, дұғаға ұйыған сәтінде, желке тұсынан байқалар еді. Шахид шайқастарына берген, 33 мың сахабаның бірі, осы Укаша ата. Біздің қазақтың кең алаңы сапарына аттанар алдында, Укаша ата пайғамбарымызға былай деген екен: «Шайыт болып кесем, сүйегім алыс жерде қалады – ау, ал мен сіздің жаныңызда мәңгілікке қалсам деп армандаймын». Пайғамбарымыз мұны естіген соң, қайран қалып, былай деп, Укашаға тіл қатқан: «Қиналма, жиһад жорығына аттана бер. Алла жолында шайыт болсаң, жаратқан жар болып, дененің бір бөлігі, мені тауып, қызыма келеді». Үлкен шайқас арасында, Укаша ата, намазға ұйып, бүткіл жан – дүниесі мен денесі дұғаға толықтай беріліп, әлсіреген сәтте шайытдің хас батыры оның желке тұсынан семсермен шауып жіберген. Жерге ұшып түскен жұмыр бас жау қолына дарымай, қырға қарай қашпалап, жар тас қар айырылып, құдық пайда болып, жаңағы бас соған түсіп, су асты жылғасымен ағып кеткен. Жаңағы бұлақ жер асты суына жалғасып, аға – аға Меккедегі қаусар бұлақпен тоғысқан. Осы жерде, Укаша атаның басы Пайғамбарымыздың жанына жетіп, мәңгілік жай тапқан екен. Бұл таңғажайып, тылысымға толы хикаядан байқайтынымыз: адам мен адамның, Қасиетті Мекке мен киелі Қазақ елінің ағтты байланысы. Бұл уақытта – Сирияда 22, Қазақстанда 21 сахабаның сүйектері мәңгілік тыныштық тапқан солардың бірі, Укаша ата болуы керек. Осы кезде, Укаша ата басына барып, тағызым сүткілерге арнап, жол салынған. Құдықтың кереметтігі сонда – адамның біріне су берсе, кейбіреуіне, қанша рет су алам десе де, оны бермейді, немесе жаңағы шелекті умаждап, тас – талқан етіп, аспанға асырады. Осынау, шипалы құдық суының, адам жанын қалыратындығы, қалып жұртқа мәлім.

*Оқу – білімнің азымы,  
Білім – ырыс қазығы.  
Оқыған ақылымен көптен озады,  
Тәлімсіз, тәртібімен де тозады.  
Білім – нұрлы бұлақ,  
Көп біл, ойлы сөйле!*

Таңқаларлық оқиға Қотырбұлақта болды. Тәңірге табынып, дұға оқыған соң, суға көз жүгіртіп отыр едім, сол шалшықтан ирелеңдеген апнақ жылан көрінді. Таң – тамаша боп, қарап қалыпшып, біраздан соң сүрелерді жалғастыра оқи бердім – оқи бердім, ал жылан болса, өз жайымен жүзіп, кете барды. Сол сәтте, ойда жоқта Құбыла тұсқа көңілім өзінен - өзі ауып кетті, қарасам, иықтарына шапан ілген, бастары ақ сәлделі, еңсесі биік, үш ақсақал аяқтарын жай басып, келе жатыр екен. Бұл оқиғадан менің санама мынандай ой – толғамдар келді: «Өнегелі қарт жоқ жерде өнерлі жас та жоқ. Қарттың айтқанын істе, жастың тапқанын азық ет. Көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы.» Қотырбұлақ суы адам денесіндегі қотыр кеселін сыпырып түсетін, емдік қуаты бар, дәрі іспетті қара – қошқыл ренді, шипалы лайлы су. Қотырбұлақтағы ақ жыландар мен ақ жамылған адамдар, Түкістан топырағындағы, кие келбетіндегі аруақтар деп топшылаймын. Осы таста, Алланың белгі – таңбасы, мөр де бейнеленген.

## **2.2 БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҰСТАЗДЫҚ**

1712 жылы Бұқар жырау Қалқаман ұлы Бұқара Шәріптегі атақты Көкілташ медресесін аяқтап, мүддәріс лауазымын иемденген. Мүддәріс лауазымы – исламдық білімдері жүйесіндегі жоғарғы атак, осы заманғы «профессор» дәрежесіне тең мамандық иесі. Бұқар жырау шығыс ілімі қорынан білімденіп, ғылымның он екі бабын толық меңеген.

Сол кездегі молла Сәмен мектептің жағдайымен Бұқарды таныстырады. Бұл оқу орнындағы оқушылардың алғашқы жылы жаттайтыны Иман Шарт, одан кейін Хәптиекке ауысады екен.

Ең жақсысы Сәмен молла Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки, Хорезми, Құтб, Сайфі Сарай сияқты ұлы ақындардың баға жетпес өлеңдерін шәкірттерге үйретеді екен, ал Ахмет Яссауи диуандары молынан оқытылған және де балалар Хикмәтті түгелімен жатқа сыйртқан.

Тркістандағы Ахмет Яссауи мешіт – медресесінің бас имамы Қожа Кәләлдр Бұқарды ұстаздық қызметке шақырады. Бұқар медресенің жаңа тұрпатты оқу – тәлім жоспарын құрады да, сол

бойынша балаларға білім – тәлім беріледі. Онда Ислам діні, оның тарихы мен танымдық тұстарына зор зер салынып, сонымен қатар, құлық тәртібі - фарит; заң ережелері – усул; логика, ой мен сөз құдіреті – мантықты кіргізеді.

Бұқар жыраудың мынандай кағидалары жұрт жадында берік сақталып қалған:

*Қуәті әлемді қаратқан,  
Ел ағдымен Алланы айт.  
Бойыңа жан таратқан,  
Аяғы жақсы таңіріні айт.  
Төрт Шадияр Мұстафа.  
Қытап ашқан ғалымды айт,  
Мұхамбеттің аяты.  
Алла сөзі құранды айт,  
Пайғамбардың суннәті.  
Бес уақыт намазды айт,  
Тәжірім салса аузыңа,  
Жол жолдасың иманды айт.  
Әділдікке жақсылық,  
Елкен таза арыңды айт.  
Қара қылды қақ жарған,*

*Наушаруандай әділді айт.  
Қүдіретімен жаралған,  
Он сегіз мың ғаламды айт.  
Ақтан сия танытқан,  
Дәуіт пенен қаламды айт.  
Сөйлеу үшін жаратқан,  
Сөз анасы сәлемді айт.  
Тіріліктегі сыйласқан,  
Ата менен анаңды айт.  
Адам үшін жаратқан,  
Қылықты нәубет балаңды  
айт.  
Өлгенен соң жер жұтқан,  
Қараң қалған дегенді айт!*

Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл – ой көзімен, рух қырымен елестетеді де, байқайды. Алланы тану - арман болса, адамның негізі – ақыл, құралы - білім, кәсібі еңбек, мақсаты ұлы мақсаткершілік шыңына өрлей беру, өрлей беру, өрлей беру!

## 2.3 ЖЕКЕЛЕГЕН АҚЫЛ - ОЙ ӨРЕКЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР

*Хадистен: Жасы үлкендермен сұқбаттасып, ғұламалардан сұрап, дәрігерлермен араласып тұрыңдар.*

Ұғымдарды ғылыми және тұрмыстық деп екіге бөлеміз. Психологиялық зерттеулер екі маңызды шектеулерден зарлан шегеді:

1.Түсініктерді қалыптастыруға алып келетін іс - әрекет белгіленген, іс жүзінде ескерілмейді.

2.Түсініктерді ұғыну, бұл іс - әрекеттің қалыптасуының қалыптаспайтынның жағыдайларын байқатады.

ТАНЫМ алгоритімі:

1. танымның алғашқы белгісін атау;

2. таным объектісіндегі алғашқы белгінің бар жоғын анықтау;

3. алынған нәтижелерді жазу;

4. жауаптың дұрыстығын тексеру.

**Ү й р е т у** – педагогикалық - психологияның негізгі түсініктерінің бірі. Оқыту барысындағы сыртқы және ішкі іс - әрекет пен мінез – құлықтағы белгілі бір мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін тәсіл.

Оқыту процесінде меңгеру, игеру түсініктері өткен ұрпақтың жинақтаған тәжірибелеріндегі (білім, дағды, икем т. б.) тәсілдер мен әдіс – амалдарды адамның өз игілігіне айналдыруын айтады.

Іс - әрекет, іс – қимыл бірлігі – саналы түрдегі мақсатқа жетуге бағытталған тікелей жасалатын еркін, еріктік, ниеттік, белсенділік.

Ақыл – ой әрекеті – сананың ішкі жоспарында орындалатын, адам әрекеті.

Ақыл – ой іс - әрекеті – адамның тапымдық жан қуаттарының жалнылама атаулары.

## **Х А Л Ы Қ Д А Н А Л Ы В Ы - А С Қ А Қ Ұ Л Т Т Ы Қ С Е З І М**

**Н. Назарбаев: «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде жүргізілген жұмысты жалғастыра отырып, «Қазақстан Халықтарының Рухани Даму Қорын» құру туралы мәселені жете тердеу керек.**

А л , к а з а қ, алға басамын десең, тағылымды, бесігіңді түзе. Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның танысы.

Республикамыз тәуелсіздігін алып, оны Ата Заңымен бекітті. Ендігі мақсатымыз, экономикалық қиындықтарға шыдамдылық көрсете отырып, өзіміздің, әсіресе жастардың рухани өркендеуіне бағыт – бағыдар беру, күш жұмсап көкіректерін ояту.

Кейінгі жүз жылдың әрі – берісінде Өл – Фараби мен Баласұғыннан бері, рухани сабақтастықты үзіп алып, ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларына (Шоқан, Ыбрай, Абай ) ғана сүйсініп келдік. Сонда, он ғасыр бойындағы, екі аралықта, қазақ топырағынан ешбір ойшыл – оқымыстының шықпағаны ма?! Жоқ, ата – мекеніміз ғұламалардан еш кенде болған емес. Топырағымыздан шыққан ойшыл ғалымдар, ақындар, жыраулар құдайға шүкір, баршылық. Мысалы: Әбу Насыр Өл Фараби (870 – 950), Әлам ад - Дин Өл – Жауһари (ХІ ғ.), Бұрхан ад – Дин Ахмет Өл – Хараби (1174 ж. Қайтыс болған) т. б. Ақын – сазгер Қорқыт атаны, қиялшыл – ойшыл Асанқайғы Хасан Сәбитұлы (1361 – 1465), Қазтуған (ХV ғ.), Досмаңбет (ХVІ ғ.), Шалқиіз (1465 – 1560), Жиенбет (ХVІ ғ.), Марғасқа (ХVІІ ғ.),

Ақтанберді (1674 – 1768), Тәттіқара (XVII ғ.), Бұқар (1668 – 1781) жырауларды, Әнет баба, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би аталарымыздың өнегелі өсиеттерінің, тәлім – тәрбиелік мәні орасан зор. Осы бабаларымыздың ұшан – ғайыр мұралары ұлтымыздың асыл казынасы, халықтық педагогиканың қайнар көзі. Олай болса, осындай бай мұраларымызды ұрпақтарымызға, жерімізді мекендеген барша ұлттарға жеткізіп, зерделеріне құятын уақыт келді.

Қай халықтың болмасын ұлт болып, қалыптасуы үшін қажетті шарттар: адамдардың материалдық – тұрмыстық жағыдайының сәйкестігі, территориясы мен экономикалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлттық сезім дегеніміз – туған жерге, өскен елге, ана тілі мен ұлттық салт – дәстүрге деген, сол ұлттың сүйіспеншілігі болып табылады.

*Еңсесін езіп тұр ауыр мұң,  
Еңіреп, жылап барама ол,  
Сыртына сүйреп ауылдың –  
Шубалаң ирім, қара жол?  
Алыстан бір үн естілген,  
Сол түнді кейде тілдеймін.  
Ауыр жолмен кеш жүрген,  
Өзім бе, ол ма, білмеймін!*

## Х А Л Ы Қ Т Ы Қ П Е Д А Г О Г И К А

*Хадистен: Перзенттеріңді құрметтеумен бірге: мінез – құлықтың жақсы тәрбиелеуге күш салыңдар.*

Саналы адам сағыңды сындырмас, санасыз адам жағыңды тындырмас.

Халықтық педагогика дегеніміз не? Бұл ұлттар мен ұлыстардың алдана басып келе жатқан ғасырларға созылған, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық салт – дәстүрі мен мәдени ойлау жүйесінің, тарихи озық үлгілерінің жиынтығы. Халықтық педагогиканың негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі мен өндірістік білім шеберліктерін, жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбиелеу. Біз халық педагогикасының озық үлгілерін оқушылардың ой - өрісі мен қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, ғылыми тұрғыда насихаттауымыз орынды. Келешекте «Атамекен» бағыдарламасы біздің аудан, Республика мектептерінің оқу – тәрбие жұмыстарына толыққанды кіруі керек.



*Атқа қонып қорсаған найзалы батыр,  
Қасиетті, ұлан – жайыр жерім жатыр.  
Ұрпақтан – ұрпақтарға мирас болып,  
Даналығы, аз халқымның іске татыр!*

Бірден көзге түсетін сыпайылықтың белгісі – ол, адамның амандаса білуімен, сөйлесе алуымен, жақын – туыстарымен тегін айыруымен, яғни жеті атасын білуімен байқалады. Үш ата жақын екенін, жеті ата ішінде бой жеткен қыз бен боз бала некеге тұруға болмайтынын түсінген шарт. Шежіре білу деген – ру арасындағы карама – қайшылықты тұтызу емес, керісінше, тарихымызға, ата – баба аруағына ілтипат, құрмет, ұлт болашағына кепілдік. Ұлы адамдар, гұлама ғалымдар, даналар адамзатқа мәңгі шапағын төгіп, сана шежіресі болып қала бермек.

Атадан балаға сабақтасып келе жатқан асыл мәдени мұра ежелгі тарихтан, скиф пен сармат және тұң дәуірлерінен бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазақстан осы уақытта археологиялық жәдігерлер жөнінен дүние жүзінде тоғызыншы орында. Сол уақыт ең әділетті сыншы. Осы уақыттың шексіз илеуінен өтіп, біздерге жеткен ұлттық мәдениет табиғат анадан кейінгі ең басты тәрбиеші, алтын орта. Келешек ұрпақ, яғни, дүниеге келер бала, осындай жақсы ортада, алаңсыз өсіп өрбуі тиіс. Мұндай ортаға ана құрсағын, жанұяны, бала өсіп келе жатқан ауланы, білім мен тәлім алып жүрген мектебін, өмір сүріп жатқан мекен – жайын, әбден - ақ айтуға болады. Осынша орталардың барлығында да бір басшы, асылында, өзінен - өзі ауысын, келіп отырады. Бассыз қалды – ау деп, басынбау үшін ортадан шығып отыратын келер басшы мықты болуы тиіс, ол үшін сол орта анағұрлым мықтырақ болғаны әсте керек. Олар қоғамның ащы – тұсшысын бірге көріп – сезініп, өз мойындарымен оны көтереді. Әрбір адам жылы, ыстық ортада өсіп - өрбігісі келері анық, бұған мен әсте сенемін.

## 2.4 МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ

*Хадистен: Алла алдында тура сөзден артық садақа жоқ.*

**Н. Назарбаев:** Қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

Алла тағаланың 124 мың пайғамбарлар нұрын жаратқандығы дін танушыларға белгілі, ал Құран кітабында олардың 25 аталады.

Жұртшылыққа мәшһүр 18 мың ғалам былайша бөлінеді: ауада 6 мың, суда 6 мың; жерде 6 мың.

Жер жахандағы мұсылмандар саны екі миллиардтан астам, адамзаттың 1/3 құрайды, мешіттер саны бір миллиард, ал Қазақстанда 1700 мешіт бар.

Ислам – тазалық пен пәктік, әділет пен сабырлық, тәлім мен ырымдылық діні. Ғибадат кемесі – намаз, намаз – дін дінгегі. Намаз – істерден қайту, ұстану, жаппар Алламен тілдесу. Алғашында, Мұхаммед пайғамбарға 50 уақыт намаз бұйырған, ал кейін Мұхаммед пайғамбардың 7 қат аспанның, үшінші қабатында Құдайдан сұрауы бойынша, күніне бес уақыт намаз парыз етілген. Үшінші хат аспан иерархиясы – миғраж Мұхнай.

Ислам діні қазақ топырағына Арыстан баб арқылы осыдан XIV ғасыр бұрын насихаттала бастаған. Ол – Фараби қағидасы бойынша, адамның сактайтын төрт тілек бар: Ғадалат - әділдік, турашылдық, Сабақат – қайырымдылық, жомарттық, Қанағат – барға ризалық, Инабат – кішіпейілділік, әдептілік. Осылардың барлығы пәк ниеттен жүзеді. Бұл жөнінде пайғамбарымыз Мұхаммед п. с.: «Әр нәрсе адамның сөзіне емес, істеген ісіне байланысты емес, оның ниетіне байланысты» - деген. Демек, біз, біліммен айналыспас бұрын, ең әуелі, жан-жақты адамдық қасиеттерді дарытуға, жанымызға тазалық әкелуге күш жұмсауымыз керек. Егер, ислам дінін тәрбие барысында қолданса алсақ адамзат берері шексіз:

- Алла тағаланың бар екеніне шүбә келтірмей, мойындап, Аллаға күні жауап беретін істерден сақтанамыз;
- әрбір мұсылман қолынан келгенінше бір – біріне жақсылық жасап, сөзімен болсын, мейлі көңілімен. Ең болмағанда, адамдарға жақсылық тілеп, жүрген жөн;
- қанағатшылдыққа, инабатқа, сабыр, ар сақтауға, уағданылдыққа, аманатшылыққа ұмтылдырады;
- еңбек етіп өзін, отбасын асырауы керек,
- адам руына, түрі, түсіне, нәсіліне, байлығы мен дәрежесіне қарамай, Алла алдында тең, яғни, жер бетінде де тең;
- білім алуға, бейбітшілік сақтауға міндетті;
- адам мінезіне, қызғаншақтық емес, жомарттықтың үш түрін қамтамасыз етеді. Көз, қол, көңіл жомарттығы;
- арақ құмарлық, есірткі, ұрлық, өтірік айту иманның, адамгершіліктің қас жауы;
- ата – анасын, ұстазды құрметтеу, қорша және ағайынмен тату – бірлікпен өмір сүруді ұсынады;
- гигиеналық талап өте жоғарғы дәрежеде дәріптеледі...

Осыныша қасиеттерді білсек, қайран халқымызға менгерте алсақ, ИНИШ АЛЛА, ұтпасак, ұтылмасымыз айдан ашык. Рухани байлығымыз ДІН мен ДІЛден ұрпазымыз, ҚАЗАҚ халқы жұтамаса екен, илайым!

ҚАЗАҚСТАНДА ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ, сондай – ақ, зайырлы ғылым. Елімізде мұсылманлықка бет бұрғандардың 85 пайызы жастар, бұл қуанарлық бет бұрыс, қоғамның тұрақтылығына, өркендеуіне, саулығына оң нышан. Алматыдағы «Нұр Мұбарак» университетінде 400 шәкірт діни дәріс алуда. Онда ғылыми – экономикалық және рухани – имандылық білім – тәлім, өзара үзегілес жүргізіледі. Иmandылық гибадаты 77 сағыдан тұрады. XIV ғасырдан бастап, Қазақстанның киелі жерінде мұсылманлық кағидалары таратылып келеді. Психология, адамның көңіл – күйінің айнасы, ал көміл мұсылман, нағыз адамгешіліктің айнасы.

*Хадистен: Өлім – аса ауыр оқиға. Қашанда табытты көрген кезде, дереу құрмет көрсетіп, орындарыңнан тұрыңдар!*

*Н. Назарбаев: Біз – теіміз түрік, дініміз ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – құран кәрімді насихаттауды естен шығармау керек.*

Ислам діні – Алла тағаланың Мұхаммед пайғамбар салла – л – лаһу гәлейһи уа салам арқылы жерге жіберітген ақиқат жолы, пендені күтқарар тура жол, дүние жүзіндегі ең ықпалды, кеңінен тараған дін.

Алла сөзі – Жәбірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға «Құран кәрім» тапсырылды.

Ислам діні бес қазыққа негізделген: шаһадат айту, намаз оқу, ораза тұту, садақа беру, қажыға бару.

Иман келтіру – «Әшһәду ән лә илаһа илла – л – ла уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә Расулуһ» Мағнасы: «Мен Алладан басқа құдай жоқ екеніне куә баламын және Мұхаммед оның құлы әрі елшісі екеніне куә баламын.» Осы шағадатты үш рет қайталаған адам Ислам дінін қабылдап, ақиқат жолына түскен болып есептеледі.

Азан – намаз уақытының болғандығын салауатты мұсылманларға хабарлау. Намаз оқитын мұсылман адамды салауатты мұсылман деп атайды.

Ислам діні әрқашан адамды жан және тән тазалығына тәрбиелейді.

*Хадистен: Тазалық – иманның негізі, намаздың кілті.*

Салауатты алам Алла тағаланың бар екенін мойындаса, отқа, қыста табынбаса, көсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан қашық болса, онда оның жүгі таза.

Құдай біздің ұлы әміршіміз, қиямет күнінің билеушісі, имандылық көзі, пәктіктің белгісі. 19 саны Алланың 99 есімінің бірі. Құраннан қуат алып, құраннан қаруланып, хадистен қажырланып, имандылық нишаратымен рухани биіктей береміз. Алла тағала біздің сәлемізге рахмет, жарылқау, имандылық рухын жібереді. Екі құрылман араздасса, олардың ашу – ызалары үш күннен аспауы тиіс. Алла бағысы 7 жасынан дін іліміне, адамгершілік қағидаларына дайын болады. «Фатиха», «Ықылас», «Каусар» сүрелерін ұға білу, санасында тұрауы, шартқа айналады. Сананың ашылуы, көздің көруі 18 мың адамды ұғынуға ұмтылады, білуге талпынады. Иман шарттары болады, ислам діні ғылым атаулының анасы, қайнар көзі, даму қазынасы. Күдіретті ақыл парасат, ғылым тәлім исламда.

АЛЛАНЫҢ ӘМІРІ-мен, мұсылмандардың Қазбасы Меккеде, Әббасим мен оның баласы Сымайылдың күшімен салынды. Қазба, құрылмандардың әр жылы, бір рет бас қосатын қасиетті жері. Алла шариғат жүреті сол араға ништығады, қажылыққа мұратталады.

Ислам дінін ұстанған, әлемдегі алпысқа тарта мемлекеттер болса, жерінің ауданы жағынан Қазақстан бірінші орын алады. Осындай ұлан ғайыр ата мекенімізге, табиғатына көл – қосір байлық берген, халқына кең пейіл, пәк ниет дарытқан. Жаны жомарт, жүрегі біз, сол халық бүтін қасиетті Рамазан айын зор рухани өрлеуде қарсы алады.

Ораза айының үш күні - әлемдегі мұсылмандардың бір ай болса, тұтқан оразалары аяқталып, шат – шалыманға толы күндерімен тойлайтын мереке күндері.

Әрқайсымыз, Алла ризалығы және сауап үшін Рамазан празасын орындаймыз, қадір түнін құрметтейміз. Алла оразамызды қабыл етсе, олардымыздан арыламыз. Айт күндері мұсылмандар бір - бірінің қолына барып, зиярат қылады. Осы ұлық күндері, бір Алладан сәлемізге тыныштық, отбасыларына амандық, дендеріне саулық береді.

*Хадистен: Ораза тек үшін – жеуден сақтануды ғана емес, бұл заман сөздерден сақтануды қажет етеді. Егер біреу сені қорқытса, сен оған: «Менің аузым ораза еді», - деп себеп айт.*

О Р А З А мұсылманның үшінші парызы. Оразаның пайдасы зор. адамдар бір уақытта ауыз бекітіп, бір уақытта ауыз ашып, бір ұйымға айналады. Рамазан айында жәннат есіктері ашылып, жәннат есіктері жабылады.

Салауатты адам Алла тағаланың бар екенін мойындаса, отқа, пұтқа табынбаса, «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан қашық болса, онда оның жүгі таза.

Құдай біздің ұлы әміршіміз, қиямет күнінің билеушісі, имандылық көзі, пәктіктің белгісі. 19 саны Алланың 99 есімінің бірі. Жаратқаннан қуат алып, құранның қаруланып, хадистен қажырланып, имандылық ишаратымен рухани биіктей береміз. Алла тағала біздің санамызға рахмет, жарылқау, имандылық рухын жібереді. Екі мұсылман араздасса, олардың аялу – ызалары үш күннен аспауы тиіс. Адам баласы 7 жасынан дін іліміне, адамгершілік қағидаларына дайын болады, «Фатиха», «Ықылас», «Кавсар» сурелерін ұға білу, санасында ұстауы, шартқа айналады. Сананың ашылуы, көздің көруі 18 мың ғаламды ұғынуға ұмтылады, білуге талпынады. Иман шарттары баянды, ислам діні ғылым атаулының анасы, қайнар көзі, даму философиясы. Құдіретті ақыл – парасат, ғылым – тәлім исламда.

АЛЛАНЫҢ ӨМІРІ-мен, мұсылмандардың Қағбасы Меккеде, Ибрахим мен оның баласы Сымайылдың күшімен салынды. Қағба, мұсылмандардың әр жылы, бір рет бас қосатын қасиетті жері. Адал адамзат жүрегі сол араға ынтығады, қажылыққа мұратталады.

Ислам дінін ұстанған, әлемдегі алпысқа тарта мемлекеттер ішінде, жерінің ауданы жағынан Қазақстан бірінші орын алады. Осындай ұлан – ғайыр ата мекенімізге, табиғатына көл – көсір байлық берген, халқына кең пейіл, пәк ниет дарытқан. Жаны жомарт, жүрегі ізгі, сол халық бүгін қасиетті Рамазан айының зор рухани өрлеуде қарсы алуға.

Ораза айының үш күні - әлемдегі мұсылмандардың бір ай бойына тұтқан оразалары аяқталып, шат – шадыманға толы көңілдерімен тойлайтын мереке күндері.

Әрқайсымыз, Алла ризалығы және сауап үшін Рамазан оразасын тұтамыз, қадір түнін құрметтейміз. Алла оразамызды қабыл етсе, күнеларымыздан арыламыз. Айт күндері мұсылмандар бір – бірінің үйлеріне барып, зиярат қылады. Осы ұлық күндері, бір Алладан Отанымызға тыныштық, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тілейді.

*Хадистен: Ораза тек ішп – жеуден сақтануды ғана емес, бейәдеп жаман сөздерден сақтануды қажет етеді. Егер біреу сені сөксе, сен оған: «Менің аузым ораза еді», - деп себеп айт.*

О Р А З А мұсылманның үшінші парызы. Оразаның пайдасы орасан зор, адамдар бір уақытта ауыз бекітіп, бір уақытта ауыз ашып, тұтас бір ұйымға айналады. Рамазан айында жәннәт есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады.

Оразаның бірінші шарты – иәт ету, екіншісі таң атысынан күннің батысына дейін тамақтан, жыныстық қатынастан ғылы, үшіншісі – жамандық атаулыдан аулақ болу.

Рамазан айының алғашқы 10 күні – рақым күндері. Ауыз бекітесіз: «Нәуәти ән асумә саумә шәһри Рашаданә минәл фәжри иләл мағриби хамисан лилләһи таәлә Аллаху әкбар!», ал ауыз ашарда: «Аллаһумма ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә ыәлейкә тәуәккелту, уә ыәләә ризқикә афторту фәғфирлиһи йәә гоффаару маә коддамту мәә аххорту, уә лисоумиә – рәдн мин шәһри Рамаалаана нау айту» дұғаларын оқу керек.

Рамазан айының 27 – түні Қадір түні, Алладан құран сүрелері түсе бастаған уақыт, жерге періштелер келетін мерзім. Бұл түнде арнайы 12 рақат намаз оқылып, адамдар алдағы бір жылға тілек тілеулері абзал. Бұл түнде Жебрайыл жерге түседі.

Айлардың сұлтаны рамазан айы, күннің ең қайырлысы – жұма, түннің ең қадірлісі – Қадір түні. Қадір түні оқылған Қадір сүресі, мың айдан қайырлы, шана ағты.

Қ Ұ Р Б А Н А Й Т-та Алла ризалығы үшін ғибадат ниетімен бір малдың қанын шығарып, шалу құрбан деп аталады. Құрбан шалу деген Аллаға жақындау, оған шүкіршілік ету. Аққан қан жерге кеткенмен, арасында Раббының ризалығында болмақ.

Мұсылмандар рамазан айын ұлықтап, аса ілтипатпен құрметтеуі тиіс. Өйткені, рамазан рахымдылық, кешірім және берекет айы.

Қ А Д І Р Т Ү Н І-нің қасиеттері:

1. Алла тағала Құранды осы түні Жерге түсіре бастады;

2. Осы түні Жерге періштелер мен Жәбірейіл түседі;

3. Пайғамбарымызға осы кеште дүниедегі ғылым, білім, тәлімді Жәбірейіл үйретті;

4. Мың ай жасалған ғибадаттан, Қадір түні еткен ғибадаттың сауабын артық етті.

*Құдай малыңды алса да,*

*Ақ пейілің еш алмасын*

*Ғұмырың мәңгі болсын,*

*Дәуренің сәнді болсын,*

*Таңың азанды болсын,*

*Үйің қазанды болсын.*

*Ақылың асқақтап ассын,*

*Ықыласың асып тассын.*

## 2.5ҮШ ТІКТІҢ ҮЛЕСІ ҰЛАН ҒАЙЫР

0 мен 1 сандарының цифрлік технологиядағы алатын орны да, мәні де орасан зор екендігі адамдарға етенеден белгілі, соныктан, 3 пен 7 сандарына ғана қысқаша тоқталып өтейін.

*Хадистен: Егер үш кісі болсаң, екеуің үшінші адамға естіртпей, сыбырласпаңдар. Өйткені бұл қылық оның реңішін оятады.*

Төмендегі суреттен көріп тұрғаныңыздай, көк аспаннан Алланың үш сәулесі жерге түсіп тұр, сол себептен үш тілекті сіздерге жолдаймын:

1. Дендеріңіз сау болып, көп жасаңыздар;
2. Малыңыз өрісті болып, бақ – дүлетке кенеліңіздер;
3. Рухтарыңыз берік болып, абройларыңыз асқақтап арта берейн.

Адамның қасиеттері: ыстық қайрат, нұрлы-ақыл, жылы жүрек. (Абай.)

Үш нәрсеге арқа сүйе. Ө м і р г е арқа сүйемеген - өледі, у а қ ы т қ а арқа сүйемеген - өтеді, ж ү р е к к е арқа сүйемеген - өзгереді.

Қазақ халқы үш ж ү з д е н тұрады: Ұ л ы жүз, О р т а жүз, К і ш і жүз. (Біз орта жүзге жатамыз – Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Уақ, Керей.)

Үш қуат: ақыл, тіл, жүрек. Үш ғайып: ажал, қонақ, несібе. Үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі. Үш даусыз: мінез, кәрілік, ажал. Үш қадірсіз: жігіттік, денсаулық, жақсы жар. Үш жамандық: нақақтан қан төгу, кісі малын еріксіз алу, ата – бабадан қалған ескі жұртты қирату. Үш тәтті: жан, мал, жар. Үш көз: су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ. Үш тоқтам: ақыл – арқан, ой - өріс, адам – қазық...

*Хадистен: Рұқсат үш рет сұралады. Сол аралықта рұқсат етілсе кір, етілмесе қайта бер!*

Жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – міншіл, нағашы жұртың – сыншыл. Бір туған – көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды, жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді. Қайын жұртың – барына көз тігеді, одан дәм етеді, берсең жағасың, бермесең көңілдесің. Нағашы жұрт – жақсылығыңа қуанады, тілеулес келеді. Жан ұя, туған – туыс ырысты, арман – тілек қанатты, еңбек табысты, үш жұртымыз жарасты болғай!

*Малым бар деп мақтанба,  
Боран үдеп соқса қайтерсің?  
Басым бар деп мақтанба,*

*Ажал кеп соқса қайтерсің?*

**Таншолок би тәлімі (1797 – 1872):**

- Елдің елдігі неде?
- Ақылында.
- Жақсы бала қандай?
- Шанырағын сақтап қалуында.
- Жаман бала қандай?
- Шыққан тегін сіламауында.
- Қыздың жақсылығы неде?
- Әуелі әке – шешесінің және өзінің арын сақтағанында.
- Қыздың жамандығы неде?
- Арсыт қанандығында.

Қазақтың түбі текті, текті жердің ұлдары мен қыздары да осал болмас. Қыз емес қайын алған біздің қазақ! Жақұтты сөз айтарым, ұл – қызға алғыс тілегім. Бақыттымын деп санаға ой құйып жүрсе басқа бақ кеп қонады. Жақсылық деп жүрсек, жанұяға құт – береке келеді. Ақылды деп бөбектің құлағына құя берсе, құя берсе ол келешекте ақыл иесі, жүре – жүре кемеңгер алам болады. Өсер адамның қолында құзыреттіліктің «алтын кілті» болса, ол ертенгі күні елінің қамын зерделеп, халқының қалаулысы болады, салт пен дәстүрдің алаулаған шам шырағын жағалы, өшірмейді – тіптен, одан беттер лаулата түседі. Қазақстанды гүлге орайды, бар әлемге үлгі етеді. Осы айтқандарымыздан байқайтынымыз, Қазақ еліне рухани түлеудің ауадай қажеттілігі, келешек ұрпаққа намыс пен рух аталардан аманат, бабалардан мирас.

## **2.6 ҚЫР ГҮЛІНДЕЙ ҚҰЛПЫРҒАН**

*Хадистен: Алла – сұлу, сұлулықты жақсы көреді.*

Қазақ қызы. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам...» - деп, ақын ағамыз деп басып айтқандайын! Қара торы, қиылған қас, мөлдір көз, әсем мұрын, оймық ауыз, тісі маржан, үні сазды, қолан шаш, келісті келбет, тал шыбықтай нілген, сөздері майла, назды, білімді, өнерлі, қараса көз тоймас, барғой, адамзаттың палишасы, құтты бір ерекше періште – бұл нағыз қ а з а қ қ ы з ы !

*Ару ма екен, бал маңдай,  
Суретін санып қойғандай?  
Баларма сондай бір сұлу –  
Қолаң шашын жайғандай?!*



*Қудай – ау, міне, тағы да,  
Қасымда әндетіп отыр кім?  
Сағынып келген жаным –  
Сәулешім бе екен сол күн?!*

Жеті ауышдың көркі, сұлудың сұлуы – ол қазақ қызы. Қыз - өріс,  
ұл - қоныс демей ме халқымыз.

*Хадистен: Біреудің киімін сұрап кигеннен гөрі – жыртық  
болса да өз киіміңмен жүргенің жақсы.*

**Қазақтың ұлы.** От көзді, қою қасты, қыр мұрынды, орақ  
ауызды, ат жақты, екі иығына қос адам мінгендей, пауан пішінді,  
қайыспас қайратты, ақылға толымды, ерен намысты, ғылымы бар,  
сегіз қырлы, бір сырлы, еңбекке адал, Отанының нағыз патриоты, ел –  
жұртына тірек - қорған, тұғыры тұрақты, халқы үшін туған, жігіттің  
төресі - бұл нағыз **қ а з а қ т ы ң ұ л ы** ! Жігітке жеті өнер де аз!

*Елес. Елес. Қалмай қойды бір елес.  
Қыр соңыма түскені бір бұл емес.  
Жұмбақ сыр, сәл мұңайған бейне,  
Кейде қайсар, кейде түкте емес.*

*Елес мені, мен елесті қызықтап,  
Өтті көктем, өтті жаз бен қыс...  
Елес қуып, есі кеткен сол пенде,  
Келе жатыр өзін - өзі азаптап.*

**БАЛАЛЫ ҮЙ БАЗАР.** Жас балаға періштедей қарап, ата  
– ана оның құлындай болуға тиіс, есті ден балиғат жасына дейін ата –  
ана патшаға айналып, перзентіне құлай мәмілеге көшуі керек, ал  
перзент балиғат жасқа жеткеннен бастап, ата – ана перзентпен нағыз  
досындай қарым – қатынаста болғаны әбден дұрыс.

#### **БАЛА МІНДЕТТЕРІ:**

- 1.Ата – ананы, әже – атаны құрметтеу, оларға қамқорлық жасап тұру.
- 2.Ата – ананы еш уақытта ренжітпеу, шаңырағына барып, құрмет көрсетіп отыру.
- 3.Олардың ризашылығын алу және риза ету, өте жауапты, өмірлік маңызды, ерекше істе бата тілеу.
- 4.Үлкендердің жолын қимау, оларға иіліп, ерлеге қос қолды ұсынып, пәк жүректен, зор ждахатпен, өте қуанышты ишратпен, сәлем беру.

5.Ата – анаға жан – тәнімен қызымет жасау.

6.Олардың жанында дауыс көтеріп сөйлемей.

7.Қайғыс болғанда, оларды ілтипатпен еске алып, дұға қылу.

Адамның танымдық іс - әрекетін қалыптастыру ерекшелігі, әрбір тұлға ойланудың қисынды ережелерін жаңадан ашпайтындығынан және түсініктер жүйесін құрмайтындығынан емес, осының барлығынан басқа адамдардың көмегімен аға буын тәжірибесі ретінде ұғынудан көрінеді, діни - адамгершілік тәлім – тағылыммен байқалып, айнықталады.

А Д А М д ы к т ы н белгілері – үй салу, бала өсіру, ағаш егу. Түрлі өсімдіктерді күту, оны баптап өсіру, олардың жемісін азық ету, сұлулығына тамсану, жалпы табиғатпен үйлесу, дүние тынысын түйсіну, адамдарға оң энергия береді. 17 – і кокек күні қос жиенім – Аяулым ( 9 жаста ), Арайлым (4жаста ) және мен тоғайдан «Нисан» машинасымен, жегі шырша көшеттерін алып келіп, асқан сүйсіпеншілікпен, Кернейдегі, өз қолымызбен салған үйдің жанына отырғыздық. Осы уақытта сол ағаштар сұп – сұлу болып, қарқынды бойлап, әдемі өсіп келеді, көңілді жадыратады. Ж е т і сымбаттың желкен жайуына ықпал еткен, жүрек жылуы және адал еңбектің белгісі. Сәуле екеуімізде, бұл уақытта төрт баламыз – Нұрлан, Асқар, Нәзігул, Асыл; екі келіміз - Әсия, Тілеулес; сонымен қатар, немере – жиендеріміз – Арсылан, Нарғиша, Арайлым, Аяулым бар. Жағпар Аллага мыңда – бір шүкіршілік айтамын, ұзағынан сүйіндірсін деймін. Инш Алла !

*Шәгірді жолда жатқан алып таста,  
Кірместі кісіге сенен басқа.  
Мың болып, ол бір жақсылық еселенер,  
Кейінгі үлгі болса жасқа.  
Бір тасып, бір азаймас дариш бар ма,  
Жан сырын жасырмайтын жириш бар ма?  
Кейінгі ініге үлгі - өнеге балам десең,  
Алдыңғы, үйренсеңші қарап, сол қарияма!*

#### Адамның сипаты

Дөңгелек бетті адам айналасына жайлы, тоңірегіндегіге қолайлы жағдай жасай алатын жан, турашыл, еңбекқор. Маңдайы жалпақ, негі сүйірленіп, үдбұрыштанып келген кісінің еске сақтау қабілеті мықты, бірақ құбылмалы, тез жалыққын. Ат жақты адам халықты бастауға икемді, зиялы, қайрат жігерлі, жақсы ұйымдастырушы. Қырынан қарағанда томпақ бет кісі қалжыңға бейім, ақжарқын...

## 2.7 ҚАДІРМЕНДІ ШЕКСІЗ САНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ ЖЕТІ САНЫ

Қазақ елінің түсінігінде жеті саны қасиетті және кастерлі болып саналады. Жеті санына қатысты ой – тұжырымдар жалғасар ұрпақтарға бағыт – бағдар, өнегелі тәлім – тәрбие баға жетпейтін байлық, қазына. Қазақ халқының санасындағы сандардың мағына – қасиеттерін ашып, мәтіндеу негізінде ғана үлкен жауапкершілік, силастық пәктік т. б. сезімдерін ел – жұрт бойына сіміре аламыз. Сондықтанда, жас - өспірімдердің өзара түсіністігі сыйымды да берік, берілген тәлім – тәрбие сінімді де нәтижелі болады.

Жеті тау, жеті су, жеті көл, жеті арал – қайран қазғым туған қасиетті жерім-ай! Жеті атасын білмеген адам жетесіз дейді, қайран халқым. Жеті ата: бала, әке, ата, үлкен ата, баба, түп ата, тек ата. Жер үсті – жеті қат, жер асты – жеті қабат. Жеті түсті (жызылт, қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көгілдір, көк) – шұғыла – спектр. Қазақ тілінде – жеті септік, ал математикада – қысқаша көбейту формулалары да жетеу. Жеті мүше: бас, екі көз, екі қол, екі аяқ. Жеті жасында ер баланы сүндеттеу, мұсылмандық парыз. Бір аптада жеті күн, жеті түн. Жеті грей сәулеге (радиацияға) шалдыққан адам өмірмен қош айтысады, яғни, жеті саны ғұмыр мен өлімнің шек арасы. Жеті жұт: құрғақшылық, малдың қырылуы, оба, өрт, сей, зілзала, қырғи қабақ соғыс. Жеті жарғы (Әз Тәукенің жеті заңы). Жеті шәріп (әулие): Мекке, Мәдине, Бұхар, Шам, Қатын, Мысыр, Құран. Жеті ғарыш денесі: ай, күн, шолпан, қызыл жұлдыз, мұштары, есекқырған. Жеті жұрт: үрім, қырым, қытай, тұран, шам, мысыр, шын – машын. Табиғаттың жеті кереметі: иорданиядағы өлі теңіз, гавайдағы жанартау, бермуттың ажал үш бұрышы, шизанның мұзы, норвегияның түні, сахараның құмы, тувгустың қара тасы. Жеті қазына: ер жігіт, сұлу әйел, ақыл – ғылым, жүйрік көлік, қыран бүркіт, қорған – қару, жүйрік тазы. Жігіттің жеті қасиеті: қаны тұлпарда, қуаты қыран құста, сенімі итте, сұмы қанжарда, серті торда, оты мылтықта, айласы ақылда. Жеті жалғас: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Жеті күн: бүгін, ертең, бүрсігүні, арғы күн, ауыр күн, соңғы күн, азына, сонымен қатар – дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі (сәтті күн), бейсенбі, жұма (қасиетті күндер), сенбі, жексенбі. Жеті жоқ: жерде өлшеуіш, аспанда тіреуіш, таста тамыр, тасбақада талақ, Аллада бауыр, аққуда сүт, жылқыда өт. Жеті жетім: тыңдалмаған сөз, киносіз тозған бөз, иесіз қалған жер, басшысы жоқ ел, аққу – қазсыз көл, жерінен айырылған ер (замандасы қалмаса – бәрінен де сол жетім.). Дүние жүзілік зерттеу нәтижесінің анықтамасына сәйкес, осы заманғы жер шары адамдарының өмір сүру ұзақтығы орта есеппен 70 жас. Жеті алып:

ашпас әліп түсу, атканы тию, күрескенін жығу, абыройы арғу, ақ көңіл, ниет, айтқаны келу, атадан ақ баға тілеу. Жер бетінде сегіз мың метірлік он төрт тау шыңдары бар.

### Жетілер

Жетісу.  
Жеті ру.  
Жеті ғалам.  
Жеті парыз.  
Жеті жарғы.  
Жеті қазына.  
Жеті керемет.  
Жетіқарақшы...

### Жер бетіндегі жеті жетімдік

- 1.Тыңдамаса, сөз жетім.
- 2.Иесі болмаса жер жетім.
- 3.Аққу – қазсыз көл жетім.
- 4.Киюсіз тоған киім жетім.
- 5.Замандастары жоқ карт жетім.
- 6.Басшысыз қалған ел – жұрт жетім.
- 7.Ел – жұртынан айырылған ер жетім.

### Жеті жүз

- 1.Сел.
- 2.Өрт.
- 3.Індет.
- 4.Соғыс.
- 5.Құрғақшылық.
- 6.Жердің сілкінуі.
- 7.Малдың жұтауы.

### Жеті жоқ

- 1.Құста сүт жоқ.
- 2.Тауда сағи жоқ.
- 3.Көлде көпір жоқ.
- 4.Гаста тамыр жоқ.
- 5.Жылқыда от жоқ.

6. Тамда белбеу жоқ.

7. Аспанда тіреу жоқ.

### Қазақ тарихында бас орда болған жеті шаһар

1. Түкістан.

2. Ташкент.

3. Орынбор.

4. Қызылорда.

5. Алматы.

6. Ақмола.

7. Астана.

### ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ:

1. Хеопс пирамидасы. 2. Александрия манары. 3. Семирамиданың аспалы бағы. 4. Галикарнас (Артемид) кесенесі. 5. Зевс мүсіні. 6. Гелиостық (Күн құдайы) мүсіні. 7. Радос алыбы.

Жеті жасқа толған мал еті, ең дәмді және өте құнарлы. Үйде жеті түрлі (сорт)

гүл өсірсе, жанұя денсаулығына өте пайдалы. Телефон индексінің коды 777...

Халық мақалынан: жеті рет өлше, бір рет кес. Бұл деген, қателеспеу шартындай.

*Жақсы ойларды қайталаудың еш артығы жоқ,*

*Дарынды, еңбек сүйгіш жанға тосқауыл жоқ.*

*Оқу – ми үшін азық, ділнама – тәлімге қазық,*

*Білімсіз ақыл – мешеу, жетінің қасиеті нешеу?*

Қазақ тарихында  $7 \times 7 = 49$  түрлі сазды аспаптар мәшһүр, олардың ішінде, «жетігён». Бұл мұнды аспапты, жеті ұлы бірінен соң бірі қайтыс болғаннан қайғы – қасіретке шұраған, ақ сақалды шал көңілін жұбату ниетімен жасаған екен.

Ахмет Иасауи ж е т і жасында жетім қалған. Ұстазы Арыстан бабпен Ахмет бала жетіге толғанда жолыққан. 71 – і хикметтен:

*Жеті жаста Арыстан баб Түркістан кеп тұрды енді,*

*Құлдық ұрып жыладым, халім көріп күлген – ді.*

*Мейірленіп сүйген – ді, мың бір зікір үйрендім,*

*Арыстан бабам сөздерін естіңіз – тәбарік.*

Біздің эрамызға дейінгі 3400 жыл бұрын, Ерихон қаласының тас камалың, жеті сазгер – жауынгер бастаған қалың әскер, кернейлетіп, осы шаһарды ж е т і мәрте айналысымен, биіктігі жеті, ені бес метірлік қорғаныс - бекініс аяқ асты, әп – сәтте, күл – талқаны шығып қираған.

Сол бір замандарда, қала тұрғындары жаман қылықтарға бой алдырып, әдепсіздіктің шегіне жетіп, адамға тән қасиеттерден жұрдай болған. Дарынды қолбасшы, қан төгіссіз, ақыл парасаттың кереметімен, қаланың ұяттан айырылған тұрғындарын тәубелеріне түсіріп, имандарын келтірген екен. Бұл тарихи, ақиқат, болған оқиға.

Жеті дүние: төрт бағыт шығыс, оңтүстік, солтүстік, батыс; үш деңгей жер асты, жер беті, көк жүзі. Адам әрдайым жеті қат көкпен биологиялық және рухани байланыста, сондықтан ғарыштық энергетикамен дертті емдеуге болады. Ол аргондық терапия – биоэнергетикалық сандық, жеті қабатты, әр түрлі металдардан тұрады. Бұл ғарыш кеңістігімен байланыстағы аккумуляторлық камерада жеті қат көк пен науқас энергетикалары өзара әсерлесіп, адам қалыпты күйге түсіп, соңында дертінен әбден айығады.

Құрбан айт мерекелерінде жағдайы көтеретін, абзал атаматтар, құрбандыққа ірі мал шалып, ж е т і ғ е бөліп, мүсәпірлерге және көрші – қолаңға, аруақтарына дұға бағыштатып, етті таратып береді.

Мұсылманда «жеті шелнек» - дүниеден өткен жеті ата аруағына, жалпы дұға дәм еткен, барша аламдарға иман тілеп, Аллаға шүкіршілік етіп, үйге кіргендерге дәм тағқызу.

Жеті минут сайын Өскеменнің автомобиль зауытынан бір авто көлік шығып тұрады.

Жеті жасқа толғанша бала қара жерден таяқ жейді,

Жерлі сатпақ ағаларына балалар не дейді, ал бабалар ше?

Бір жастағы баланың массасы, жеті килограмм болғаны өте жақсы. Кәріжан – ж е т і жастағы «кәп кәрі» бала, ол Семейдегі атомдық сынақ құрбандарының бірі.

Жеті гүл силау – адамды сүю, оған деген махаббатқа толы көз қарас, інкәрлық.

Қазақстан теңгесі жеті банкноттан тұрады, сондай-ақ, он жеті қорғанысы бар.

Қазақта ит жеті қазының бірі болып саналады. Қазақпен бірге көне тарихтан бері, осы күнге дейін, біте қайнасып келе жатқан иттің екі түрлі тұқымдастары бар:

1. Тазы – созынқы тұлғалы, ұзын сирақты, салшаң құлақты, жіңішке түмеықты, доғалша белді, иілген күйрықты, ұшқыр жүзрісті, сергек ойлы, 5000 – 7000 аралығындағы иістерді ажырата алатын ерекше сақ, ашығанын көмекшісі;

2. Төбет – дембелше тұлғалы, жуан сирақты, қысқа құлақты, қызыл ауызды, жалпақ төсті, жуанша күйрықты, балшаң жүзрісті, қасқырларлықтай қарулы, күзет жұмысына жарымды, аңшылыққа да, мата бауға да ыңғайлы.

Бұл иттердің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді – түр – сиқына, тері – жүніне, мінез – құлқына, жүріс – тұрысына тағыда басқа басым қылықтарына орай. Иттің жасы өзгеше есептеледі – адамға бір жыл болса, итке жеті жас келеді. Мысалы бала он жаста десек, онда бұрында онымен бір жылда туған ит, осы күні жетпіске келіп, қартай бастайды. Келешекте иттердің көптеген қызыметтерін электроника тартып алады, яғни компьютердің қызыметінің біріне айналады.

## ЖЕТІ ЖАН, ЖЕТІ МҮШЕ

*Хадистен: Жақсылық ескірмейді. Жамандық – ұмытылмайды, жазалаушы ұмытпайды. Әділдіктен аттама, әділдігің қандай болса, күнәң содай болады.*

1. Қызыл түсті жан, денеге күш – қуат пен денсаулық, қажыр – қайрат береді.

2. Сарғыш түс – дүниеге, байлыққа, баюға – ұрпақ өсіріп, із қалдыру.

3. Сары түс – ақыл – ой, күш – қуат, өктемдік, билік.

4. Жасыл – жеті жанның бар қуаты тоғысып, синтезделеді. Шексіз махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік.

5. Көгілдір – пығарманшылық, әлем тынысын сезіну, басқалармен байланысу.

6. Көк – сана – сезіммен ұштасады.

7. Күлгін түсті жан – көкірегі ашық адам.

8. Ғарыштық қуат – ғарыш адамы – ақ түсті аура.

1 – ші чакра – адам құйымшағының ішкі тұсында.

2 – ші – қуық жағында.

3. – ші – қарыннан жоғары.

4 – ші – жүректен жатады.

5 – ші – тамақ ішінде.

6 – шы – екі қас ортасында.

7 – ші – төбе шыңында.

8 – ші – ішкі ең жоғарғы ғарыштық каналдар - әр адамның ақыл – ой, сана – сезім, таным – наным түйсігінің, рухани дамуының нақты өлшемі, айнасы, көрінісі.

Түрлі, қатар әлемдермен, періштелермен т. б. тіршілік иелерімен тікелей байланысқа түсіп, ғарыш тынысын сезініп, болашақты болжауға мүмкіндік беретін – алтыншы мүше, яғни, үшінші көз.

Сонымен, адамның энергетикалық қуатын, ой - өрісін анықтайтын жеті мүше – жеті жан бар екен.

Жетісу – жер жаннаты. Жеті жасында болашақ Жалаңтос батыр өз еліне оралған.

Алианың алдында алам тек ақ ниет – пейілі арқылы бағаланады. Ойдың қуатымен алам екі метірден екі шақырымға дейін басқа біреуге әсер ете алады. Бұл ерік – жігер күші, ойдың энергетикасы, адамның электромагниттік толқындарды бағыттап және қабылдай алуында жатса керек.

Біржан - Сара өзара айтысуға, ж е т і жыл бойына дайындық жасаған көрінеді.

Адам массасына индекс - жиырма бір килограмм, яғни, үш рет жеті деген сөз.

Әуен сағы ж е т і нотадан тұрады: до, ре, ми, фа, соль, ля, си.

Сәби жеті ай бойы, тек ананың ақ сүтімен нәрленуі абзал.

21 – ші мамырда, 21 жасында, желтоқсанның құрбаны, Қайрат Рысқұлбеков өмірден озған, ол Қазақстан тәуелсіздігін байрақтаған, халық қаһармандарының бір.

Адамның кілті ж е т і қат аспанда.

Ж е т і түнде табан тоздырма.

Ж е т е у бірді күтпейді.

Әрбір мұсылман ж е т ісіне бір рет суға түсіп, барлық мүшелері жуғаны жөн.

Қазақстандағы « Ж е т і б а й » жері ТарАзияның кіндігі центрі.

## Ж Е Т Е Л І Г Е Ж Е Т І С Ө З

*Хадистен: Сәлемдесіп жүріңдер, адамға дәм татқытыңдар! Алла сүйген дос, туыс болыңдар.*

1. С Е З І М жанның жапрағы. Т Ө З І М тамыр жаяр атрибы.

2. Ш А Т Т Ы Қ – мерейлендіреді, Қ А Т Ы Г Е З Д І К өгіейлендіреді. Д Ү Н И Е Қ О Ң Ы З Д Ы Қ - жанды келейлендіреді.

3. БАЙЛЫҚ – үнемшілдікпен молығады, ТАБЫС – маңд термен толығады.

4. М О Л Д І Р болса, жан дүниенің әлемі, көрінеді көлеңке ә әдемі.

5. Жаны күйген ж ы л а п алады, жағынғысы келген ұ н а а айтады.

6. Д О М Б Ы Р А тиетімен сөйлейді, О Н Е Р киелігімен өлмейді.

7. Ж А Н – жақсылықтан желпінеді, К О Ң І Л – қуанышты серпіледі. Ж Е Т І түнде желікпе, олық жерсің өмірлен!



Қағбаны жеті рет айналу – мұсылмандарға абройлы міндет. Ж Е Т І – АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ жасампаздығын паш етеді!

Алға қойылған жеті мақсатқа жетуде, Қазақстанның жеті стратегиялық басымдылығы, жеті міндеті бар. Ж Е Т І МИЛЬДІК АДЫММЕН, ТЕК ҚАНА АЛҒА !

*Оқушылардың тәжірибелік, зертханалық жұмыстарын,* бақылау нәтижелерінің критерийлері:

- 1.Тәжірибе немесе бақылау мақсатын құру.
- 2.Тәжірибе немесе бақылау жоспарын жасау.
- 3.Тәжірибе немесе бақылау кеңістігін анықтап алу.
- 4.Тәжірибе немесе бақылауға керекті құрал – жабдықтарды тауып алу.

5.Тәжірибе немесе бақылаудың аралық нәтижелерін қортындылап отыру.

6.Тәжірибе немесе бақылау нәтижелерін жалпылай қортындылай отырып, түбегейлі компьютерлік сараптаудан өткізу.

7.Тәжірибе немесе бақылау нәтижелерінің тұрмыс – экономикалық тиімділігі, қоғамға тигізер пайдасы.

Педагогикалық процесс оқытудың қоғамдық дамудың ең өзекті сұранысына неғұрлым сай болатындай мәтінімен үнемі қамтамасыз етіп отыруы үшін, қоғам дамуының әр кезеңін ескере отырып, оның білім мазмұнына сәйкестігін анықтау арқылы білім берудің мақсатын үнемі нақтылап отыру қажет.

## АДАМ ДЕНЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

*Хадистен: Адамның жақсысы - өзгелерге пайдасы тиетіні.*

### АДАМ ҚАҢҚАСЫ

Адамның тәнінде 207 сүйек бар, олар қаңқаны құрайды. Мидағы 30 сүйекте қорған тұрады. Сүйектерді буын біріктіреді, сіңір серпіндейді. Топса, шығыр, шар т.б. геометриялық фигуралар пішініндегі сүйектер буын сұйығымен майланып тұрады, күрделі қозғалыстарда болады.

Кейбір сүйектерді атап өтейін: 1.бас сүйек сауыты; 3.бет сүйектері; 4.төс; 5.қабырғалар; 6.мойын; 7.кеуде; 8.бел; 9.сегзкөз(жая). 10.құйымшақ; 11.бұғана; 12.жауырын; 13.тоқпақ жілік; 14.шынтақ жілік; 15.білезік сүйектері; 16.алақан сүйектері; 17.саусақ; 18.жанбас; 19.ортан жілік; 20.тізе тобығы; 21.үлкен жіліншік; 22.кіші жіліншік; 23.тілерсек сүйектері; 24.табан сүйектері; 25.бақайлар...

## АДАМ ДЕНЕСІНІҢ БӨЛІКТЕРІ:

1.Бас. 2.Бет. 3.Мұрын. 4.Ауыз. 5.Мойын. 6.Дене. 7.Кеуде. 8.Іш.  
9.Қол. 10.Қолтық. 11.Иық. 12.Шынтақ. 13.Қол саусақтары. 14.Аяқ. 15.  
Тізе. 16. Сирақ. 17. Аяқ бақайлары.

*Хадистен: Әрбір мұсылман жетісіне бір рет суға түсіп,  
барлық мүшелерін жууға тиіс.*

Адамның вертикаль ось бойынша, оң жағы мен сол жақтары,  
толығымен симметрия (бәсе, жеті бөлік дене барынша бірегей жұп  
пропорцияда байқалса, мүсін сұлулығымен көз жауын алса, рух пен  
ағза пәктігін, ден саулықтың мықтылығына кепіл келтіремін. Мұндай  
сымбатты мүсінді адамға салауатты өмір салты - спорт, еңбек, ғылым,  
діл және пәк дін сыйлай алады. Салауатты өмір салтындағы тұлғаны  
мынандай ұнамсыз қылықтар - насыбай ағу, пылым пегу, арықты  
күлқындау, ссірткі және басқа да зиянды заттарды қолдануды - жат  
етеді.

## 2.8 ҚАЗАҚ ТАҒАМДАРЫ

*Хадистен: Ұйықтаудан бұрын қақпаларды бекітіп, су және  
атық – тұлкі ыдыстарының бөпін жауып, содан соң шамды сөндіру  
керек. Жабатын нәрсе табылмаса, ыдыстардың үстіне бір тал  
таза шоп тастаңдар.*

Сойылатын мал адал, яғни, тап – таза, холестеринсіз болуы үшін  
оның жүзін құбылаға қаратып, «Бисмилләһ, Уәллаһу Әкбар» айтып,  
адал көңілмен бауыздау абзал. Тамақ жеуді бет – қолды жуған соң,  
«Бисмилләһир рахманир рахим» - ді айтып бастаймыз. Тамақ ішіп  
болғаннан кейін дастарханға бата беріп, «Аллаһу Әкбар» жасаймыз -  
Аллаға шүкіршілік етеміз.

*Мұхаммад з. с. Хадисінен: «Бір кісіге арналған тағам екі кісіге  
де жетеді. Екі кісілік – төрт кісіге, төрт кісілік – сегіз кісіге  
жетеді.»*

### С У - ғажайып зат

*Хадистен: Адамдарға су үлестіруші бәрінен кейін ішеді.*

**Н. Назарбаев:** Бастапқы медициналық даярлық барлық мектептер мен университеттер оқу жоспарының міндетті бөлігіне айналуға тиіс.

«Су ішкен құдығына түкірме» деп, казак беталды айтпаған, бұл сөздің өте терен мәнісі бар. Қасиетті су жөнінде әңгіме айтып берейін. Су үш түрлі күйде бола алады: бу, су, мұз. Су – тіршілік негізі. Массасы 70 кг адамның денесінің 50 кг су. Судың массасы 17 кг кемісе, адам өмір сүрмейді, ол су ішпей бір апта ғана шыдай алады. Жер шарының үштен екі бөлігін су алып жатыр. Су үнемі тынымсыз қозғалыста. Тоғырақ қабаттарынан өткен су табиғи сүзіліп тазарады. Тереңге кетпеген су бұлақ түрінде жер бетіне шығады, өзендерге құяды. Сарыарқа – Қазақстанның орталық және шығыс бөлігіндегі ұлан – ғайыр, кеңге бай, табиғаты да аламдары да сұлу, өзіміз өмір кешіп жатқан, туып өскен қасиетті өлке. Көптеген бұлақтар Сарыарқаның өзендерін нәрлендіреді – Есіл, Нұра, Сарысу, Шідерті, Тоқырауын, Мойынты, Аягөз т.б. Тұщы сулы ірі қолдар: Қорғалжын, Бурабай, Шортанды, Шабақты т.б. Қазак жерінен Менделеев кестесіндегі бүкіл элементтерді кездестіруге әбден болады. Олардың барлығы да табиғаттың жалпы заңына мүлтіксіз бағынады, ал су болса жалпы заңға көне қоймайды, басқа заттардың температурасы төмендегенде көлемдерін азайтса, су керісінше ұлғайтады, қандай да мықты ыдысты бұзалаы.

*Аққан су, арна табады,  
Жер иуңқырын жабады.  
Бірде, адам қамыққанда,  
Кіңілінің мұңын шабады*

Бір көзден алынған, екі шыны ыдыстардағы суды ғылыми зерттеулен өткізейік: бірінші ыдыстағы суға жақсы ойдың барлығын үкіріп, марапаттаймыз, ал екінші ыдыстағыға жамандық атаулыны сөзбен бағылтаймыз, оған у түкіргендей кейіп білдіреміз. Мұнан соң заңағы екі ыдыстағы суды инфрлық – электрондық технологиямен зерттейміз. Нәтиже: екі ыдыстағы су да бізге жауап берді – біріншісі өте жақсы, кристалдық құрылымы әйбәт, дәмді, жұғымды, тазалық сәлді т.б., екіншісі иса жаман, кристалы кемтін құрылымда, лайлы, ұлт, жағымсыз иісті, ішуге жарамсыз т.б. Су тыңдан, көре алады, өсінде сактайды, кейіннен біздің істеген қылықтарымызға тиісініне жауап береді: жақсыға жақсылықпен, жаманға – жамандықпен! «Су ішкен құдығына түкірме» деп, қайран казак тегіннен тегін айтпаған!

*Хадиштен: Өзге-е кең пейілі болсаң, олар да саған пейілімен қарайды.*

Судың иесі Сүлеймен пайғамбар, су үстін Илияс пайғамбар, жер әлемді Қыдыр ата қорғайды, ал Иса пайғамбар ақыр заман белгілерін адамдарға білдіреді деген наным – сенім бар. Анат атаулыдан бір Алла өзі қорғасын да сақтасын! Осы мың жылдықта, Алла мұны адамзат басына еш уақытта бермесін. жер – жерлерде әр мезгілде, қилы – қилы жағдайда, сұрапыл да опатты, кесапатты да дүлей мінезді, айтуға қиын, қисапсыз қайғылы, ызаға толы табиғи құбылыстар: жердің екілене дүмтуі, желдің аласұра ышқынуы, ыстықтың лепіре өртеуі, суықтың қақап қатыруы, лаваның тулап тасқындауы, таудың ойсырай опырылуы, судың аспанға шапшуы, ғаламшардың ұршықтана түсуі, күннің шақырая қарауы т.б., әсте, жан атаулыға панғысыз жайыттардың болуы әбден - ақ мүмкін. Мың - миллиардтаған кісілер өздерінің басқайғыларын қоршаған табиғатпен, жалпы адамдармен жасаған теріс қылықтарынан: көргенсіздік - тәртіпсіздіктерінен, әрекет – қылықтарынан, өзара қарым - қатынастарынан тауып жүретіндерін еш байқамайды. Алланың құдіреттілігін байқаныздар: *«Қапарыма мінсем, он сесіз мың ғаламды, бір - ақ бидайдың қауызына ғана сыйзамын»*, - деген екен. Бұл, расында, өте - мөте зор тығыздыққа, яғни асқан қатты дене физикасына байланысты айтылған дүние болса керек.

*Хадиштен: : Пайдалы ілімдерді үйренуші адамдардың құлақтарын кешіруді әбір зат, тіпті теңіздегі балықтар да жалтынып сұрайды. Жасаған құниға өкіну – тәуба қылумен бірдей.*

Су ғаламдағы барлық тіршілік атаулы – бір клеткалыдан бастап, бірнеше клеткалықпен жалғасып, адам айтқысыз күрделі де шексіз құрылымдарға дейінгінін көзі. Таңсаріде аш құрсаққа бір кесе бұлақ суын сіміріп алса, ол өте жақсы денсаулықтың кешілі дер ем – депі саудың рухы сау болары хақ. Танертенгі шықты коғалмен, жеті минут шамасында, жалаң аяқ олай – бұлай жүрсеңіз жақсы, ал ұйқыдан тұрған соң және дем алуға жатардан бұрын, тырдай жалаңаш шешініп тастап, төбеңізден екі шелек құдық суын лақ еткізіп құйып жіберсеңіз, атадан жаңа ғана туғандай күйде боласыз, жалпы сергек жүресіз, жан мен тәнге мыңда бір дауа болады. Меккедегі кәусар бұлағынан су іншеңіз қарныңыз да ашпайды, дәретке де отырмайсыз, арзаңызға да жан шипа болады. Дүниеде не өссе, соның құрамында су бар. Өсімдіктер қандай да нәзік тамырлы болса да, өте мықты тастыла бұза жарып, көкке қарай өрлеп, өсе береді, өсе береді. Судың молекулалық құрамында бір бөлік оттегі болса, қалған екі бөлігі суытегі (H<sub>2</sub>O)

Оттегі тыныс алу нәрі болса, ал сутегі – шексіз энергия көзі. Біздің келешектегі пайдаланатын электір тоғымыз – термоядролық реакция нәтижесі болмақ. Суға да, өмірге де ілтипатпен қарасақ, ой – толғам, құрастарымыз дұрыс болса, Инш Алла, барлығы да жақсы болады – денсаулық, тұрмыс, саясат, экономика, таза су. Үлкен Арал теңізі суға толып, ежелгі арнасына келеді, үстеліміздегі тағам берекеленеді, оның ішінде қасиетті нан өседі.

### Нан – қасиетті тағам

*Хадистен: Діқанишылықты кәсіп етіңдер, өйткені ол – берекелі іс. Діқанишылықты қорғайтын сақшыларды көбейтіңдер! Нанды қадірлеңдер!*

Бидайды дейірменде ұнтақтап ұн алынады. Ұннан түрлі пішінді, әрбір дәмді, өте нәрлі нан тағамдары пісіріледі. Барлық жан – жануарлар, бау – бақшалар, шөп – бұталар, дәнді – дақылдар, аламын атаулы т.б. судың арқасында өнеді, өседі үнемі дамып жетіле береді. Адам ағзасына ең бірінші қажеттілік су болса, екінші дәрежеде нан тұрады. Суды да, нанды да, өзге тағамдарды да қадірлеу абзал – сыраптауға, кепілетсінуге, ойыншық қылуға, аяқ асты етуге, жаман сөзбен балағаттауға т.б. еш болмайды. Мұндайда, «обалына қаларсың, байқа қарағым» деп мұсылмандар тегіннен – тегін айтпаса керектін. Мысал: бір жерді белгілеп, қас ортасына нанды ілтипатпен қайтастырып, оны айналдыра нан обалына қалғандарды отырғызып, 40 күндік бойына оларды телміртін, қасиетті тағамға қаратып қойған. Осылайша, асыл судың қадірін, киелі нанның қадірін, жер аның қадірін, қымбат өмірдің қадірін сол адамдарға бақырайтып тұрып көрсеткен.

*Қасиетті нан ас болар,  
Ортамыз нанмен толар.  
Ақылы мол есті адам,  
Күнәні түзгс бас болар*

Әрбір ас мәзірі дастарханына отырған соң, «Бисмилләһир рахманир рахим» деп, бір үзім нанмен тамақтануды бастасак, нұр үстіне нұр, жалпы дәмің бойға сіңімділігі арта түседі.

## АС АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

*Хадистен: Астың берекесі – жеудің алдында және соңында қол жуу.*

Ас тұзы – NaCl, түссіз кристалл зат. Су, сұйық аммиак, спирт, этиленгликол, құмырсқа қышқылында ериді. Ас тұзы табиғатта тас тұз күйінде мхиттар мен теңіз, көл мен жер асты суларының құрамында кездеседі. Ас тұзы тағамның дәмін келтіріп, адам ағзасына пайдасын тигізеді. Тығыздығы 2,161 г/см.<sup>3</sup>

Ішер - жер тағамдарыңыз тәтті де сіңімді болып, бойларыңызға сергектік қуатын ұялатсын, ардақты ағайындар!

Адамның өмір сүруі үшін ағзасын энергия көзімен үздіксіз толықтырып тұруы тиіс. Ең сіңімді ас, адамның туған топырағынан өнетін азық түрлері: еттің асылы жылқының бапталған -қазы-қартасы, жал-жаясы, түрлі ұстамлағы қымыз түрлері, сүт, сары май, құрт, ірімшік, сонымен қатар, жеміс-жидек түрлері, ал қасиетгі наньын орны ерекше, бөлек. Жанұяның тамақтану реті төрт уақытқа бөлінеді: таңертеңгілік, сәскелік, түстік, кешкілік.

*Ауыздың қайда екенін қос қол біледі,  
Ауылдың қайда екенін сол жол біледі.  
Білмейді өмір сырын әсте көп жасаған,  
Көп естіп, кім көп көрсе, бәрін сол біледі.  
Дос іздеп, кілең сайдың тасындай бір,  
Жас көңіл, әлі күнге басылмай –ақ жүр.  
Барында жансаулызың, ойна да мәз күл,  
Артында кімнің байлығы шашылмай жүр.*

Қонақтың түрлері:

1. Арнайы қонақ – алыстан арнайы келген жақын туыс, нағашы – жиен, құда, күйеу, қайын сияқты жежкатың, немесе, сүйікті дос. Бұл сағынып көрісетін қонақ.

2. Құдайы қонақ - өзін танымайтын, әткес білмейтін, шалғай елден, алыс жерден жолушылап, көлік басын бұрған, қона түскен, тосын да бөгде қонақ. Бұл нағыз сауап мейман.

3. Қыдырма қонағымыз, ерігіп те, желігіп те, үйден үйді, ауылдан – ауылды кезіп, сөз аңдып, өсек теріп, қымыз ішіп, ет жеп жүрген сандалма. Бұл нағыз далбаса қонақ.

4. Қылқыма қонақ – үй арасындағы, ауыл ішіндегі, түтіні дұрыс шыққан үйді торып, аузына тигенін қылқытып, басы ауған жаққа тарта беретін, көлденең қонақ. Бұл нағыз сұғанақ қонақ.

## МИПАЛАУ

*Хадистен: Тағам салынған табақтың шетінен бастап жеңдер, ортасынан жемеңдер, өйткені ортасында береке жиылып тұрады.*

Мипалау - бастың барлық құйқасы, көзі мен миы ұсақталып туралады, аздап құйрық май мен өте құнарлы ет қосылып, тұздық құйылып, қонақтарға ұсынылатын бастау тағам. Басты ең жасы үлкен немесе аса қадірлі адамға ұсынады. Бас алынбай, табакқа қол салынбайды.

Етті майы мен қара кесегін бірдей келтіре қиялап, жапырақтал тұрайды. Етті мүшелеп бұзу да, табакқа етті жол – жобамен әсем салу да, оны әлемі турау да өнер.

Қазақтың ет тағамдарының кейбір түрлері:

1.Бас табак (бас, жанбас...).

2.Орта табак (асықты жілік, жанбас...).

3.Сый табак (бас, жанбас...).

4.Аяқ табак (көршілер, қазан басымдағылар, келіндер, балалар үшін).

5.Күйеу табак (сан жілік, төс...).

6.Келін табак (ұлтабар, жүрек, төс...).

7.Қыз табак (жүрек, бүйрек...).

8.Құдағи табак (жанбас, асықты жілік, сүбе...).

## Қ Ы М Ы З

*Хадистен: Жомарт адамның тамағы – шипалы; сараңның шымағы – кеселді.*

Жылқының несі Қамбар ата. Негізінен алып қарағанда, қазақ жылқы мінезді, бетті.

Қымыз - ашытылған, бапталған бие сүті (белок, спирт, май, кант, с витамині, басқа да күрделі химиялық элементтер). Сөткелік қымыз - екі қымыз, екі сөткелік - құнан қымыз, үш сөткелік - дөнен қымыз. Жылқы еті мен қымыздың қасиеттері: ас қортуға көмектеседі, ағзаны, жүйкені қуаттандырады, ұйқыны жақсартады, өкпе туберкулезіне шипа, көңілді көтереді, рухты әуелетеді. Жаман дертке - жақсы тамақ ем. Туған жердің, өскен ортаның ауасы, суы басқадай да барлық тағамдары ұл - қызына ас, кез келген ауруға араша. Білмеген айып емес, үйренбеген айып. Ас дайындап, оны әшекейін келтіре, дәмді етіп шасап, қонақты күтуді білген қандай жарасымды десеніңші?!

### ІІІ ТАРАУ. ТУҒАН ЖЕРІМ ТҰҒЫРЫМ

#### 3.1 ТАБИҒАТЫМ - ТАҒДЫРЫМ

*Хадистен: Қолыңда көшет тұрған кезде, қиямет – қайым болатынын анық білсең де, үлгерсең еге бер.*

**Н. Назарбаев:** *Өзіміздің табиғи ресурстарымызды парасатты пайдалану және қоршаған ортаны ластау, ескірген әрі «кіршең» технологияларды бақылаусыз әкелу, қалпына келетін ресурстарды ұқыпсыз жұмсау секілді және т.б. проблемаларды шешу үшін өтімді заңнамалық негіз қалыптастыру қажет.*

Қазақ халқы басынан сөз асырмаған, қасиетті жерін өзінің өмірі бойына ақыл – парасатымен, білектің күшімен, қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен жан кешті қорғаған, біздің уақытымызға дейін сақтаған. Бір кездері Қазбектің қаз даусына, Әйтекенің әсерлі толғамына, Төленің тұғырлы сөзіне, Батырлардың айбатты қаһарына халқы құлақ қойған, жаулары тоқыран, тоқтаған.

Ең негізгі байлығын – елің мен жерің, тілің мен дініңді құрмет тұт. Егер еліңді жамандасаң – көмусіз қаласың, жеріңді жамандасаң – кебіңсіз қаласың, тіліңді қорласаң – қадірсіз болсың, дініңді қорласаң – кәпір боларсың. Жер – ата – бабадан қалған қасиетті қоныс, барлық қазақтың қара шаңырағы. Тал бесік пен жер бесіктің арасындағы, қамшының сабындай ғана ғұмырыңның алтын ұясын қорға, топырағын ластама, суын лайлама, ауасын улама, жарқын шырақ!

**ЖЕР ШАРЫ ӨСУДЕ**, оның жылдық өсімі жарты мм. Жер шарының 70,8 пайызы су. Африка құрлығы жылына солтүстікке қарай жеті см жылжиды.

#### **ЖЕР ШАРЫНЫҢ ҚАБАТТАРЫ:**

1. құрлық – 3300 шақырым;
2. мантия – 3300 шақ.;
3. төменгі қабат – 2900 – 5100 шақ.;
4. ядроның үсті – 5100 – 6370 шақ.;
- 5 – 7. ядро орталық бөлік. (5 – газ, 6 – сұйық, 7 – қатты.).

**ЖЕР БЕТІНДЕГІ АДАМЗАТ** саны 6,5 миллиардтан астам, ал олардың әрбір төртеуі **МҮСЫЛМАҢ**. Қазақстанда 11 миллион мұсылман өмір сүруде.

Біздің даламыз, Қазақтың кең – байтақ даласы – шексіз де, шетсіз де, киелі дала. Саңдаған ғасырлардың ұзын – ырға бойында, ата



– бабаларым атойлатып, ат терлете жүріп өткен, жауларынан қызғыш құстай қорғаған, кйелі жеріміз, ар – ұжданды ұрпақтарын жалғастырап, кенге бай, халқына сымбаты сай, паң дала. Ең ұлы ұстаз – табиғат ана, қазақтың ұлық даласы! Туып өскен, кіндік кескен, бауыр басқан, аралас – қоралас болған елі мен жұртына, жер үсті мен астының байлықтарына ыстық сезім, ізетті ілтипат, сүйіспеншілік махаббат, мұңлы сағыныш адамның сана – сезімінде мәңгілік ұялайды. Екі түрлі таңдау түрлері, адам баласын қажеттендіреді: біріншісі сүйікті мамандыққа; екіншісі пәк жарға. «Таңғы елес» іспетті лирикалық, сұлу дүниеге, ақындық асқақ сезімге самалдандырады.

*Жел соқпай шөптің басы қозғалсын ба,  
Ұрпаққа айта жүрер сөз қалсын да.  
Қолыңнан келсе көптің көңілін көтер,  
Біреудің қалған оңбас көз жасында.  
Қарағай мәуе болмас иілгенмен,  
Құс қазды ілмейді шүйілгенмен.  
Аңдап басқан аяқ құр қалмайды,  
Іс бітпес далақтап жүзгіргенмен.*

Қ а з а қ – ол к і м? Қазақ – рухы өр, тұлғасы биік, сымбаты көрікті, қонаққа дастарханы дархан, адамдарға бауыры езілген, дегеніне жетпей қоймайтын, жауына айбатты, досына сымбатты, пәк дінін қастерлейтін, адамтешілігі тасыған дария – дана халық. Қ а з а қ – асқақ мінезімен, ақыл – парасатымен, ерекше минталитетімен, бүкіл әлем халықтарына үлгі - өнеге, жол – жөн сілтеуші болады. Инш Алла!

*Әр адам жақсы көрер мінездісін,  
Кісіні хош көрмегенін кім іздесін?  
Сақтасын жасамандардың жсаласынан,  
Түсіме өңім түгіл, Алла, еш кіргізбесін.*

*Биікке шықсаң, айналаң мол көрінер,  
Данамен тілдессең, төре сөз өрінер.  
Цикрон кристаллы атты асыл тас,  
Ақиқатты дәп хаттаған көз көрінер.  
(Цикрон – сөйлейтін, асыл, ерекше  
ғажайып тас.)*

Орданың күн батысында баяу толқынды Арыс өзені жайлап ағып жатыр. Арыс өзенінің бұл тұстағы жағасы боз жусанды, дерменелі шөлейт адыр. Мен, Қазақстанда таза өзендер көп болғай деп армандаймын, ол болашақ ұрпақтарға сый тарту тәрізді.

Бұлқына тулаған өзені, қазағымның қысы - жазы қатпайтын, шөлдегенде шөлінді басатын, шаршағанда қуат шапатын, қасиетті Алланың замзам суы!

Негізінен, бастау алатын тұщы су көзі, Асқар таулар шыңындағы мұз бен қардың үнемі еруінен болатын құбылыс. Ол жылға - жылғамен асыға, құлдилап ағып, мөлдір бұлақтарды тудырады. Бұлақтар өзара жолыға - түйісіп, өзендерге айналады. Бұлақ - өзендер суларын көлдерге, теңіздерге құяды. Қазақстанда қырық сегіз мың көл бар. Арал теңізінің суы молайуда, аралдықтардың экономикалық - экологиялық ақуаллары көркейуде. Таза сулы өңірде адамдардың денсаулықтары да, салауатты өмір өзендері де, мәнді және сәнді болмақ.

### ТАУ - АЛТЫН ҚАЗЫҚ, ӨЗЕН - ӨМІР

Тау туралы айтсам, Қазақстанның жалпы жерінің он пайызы таулардан тұрады. Біздің еліміз - сұлу табиғатқа бай, қасиетті мекен. Қазақстанның ең биік тауы Хантәңірі шыңы. Оның биіктігі теңіз деңгейінен ж е т і м ы н метрге ұласады. Нұх пайғамбар кемемен жүзін келіп, Қазығұрт тауына тоқтаған...

Тәрбиеге кешенді тұғырда келу - тәрбие ісін жан - жақты тереңдетілген білім беру және оған қатысты барлық салаларды қамтып, қатыстырып отыру.

Тәрбиенің нәтижелігі - тәрбиелік іс - шараларды ұйымдасырылған соң, ол жүзеге толығымен асып, алға қойылған мақсаттың түбегейлі орындалуы.

Тауда өскен, оның шыңын бағындыруға ұмтылған, ауасын сімірген, суын ішкен, жемісін жеген адам ерекше ынта - жігерлі, алған бетінен қайтпайтын қайсар - қайратты, ақыл - парасатты, мейірім - шапағатты болып келеді. Тау адамды қатал да сан қырлы мінезімен, таулық тәкәппарлығымен, асқақтық биіктерімен тұғырлы тәлімдейді.

Серт - жеке тұлғаның айтқан сөзінде, өзге адамға берген уәдесінде берік тұруы.

Ұждан - адамның өз мінез - құлқын бақылау, қадағалау, оған шек қойып, оларды мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін сипат - қасиет.

Серт пен ұжданға болаттай берік болып, адамдардың арасында беделді және мықты, әдісті және еңбекқор, жалпы, сегіз қырлы бір сырлы болуға заңғар ұлы тау тәрбиелейді.

Менің бағыма қарай, Семізбұғы тауының бөктерінде туын өстім, ер жеттім, еңбекке араластым. Сондықтан да, ол тау маған өте ыстық. Семізбұғы тауындағы кеніш 1927 жылы ашылып, көптеген жыл оның тұрғындарына мінсіз қызмет етті. Әсіресе, ел - жұрт басына нәубат

**туған**, сол отызыншы жылдардың апаршылығында. Сарыарқа **алдасының** халқына күнкөрістік нәпақа тауып берген кешіптің тарихи - экономикалық маңызы өте зор. Жүдеген адамдарды жұмыспен **қамтып**, жарқын болашақтың жарық күнін көзге елестеткендей еді. Семізбұғының көк тасынан не өндірілгені қазіргі ұрпаққа беймәлім болар? Семізбұғыдан қорғаныс техникасына аса қажетті корунд рудасы өндіріліп, ол Ұлы Отан соғысы кезінде елді жалақтаған жаудан аман сақтауға ықпалдап, неміс фашистерінің үстіне ажалдың оқ - дәрісі болып жауды. Бұл кенді кезінде Мәскеу кен зеттеушілері ашқан. Тау бөктерінде өңі аттас елді мекен орнап, сондағы забойшылар жер астында ауыр қол еңбегін атқарды. Жазғы коникул кезінде, оқушылар **за** корунд теріп, физикалық еңбекті атқарып, рухани тәрбиені бойларына дарытып, жанұяның материалдық қажеттіліктерін жапты. **Жылдар** өте келе, бұл кен орнын еш керек қылмай, табиғи корундның орнына жасанды корундыны өндіріске әкелді. Жалпы корунд рудасы дүние жүзінің үш - ақ нүктесі бар - Қазақстан (Семізбұғы), Россия (Урал тауы), Америка (Анд тауы). Ең сапалы корунд Семізбұғы тауында!

Өңгімелердің арқауы болар, небір керемет асқар таулар. алардың асқақтаған шыңдары, білім мен тәлімнің биігіне, көз ұшы **нүктесіне** адамдардың ұмтылуын, армандарға алымдауын, олардың ой - түйіндерін, жақсылыққа жетелер белес - жоталарын меңзегендей!

*Не көрмеген мына менің ән - паң балам,  
Ой жүгіртсем өткеніңе аң - таң қалам.  
Тұрсын таулар сұлға орана шаттанып,  
Олең жаздым, қолыма алып сыр қалам.*

*Тауға шықсам, ашылар аң көңілім,  
Шыңға ұмтылсам, ашылар зейінім  
Ұл мен қызға қарегі өнер мен білім,  
Осындай болғай ой, зерде, түйінім.*

Зәулім, биік таулардың шыңдарындағы мұздар үнемі еріп, **салсыз** бұлақтар көзі болады да, олар қосыла-қосыла келе, тулаған өзендерге айналып еркелей төме үдей ағалы.

Қазақ елі өзен-суларға бай. Қазақстанда 8500 өзен бар. Ең ұзыны **Ертіс**, оның ұзындығы төрт мың шақырм. Ертістің бірнеше саласы бар. **алар** - Есіл мен Тобыл. Ал Ертістен кейін екі есе кіші өзен - Сырдария. Оның қиындығы мол, себебі қызыл құм үстінен ағып өтеді.

*Әуелігі сөз бастаймын, сапар басынан.  
Теңселген тұлпар тынбас жорғасынан*

*Біріксе құрт – құмырсқа – бақа – шаян,  
Жыланды қуып шығар түп ордасынан.  
Молдір бұлақ сылдырылып,  
Құстар келді сайраған.  
Сұлулықты тұр жырлап,  
Туған өлкем жайнаған.*

Бұл, Арыс өзені жөнінде айтқаным.)

## 3.2 ҒЫЛЫМИ ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Логикалық құбылыстар, баланың физикалық әлем туралы, басқа да ғылыми ұғымдарды меңгеруге тұғыр қалыптастырады. Балада әрекеттер жүйесі қалыптасқанда, ол онда ғылыми ұғымдардың санаға ұялауына дайын. Ақыл - ой операцияларынсыз біз балаға сан, ұзындық түсінігі, уақыт және кеңістік ұғымдарын үйрете аламаймыз. Бала шынайы мәтінмен, физикалық нысандар мен нүктелерде, жазықтықта, кеңістікте манипуляциялауы, әрекеттенуі, тәжірибе жүргізуі қажет. Демек, адам ісіне ақыл - ой әрекеттерінің сатылап қалыптасу теориясы жауап береді.

Бабаларымыздың «бұлақ көрсен көзін аш» демекші, Қазақстандағы ерекше дарын дараноздарын даралап, оларды үкіметтік үздіксіз лемеуге алып, интеллектуалдық өсіп - өркендеуіне жағдай жасау мүмкіндігін үміттеймін. Өнер кеші халық арасында, ел ішінде, негізінен, қарапайым ауылдарда. Дарынды балаларды ерте анықтауға медицина мен педагогика салаларындағы ғалымдар жауапты. Бұл шара цифрлік электроника деңгейінде, жүйелі түрде, тыңғылықты жүргізілуі тиісті. Өнерге өріс кең, дарынға дара жол тең. Осы өріске, дара соқпаққа дарындыны әкеліп түсіретін, әрине, ең алдымен жаңа, одан әріде оқу орындары, жаппысы мемлекеттің құзырында.

Бақыт дегеніміз адамның адал алақанына «қонған нәзік құс» іспетті, ол кері ұшып кетуі әбден мүмкін ғой. Бақыт құсын уысымызда бекем ұстап, оны баянды ету үшін дарындыны байқай білу, көптің ішінен көре білу, онан соң оларды ғылымның ұлы көшіне қосу барша адамзаттың саликалы міндеті. Сол себептен, бала бақшасынан бастап, академиялық оқу орындарына дейін «Дарындыға – дара лемеу» атты дарындылар байқауларын, чемпионаттарын төрт жылда бір рет Қазақстанда өткізіп тұруды ұсынамын.

Ғаламдық білім – оқушылар санасына дүние жүзін біртұтастық деп ұғынушылық пен гуманистік көзқарас тұрғысынан қалыптастыру. Өзара қарым қатынас, түсіністік – силастық, ұнатушылық –

ытымақтастық, интернет – ғарыштық т.б. жер – жахандық білімнің шегізгі ұтымдары болып табылады.

**Ғылым психологиясы** – ғылыми қызметтің нәтижелілігін арттырудағы мұрат – максаттағы психологиялық нысандарды зерттейтін жеке сала, ғылымның рухани туындысы, ретінде ұғымдасқан әлеуметтік жүйесі.

**Ақыл** – ой тәрбиесі – адамның таңымдық қабілеттерін дамыта отырып, білім қорын игеруге жағыдай жасайтын тәлім – тәрбие. Ақыл – ой тәрбиесі оқушының оқып, білім алу әрекетін траекториялап, сана – сезімінің толығы түсуіне, ғылым негіздерін сатылап меңгеруіне зорменді ықпалдайды. Ана тілі мен зерделі ой ақыл – сананың ұлттық, тұтырлы сипатына жол сілтеп, шәкірттің ұшқыр ұғымталдығына, әсерлі әңгімелесуіне, мағналы мәтіндеуіне, кітап оқымаздыққа, ғылымға құштарлыққа, шабытты шығармашылыққа бағыттайды. **Логикалық ойдың** қалыптаса дамуына, мәселенің қиындан тұрған сәтінде, жағыдайды тез зерделеп, қолыма - қол дұрыс шешімге келіп жеткізуге, адамды тәрбиелейді.

**Ғылымтану** – білімнің дамуындағы ең жоғары дәреже, адамдардың ғылым негіздерін игерудегі күш - қайраты, ұстам - жігері. **Максатты** - жоспарлы жасапсыз қиын қабилдасы, ғылымның өңін ой - толғамға түсіріп, жан - жақты зерттеу сипасы, фәлсафасы. Сонымен бірге, ғылымтану ғылым туралы жеке ғылым, ғылымның психологиясы, психологиясы, логикасы, тарихы...

*«Ғылым» сөзін ұққан дұрыс,  
Ғылымсыз өмір сүру қиын.  
«Білім» - ғылымға бет бұрыс.  
Меңгерейік табиғат сиын!*

### Т Е Л Е К И Н Е З

**Телекинез** - ойдың күші. Адамда қозбен көруден өзге, іштей өрілі де болады. Мысалы, қол арқылы, болашақты болжау мүмкіндігі. **Ерекше** сезіну, алдын ала сезіну, байқаудың гипер кеңістік пен **Болашақ** уақыттың жоғарғы өлшемі, қаныққан энергия. Белгілі **Кеңістіктегі** ақыл - ой энергиясы, уақыт бойынша санаар шегелі, адам **Өзгер** кеңістіктің қуатын қабылдайды, параллель әлемге кіреді. Сана **Өзден** тыс гипер кеңістікте саяхат етеді. **Бесінші** сезім, сенсарлық **Өзге** арқылы басқа дүниемен араласады. Мұндайда, сана өшуден **Өзганады**, адамға ол жарық ағыны немесе өзге толқын іспетті, **Өзгетегідей** көрінеді, нұр - сәс бергендей. Ерекше, күрт құбылыстан **Өзге** мысалы, үрейден кейін ерекше түпектегі, мазмұнды толқын **Өзгелі**, бір адам екінші, өзге адамның ойларың сезінеді. Осыншама,

түсінуге қиып құбылыстарды, әзірге, мұсылман діні ғана ұғындыра алаты.

Тірі мен аруақ арасындағы байланыстың бір ғана мысалы осы болар. Бұл ерекше сезім, үшінші көз, немесе, жетінші сезім салдарынан байқалады, көрінеді - хак АЛЛИАНЫҢ ҚҰДЫРЕГІ М Е Н.

Жоғарыда айтылғанды параллельдеп, қайрадан түйіндеп шығайың. Телекинез - ой өрісінің күші. Ішкі қору - қол немесе басқа дене мүшесі арқылы сезіну, түйсіну. Өзгелер байқай алмайтынды көре білу, сезімнің гипер кеңістіктік жоғарғы өлшемі. Олшемнің он энергетикалық деңгейлері машүкүр. Уақыт арқылы сапар шегіп, гиперкеңістіктің параллель, басқа энергетикалық деңгейіне көшуге мүмкін. Біздің санамыз денелен ажырап, өз бетімен гипер кеңістікте саяхат шегегуі әбден мүмкін. Бес сезімнің бірінің негізінде, сенсарлық санамыз басқа дүниемен араласады. Сана, сезім өшуден қорғанады, өлген адамға іпексіздіктің тонелі елестейді, шыңыраудан жарық көрінеді, махаббат пен мейірім шапағы, нұрын шашады. Күрт, тосып оқиға, үрей тудырып, қара түнек энергетикасына құлдилатады, өзге болмыс, басқа адамның ойың, әрекетін сезінеді, теледилардағы тәрізді, елестетіп көреді, болашақты дөп басып айтады. Мұндай жағдайларда, жалпы, дін қуатты қару, шапағат пен имандылықтың белсенді қуаты.

*Орына өнер – білімнің дәмін тату,  
Жігітке жараспайды қарап жату.  
Бүгінгі күнді еңбекпен өткізбесең,  
Ертеңгі күнге қиын жауап қату.*

### 3.3 ҚАСИЕТТІ ЖАЗБА

*Хадистен: Сыпайылық – даналықтың белгісі.*

Өркенді өнеге - тәлім көзі, қасиетті кітап - білім көзі.

Ғарих мағұлматтарына сүйенсек, алғашында отыз мұсылман Құранды толығымен, бастан аяқ, жатқа білген. Ондай адамдарды Қари дейді. Алланың соңғы сөзі, кітап болып шыққанына, аузына да, жазбана да, араб тілінде, еш бір өзгеріссіз, қаз қалпында сақталған! Он тоғызыншы ғасырдың соңында Мюлхен университетінің ғалымдары Құран Кәрімнің әр ғасырда, әр жылдарда, жарық көрген қырық екі мың данасын зерттеген, оған елу жыл кеткен. Нәтижесінде, Құран кітабынан еш өзгеріс, немесе алып - қосу, әсте, байқалмаған. Құранды жазуға қазғаз пайда болғанға дейін - папирус, тері, мата, пергамент қолданылған. Қазғаз алғаш Қытайда пайда болып, сегізінші ғасырда Самарқанда, кейін Бағдатта шығарыла бастаған.

Пайғамбарымыз, дүниеден қайтқан соң, алты ай уақыт өткенде, Әбу Бәкір, өзіне Зайд ибн Сәбитті қасына шақырып алып, қасиетті жазбаның жер - жерге тарап кеткендерінің бірін қалдырмай, бәрін, жинастыруға тапсырма береді. Ол өз кезінде Пайғамбарымыздың жанында болып, Құранның сүрелері мен аяттарын жалын отыру бақытына ие болған, бұл жалған дүниеден армансыз өткен жандардың бірі.

*Атар таң, алтын арай, тосын үн,  
Тылысымнан келді аяқ осынау түн.  
Сияқтанып бойды керген бал сөзім -  
Кездейсоқтық емес бәрі...мен үшін.  
Санадан шығар асыл сөз,  
Ой сандығында жатады.  
Жаудыраған сол қара көз,  
Шыңыраудан тіл қатады.*

## ЗАБАЙҚОҢЫРДАН ҒАРЫШҚА, ҒАРЫШТАН ЖЕРГЕ

*Хадистен: Жер бетіндегі ғұлама данышпандар аспандағы жұлдыздарға ұқсайды. Жерде де, суда да жұлдыздарға қарап жол табуға болады. Жұлдыздар көрінбесе жолаушылар адасуы мүмкін.*

**Н. Назарбаев:** *Энергия көздерін әртариптандыру еліміздің бүкіл аумағындағы тұрақты даму үшін ресурстармен қамтамасыз алу мақсатында атом энергетикасын дамыту қажет болады.*

Қазақстан 2006 жылы ғарыштық мемлекетке айналды. Ғарыш кеңістігіне тұңғыш Қазақстандық КАЗСАТ-1 ғарыштық кемесі ұшырылды, ол осы уақытта нәрленуде (идет загрузка). Болашақта тағы да бірнеше Қазақстандық жер серіктері ғарышқа самғайды. Байқоңыр ғарыш кешені жаңа жоғарғы технологиялық екпінмен жұмыстар атқара асырып, информациялық, экономикалық, осы, ХХІ ғасырға лайық, ғылыми - практикалық мәселелерді жүзеге асырады. Жаңа тұрпатты «Бәйтерек» атты ракеталық кластер іске қосылып, бұрынғы гинтильдігімен жұмыс жасайтын, қоршаған ортаға зиянды «Днепр» тәрізді кластағы ракеталарды ығыстырып, жаңа технологиялы оттегімен шарттанған, «Бәйтерек-Ангара» қондырғылары өмірге келеді де, жер алыстан күшағына алады (Дистанционное зондирование земли). Келешекте Қазғарыш жоспары бойынша «Болашақ» оқу жүйесінде, ғарыш елдерде, жаңа тұрпатты ғарыш - жер бағытында қызымет

жасайтын мамандар дайындалады (Бауман атындағы МГТУ, Европа мен Америка университеттерінде). Сондай - ақ, кешікпей «АСТАНА» қаласында ғарышпен «сен» деп сөйлесе алатын мамандар дайындайтын, осы заманға сай, керемет университет ашылады деп ойлаймын. Алла жазса, ол да болар.

Байқоңырда ғарыштық кемелер мәселесін, ал ғарыш кеңістігінен жер мәселесін - халық шаруашылығының өзекті мәселелерін, цифрлық технологияға сүйеніп, жаңа ғасырлық тұрпаттағы көзқараспен шешетін боламыз. Ғаламдық білім - оқушыларда, дүние жүзін біртұтас деп ұғынушылық пен гуманистік тұрғысынан қалыптастыру, ЖЕР ШАРЫ ғаламшарлардың барлық тұрғындары үшін ортақ мекен.

Жалпы адамзат жер бетінде адал еңбегі нәтижесінде, адамгершілік негізде, шаттық – шадыман күйде өмір сүрулері үшін, тамақ – киім, өнер – ғылымнан басқа, таусылмайтын энергия көздері қажет. Қазақстандағы болашақ энергия көздерінің бірегейі немесе негізгісі – атомдық – ядролық қуат реакторлары болмақ. Осы мәселемен елімізде КАЗАТОМПРОМ мекемесі және «ДЕМЕУ» фонды кешенді айналасуда. Қуаты 100 – 150 мегаватттан болатын қауыпсыз, экологиялық тұрғыдан сенімді реакторлар Шығыс Қазақстандағы, Курчатов қаласының маңында жүзеге аспақ. Қазақстандық реакторлар жылдам нейтрондар негізінде жұмыс атқарып, экологикалық таза, қоршаған ортаға, соның ішінде, тіршілік атаулыға қатерсіз болмақ. АЭС 2015 жылдан бастап, елге қызмет істей бастайды деп ойлаймын. Ғарыштық технология Қазақстанда іске асады, ұшып жүретін зертханалар ғылыми – практикалық қызмет атқарады, автоматты түрде, бірегей кластерлік шаралар, электрондық технологиямен жүзеге асады.

Цифрлық немесе электрондық технологияларды, оның ішінде, ядро энергиясын бағындыру, ғарыш кеңістігін игеру, жалпы кластерлік кешендерді дамытып, елімізді дүниежүзілік деңгейге шарықтататын міндеттер, келешек ұрпақтардың еншісінде. Сондайлық, жауапты да айдарлы тәрбие – білімді арнайы мамандандырылған мектептер, дүниежүзілік биік тұрпатты жоғары оқу орындары, академиялық білім орталықтары жүзеге асыра алады. ТЕХНИКАЛЫҚ салаларды үдемелі дамыту үшін, дүниежүзілік олимпиада жарыстарының жеңімпаздары О Т А Н Ы М Ы З Ғ А өте – мөте қажет. Бұл мәселе, жоғары технологиялы Д І Л Н А М А – Ғ Ы Л Ы М жүйесі барысында іске асады, тәжірибелік нәтижеге әкеледі, жеткізеді!

Ғ Ы Л Ы М мен Б І Л І М Н Е Г І З Д Е Р І, ғылыми үрдістерді жүйелі негізде қолдану нәтижесінде алынатын қортындылар. Ғылым - табиғат, орта және ой толғамы туралы жүйе негізі білім шыңына бағытталған, оның барлық шарттары мен сәттерін - білімдерімен және



мәдениеттерімен, біліктілігімен, дене тәрбиесімен, шығармашылық қабілеттерінің нәтижесімен, тәжірибелік және зертханалық жабдықтары, алатын шарт болып табылатын түрлі - түрлі бағыттарды қамтитын, ирределу мен ой тұжырымдаудың қортындысы, түпкі нәтижесі.

**ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ** - педагогикалық білімдердің қалыптасу барысы, оқыту - тәлімдеу, дамытудың заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық, ізденістік іс-әрекеттер. Сонымен, **д і л и а м а**, ғылым туралы траектория (тағыт, жүйе - ғылымның социологиясы, ғылым психологиясы, ғылым философиясы, түрлі ғылымдарды біріктіріп, қазақы минталитетті тұтырайтын фундамент, кластерлі ғылымдарды өз өрісінде өрбітетін өсерлі магнит.

**Ә Л – Ф А Р А Б И** ақыл - қуатына сеяген, ол адам ақылы **ЖАРАТУШЫ** құдіретінің бір көрінісі деген.

**Ғ Ы Л Ы М**, Әл-Фарабидің айтуынша, ақылдың нәтижесі, оның екі түрі болады - теориялық және практикалық.

**О Й Л А У** - адам миының қызыметі, пайымдаудың өте жоғары дамыған түрі, себебі, онда қандай да болсын құбылыстың мәні, табиғатының жалпы мақсатын білдіреді.

**А Қ Ы Л** - адамның ой ерекшелігімен және оның мүмкіндігімен шайымдалады да, білім-ғылымға тұлғаның икемділігін анықтайды. Ой қорыту дегеніміз - түрлі пікірлерді, толғамдарды саралау, оларды өнекті етіп, адам қажетіне айналдыру.

**Ұ Ғ Ы М** - заттар мен құбылыстардағы, бірегей немесе ортақ қасиеті, заңдылықты анықтап дәлелдеу, оларды түйіндеу және жүйеге қалыптау.

**Ұ Ю** - идеяға берілу, кіру, назарды, ойды қабылдау, сонымен бірге, жан - тәніңмен, ерекше **П Ә К Ә Л Е М Г Е Е Н У**, құдай ішкі құнысымен тұтастай берілу.

Мектебімізде білім - тағылым беру саласындағы өзгерістер, ерекше тұлғаны қалыптастыру жүйесінде, оқу барысында тиімді әдіс - тәсілдерді іздестіруге, баланың шығармашылық, рухани, діни, дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын бекіткісіне ұстануға бағыттауда.

Оқушылардың танымдық - тәлімдік іс - әрекеттерін дамытуда **дәлелетін мүдде** - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, ортаға қажеттігін түсіндіру. Таным бастамасы - сезімнен, ойлаудан, бала зерделей, сезіне білмесе, оның ой - елегінде ешқандай өзгеріс байқалмайды. Оқытудың **маңызы** туралы сөзбен емес, сол затты бақылау, саралау негізінде шәкірттің **таным** - сезімін дамыту қажет.

Оқытудың жеке әдіс - тәсілі:

1. Оқыту әдістері - оқушының білімге құштарлығын оятатын, алған ғылымын тереңдету мақсатында өз бетінше білімін көтеруіне ықпалдайтын траектория.

2. Сабақта оқушының белсенді ой - әрекетін жаттықтыру.

Оқушыны түрлі пәндерге қызықтырумен қатар, саналы да салмақты ойлауға тәрбиелейтін, тәлімдейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, өмірдегі, қоғамдағы болып жатқан түрлі құбылыстарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашып айта білетін, адамгершілік, діни сауатты, ұжданды ұрпақ тәрбиелеуде ділнама сабағының маңызы өте зор.

Ділнама сабағын өткізудің екі жүзге тарта нұсқаулары бар, мысалы, жарыс сабағы, кіріктірілген (интеграцияланған), қиял, аңыз, турнир, диспут, эврика, шығармашылық, сахналық көріністер, ойын, әзіл, аукцион, ой - талас, пікір - жарыс, көшбасшысы, сот, зертханалық, конференция; айтыс т.б.

Оқытудың ділнама арқылы әдіс - тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіру негізінде мектепте жүрген кезінде балалардың білім деңгейін, тәлімін жоғарлатып, таным деңгейін арттыру, пәндерге қызықтыру әрбір ұстаздың басты мақсаты.

Тиімді оқыту әдістемелері оқушыларды алғырлыққа, байқампаздыққа баулып, олардың ойлау қабілетінің жетілуіне, ең бастысы, ғылым негіздеріне ынта - жігерін арттыруға мүмкіншік туғызады, ұлттық сана - сезімін шыңдайды, елінің патриоты болуына ықпалдайды.

### 3.5 ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯ

*Н. Назарбаев: Білім беру бағдарламаларын іске асыру мен ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін инновациялық білім беру консорциумдарын құруға тікелей қолдау көрсету міндет.*

Мектепте оқытылатын ғылым негіздерінің бастыларының бірі болып математика есептеледі. Осы заманғы цифрлік негіздегі, интерактивтік әдістемені меңгеруде математика пәнінің қоғамдағы алар орны ерекше, сондықтан да оны жақсы меңгеру, жас ұрпақ санасында тәрбие мен білім нұрын күлде айтарлықтай орын алмақ. Оқушылардың білім деңгейін көтеріп, оны тереңдете отырып, олардың осы пәнге деген қызығушылығын арттыру қажет. Оң нәтижелерге жету үшін сабақтарды әр түрлі айла - тәсілдермен, компьютер көмегіне жүгіне отырып, ойын - жарыс элементтерін жүйелі қолданып, дара, жұптық, топтық жұмыстарға мән - мағна беріп, модульдік технологияға сүйенемін.

Модульдік әдістеме оқушының тәрбие нысанына, білім деңгейіне, іскерлік қабілетіне, өнегелі мәдениетіне, өзін - өзі тануы бағытында, өзгелермен тіл табыса білу мүмкіндіктерін қалыптастырады. Бұл әдіс оқу мазмұнының өсуіне – қарапайымнан күрделіге, репродуктивті тапсырмадан шығармашылық ізденістерге көшірі оларды ітермелеп, оқушылардың пәнге деген ынта – жігерлерін арттыра түседі:

1. Математикалық модульді үйрену – жаңа тақырып бойынша математикалық модуль белгісі түсініктерді синтездеу арқылы жеңілден күрделіге көше отырып, нақтылы дәлелдермен оқушы ойында қалыптастырады, яғни, үйрену үрдісі жүреді.

2. Математикалық модульді іс пен әрекетте пайдалануға үйрету – берілген математикалық модульді өмірде пайдалану, оқушылардың мәсел есептерді шығаруы мен жүзеге асырылады және олардың жеке тұлғалық ақыл – ойын, танымдық пен шығармашылық қабілеттерін дамытуна алғы шарт болатын, әлеуметтік міндеттерді орындауға адам бойында қалыптастырады.

3. Модуль бес тармақтан тұрады:

- 1) тақырыппен таныстыру, басты ұғымдардың, анықтамалардың, заңдардың сипаттамаларын түсіндіру, оқушылардың білімдерін сараптау;
- 2) теория мен практика бағыттары бойынша сынақ өткізу;
- 3) сынақ нәтижесіне талдау жасап, кемсін тұстарын толықтыру;
- 4) оқушылар білімін тереңдете түсіп, олардың қабілетін онан әрі дамыту;
- 5) деңгейлетілген бақылау жұмысын алу немесе тест өткізу.

#### Модуль

Блок бойынша тақырыпты оқыту және бақылау	Тереңдетіп оқыту және қабілеттерін дамыту	Теория бойынша сынақ өткізу	Сынақ практикум жүргізу	Бақылау жұмысы немесе тест
---	---	-----------------------------	-------------------------	----------------------------

#### Мақсат – мұраттар:

- білімді өз бетінше қабылдау қасиеттерін мақсатты дамыту;
- өз бетінше ой зерделеу және шығармашылық еңбекке машықтау;
- оқу мәселесіндегі дербестік пен белсенділік дәрежесін арттыру;
- талдампаздыққа үйрету;
- берілгені мен есеп нәтижесін салыстыру;

- жасырын, көзге көріпбейтін мәліметті байқағыштыққа логикалап апару;
- карапайым модельді образдауға ықпалдау;
- білімді жүйелей білуге бағыттау.

**Математика пәні мұғалімін әдістемелік жағынан дайарлау, төмендегідей білік пен дағдыларды игеруіне талаптайды:**

- математикалық және жалпы ғылыми әдебиеттерді зерттей оқып, тәрибеде қолдану;
- әр деңгейлі және түрлі бағытты есептерді шығару;
- шәкірттердің оқу – тағымдық, тәрбие – тәлімдік іс - әрекеттерін ұтымды ұйымдастыру;
- өз ой - өрісін жүйелі сипатта жеткізу.

**Оқушыға қойылатын талаптар:**

1. негізгі анықтамаларды, теоремаларды, ережелерді, формулаларды меңгергендігі;
2. алған білімін оқу – тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі;
3. есептерді әр түрлі әдіс – тәсілдермен шығара білетіндігі,
4. теоремаларды дәлелдеу алгоритімін меңгергендігі;
5. жазу, сызу, есептеу, тұжырымдауды игергендігі;
6. есепті жан – жақты талқылай алатындығы;
7. еңбектегі шығармашылық жігерлілігі.

*Компьютерге сүйісіне, кең меңгерген,*

*Білім мен тәлімді егіздеп, теңгерген.*

*Керней ауылында, Ибраев Ернарға,*

*Айтыңдар, қандай бала тең келген?*

*Техника кілтіне құштарсың,*

*Өнеріңді орлетіп, ұштарсың.*

*Он бірінші сыныпты аяқтап,*

*Өмір кеңістігінде ұшпақсың!*

*Алар шыңдарың биікте болсын,*

*Таудай талабың берік болсын.*

*Адастырмай, алға бағыттар,*

*Армандар өміріңе серік болсын!*

Қазақстандағы 15 миллион халықтың 57 пайызы қазақтар, ал қалғандары өзге ұлт өкілдері. Осыншама қазақтың 40 пайызы өз тілін білмейді, немесе оған шорқақ. Жалпы мектептер ішінде қазақ тілінде білім беретін оқу орындары 60 пайыз. Жоғарғы шендегі шенеуліктердің деңгейі мемлекеттік тілге құлықсыз, месінбей қарайды. Онда, латын әліппісіне көшсек не болмақ? Интернеттік жүйе латын тілін толық сөйлейді ғой! Қазақстанның латын алфавитіне көшуі, интернет жүйесіне тереңдете кіргізетін сокпақ жол. Басшылық оңалмай қон түзелмейді. Ұлы керуеннің қазақ тілінде сөйлеуі үшін, жерімізді қолдандыратын 130 ұлттар мен ұлыстарды біріктіруші, бүкіл қоғамдық өмірдің сұранысындағы, әрбір адамның нанын тауып жейтін құралына айналған, бірінші дәрежелі қажеттілік деңгейіне көтерілген ұлттық тілдің информациялық кеңістікте болуында. Қарының ашса көрер едім, бір жылда емес, бір жетіде қазақша сайрай жөнелер едің, құрметті тіл білмейтін ағайын. Мәселе шынайы қажеттілікте жатыр. Тіл білмейтіндерді әке – көке деп, оларға ақша төлең, еш уақытта тілге үңіре алмайсың, шенеулік. Оларға үкіметтің, халықтың қаражатын қолдану ауыр күнә, тарихи ағаттық – қазақтың абыройын қара жерге ташпаумен пара – пар нәрсе.

*Тілсіздердің үні жоқ,  
Түк құрлы құны жоқ.  
Түннің түндігі басып,  
Таң атырар күні жоқ.  
Тіліміз сая бүкіл Әлемге сауық - сайран,  
Барша адамзат атаулы, қалсын қайран.  
Ән ұран: «Менің Қазақстаным» асқақтап,  
Ел – жұртым кемелденіп, қақсын жайраң.*

Қалалардағы әрбір ғимараттың бірінші қабаты қазақ тілді бала бақшасы болса, онда ол, бүкіл халық үшін мемлекеттік тілдің, ана тілінің бастау шрағданы болады емес пе? Үш тілді, білімді және ғылымды тұрғыларды қоғамға келтіру үшін, Қазақстанға не қажет? Біздер ұрпаққа бейімдік, бейіндік және зейіндік, Қазақстанға тән өмірлік негіздегі білім - ғылым Парктері керек. Мұндай шараға жету үшін, мыналар іске асқаны заңды:

1. Мектептердегі интерактивтік, электрондық сабақтарды кеңінен түрде жүргізу.

2. Қазақстандық «Самғау» атты электрондық технологияларға кеңінен жүгіну.

3. Мектеп оқушыларының әр саладағы дарын иелерімен кездесіп, пікір алмастырып тұруды маңыздау (қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ақын – жазушылар, өнер жұлдыздары).

4. Аудандық, облыстық, республикалық, әлемдік деңгейлердегі бір – бірімен өзара байланысқан электрондық мектептер жүйесін қалыптастыру.

5. Информациялық ортаны тұрақты жұмыстық режимге келтіру.

6. Дүние жүзілік білім стандартына үйлесерлік, қонарлық (адаптация) үрдіспен бүкіл Әлемдік ғылым, білім, тәжірибе, білік аренасына шығу.

7. Түрлі деңгейдегі ғылыми – практикалық интернет конференцияларды жоспарлы өткізуге көшу.

Аралық және қортынды нәтижелерді анықтаудың әдістері мен түрлері:

Әңгімелесіп ой бөлісу, талқылап ой - өрісті кеңейту, ой – тұжырымды салмақтап қортындылау, ой – маздақты саралап түйіндеу, ой – түйінді сынап теориялау, ой – дананы даралап ғылымдау, сондай – ақ, ой – сананы мызғымастай тұғырлап, ғылыми - теориялық жетістіктерді техникалық прогресспен ұштастырып, индустриальды – инновациялық даму технологияларын меңгеріп, іс – тәжірибелік қолданысқа түсіру, осыншама сапалы нәтижелерге жету үшін мыналарды рет – ретімен, саты – сатысымен, қарапайымнан күрделіге қарай, үздіксіз жылжи - жылжи отырып, іске асыру керек: физикалық диктант пен шығарма жазу, өздік және бақылау жұмыстарын өткізу, тоқсандық, жыл аралық және жылдық ауызша сынақ пен компьютерлік тест алу, мектеп ішілік және мектептен тыс өтетін білім сайыстарына (білім марфоны, ғасыр көш басшысы, түрлі фестиваль, деңгейлік олимпиада...) ат салысу, дүние жүзілік дәрежелі Біріңғай Ұлттық Тест сынағына қатынасу т.б.

#### **Теледидар адамды қандайды**

Семіздіктің еш қажеті жоқ. Теледидар алдында сағаттап тапқырмай отырғандардың семіретіні шындық. Мұндай қортындыға американдық оқымыстылар 7 мен 12 жас аралығындағы балаларды зерттеу нәтижесінде келді. Өйткені экран алдында ұзақ отырған адамның зат алмасу реакциясының метоболизмі 12 – 17 пайызға баяулайды. Осыдан барып адам денесінде артық май жиналады.

#### **Ұшақта электроникамен ойнау дұрыс емес**

Ұшақ ішінде радиотелефондармен, компьютермен және электронды ойын құралдарын қолдануға болмайды, себебі олар электромагниттік өріс тудырады да, әуе ұшағының ұшу және байланыс жүйесінің жұмысына кедергісін тигізеді.

## Экологиялық тиімді көлік

Күн батареялары мен жел электростанцияларынан электр қуатын пайдалану арқылы жүретін автомобиль. Энергиямен бір рет толық зарядталған автомобиль 150 шақырым жолды жәйімен – ақ, қиналмай жүріп өтеді.

## Күн электр станциясы

Күн батареясын құрастыру ғарышты игеру техника – технологиясымен тікелей байланысты. Күн батареясының массасы аз болғандықтан, жарық энергиясын аморфты кремнидің көмегімен электр қуатына айналдырған пайдалы. Термальды су, жел, күн т.б. энергия көздерін электр энергиясына ауыстырған елімізге анағұрлым тиімді және экологиялық таза жұмыс ресурсы.

## Информатика

Информатика жалпы білім беруді, алуды шапшаңдататын техниканың бірі. Жалпы білім беру жүйесіндегі информатиканың мүмкіндігі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамдардың өзара қарымқатынастарын үйлестіруші және осы заманғы ақпараттық қоғамда түрлі сала қызметкерлерінің іс – әрекеттерін жоспарлы жүргізуге ықпалдаушы. Информатика адамды ақпараттық қоғамда толық қанды өмір сүре білуге жан – жақты дайындап, тұлғаның ғылымдық талпыныстарын траекториялайды.

## Өсімдіктің электір өрісі

Өсімдіктердің әрбір құрамдас бөліктері – жапырақтары, гүлдері, бұтақтары, дінгектері т.б. өзалдына, қайталанбайтын, біріншісі екіншісіне ұқсамайтын түрлі – түрлі толқындар импульсін айналасындағы кеңістікке үнемі таратып тұрады, сонымен қатар, керісінше, олар қоршаған ортасынан сан қилы электромагниттік тербелістерді өздері үздіксіз қабылдайды. Ауа райының өзгеруіне орай, өсімдік пен оны қоршаған ортаның қарым – қатынасы да, уақытылы өзара орайласып тұрады, денесіне қанша күн сәулесі, атмосфера жылуы, топырақ ылғалы, ықпалды радиация, тағыда басқадай қажеттіліктер кәдүмгі қолданыстағы компьютер қызметіндегідей ықпалданып, реттеледі. Міне, табиғат дананың тағы бір ашықшыпандығы.

## Адам Ата заманы және осы уақыт адамдары

Ғылым дамыған сайын қасиетті Құран Кәрімде жазылған ақиқат шындық екені дәлелденіп келеді. Малайзиядан археологтар тапқан адам қаңқасы мынандай: бойының 16 метір. Ислам дінінің адамзатқа үш түрлі негізде берілгендігі белгілі: Құран Кәрім; Пайғамбарымыздың хадистері; Пайғамбарымыздың айтқан сөздері – сүннелері. Сол сүннелерде Адам Атаның бойы – 60 шынтақ, ені – 7 шынтақ деген сөз бар. Үш шынтақтың бір метір болатын байқасақ, Адам

Атаның бойы – 20 метір. Бұл жаңалық Дарвиннің адам маймылдан жаратылды деген теориясымағын жоққа шығарып, Құран Кәрімде жазылған жайлардың ақиқат шындығын тағы да бір дәлелдеп тұр.

Ана тіліміз, ата дініміз өгейсіп қалды дегендей жағыдайда. Мұсылманбыз дейміз, бірақ іс - әрекетіміз мұсылмандыққа келмейді, кәпірлерден бірде – бір кем соқпамыз. «Құдайдан қорық, Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп бабаларымыз тегіннен – тегін айтпаған. Осынша әлсіздігіміз хаққа деген сенімнің әлсіздігі, Құдайдан қорықпағандығымыз. Құдайды ойламай жүрсек біздеге еш кешірім болмас. Кейінгі уақытта жастарымыздың бойынан мұсылмандыққа жат жиіркеншікті көріністер жиі байқалып жүр. Мектептерде имандық тәрбие – оқу дәрістерін жүйелі жүргізген жөн. Балалардың бойына – ойына имандылық қасиеттерін сіміру, олардың алдындағы мұсылмандық парыз – борыштарын түсіндіру, ұғындыру жалпы жұртшылықпен байланысты күшейтіп, бір – бірімізге бауыр, дос, туыс екенімізді ісмізбен дәлелдейік. Кімде – кім «Лә иллаһа иллаллаһ, Мұхаммадан расулаллаһ» деп шын көңілмен өмірінде үш рет айтып, жүрегімен бекітсе, мұсылман болады екен. Асыл тілімізді кәлимаға келтіріп, арқалы бабаларымыздың пәк жолымен жүрейік. Осы айтылғанды ең алдымен өзіміздің орындауызымыз Аллаһ алдындағы аманат болмақ.

### 3.6 ЕКПІНТАЙ АҒАНЫҢ ЕКПІНІ

(Мектепті күміс медальмен бітірген, осы уақытта жан – жақты білімділігімен, діндарлығымен еліне силы)

Ана тіліміз төңірегінде қаншама әңгіме қозғалып жатқанымен, мекемелерге іс – қағаз мәселесімен барғанда орыс тілі басымдық дәрежеде, Россияда тұрғандайсың. Кеңес одағы құламай тұрып, Қазақстан егемендік алғанда, 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл болу керектігі айтылды. Бірақ, 18 жыл уақыт өтсе де нәтиже шамалы, мардымсыз деуге де болады.

Тіл мәселесін елім деп еңіреген зиялы азаматтар бұрыннан – ақ қозғаған. Қай мемлекеттің де тірегі – ұлттық болмыс. Ұлттық болмыстың негізі тілімізде. Кезінде, Мағыжан Жұмабай, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов т.б. тіліміз туралы ой толғап, одан айырылып қалуымыз мүмкін екендігін де ескерткен.

Менің жасым 71 де, 1955 жылы Бұқар жырау ауданының «Үлгі» ауышындағы орта мектепті бітірдім. Сынып жетекшім Нина Константиновна Черкасова «Оқушылардың білім атестаттарын сен толтыр» - деп, тапсырма беріп тұрғанда мұғалімдер бөлмесіне мектеп директоры Сүлеев Төлеген ағамыз келді де, «Екпінтай, сен, атестаттын тек қазақша жағын ғана толтыр» - деді. Сынып жетекшіміз: «неге?»



дегендей сынай білдіріп, үндемей қалды. Төлеген ағай нығарлай сөйлеп: «Біз Қазақ ССР – ында тұрамыз, мемлекеттік тіл Қазақ тілі болуы керек, Ана Тіліміздің жан ашыры болу баршамыздың міндетіміз, оны жалыңда ұста» - деді.

Сол, 1955 жылы, мен Совет Армиясына әскери борышымды өтеуге шақырылдым. Өзбекстанның Самарқанд қаласында кіші командирлер даярлау мектебінде оқып жүргенде, дивизия штабынан келген полковник менің мектеп бітіру туралы құжатымды көріп, пәндер бағасына көңілі толғанымен, аттестстың орысша бетінің жазылмауына ренжіп, маған: «Жолдас курсант, сіздің құжатыңыз жарамайды» - деді. Мен оған: «Қазақ ССР – ның азаматымын, сондықтан дұрыс құжат деп қастерлеймін» - дедім. Полковник маған: «Жалпы алғанда, сен ССРО азаматы екеніңді ұмытпа!» - деп жекірді. Ол маған тағы да «Интернациональный дух у тебя ничтожно мало» - деді. Мен үнсіз тұра бердім. Онымды полковник ұнатпады. Устав ережесі бойынша мен оған: «Я виноват, товарищ полковник!» деуім керек еді.

Полковник: «Сені артиллериялық училищелердің біріне жібермекші едік, мына аттестат мәселесін штабта талқылаймыз» - деді. Мен оған Мәскеудегі училищеге бармайтынымды мәлімдедім. Ол маған бұл мәселенің тексерусіз қалмайтынын ескертті. Бір жылдан кейін «полковая школань» бітіргенде «младший сержант» емес, «сфрейтор» дәрежесін берді.

Орыс ұлтынан басқа ұлттардың тілдері Кеңес мемлекетіне қажет еместігін түсіндім. Бұл 1956 жыл еді, 20 жасымда әділетсіздікті сезіндім, коқан – лоқыны, тұқыртуды, шамалы да болса, бастан кешірдім. Бірге оқыған жігіттер менің сабақ үлгерімім өте жақсы бола тұра, кіші командирлік (сержанттық) атакка ие бола алмағаныма өкінетін және оның себебін біле алмай дал болатын.

Зенитный полкта орудийный номер болып жүгенімде, 2 – 3 айдан кейін, курсант кезімде учение – маневрлерге баратынымда, әскери топографтың көмекшісі болғанымды ескеріп, маған младший сержант атағын беріп, танк полкінің батареясына ауыстырды. 1957 жылы, ұмытпасам, сәуір айында батарея командирі капитан Заверзин маған: «Ертең жоғары оқу орнының (Самарқандтағы) студенттері келеді, зенитті зеңбірек туралы қысқаша сабақ өткізесің» - деді. Мен: «Жолдас капитан, жоғары білімді студенттер аллында маған сабақ өткізу қиын ғой, оған старший лейтенант Анажевич дұрыс болар» дедім. Анажевич взвод командирі еді. Батарея командирі капитан Заверзин: «Осы жолы тандау саған түсіп тұр, сабақтың ойдағыдай өтетініне сенімдімін» деді. Ертеңінде сағат 11 шамасында студенттер де келіп, сапқа тұрды. Капитан Заверзин маған: «Сабақты баста, 15 – 20 минутта аяқта» - деді.

Сабаққа кірісе бергенімде, топ ішінен біреу: «Өзбекше айт!» деді. Мен: «Өзбекше білмеймін!» - депім. Бір студент қазақ тілінде: «Ой туыс, қазақша айта бер!» - деді. Бұл сөз мені өте қатты голқытты. Басқа елде, ойлантаған жағдайда, рәсімі түрде, көпшілік алдында, өз ана тілінде сөйлеу бақыты ұсыма түсті! Мен оларға: «Ағайын – туыстар, қазақ халқы өзбек өз ағам дейді, маған өз ана тілінде сөйлеуге мүмкіндік бергендеріңіз үшін көптен – көп рахмет. Бірақ, техникалық терминді орысша айтайын» дедім. Сабақ аяқталған соң студенттер ду қол шалалақтады, мені шын жүректен құттықтады. Олардың қолпаппауы сабақты ерекше жақсы өткізгендігім үшін емес – қазақша сөйлеуім еді. Өзбек халқының өз тілін, салт – дәстүрін қатты құрметтейтіндігінің куәсі болдым! Жиналыстарда райком секретары, аудандық атқару комитетінің төрағалары өзбек тілінде баяндама жасайды, аудармашы орыстар орыс тіліне аударалды. Бұл менің 1950 жылдардағы көріп, ой – санама түйткендерім.

Осы сәтте ойыма ұстазым, қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерінің білгірі Сүлессе Төлегеннің ұлағатты дәрісі, Ана Тілімізге деген қисапсыз жан ашырлығы түседі!

*«Жігіт бірде кедейденер, байыр да,  
Ақ атымды, қанатымды қайырма.  
Айырылсам да құмбатымнан талай бір,  
О, тағдырым, тек тілімнен айырма!»* - деген Тұманбай

Молдағалиевтың жанды да мәңгі шумағымен естелігімді аяқтайын.

Физика және лирика

*Тақырып:* Заттың төрт күйі және табиғаттың төрт мезгілі (Газ, сұйық, қатты, плазма және көктем, жаз, күз, қыс).

*Мақсат – мұрат:*

1. Зат күйінің температура мен қысымға тәуелділігін оқушылар сипасына ұялатып, олардың ой - өрістерін кеңейте түсу;

2. Физикалық жылу құбылыстары мен Абай лирикасының философиялық мән - мағанасын ұптастыра отырып, туған өлке табиғатына сүйіспеншілік сезімін шәкірттердің жүзеге келтіруіне күйе;

3. Бәсекеге қабілеттілік – Қазақстандық дамудың жаңа кезеңі екендігін бабаларға ұғындыру.

*Сабақтың түрі:* Интеграция негізінде – ғылыми деректерді қорғиыдылап, жекелеген құбылыстардың немесе қасиеттердің арасындағы байланыстарды тағайындау; жалпы және мәңгісі байланыстардың негізінде физикалық заңдылықтарды тереңірек зерделеу.

*Көрнекілік:* Менделеев кестесі, Қазақстанның картасы, Абай поэзиясы, ауа, су, қорунд...

*Қолданылған әдебиеттер:* Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан (Президент жолдауы – 28 – 02 – 07), Қарағанды облысы энциклопедиясы («Атамұра», Алматы 2006), Абай поэзиясының тілі (Алматы 1960), Абай – қара сөздер. «Өнер», Алматы, 2006, Физика және астрономия (Дидактикалық демеу, «Атамұра», Алматы 2003

*Сабақтың барысы:*

1. Ұйымдастыру сәті – Біз бүгінгі дүниеде Қазақстан мен мықстандықтардың лайықты орын алуын, еліміздің бүкіл халқының міндетін арттырып, тұрмыс деңгейін едәуір көтеруді қамтамасыз ету үшін сыртқы нарықтарға шығып, онда мықтап орнығуға міндеттіміз.

Қарағанды облысы Қазақстан Республикасының орталық өңірінде орналасқан, жері 428 мың шаршы км. 9 селолық әкімшілік ауданға бөлінген, оның ішіндегі бір ауыл – «Керней».

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668 – 1781), суығыр-салма ақын, жырау. Біз осы Бұқар жырау атындағы ауданда тұрамыз.

2. Абай және қазақы табиғат философиясы.

Абай Құнанбаев (1845 – 1904), ақын, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классик. Бұрынғы Қарқаралы ауданында, Шыңғыс тауының бауырындағы Қасқабұлақ күзегінде туған.

Абай ақыл, нақыл сөздерге мол көңіл бөлген. Абайдың ақыл сөздері:

*«Әсемпаз болма әр неге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан»*

(1 том, 158 – бет).

*«Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей»* (1 том, 96 – бет).

*«Ғылым таппай мақтанба,*

*Орын таппай баптанба,*

*Құмарланып шаттанба,*

*Ойнап босқа, күлуге.*

*Бес нәрседен қашық бол,*

*Бес нәрсеге асық бол;*

*Адам болам десеңіз*

*Тілеуің, өмірдің алдыңда.*

*Оған қайғы жесеңіз*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ.*

*Бес дұшпаның бісеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой,  
- Бес асыл іс көнсеңіз...»*

(I том, 61 – бет)

Абайдың нақыл сөздері:

*«Азат болсаң құл:  
Қолдан келмес іске ұмтыл»*

(II том, 125 – бет)

*«Берекелі болса ел:  
Жағасы – жайлау, ол – бір көл.  
Берекесі кеткен ел –  
Суы ашыған батпақ көл...»*

(I том, 100 – бет)

Абай сөз образы арқылы шын мәніндегі үлкен – үлкен фәлсафалық пікір айту әдісін жоғарғы сатыға көтерді.

*«Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек,  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек.*

*Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті:*

*Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...»*

(I том, 181 – бет).

*«Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі,  
«Мен» менен менікінің мағнасы екі.  
Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
Менікі өлсе, өлсін, оған бекі...»*

(I том, 193 – бет).

Тағыда Абай:

*Қар жауса да тоңбайды бай баласы,  
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалашы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...-*

дейді.

Жазғы түн, жайлы кештерде, сарғая сағының, сарыла күткен адамдардың сәтті кездесу

Сыпайы сырласу, тамсанғандай әдемі суреттей келіп, олардың ауызына:

*Қайғың – қыс, жүзің – жаз,  
Боламын көрсем мәз.*

*Күлкіңіз бойды алар,  
Бұлбұлдай шықса әуез,-*

мен тәрізді ішкі сезім дүниесін дәл бейнелейтін сөздер салды.

Талап, еңбек, ой, рақым деген сөздер Абайда әржерде әртүрлі айтылғанмен, құятын арнасы біреу. Талап пен еңбек бір жерле қайрат болып, ой – ғылым болып, рақым – жүрек болып айтылса да, ақыл, еңбек, жүрек, ғылым – осы төрт сөздің маңынан алыс кетпейді. Оның мәні өлеңдерінде осы төрт сөздің мәнін кеңінен шолып, тереңірек түсінгендігі байқалады:

*Әуелден бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек,  
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,  
Бұл қайраттан шығады, - білсең керек,  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке – жеке біреуі жаратпайды,  
Жолда жоқ, жарым есті жақсы демек.  
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ.  
Тулап, қайнап, бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз.  
Ғылым сол үшеуінің жәнін білмек, -*

мен тәрізді өзінің философиялық өлеңдерінде бұл төрт сөзді арқау ете айтады. Сөйтіп, қазақ даласында да ол өзінің тамаша көркем асыл өлеңдерімен әділеттіліктің, ғылымның, еңбектің, адамгершіліктің ұлы рухын көтерді. Ол тек өз заманының адамдары ғана емес, болашақ ұрпаққа да осыны айтып өткен дана ақын.

**3. АБАЙДЫҢ отыз екінші сөзінен:**

*Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек.*  
Тұлғаның өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей іздегенмен табылмайды.

Әуелі – білім – ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемеске керек...

Екіншісі – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек...

Үшінші - әр хақиқатқа тырысып иждидатынмен көзің жетсе, білім гүл, өлсең айырылма!...

Төртінші – білім – ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның қолында: бірі – мұлхаза (ойласу, пікір алмасу), екінші – мұхафаза (сақтау, қорғау)...

Бесінші – Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, ұстап, біліп ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды – дағы, сондайдан біліп, көргені көп болған адам білімді болады (19). ... Уайымсыз

салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (қалайда, әйтеуір). жаным, соған бек сак бол, әсіресе! Әуел құланың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың бәрінің дұшпаны ол. Ар бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтығың мінез деген сауаты бар. Сол мінез бұзылмасын!...

4.ЖЫЛУ құбылыстары және ФИЗИКАЛЫҚ ДЕНЕЛЕРДІҢ күйлері.

Броундық қозғалыс, диффузия құбылысы, температураны өзгерту әдістері, ішкі энергия, ішкі энергияны өзгету түрлері, жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелік жылу алмасу, жылу мөлшері, отын энергиясы, энергияның сақталу заңы.

Агрегаттық күйлер, балқу, катаю, судың қасиеттері, булалану, конвекция, қабыққан бу, ылғалдылық, сұйықтың қайнауы.

4.Физика және Лирика.

Кіріктіріп (интеграция) білім беру жүйесі – оқушылардың білім алуындағы өзін - өзі ұйымдасуының болашақтағы түрі. Оқушылардың қалыптасуына, шығармашылыққа өздігінен араласуына мүмкіндік беріледі, ал оны іске асыру ұстаздардың басты мұраты.

Заттың төрт күйі (газ, сұйық, қатты, плазма) – бу, су, мұз, су тегі иондары; жыл мезгілдері – көктемнің көзі күлімдеп көңілденуі, жаздың жайдары жайғасып жайқалуы, күздің көңілі көлкілдеп кербезденуі, қыстың қасқая қақап қаһарлануы (Оқушылар Абай өлеңдерін оқиды - төрт мезгіл).

5.Қортынды. Оқыту барысында мәселелерді шешу жолдарын пайымдау оқушылардың интеллектуалды ой - өрісін қалыптастыруға жағыдай жасайды: талдау, жіктеу, салыстыру, жалпылау, себеп - салдар байланысын айқындау, ғылыми болжам жасау және т.б. экологиялық мақсатты шешімдерді талдауда қажетті логикалық алгоритімді жүзеге асырады. Ән – «Желіз түнде жарық ай».

## IV ТАРАУ. ТӘЛІМ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

### 4.1 1-12 СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ТӘЛІМ – ТАҒЫЛЫМ, ЖОҒАРЫ АДАМИ, ҚАЗАҚЫ – ҰЛТТЫҚ

**САБАҚТАР БАҒДАРЛАМАСЫ**  
(аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағат)  
Мектеп компоненті – элективті курс:

**Дінаманың ғылыми негізі және Ислам Діні жөнінде түсінік**

#### Кіріспе

Бұл курста қаралатын мәселелер балалардың ой - өрісін жан - аяқты, заманымызға сай дамытып, әр түрлі ғылымдардың, мектептік пәндердің жоғары адамгершілік қасиеттерге негізінделген тұғыры, яғни цементеуші фундамент болмақ.

Кейбір тақырыптар бірінші сыныптан әрі қарай жоғарлаған сайын қомақтана түсіп, мәтін – мазұмынын кеңейте береді, ғылымилығы тереңдейді. Курста қарастырылатын теория үш сатылы деңгейде, үш топпен (төменгі, орта, жоғарғы) жүзеге асырылмақ. Бірінші топтағылар (1- 4 сыныптар) ел рәміздеріне, әсем табиғатқа, өмір ұяға, халықтық ойын – сауыққа, әуендік аспаптарға, аңыз - әңгімелерге, туған жерге, ана тіліне, ата – анаға, екінші топтағылар (5- 9 сыныптар) – Қазақстанның жалпы табиғатына, оның экологиясына, тұрмыс – қарекетіне, адамның ішкі – сыртқы құрылымына, өнеріне, ал үшінші топтағылар (10 – 12 сыныптар) – жоғарыда айтылған бағыттарды тереңдете дамытып, олардың ғылыми ұстанымдарына кеңірек көңіл бөледі.

Діл, Дін және Данышпандық ой – толғам, тұжырымдар сыныптан – сыныпқа жоғарлаған сайын, күрделене дами отырып, оқушылардың дүниеге, жаратылысқа, қоғамға, тылсым құбылыстарға, жеке адамның өзін - өзі тану көзқарас – мүмкіндіктерін кеңейтеді, олардың қоршаған ортадағы орнын, әрекетін дәлелдей түседі, таң ажайып құбылыстарды ұғыну мүмкіндіктерін арттырады.

Дінама, Ғылым және Ислам діні барша адамдар жүректеріне ұлтсіз алтын нұр сәулесін төлетін, еш уақытта өшпейтін шам – тырық, мәңгі жасайтын жарық шоқ жұлдыз!

**1 – 4 сыныптарға арналған жоспар**  
(Аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат.)

Рет Саны	Сабак тақырыптары	Сағат	Күн, ай	Ескерту
1	Сәлемдесу. Менің жанұям – атам мен әжем, әкем мен анам, ағам мен апам және мен өзім. Көшеде жүру ережесі.	1		
2	Менің сүйікті анам және бауырларым. Ата заңы.	1		
3	Керней – біздің тұратын ауылымыз. Кітап оқимын.	1		
4	Біз әсем жерде тұрамыз. Рух және тән тазалығы.	1		
5	Жанұямен табиғатқа қыдырып шыққанда... Ана тілі.	1		
6	Бұқар жырау ауданы Сарыарқа жерінде орналасқан.	1		
7	Бұқар жырау атамыз. Менің дінім – ислам.	1		
8	Ана тілі – бабалардың қасиетті тілі, дана тілі!	1		
9	Сүйікті отанымыз – Қазақстан. Қобыз аспабы.	2		
10	Қазақстан рәміздері – көк байрақ, ел таңба, ән ұран.	1		
11	Ана туралы тақпақтар. Судың қасиеті. Гүл егу.	1		
12	Діл дегеніміз не? Киелі домбыра үні. Ойнайық та ойлайық.	1		
13	Мектеп – алтын ұя... Күз. Ағаш отырғызу.	1		
14	Мен ақылды баламын, үлкендердің тілін әрқашан да аламын.	1		
15	Мен қазақтың баласымын, дінім Ислам.	1		
16	Жеті атасын білмеген адам жетесіз болады.	1		
17	Білім әлеміне саяхат – кітап білім бұлағы. Өннің әсері.	1		
18	Жетеліге қасиетті жеті сөз. Жеті атам. Ойнайық та ойлайық.	1		



19	Қазақстанның бас қаласы «Астана». Бағдаршам.	1		
20	Спортпен доспын, таңғы жаттығуды еш ұмытпаймын – аяндаймын, жүгіремін, секіремін және түлі – түрлі жаттығулар жасаймын, сондықтан да ауырмаймын.	1		
21	Сұлу өңір – сымбатты Сарыарқа! Көктем келді күлімдеп.	1		
22	Ұлттық тағам түрлері және зор ленсаулық. Экономика.	1		
23	Ауыздың қайда екенін қол біледі, ауылдың қайда екенін жол біледі. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей.	1		
24	Сақтасын жамандардың жаласынан, түсіме өңім түгіл, Алла кіргізбесін. Темекі шегуді, насыбай атуды, шарап шуді т. б. жағымсыз қылықтарды жек көретін баламыз.	1		
25	Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей. Ағаш егу.	1		
26	Қымыз ішсең – көңілің жай! Атам бата берді.	1		
27	Компьютермен жұмыс істеуді үйренемін, жаман қылықтардан жиренемін. Ғылым шаһары.	1		
28	Өзімді - өзім танимын, мен өнерлі баламын.	1		
29	Өнер алды қызыл тіл, оны да сен бала біл! Жол ережесі.	1		
30	Абай атаны танимын, өлеңдерін тыңдаймын. Бата.	1		
31	Өзге пәндерді де миыма реттеп, тоқимын. Ән шашу.	1		
32	Туып өскен өңір табиғатын тамашалау – тауға саяхт.	1		
33	Қортынды сабақ - өнер сайысы. Қоштасу.	1		

**5 -7 сыныптарға арналған жоспар**  
(Аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат.)

Рет Саны	Сабақ тақырыптары	Сағат	Күн, ай	Ескерту
1	Менің жанұям – кіші Отаным. Рух және дене тазалығы.	1		
2	Сәлемдесу. Мектебім – алтын бесігім, екінші жан ұям. Мектеп – кеме, білім – теңіз. Кітап білім казынасы.	1		
3	Отаным – гүлденген Қазақстан. Жол ережесі.	1		
4	Өзіңді өзің таны. Қазақстанның рәміздері және қазақ рухы.	1		
5	Қазақстан рәміздері – Ту, Елтаңба, Өнұран. Ата заңы.	1		
6	Сарыарқа – сайран жерім, қайран байтағым. Баба тілі.	1		
7	Абай және өлең құдіреті. Мен де ән шырқаймын.	1		
8	Тәттімбеттің саржайлауы. Қазақтың кара домбырасы.	1		
9	Діл дегеніміз не? Бағдар шам. Дінім – мұсылман.	1		
10	Әнді сүйсең, менше сүй! Ән көңілдің ажары.	1		
11	Бұқар жырау және туып - өскен, кіндік кескен жерім.	1		
12	Кімде – кім ана тілін білмесе, ол ұлт үшін, қазақ үшін жоғалған жан. Судың қасиеті. Гүл егу.	1		
13	Әркім өзі талпынбақ, басына қонар бақ үшін.	1		
14	Қазақ дәстүрі әке - шеше, ата - әжені ғана емес, жалпы халықты сыйлауға баулиды. Ойнайық та ойлайық.	1		
15	Айтыстың бекзадасы, өр акыным, дарынына табынар көп жақының. Айтыс, айтыс... Домбыра – дастан.	1		

16	Домбыра тартамын, өлең шығарамын, мен нағыз қазақпын. Қазақ иісі. Ойнайық та ойлайық.	1		
17	Күз. Ауылдағы өнім – терім жинау науқаны. Ағаш егу.	1		
18	Білім алудың психологиясы – дұрыс дәрістенуге негіз.	1		
19	Ақыл – ой әрекеттерінің кезек – кезеңмен қалыптасуы.	1		
20	Хайуанаттарды үлкен – кішілігіне қарай ретімен дәптерге жазып шығу ойын – жарысы. Көшет отырғызу.	1		
21	Ауданның сыйлы адамдары және сырлы табиғаты.	1		
22	Өнегелі бала – көрікті бала. Жаңбырмен жер, батамен ел көгереді. Ағаш, бұталар отырғызу.	1		
23	Күнделікті, тұрақты нақты сабақтастықты үзбеу – бала тәрбиесінің нәтижелі шыңына әкелер траектория.	1		
24	Оқушылардың мотивацияға үйренудегі жас және тұлғалық ерекшеліктері. Үмітін жоғалтқан жан – ешқашан мұраттанып көрмеген жан. Дін – мұсылман.	1		
25	Қайырымды жан – келешегі мол, болар тұлға. Жол жүру.	1		
26	Өнерлі халықтың өнегелі ұл – қызы болайық.	1		
27	Ғылыми ұғымдардың қалыптасуына алғы шарттар...	1		
28	Заманына лайық тәрбиелі бала – Қазақстанның ертеңгі үміті, келер болашағы. Ғылым шабары. Экономика.	1		
29	Компьютерден білім – тәлім аламын, мен өнегелі боламын!	1		
30	Жаңа Қазақстанның ақылды экономикасы дегеніміз не?	1		

31	Судың керемет, адам нанғысыз ерекше қасиеттері.	1		
32	Үш саны жөнінде қызықты ой – толғамдар. Ақ бата.	1		
33	Ойнайық та, мәз болып бір күлейік! Өн – жыр шапу.	1		
34	Ділнамадан не үйрендік, санамызға не түйдік? Қоштасу.	1		

**8 – 9 сыныптарға арналған жоспар**  
(Аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат.)

Рет Саны	Сабак тақырыптары	Сағат	Күн, ай	Ескерт
1	Сәлемдесу. Ділнаманың ғылыми негіздері. Діл – адамның өзін - өзі тану баспалдағы, тұлға келбеті. Ата заңы.	1		
2	Діл қазақы идеямен ұштасады. Салт – дәстүр. Қобыз зары.	1		
3	Отаным. Қазақстанның Туы, Ел таңбасы, Өн ұраны.	1		
4	Бұқар жырау ауданы – біздің Сарыарқада! Ағаш отырғызу.	1		
5	Туған тілім киелі, көп оның ұрпаққа берері! Дана тіл.	1		
6	Сыршыл жүрек, адал тірек. Рух пен аға тазалығы.	1		
7	Бақыт дегеніміз не? Үміт армандарға жетелейді. Бағдаршам.	1		
8	Ақыл – ойдың көкесі даналықпенен келеді. Әрекет студегі максатқа адам, ең алдымен өзін - өзі жетілдіру арқылы жетеді. Судың керемет қасиеттері. Гүл егу.	1		
9	Ғылыми ұғымдарды бала санасында қалыптастыру.	1		
10	Жоғары адамгершілік қасиеттер. Айтыс әлемі.	1		
11	Жыл он екі ай және үй жануарлары.	1		

Ғылым кітапта.			
Интеллектуалдық ойындар. Жол жүру ережесі.	1		
Балалардың инварианттық ұғымын ізжірибе жүзінде қалыптастыру, ғылым шаһары.	1		
Жер жаһан және өсімдіктер әлемі. Қыс.	1		
Өн – көңілдің ажары, дертке таптырмас шипа.	1		
Марат Мәзімбаев – бокстен әлем чемпионы.	1		
Жаман әдеттерден аулақ боламыз, ал жақсыға таяу жүреміз.	1		
Эксперименттік оқытуды ұйымдастыру. Өрелі өлең – жыр.	1		
Тарихи ерекше қасиетті жерлер. Ағаш отырғызу.	1		
Қазақ – болмысынан сері халық. Қыздар сұлу көрінер сәніменен. Дінім – мұсылман.	1		
Қыс айының ерекшелігі. Таза ауадағы шаңғы серуені.	1		
Ми – ең жоғары дамыған сағйдағы материя. Экономика.	1		
Ой – ми қызметінің өрістік сипаты, адамға табиғаттың берген сыйы.	1		
Өнінен халықты танимыз. Қазағым қайран жұртым.	1		
Кеменгерлер ғылымы. Ғылым тапшай мақтанба.	1		
Қазаққа алдымен терен ой – талғам керек.	1		
Атаның сөзі – ақылдың көзі. Бабалар батасы.	1		
Ана алақаны жылуы, жүрек әлдіі. Көшеде жүру ережесі.	1		
Әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өседі. Ұл – Отан қорғаны.	1		
Жаман істерден аулақ... (насыбай, темекі, есірткі, жез өкше...)	1		

31	Киіз үй элементтері және астрономия. Өн – жыр шашу.	1		
32	Компьютер әлемі және мен. Ғылым шаһары. Ақ бата.	1		
33	Қазақтың жетелі ұлы. Ашық сабақ. Табиғат аясындағы жыр.	1		
34	Қазақтың ару қызы. Сынақ сабақ. Қош айтысу.	1		

**10 – 12 сыныптарға арналған жоспар**  
(Аптасына 1 сағаттан, оқу жылына 34 сағат.)

Рет Саны	Сабақтың тақырыптары	Сағат	Күн, ай	Ескер
1	Сәлем – сөздің атасы. Діл – адамның өзін - өзі таңуының баспалдағы, тұлға келбеті, ақыл мен парасаттың өлшемі, тегін тектейтін ұлы қасиет. Ата заңы.	1		
2	Өнер – құлақтан кіретін, көзге көрінетін, денеге сезілетін тамылжыған сөз, нәзік саз, бойды және сананы жаулайтын құбылыс, жан – дүниесін толқытатын ерекше қуат, рухты аскақтататын тылсым күш. Қобыз зары. Судың құпиясы.	1		
3	Жер – бесік, сайран далам – Сарыарқам! Рух пен тән пәктігі.	1		
4	Атаның сөзі – ақылдың көзі. Даналық сөздер мәйегі.	1		
5	Ойға ой қоссақ, сана – сезіміміз өрге домалайды. Бағдаршам. Гүл өсіру. Қазақ тілі – Жер Ана, Ата – Баба тілі.	1		
6	Оқытудың психологиялық теориясына талаптар – оқытуды Басқарудың негізі. Қыздар сұлу көрінер сәніменен.	1		
7	Ақыл – ой әрекеттерінің кезек бойынша қалыптасуы.	1		
8	Өлең – сөздің патшасы. Тақпақтар оқу. Күй – дастан.	1		
9	Қазақы идея – ұлт менталитеті,	1		

	Ұлттық ар – ұждан.			
10	Киіз үй және ғылым. Жаратылыс тану негіздері.	1		
11	Рух психологиясы – қазақы психологиядағы психикалық, материалдық – физиологиялық құбылыстармен байланысып отыратын бағыт. Мен Қазақстанның патриоты боламын.	1		
12	Батыр бабалар. Абылай хан. Қазақтың үш ханы және Бұқар жырау. Ұлдар – Отанымыздың құрыш қорғаны.	1		
13	Ұлы адамдар – Бейбарыс, Әл Фараби. Ғылым шаһары.	1		
14	Нан – қасиетті дәм. Құран кітабын табаның астына қойып қол жетпейтін жердегі нанды алуға болады. Кітап – ғылым.	1		
15	Біздің дініміз Ислам. Құран кәрім – қасиетті кітап.	1		
16	Түркістан – ұлттық Рух белгісі. Ағаш отырғызу.	1		
17	Спорт. Бекзат Саттархан Сидней Олимпиадасы чемпионы.	1		
18	Мен ғылымға жақын боламын. Ғылыми ұғымдардың қалыптасуы. Жеті санының таңғажайып қасиеттері!	1		
19	Ғылым дүниемен байланыс – телекинез. Сапарға аттану.	1		
20	Жапырақ жайған бәйтерек. Қазақтың арыстары. Ағаш егу.	1		
21	Эксперименттік оқытуды ұйымдастыру. Ойлау дегеніміз не?	1		
22	Қазаққа ең алдымен терең ой қажет! Ой маздағы.	1		
23	Рухани дәстүрлер – жауапкершіліктің қайнар көзі.	1		
24	Дене тәрбиесі, қимыл белсенділігі, шығыу. Спорт.	1		

25	Адамға зиянды заттардан, іс - әрекеттерден өзімізді аулақ ұстаймыз. (темекі, насыбай, арақ – шарап, есірткі...)	1		
26	Дұрыс тамақтану – жан мен деннің саулығының кепілі.	1		
27	Психозмоциялық денсаулық. Адам экологиясы.	1		
28	Интернет жүйесі және мен. Алтын ұя мектебім ризамын мен саған! Ғылым шаһары. Әлемді аралау мүмкіндігі.	1		
29	Бәсекелестікте жеңіске жетіп отырамын. Экономика.	1		
30	Қазақтың ер жігіті – бір сырлы, сегіз қырлы.	1		
31	Қазақтың сұлу қызы – ертенгі болашақ жар, ана.	1		
32	Ата дәстүрлері – ай! Жігіт пен қыз сыны. Бата беру.	1		
33	Өнегелі өріс. Бата алдым да ата – анамнан үлкен өмір жолына жолдама алдым. Өлең – жыр додасы (табиғатта).	1		
34	Талап және дарын. Ұзақ уақытқа қош айтысу.	1		

### Сәлемдесу және қоштасу

**Хадистен: Сәлем беріп кірмеген адаммен қарым – қатынас жасама.**

Қонақжай, бауырмал казак үшін сәлемнің, өзара аман – саулық сұраудың мәнісі зор, ол адамгершіліктің бірінші белгісі. Ақ – жарқын адамдар кездескенде, олардың бойын қуаныш – шаттық сезімдері билейді, масағтанып бір жасап қалады. Ассалаумағалейкум! – Алланың нұры жаусын, ал Уағалейкумуассалам! – маған жауған нұр сізге де жаусын деген мағана береді. *«Бірің мен бірің сәлемдесіп жүріңдер, сонда ғана араларыңда мейірбан махаббат оянады»* - деген екен соңғы пайғамбар. Сәлемдесіп жүрейік жамағат! Сәлеміміз дұрыс болсын бауырлар. Сәлем – сөздің атасы! Кел қоштасайық. Қош айтысар шак жетті. Дүниеде не қиын? Қоштасу. Мәңілікке қош айтысу! Тугандарыңмен, достарыңмен, көршілеріңмен, ауылыңмен, өскен



Әрімен, ел – жұртыңмен, әке – шешенмен, сүйгеніммен, ең соны,  
Арық дүниемен қоптасу қиынның қиыны.

*Қош бол қарағым келгенше,  
Қайта айналып жеткенше.  
Күнде мен сіздерді күтемін,  
Жарық дүниеден кеткенше!*

### Түсінік хат

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Білім» мемлекеттік бағдарламасының ережелеріне және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына негізделіп даярланған.

Жалпы орта білім мазмұнының вариативті бөлігі оқушылар мазмұнының жеке тұлғалық негізін қамтамасыз етіп, саралау - даралау принципіне жүзеге асып, оқушылар мен ата - аналардың сұраныстарын қамтамасыз етеді - әлеуметтік тілек - талаптарға ден қояды.

Вариативті мектеп компоненті бойынша 10-ы сыныптарда білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарынан тыс, таңдау пәнін таңдаған оқушыларға қосымша білім беру бағдарламасы ұсынылады. (Жоспарлар кітаптағы қосымшада.)

XXI ғасыр - өмір сүруді, яғни бағдарлы оқытуды жүзеге асыру маңызында жеке жауапкершілікті күшейтумен үндесетін өзіндік қабілеттерді дамытуды талап етеді. Оқыту барысында алатын білімді тек меңгеруге, оны белсенді қолданып, бәсекелестікке төтеп беру қажеттісіне оқушыларды оқытушылар жеткізеді. Мұндай жағдайда білім мазмұны адамзат жинақтаған білім мен тәжірибенің нәтижелерінен көз жазбай, қоғамдағы өзгерістерге де үнемі бейімделіп отыруды қажеттейді.

*Хадистен: От басындағы үнемілік – бүкіл тіршіліктің жартысы. Адамдармен достасу – ақылдың жартысы. Сұрау білім, ізденісті үйрену – білімнің жартысы. Бір сағат білім үйрену – бір түнгі гихадаттан атық. Ал бір күндік дәріс – бір ай ұстаған нәфіл ораздан абзал.*

**Н. Назарбаев:** *Өзіміздің бәсекелестік қабілетшіліктерімізді негізге ала отырып, технологиялар дамытуларымызды белсенді әрі байыпты жүргізуіміз керек.*

## 4.2 ОСЫ ЗАМАНҒЫ ТЕХНОЛОГИЯ

**Нанотехнология** - өте кішкене кеңістікте, өте – мөте ұсақ, көзге көріне қоймайтын құрылым - механизмдермен жүзеге асырылатын, ұтымдылығы қисапсыз көп, ерекше жоғары техникалық құрылғының жүйелі де саликалы қызметі.

**НАНО**, мысалмен келтіріп айтқанда, компьютердің көлемін оның бастапқы аумағынан оның тоғызыншы дәрежесі бөлігімен, яғни миллиард есе кішірейту деген сөзбен пара – пар. Бұл дегеніміз, образдап айтқанда, атомның ішіне кіріп, элементар бөлшектермен кәдүмгідей араласып, оның ішінде адамзатқа қажетті ықпал жасап, техникалық пайдасын істе қолдану. Бұл дегеніміз, протон мен нейтрондарды, пи мезон мен ми мезондарды қолмен ұстап, қарапайым механизмдер тәрізді инженерлік сипатта іс– тәжірибеде жан - жақты қолданысқа кіргізу, айтайық, адам қанына кіріп, ондағы ауырулар жүйесін бұзып – жойып, пәк тазартамыз.

**Тәрбие технологиясы** – ықпалдайтын көріністегі жекелеген педагогикалық міндеттерді іске асырудағы әдістер жүйесі, жеке немесе ұжымдық әсер, іс - әрекеттердің орындалуын ұйымдастыру және оқушылармен байланыс жасаудың өнеге - тәлімдік тәсілі мен құралы.

**НАНО тәрбие** - адам қанының тазалығымен және асылдығымен, гендік инженерия және өлкелік - табиғи қасиеттермен, жүйелі түрде өздігімен және қоршаған орта ықпалымен іске асырылатын ерекше мағаналы, ақылмен тәлімделетін синусойдалық сипатты құбылыс. **Нано тәрбие** – көзге көрінбейтін, бөгде ықпалмен байқалмай, өзінен - өзі жүзеге асатын, оң нәтиже беретін, генетикалық тұрпаттағы судың құдіретімен жететін динамиалық тәлім түрі. Бұл тәрбиенің бастауы тәлімдік бұлақ көзі өзіміздің төл мұрағатымыз – халықтық педагогика көбінесе тілсіз – сөзсіз санаға өздігімен құйылатын, ата қанымен, ана сүтімен зердеге жететін педагогика, қазаққа ғана тән ұлы далалық ұлағатты да саликалы педагогика. Бұл ұлы педагогика ламы жалғаспаса, казак халық ретінде дүниенің құрдымына құлдилаиды.

Тәрбие мен оқу технологиялары клеткалық технологиямен астарлас – қолтықтас жүргені оңтайлы, себебі егілген ұсақ дәннен уақыты жеткенде қомақты өнім, яғни жоғарғы бәсекелестікке төтеп беретіндей дәрежедегі тұлғаны сомдап, саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, технологиялық, ғылыми т.б. бағыттарда айтарлықтай табыстарға жете береміз.

**Бағдарлы оқытудың ғылыми негізі.**

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу үшін салыстырмалы ғылыми педагогика негізінде бағдарлы оқытуды тәжірибеде жүзеге асыру уақыт талабы. Ресурстық орталықта оқытудың ғылыми мәтінін пайымдау арқылы нәтижеге бағытталған білім алуды қамтиды.

### **Қолданылу сапасы**

Бағдарлы оқыту бағыты – мысалы, 10 сыныптағы физика пәнін оқытаған оқушылардың қызығушылығын, қабілетін дамыта отырып, оларды саралай - даралай оқыту.

### **Нормативтік сілтеме**

2007 - 2008 оқу жылында жалпы білім беретін мектептің 10-ы сыныбында ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2002 жылғы 24 қыркүйекте № 693 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Негізгі ережелеріне сәйкес бағдарлы оқытуға кірісуге тиіспіз.

Қосымша білім беру бағдарламасы – оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне орай таңдаған факультативтік, қолданбалы және т.б. оқыту құрылымдары, сонымен қатар бағдарлы оқу пәні.

Бағдарлы оқыту бағыты – мысалы, физика пәнін тереңдете оқыту.

Білім берудің жеке бағдарламасы – шәкірттердің даму ерекшеліктері мен әлеуметтік мүмкіндіктеріне орай құрастырылған құжат – бағдар – жоспар.

Жұмыстық оқу жоспары – базистік және типтік оқу жоспарлары негізіндегі нақты оқыту бағыты.

### Физика пәнінің мақсаты:

1. Оқушы деңгейіне сай тапсырмалар ұйымдастыру.
2. Оқушылар мүмкіндігіндегі деңгейленген жаттығу, есептеу және зерттеу жүйесін қалыптастыру.
3. Шәкірт білімін жүйелеу.
4. Әр бөлім соңында балалар білімін мониторингілеу.

Міндеті: ХХІ ғасыр білім бәсекелестігі ғасыры болғандықтан, білім турпатты білім беру барысында білім мен техниканы ұлттандыру міндеті ұстаздар мен шәкірттер алдында тұр.

### Құрылымы:

- 1.Түсінік хат.
- 2.Білім берудің базалық мазмұны.
- 3.Оқу материалдарын тақырыптық жоспарлау.
- 4.Оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптар.

### Базалық білім мазмұны:

Міндетті білім салалары мен оқу пәндерінің ретін анықтайтын білім мазмұнының инвариантты бөлігі.

### Оқытудық шектік көлемі

10-ы сыныптағы жоғарғы шекті оқу жүктемесі аптасына 39 сағат.

Міндетті дайындық деңгейі – жалпы, орта білім берудің әрбір сыныбындағы білімнің міндетті (минимум) және базалық деңгейлеріне

қойылатын талаптарға сәйкес оқушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне жету.

Типтік оқу жоспары – базистік оқу жоспары негізінде жасалған нормативтік құжат – оқу орнының жоғарғы сатысындағы оқу бағыты сипатталады.

Жалпы орта білімнің мектеп (вариативті) компоненті оқушылар мүддесі мен қабілеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім мазмұнының вариативті бөлігі.

Оқушы дайындығының деңгейіне қойылатын талап 30 сұрап бойынша оқушы білімін мынандай сәйкестікте балл - баға ретінде деңгейлеу күтіледі:

- |                    |       |
|--------------------|-------|
| 1) қанағаттанғысыз | 0-2   |
| 2) қанағаттанарлық | 3-12  |
| 3) жақсы           | 13-22 |
| 4) өте жақсы       | 23-30 |

Оқушылар дайындығының міндетті және базалық деңгейлерге жетулерін мұғалім қамтамасыз етеді.

Оқушының дайындық деңгейін бағалау үшін сараптау жүргізіледі де, оқу бағдарламасын меңгергені немесе меңгермегені анықталады.

Жалпы орта білім берудің міндетті стандарттарының сақталуы билеттер бойынша, реферат қорғау, тестілеу түрінде бақылауға болады

10-ы сынып оқушыларының апталық оқу жүктемесі, шект көлемі, соның ішінде вариативті сабақтары (таңдау сабақтары факультативтік сабақтар, бағдарлы пәндер, таңдау курстары) 36 сағат. 10-ы сыныпта физиканы бағдарлы оқуды таңдағандарға міндетті Бағдарлы оқыту – оқытуды даралау, оқушыны әлеуметтендіру, жалпы білім беруді сабақтастыруға бағытталған негізде тұлғаны лайықтау жүйесі – кері индукция.

Негізінен қолданылатын оқыту технологиялары - ақпараттық, зертханалық, деңгейлік, ұжымдап және жекелеп оқыту, жобалық, ғылыми...

Әлеуметтік мотивтер – білім алуға шәкіртті ықпалдау, оны қоғамға қажеттендіру, оқушылық міндеттерді орындауға ұмтылту білімге қажеттенуге және жауапкершілікке оқушыларды ықпалдау.

Қызығушылық – оқушының іс - әрекет мұратын саналауға бағытталған танымдақ қажеттілігін ашу.

Логикалық пайымдауға оқушының ой - өрісінің бағытталуы.

Өзін - өзі бағалау – оқушының бейінді оқу кезеңдерінің өзі үшін тең өлшемді сапа шкаласына ұмтылысындағы білім - тәрбие деңгейі.

**Оқу іс - әрекеті** – ғылыми негіздерді меңгерудегі оқушы субъектінің түрлі тәсілдерін игерудегі бағытталған тұжырымдар векторыясы.

**Оқу дағдылары** – оқушылардың білім мен білікті игеруіне қарай, олардың ауызша және жазбаша ой түйіндеу кезінде, оқу талаптарын орындау мүмкіндігі.

**Оңтайлылық (оптималдық)** – 10-ы сыныптағы физика пәнінен алынған компоненті және қолданбалы курстар жұмасына 2 сағат, жылына 288 сағат. 10-ы сыныптағы физика сабағы – оқушылар алынған, міндетті бағдарлы оқыту пәні.

ҰБТ өткізіледі. 10-ы сыныптағы **физика** – оқыту бағдарының құрамына енетін, таңдаған балаларға міндетті (мектеп компоненті).

**Қолданбалы курс** – физиканы бағдарлы оқытуды қолдайды, оқушы білімін саралауға ықпалдайды. ҰБТ өткізіледі.

Жалпы білім беретін Керней орта мектебінің физика пәніне арналған 2007 - 2010 оқу жылдарына арналған типтік оқу жоспары.

#### Мектеп (вариативті) компоненті

№	Бағдарлы пән	10-ы сынып бойынша апталық сағат	Жүктеме, сағат	
			Апта	Жылдық
1	Физика	1	1	144
2	Қолданбалы курс	1	1	144

*Пәндердің ұштасуырлығын сақтап, қазақ тіліне ерекше қадір мен құрмет көрсете отырып, оқу орындарын шапшаң «Мега Лайн» жүйесіне қосайық та, тәлім – білімнің биік нәтижелеріне жетейік, әлемдік бәсекелестікте озып, көш бастап, үдете алып, алға өрлеп кетейік!*

#### Оқытудың компетенттік тәсілі

Компетенттілік (сай болу, талап қою, заңға сай, жарамды, шикелетті деген қазақша түсініктерге пара – пар ұғым болып табылады)

оқушының белгілі бір пәндер төңірегіне қатысты білімі, біліктілігі, қабілеті мен іс - әрекеттері тәсілдерінің өзара байланысқан сапалық сипаттарының жиынтығы.

Оқытудағы компетенттік тәсіл – білімнің мазмұнын оқытудың өте маңызды тұжырымдамалық бірегей қағида. Бұл тәсілдің білім берудегі теориялық және тәжірибелік жүйесімен қатар, біріктірілген метапәндік маңызы зор, яғни баланы дәрістеудің мақсатына толығымен бағындыра бағдарлау,

жалпылан мәтіндеу: адамның бар білімін, мамандығына орайлы мүмкіндігін уақыт талабына сай бағдарлай білетін, алға қойған армандарына жетпей қоймайтын, өзін - өзі тани отырып, биіктерге ұмтылатын, адамгершілік тұрғысынан үлгілі, ар - ұждан мен намыс - абыройды қатар ұстайтын тұлғаны тәрбиелеу. Сондай – ақ, оқушының оқу – танымдық және әлсуметтік – кәсіби мүмкіндіктері, шәкірт бойындағы білімі мен дағдыларын іс жүзінде, күнделік күн көрісте қандай да мәселелерді шешу барысындағы, оның ұтымды әдістерді қолдана білу қабілетін білдіреді. Компетенттік – оқушылар дайындығына байланысты алдын – ала қойылатын талаптар. Компетенттілік – оқу нәтижесі, шығармашылық шабыт, құндылықтар қағидаларының жүйесі. Компетенттік тәсілдің мақсаты білім беру мен алу сапаларын жоғарлату. Ол оқушының теориялық білімдерді игеріп қана қоймай, оны нақты мәселелерді өмір өзен ағымы, су ірімі жағдайында шешу қабілеті тәрізді құбылысқа балау. Біздің заманымыздың оқушыларға қояр талабы мынау болып табылады: өз бетінше білім алу, адамдармен оңай тіл табысу, өзін - өзі тани және бақылай білу, жоспарлы жұмыс жүргізу, жауапкершілік, сенімділік сапалары мен қасиеттері. Білім беру мен алу сапаларына жету жолдары:

а) жүйеге кіру – нені және қалай оқыту;

б) жүйеден шығу – не үшін оқыту, оқушыны оқу оқуға қалай үйрету.

**Компетенциялық тәсіл** – адамның өз компетенттілігін кәсіби іс – тәжірибесінде жүзеге асыру барысындағы алғырлығы, мамандығына байланысты деңгейі, қызыметіне қарай дарыны. Компетенцияның кілті іс - әрекеттік қабілеттіліктер, бұл дегеніміз, іс - әрекет тәсілдерінің жалпы жиынтығы. Компетенциялар теориялық және тәжірибелік мәселеледі шешу үшін іс - әрекеттің алуан түрін орындау барысында жүзеге асады, сол себептен, олардың ішіне білім, білік, дағдылар, мотивациялық және сезімдік – еріктік салалар кіреді, яғни жекелеген әрекеттер мен көптеген әдіс – тәсілдердің интеграциялануы. Компетенция – оқудың және де өздігімен білім алудың нәтижесінде қалыптасады, адамның әлеуметтік қуат – жігерін анықтайды, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген, тұлғаның жалпы қабілеттіліктерін сипаттайды. Компетенция – адамның қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс - әрекетке орайлы жинақталған, уақытпен тексеріліп сараланған іс – тәжірибесі. Компетенция – адамның өзінің іс - әрекет саласына сай келерлік компетенцияларды меңгеруі. Компетенттік пен компетенция ұғымдары бірін – бірі толықтыратын, қос арқандай өзара өрілгендей байланыстағы, жеке – жеке психологиялық жүйелер.

Адамның ойлау ерекшелігі оның ойлау мәдениеті мен өмірбаяндық көзқарасын қалыптастырады. Білім беру жүйесіне өмір ақпараттық технологиялардың енуі мұғалім мен оқушының ойлау ауыспалысын, оқыту мен оқу әдістерімен түбегейлі өзгертті. Осымен бірге білім беру жүйесіне компьютерленген оқыту, электрондық оқыту, көзбе – көз оқыту сабақтары жатады. Олар оқытушылар мен оқушылардың интеллектінің, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын тереңрек түсінуге жағдай етеді. Бұл дегенім, мысалы, интерактивтік оқытуда оқушы жеке білім дара, емін – еркін оқу мәтіндеріне қолын жеткізіп, білім алу мүмкіндіктерінің мол нұсқалары бар дәрістеу кеңістігінде өз бетінше, мүмкіндігінше шығармашылық жұмыс жасай алады. Ақпараттық технологияның дамуы, қарқынды ақпараттық технологиялардың барлық салаларға енуі, оқушыларға дәстүрлі емес негізде сыйымды білім беруді талаптайды. Жаңа ақпараттық технологияның басты өзгешесі: тұлғалық бағдарлы білім беруге, түсіндіруден – түсінуге, диалогтан – диалогқа, әлеуметтік бақылаудан – шығармашылық жұмысқа, ұстаздың жөн сілтеуінен өзін – өзі басқаруға ауысуында. Электрондық шығармашылық сабақтардың мұраты мынандай болуы керек: оқушылардың ойлау қабілетін одан әрі дамыта түсу, жалпақ әлемді танып, рухани байлық пен мәдениетті бойында дарытуда мүмкіндіктеріне сенімін тудыру. Пәнаралық байланыс – ғылыми сәткерлердегі жеке тұлғаны дамытатын күш. Пәнаралық байланыстың бірінші бағыты бар: пән бойынша алғашқы білім мен дағды; пән бойынша екінші деңгейлі білім мен біліктілік; үшінші, жоғарғы деңгейлі білім мен тәрбиенің бірлігі, оның оқу үрдісіндегі қолданылу көкжиегінің кеңейіп түсуі. Ақпараттық технологиямен жұмыс істей білетін адам кез келген дидактика - педагогикалық еңбектерді талдай біледі, түрлі мәдениет теориялық тұжырымдарды топтай отырып, тәжірибелік маңызы бар қортындыға келе алады, тұткілді мәселелер түйінін шешеді, ең алдымен өзіне, бара - бара қоғамға да табыс – аброй әкеледі. Яғни, өмір инновациялық технология білім беру саласын барынша дамытуды, оқу үрдісін даярлауда оқушыны жеке тұлға ретінде дамытуды, оқушының өзіндік іс - әрекетін қалыптастыруға бағыттау – білім беруде жеке оқытуды дамыту мен пәндердің бір – бірімен байланысын күшейте асыруды нысана етеді. Ұжымдық оқытуда оқытушылар әр түрлі мәтіндік, дыбыстық және бейнелік құралдарын қолдану арқылы оқушыларға алуан түрдегі ақпараттарды тез және қарапайым түрде ұсына алады. Деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы дамыта оқыту іске асырылады, оқушының ұтымды шығармашылық әрекетін дамытуға бағытталған жаңа технологияға сәйкес барлық оқушы өз қабілетін ең төменгі деңгейдегі тапсырманы орындаудан бастайды да,

тапсырманы сәтті орындауына байланысты келесі жоғарырақ деңгейге ауысып отырады. Мұндай жағдайда оқушылар арасында өзара жарасымдылық пен қатар, әр оқушының өзіндік деңгейіне сай білім алу дәрежесі қамтамасыз етіледі, өзіне деген наным – сенімі артып, шығармашылық қабілеттері шыңдала түседі де ғылымның, әдебиеттің, өнердің, әлеуметтік психологияның дамуы барысында адамдардың жалпы қоғамның өсуі үрлісімен ұштасады. Оқушыларға ұсынылатын ақпараттар үйренушілік, алгоритімдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейлерде беріледі. Ал, деңгейлік тапсырмалар оқушының ойлау, қортындылау қабілетін төменгі үйренушілік деңгейден, анағұрлым жоғары шығармашылық деңгейге алып келеді. Тұлғаның өсіп жетуі мен адамгершілік қағидаларының дамып қалыптасуындағы өте маңызды қызметті мойнына аларла кез келген педагог – ұстаз өзінің алдындағы ең абзал борышын қалай өтеу қажеттігін түбегейлі ойластырып, өзінің және тәрбиеленушінің көңілінен шығатын жолды таңдайды. Ол «кұс жолындай» мен мұңдалап, сайрап жатқан ақпараттық технология жүйесіндегі ана мен атаның мейірімділігі, асқан даналықтың тәлімі мен тәрбиесі, мызғымас асқақ рухтың қуаты, шығармашылықтың ұшқырлы шабыты, білім мен ғылымның алынбаушындарына тұлғаны шақыратын, оны үнемі шетсіз де шексіз армандарға жетелеп, алға ұмтылта беретін, ұмтылта беретін, таусылма ауыр да абройлы, сара да, дара да, ұлық жол.

Жоғарыда айтылғандардан туындайтын ұлттық білім жүйесінің «өкелі жарғысы»:

*1. Оқытудың кіріктірілген мақсаттары пәндік мақсаттарға қарағанда жоғары болуы.*

*2. Қарапайымнан күрделі іс - әрекеттік білік пен дағдыға қошу.*

*3. Оқу орындарында оқытудың компетенттік тәсілі барынша қолдану.*

*4. Мектептегі білім саласын көтерудің нақты жүйесіне қошу.*

*5. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым – қатынасты іс - әрекет бірлестігіне, өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа және жұптылыққа айналдыру.*

*6. Ұлттық ұлы діл қағидаларын қарымды дамыта отырып, бүкіл әлемдік жаһандану легінің бас тұсында болу.*

*7. Компетенттік пен компетенцияға негізделген қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ақпарат беріп тұратын қазақы интернеттің партия ашу.*



# У ГАРАУ. ИНТЕГРАЦИЯ УЧЕБНО – ВНЕУРОЧНОЙ РАБОТЫ И ПРОФИЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ

## 5.1 ИНТЕГРАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА

### Педагог!

Он вышел ты в этот путь, преисполнились мечтой высокой. Добрым, скромным, и смелым будь, честным рыцарем – без упрёка!

*Я люблю Вас, учителя, и был счастлив,  
Когда Вы отвечали мне тем же,  
Страдал когда Вы меня не понимали...  
За людей душевную тревогу,  
Сердца жар и мыслей красоту!*

*Коль есть у человека идеал,  
Стремление к природе, - он не ждет похвал.  
Настойчивый, он вечно неспокоен,  
И он находит то, чего искал.  
Но в том и суть призванья,  
Чтоб самому себе остаться верным.  
И дело провести свое к заветной победе!*

Уместно учить тот, учит интересно, и в том числе, учит ребенка к самостоятельности, кто излагает свою науку, хотя бы и самый увлеченный, так чтобы в душе ученика зазвучали ответные и ни на секунду не засыпала его любознательность.

**Цель:** содействовать развитию каждого ребенка как неповторимой индивидуальности, как личности, испытывающей потребность в знании, в обогащении самого себя и самопознании, сформировать научно - обоснованное представление о перспективах развития системы образования в контексте перехода на 12 – летнее образование, а так же осуществить все намечанное в педагогическую практику.

### Задачи:

1. Познакомить с психолого – педагогическим содержанием различных моделей обучения.
2. Рассмотреть проблему отслеживания содержания процесса образования.
3. Системность, конкурентоспособность, эффективность в процессе обучения.
4. Учет возрастных особенностей учащихся и работа с младшими детьми.

5. Набор методов обучения, целосообразность ее применения в данной ситуации.

6. Основываться на цель учебно – воспитательного процесса, определяющего структуру и содержание учебно – познавательной деятельности учащегося.

7. Обеспечить полноту процесса обучения на практике.

**Девиз моей работы:** «Инициатива и творчество, самостоятельность мышления и действий» ... *осилим, если надо, в беде не станем охать, а будет трудно – рядом друзей надежных локоть...*

**Проблема:** «Как стать настоящим человеком»

**Тема самообразования:** «Эффективные технологии в обучении и воспитании»

**Поиск:** «Семь полей – семь путей»

*Каждый вздох подчиняю заветами:*

*Выполняю свой долг – пребывать у ч и т е л е м !*

И воспитание, и образование нераздельны. Нельзя воспитывать, не передавая знания, всякое незнание не действует воспитательно.

*Грядущее – оно не за горами,  
Прислушайся, получишь приглядись.  
То не оно ль в окно стучит ветрами.  
И пишет сочинения вместе с нами,  
И спутники забрасывает в высь!*

**Человек** создан не только из материя, у него есть разум. И этот разум имеет такое же право на жизнь, как и физическое тело человека.

*К дальним звездам,  
В небесную роздымь,  
Улетали ракеты не раз.  
Люди, люди – высокие звезды,  
Долететь бы мне только до Вас!*

(Расул Гамзатов)

Наши ученики должны не только получить глубокие и прочные знания, но и стать всесторонне развитыми людьми, любящими труд и умеющими ценить его.

## Клятва учителя

*Чтоб мирные наши рассветы,  
Никто омрачить не посмел,  
Берем от отцов эстафету,  
Новых свершений и дел.  
Становимся крепче и старше,  
От этих волнующих встреч.  
Не бьютную Родину нашу,  
Ажжусь, кляжусь беречь.  
Гржусь я и мучаюсь –*

*В руках у меня находится,  
Учсть Грядущего дня!  
Чтоб в новый  
Двадцать первый век,  
Шагнул прекрасный  
Новый человек!  
За открытые правде сердца,  
Быть всегда в бою – до конца,  
Если имя мое – у ч и т е л ь !*

## 5.2 НООСФЕРНОЕ СОЗНАНИЕ ПЕДАГОГА

Түс көру – адамның ұйқы үстінде көретін образды, мағналы, эмоционалды елесі немесе аян. Түс сюжетті, терең мәнді болып та келеді. Түсті есте сақтау адамның мінез – құлқына да, ұйқтар шлындағы эмоционалды күйіне де байланысты. Түс көрудің шығармашылыққа, ұтымды ой – толғамаға келтіретін мүмкіндігі ылымда аян.

#### Мақсұтхан аға !

«От басында тек қана жақсылық болсын. Бала – шағаңыздың кызығын көрің, ұзақ өмір сүріңіз. Балаларыңызға, немере – шөберелеріңізге Алла тағала жар болсын. Ата – бабалар қолдасын!» Іуқар жырау, Қабанбай батыр, Сенкібай батыр, Жидебай батыр, Шорғанбай жырау, Ердене би, Малғара Ақшаұлы т.б. бабаларды еске шып, маған тілек жолдаған, болашақ келінім, қазақы тәлімді балам - ОСИЯ. Кейінде, дүние жарығына немерем Арсыланды әкелді. Осы жазда АРЫСТАН БАБтың басына барып, құрбандық шалып, түнегенде мынандай ғажайып түс көрдім: шырғт ұйқыда жатқандай кейіптемін, бір сәтте сұңғак бойлы, тарамыстай тегеурінді, ерен мықты, сымбатты жас - өспірім бала мені, шын мәнінде, қол күші көмегімен тербете оятты. Шошынғандай күйде, жатқан жерімнен атып тұрдым. Осына, ылысым құбылыстан соң, жеті айдан кейін, ер кіндік немерем Арсылан жарық дүние шымылдығын ашты. Түс көрген соң, Алла жар болып, ұл бала туса, есімін қалай азандар екен деп, ұзақ уақыт ойға шомып жүрдім. Көрген түсімді еш кімге тіс жарып айтқан емеспін, есім қояр сәтті аса шыдамдылықпен, жағпар жаратқанға сиынып, оған тәубе етіп күттім.

Ата – аналарымен ақылдаспай - ақ, тыннан, нәрестенің есімін Арыстан баб бабамыздың құрметіне, әлеуметпен құтты бір келіскендей

екі балам Арсылан деп қойған екен. Япырмай, түсім де, ойым да арманым да осынау кереметтен орындалып, таңғажайып күйдемін.

*Із жоқ қой, уақыттың табанында,  
Өтеді самал боп, қанатын қағады да.  
Мың бір жыл ізде, қайта оралмас,  
Көңілде сол бір елес боп, қалады да.  
Тереңнен нәр алады сол Бәйтерек,  
Сағыныштан елжірейді жүрек,  
Атадан асыл қасиеттер дарыса,  
Адамдарға одан артық не керек?!  
Осы шежірені арнадым балаларға,  
Үлкен – кіші, аға – ана, туыстарға.  
Тағатсыз ғасырлар жылжи өтіп,  
Болашақта дара туар даналарға!*

Немерем Арсыланға жеті атамыздың, Арыстан бабтың, жалпы адамзаттың, ИНШ АЛЛА, үздік - үлгі, асыл қасиеттерді дәйімінде дарытсын! Түркістан өңіріндегі Қазақтың маңдайына біткен ардақты аруақтарды, әулие - әмбиілерді қастерлеп, дұға бағыштап, үйге оралар сапарымызда Арыс өзенінің мұздай суынан оң қолыммен алып шыққан жеті түсті тас, ойымнан кетпей, іздеп жүрген, кәдімгі жұмыртқада асыл тас болып шықты. Бұл жұмыр - жұмбақ тасты – жеті атамның жетелі, асқақ қасиеттеріне баладым. Есімдері аталған аруақтар иманды болсын! Бір АЛЛАҒА шүкіршілік. Тәубе.

#### 6.4 АЙМАҒАНБЕТ Қ А Ж Ы

*Хадистен: Қажылыққа келген адамды құрметтеңдер!*

Аймағанбет қажының кіндік кескен, гуып өскен, өмір кешкен негізгі жерлері қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Қызылтау, Крегетас, Шымылдыжал өңірлері.

Қажы кең пейілділігі, момындығы, сабырлығы, жоғары адамгершілік қасиеттерімен мәшһүр. Қара күзде кедей – кепшікке, аш – жалааштарға мал – мүлік үлестіріп, Аллада нұра хым тілеген. Қызылдар заманында, мал – мүлікі кәмпескеге түсіп, жат қолда өсіп - өнбей, «ғажайып» түрде жойылған.

Қажы ел арасын көп аралап, шарият айтып, мейірім шуағын елге төгіп отырған. Атамыздан қалған мынадай сөздер бар:

*Ойымдағын ортаға тастайын,  
Меккеге жол ұзақ  
тартпақпын,  
Құдайға құлшылық айтпақтын.*

*Қасиетті - киелі жерде  
болып,  
Қаусардың дәмінен  
татпақпын.*

*О, адамдар, адамдар*

*Аяғыңды баспа шалыс,  
Алла деп жүрсен адал,  
Атыңар түрлі қамал,  
Қыдыр ата қолдасын!*

*Құдай жарылқасын,  
Кеңінен пейіл берсін,  
Ұзақ сапар шыққанда,*

Қажы жөнінде көне көз қариялардың жалпы тұжырымы былай: көп сөйлемейтін, ойындағысын нығыз ойтатын, қиындыққа мойымайтын, тиянақты, дегеніне жететін, өте сыйлы жан. Байлық пен кедейлік, жақсылық пен жамандық, қызық пен қайғы... егіз екенін ескіріп, дүниенің өткінші және жалған екенін ескерткен.

Адамның осы жарық дүниедегі ғұмыры шалақ екендігін, оған берілген уақыт үзіндісін саналы да салықалы, сапалы да құнды өткізу, өмірес із қалдырып, адамзаттың болашағына сәуле – шуағын төгу абзалдығын тәлімдеген.

Бабамыз 1870 – 1872 жылдары қажылыққа барып, қайтқанға ұқсайды. Ол кісі 1838 жылы туып, 1925 жылы, 87 жасында дүниеден кайтқан. 1926 жылы үлкен ас беріліп, дұға оқытылған. Қажы Шымалдықжалда жерленген, басына Самарқаннан әкелінген, арабша жазылған көк түсті құлыптас белгі қойылған.

Қажының соңғы немересі Уайда Оқашұлы 2002 жылы 83 жасында дүниеден озды. Қажы Уайда туғанда бата берген екен, тілектері періштенің құлағына шалынған көрінеді. Уайда ағамызды ел қажы бабамызға көркі, жүріс – тұрысы, мінез – құлқытарынан ұқсатқан. Қажының шөбере – немерелері Қазақстанның түпкір – түпкірінде өмір сүреді. Керней ауылында Аймағанбет қажы атындағы Зәбия шағын мешіт имандылық жұмыстар жүргізді.

**А р ы с, А р ы с т а н** сөздерін жіктеп – жіліктеп көрейін. Арыс сөзінен «Ар» - ар - ұят, ізгілік пен мейірімділікті, имандылық пен ипабаттылықты, жоғарғы адамгершілік, адамның өзінің қоғам алдындағы міндеті мен жауапкершілігін, ұжданды сезінуінен ғуындайтын асыл қасиет. «Ырыс» - үйге, мемлекетке адал еңбекпен келетін, рухани және экономикалық негіздегі, түрлі байлық, владдардың өмірлік қажеттіліктері. «Арыстан» - аңдардың патшасы – күштің, қайраттылықтың, төзімділіктің, өжеттіліктің, өрліктің т. б. биік қасиеттердің баламасы. «Ар» - арман – адамды келешекке жетелейтін, ұмтылтатын қиялы, оның ой «қанаты». Жетсем деген мақсат – мұратын, орындалу барысын ойша елестетуі мен көксеуі. Білімде, өнерде, даналықта, егер бұларға үйренбесе, оған ұмтылмаса, ол адамның алақанына өзінен - өзі келмейді. Сондықтан, таусылмайтын армандарға өрмелеп, жете беру үшін өмірді қажырлы күреспен оркентету абзал. «Ы» - ырым - жақсылыққа ұмтылыс серпілісінде жасалатын іс - әрекет. Ырымның тәлім – тәрбиелік мән – мағанасы

ұлан ғайыр, ғылыми негіздері тұғырлы. «Ы» - ынта – адамның белгілі іс – қимылға жігерлі кірісіп, нәтижелі қызмет тындыруға тырысуы. «С» - сана – тіршілік иесі ретіндегі, адамның рухани әрекетінің ең жоғарғы деңгейі. Барша дүние адамға әсер етіп, елестеулер, ой және сана мәтінін құрайтын, басқа да рухани бейнелер түрінде образдалынады. «Т» - тағыдыр – адам өміріндегі барлық оқиғалардың алдын ала белгіленуін білдіретін дінкі – ғылыми ұстамдағы ұғым. «Т» - тағылым – ата – бабадан, төл тарихтан үйрену үшін олардан нұсқалар тандап, адам өмірінде пайдалану. Халықтық педагогика, қазақы тағылым, ұлы даладағы ғасырлар тәлімінен туындаған. «А» - абыз - өмірден түйгені дария, келешекті болжайтын, данышпан, ерекше жаратылған адам. «А» - адамгершілік – пендеге деген ақ ниеттілік, құрмет, жанашырлық, сенім, кең пейілділік, өзгелердің мүддесі үшін жан аямаушылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық т.б. өрлі қасиеттерді қамтиды. «Н» - нақыл - өсиет, сұлу сөз, сазды өлең, жыр нұсқасында адамға жеткізілетін нақышты, тәлімді, ДІЛНАМАЛЫҚ тіл маржаны, ой – тұжырымының төресі. «Н» - намыс – адамның өзіне, туыстарына, қазаққа, жалпы адамзатқа дақ түсірмеу үшін арпалыста, бойына қайрат – жігер беретін ерекше, ұлттық өршіл сезім. «Б» - биязылық – адамның басқа кісілермен, қоршаған ел – жұртпен, халықпен өзара байланыс жасайтын, қарым – қатынастардың ішіндегі сыпайгершілік, әдептілік алгоритімі, мінез – құлық жүйесінің көрінісі, айнасы. « Б А Б » - Арыстан БАБ – Арсылан БАБАМ – БАБТАРДЫҢ БАБЫ. Арыстан баб имандылықты, хақ жолында болуды, адал, әділетті, байлық атаулыға құнықпай, қолдағыға қанағат қылу, жоқшылыққа мойымау деп ұқтырды. АБАЙ:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,*

*Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.*

*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,*

*Жәнеде хақ жолы болар деп әділетті.*

Арыстан баб - әулие, сопы, ислам дінін баян қылған, мың бір зікір үйретуші, мейірбан. Арыстан баб отыз үш түрлі дінді білген, исламға ғана сенім жасаған. Мұхаммад пайғамбар 63 жасқа аяқ басқанында, ісін әрі қарай жалғастыру аманатын Арыстан бабқа жолдаған. Алланың барлығы зайырда, жасырында. Жаратқанды жердегі, көктегі материалистік дүниені қадір – қасиеттерінен ажырата білу арқылы ой - өріс, ақылмен танимыз. Алланы танығың келсе, алдымен өзінді - өзің таны, түйсін, біл. Арыстан баб, Ахмет Иасауи, Әл - Фараби, Жауһарни, Бейбарс т. б. гұламалар адамдардың рухани жоғарлауына, кемелденуіне қуат – бағыт береді. Олар ұстаздардың ұстазы, тәлім – тағылымның, білім – ғылымның жолын сілтер шам – шырағы, шырағданы, сөнбес жұлдызы.

Ислам діні, мұсылмандардан білім шырағына ұмтылуды талап етеді. Әлемді тандандырған талай ғалымдар, осы, мұсылмандар арасынан шыққан. Математика, астрономия, физика және басқа да ғылымдар арасында ашылған жаңалықтар мұсылман данышпандары үлесінде. Мысалы, ақын Омар Хаям ғұлама математик, Авиценна ұлы дәрігер, фәлсафашы, Әбу Насыр әл – Фараби – Аристотельден кейінгі «І-кінші ұстаз» атанған данышпан ойшыл. Ол Сырдарияның Арысқа ауытын тұсындағы, Отырар қаласында дүниеге келген. Мәңгілік жарылқаушыдан адамдар: көру – түсті ажыратады, есту – дауыстарды айбылдайды, иіс – газ құрамын жіктейді, дәм – тәтті – ашыны айқындайды, үйкеліс – жылжудың ауыр – жеңілін байқайды. Ахмет Насауиден, Аллаға тәубе қылып, ғылым тілеген өте нәтижелі, табысты болады.

Бүкіл әлемді жаратқан жаппар ие, Алла тағалаға, зор мақтаулар болсын, адамзаттың ардақтысы, ең соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с. г. с.) салауаттар болсын. Әмин!

ДҢНІМІЗДІҢ аты ИСЛАМ. Бұл атауды Алла қойған. ҚҰРАН – «көп оқылатын кітап» деген мағана береді. Қ Ұ Р А Н – оқылуының өзі ибадат саналатын мәңгілік, мән – мағынасын, қадір – қасиетін, ұланығайыр ұлықтығын еш жоймайтын К І Т А П.

Ибраһим пайғамбардың күні Ажардың баласы бір аяғын көтеріп, жерді түртіп қалады. Бала өкшесінің астынан бұрқылдап су шықты, ысты жарған мөлдір су ақты. Зәмзәм суы сол уақыттан бері, бір тоқтамай, күні бүгінге дейін толассыз ағуда. Қажыға барушылар, осы зәмзәмға келіп, сусынды шөлдері қанғанша ішіп, оны елдеріне қасиетті дәм ретінде алып қайтады. Ол бала – Сымайыл, Ажар мен Ибраһимнің ұлы еді. Сонымен, Сафа тауында, баласы Сымайылға бір ұрттам су іздеп, Ажар әр жаққа Ж Е Т І барып, Ж Е Т І келіп, әби кәусәр суының көзін ашты.


Енді міне, бәйтеректің бір шыбығы, өзіміздің Арсыланның ж е т і а т а с ы:

1.Жанак. 2.Есентүгел. 3.Кенжалы. 4.Аймағанбет қажы. 5.Ақыш. 6.Термізи. 7.Максұтхан.

Т Ү С ми әрекетінің әсеріндегі, белгілі мағына иесі, тілектердің іске асуы. Түс аса күрделі ақыл – парасатты, іс - әрекеттің көмегімен құрылған. Түс біздің күндізгі өмірімізде өтетін, бір – бірімен логикалық байланыстағы, бірқатар ойларымызды алмастырады. Түс әрдайым және кез келген мағынада өткенге, немесе болашаққа тән шығады. Түс біздің алдымыздағы тілектердің орындалу суретін салып, адамды болашаққа жетелейді. Түске сенудің себебі, түсті көріп, оны айбылдауда жатса керек.



*«Керней» ауылы*



*«Керней» орта мектебі*





*Интерактивті технология*



*Кітап – білім қоймасы*





*Шәкірттерді тәрбиелеу мен оқыту мәселелері ұстаздарды қатты толғандырады*




*Физика кабинеті*

(1971) 100 100 100



Stimmen weite





*Физика кабинетінің оң жақ қапталынан көрініс*



*Қазақтың жусанды даласы – ай, шіркін*



*Арыстан бап кесінесінде. Түп. 17.08.2006ж.*



*Екінші Мекке саналатын, қасиетті Түркістан төрінде Қазақстандағы екінші Мекке саналатын, тағлымды Түркістан төрінде*



*«Ділнама тағылымы» сабағынан соң...*



*Алла үйі – Астанадағы «Нұр Астана» мешіті*




*Жер ұныққа хақ Ахланы үш нұр сәулесі түскен күн*



*Қуаныш құшағындағы қалқатай – біздің бал бөбек*



*Тасты жсарып шыққан қарағайлар*



*Сусамыр, бал бұлақ суы*





*Қарбыз, негізінен, нәрлі судан тұрады*



*Қызылжар шаһарынан келген қадірменді қонақ Қайролла*



*Құлынды бие*



*Жондағы жылқышы*




*Белағаштың балауса қарағайы*



*Бұлттан бөрік киген, Семізбұғының қос тауы, алыстан мұнартады*



*Үздік оқушы - Наташа Никитина*



**Қасиетті жазба**



*Ерниар, физика сабагына дайындалар алдында*





*Үрпақтарға хат жолдауға аттанар алдындағы қас- қағым сәт*




*Болашақ айтыскер ақынымыз – Аяулым...*



*Ару қала Астана - Ел Ордасы, Қазақстанның бас қаласы*



*Атасы, Аяулым және Арайлым ақ қайың саясында*



*Жубайым – Сәуле және мен, Мақсұтхан*



*Арайлым, Аяулым, Наргиза және олардың апасы Сәуле*





*Атасы мен Арайтым үй жанындағы аулада*




*Әке мен Ана бақыты білі*



*Әлди жыры және Әлем бесігі*



*Анам - Мәніш, әкем - Термизи*



*Енем – Күлшира, атам – Шәймен*



*Солдан оңга қарай: кенже қарындасым Әлия, анам Мәпін,  
немере анам Гүлнаһар*



*Балаға деген Ананың махаббаты шексіз, шетсіз және  
де мәңгілік болмақ*



*Біздің бау – бақша*



*Шабыттың келген сәті*



*Тәттімбет ақын – Түркістаннан келген әнші, Қоңілді домбырамен дүбірлеткен күйші*



*Дарига дала, асуу бел, шалқар көл*



*Үй түсындагы таңгы табигаттың таң тамашасы*



*Алматы қаласындағы Қазақстанның орталық институтында бірге оқыған замандастар, ЦИУУ – 1983.  
(Орта қатарда, солдан оңға қарай тоғызыншы Мақсұтхан)*



*Жол сапиры алдындағы әкенің ақ батасы*











## VII тарау. КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ

### 7.1 АҚЫН – КӨПТІҢ КӨҢІЛІНДЕГІН ЖЕТКІЗУШІ

*Хадистен: Сөзде сиқыр бар, ал өлеңде даналық бар.*

#### ЖҮЛДЫЗЫМ – СӘУЛЕМ

Тұлпар жырау жүрген жерлерден,  
Келеміз қасиетті ұзақ салардан.  
Өңірлері: Баян, Далба, Қызыл тау,  
Белес асқан, тарихи жолдардан.  
Шығарға да баттым байқамай,  
Толғанып кеттім жолшыбай.

Осынша ғажап, күй де кештім,  
Тамаша ғарышта болғандай.  
Жыр төгер нәзік назым,  
Сәулем менің ол жарым.  
Құрбылардан таңдаған,  
Өмірлік жан жолдасым.  
Айтар сөздері тіптен ап аз,

Жайдары мінезді, майса жаз.  
Турады тек өзіне - өзі ұқсап,  
Төгілгендей әсерлі - әсем саз.  
Бір туар айым да сенсің – Сәулем,  
Шығар күнім де сенсің – Сәулем.  
Тұнық ғарыштың шырағындай,  
Жарқырар жұлдызым – Сәулем.  
Ай да батты, ұқсап қоштасқанға,  
Күн де шықты, нұр – шуақ шаша.

Жүйткіген тұлпар, алып – ұшып,  
Жеткізді – ау тансәріде ауылға да.  
Нұрын шашқан мөлдір көз,  
Ерекше келбеті жарасқан.  
Тезірек Сәулем, есікті аш,  
Мен келдім міне алыстан.

Қиғаш қас, жазық маңдай,  
Қылаң беріп, атқан таңдай.  
Қарсы алды көзі күлімдеп,  
Күтты бақыт құсындай.  
Бір туар айым да сенсің – Сәулем,  
Шығар күнім де сенсің – Сәулем.  
Тұнық ғарыштың шырағындай,  
Жарқырар жұлдызым – Сәулем!

## ӨЛДІ ДЕУГЕ БОЛАМА, ЖЫРЛАРЫҢ ТОТ БАСПАСА

Уа, Ахметбек ақын!  
Мен кейінгі толқын.  
Рухыңызға бас иіп,  
Келгенмін жақын.  
Сонау, Қызылқайың шоғында тудыңыз,  
Ойын – сауық, той – думан құрдыңыз.  
Кең – жазира, паң Сарыарканы аралап,  
Ізденіспен өнер, білім, тәлім қудыңыз.

Кітап жиып, бар жерден,  
Таймастан сергек күйден.  
Жастарды білімге баулып,  
Кітапхана аштыңыз үйден.  
Болдыңыз тілге кешен,  
Аталы сөздерге шешен.

Болыстықты аткарып,  
Айттыңыз әділ шешім.  
Жер жаханды араладыңыз,  
Мәселелерді сараладыңыз.  
Жаксы ат, қыран құс баптап,  
Табиғат төрінде болдыңыз.

Жырларыңыз басылмады,  
Кітап болып апылмады.  
Қалықтаған өлең болып,  
Сарыарқаға шашылмады.  
Озбырлықпен күрестіңіз,  
Зорлықпен де тірестіңіз.

Жамандықпен арпалысып,  
Теңсіздікпен де егестіңіз.  
Ынтымаққа да тамсандыңыз,  
Шын достықты жоқтадыңыз.

Бірлікке де терең мән беріп,  
Адамгершілікке тоқтадыңыз.  
Сұлу ораммен өлең өрдіңіз,  
Өмірді өте қымбат көрдіңіз.  
Арамдық атаулымен күресіп,  
Жауыз шокпарынан өлдіңіз  
Өмір өзен, мәтінің кері бұрғанда,  
Жырлар самалын төгіп тұрғанда.

Сөз құдіреті патшасын босатып,

Осынша, ұлағатты той құрғанда.  
Жетпіс жыл өтті, құлаққа жетпес үндей,  
Ахметбек акын бұлттан шығар күндей,  
Көкелеріміз қазақ тілінде сөйлегенде,  
Тас қараңғы, бейне бір, айсыз түндей.

Орыстанып кетерімізді білдіңіз,  
Тіліміздің шұбарлануын сездіңіз.  
Жандайшаптарды беттен тырнап,  
Ұлттық қысым саясатын ұқтыңыз.  
Ақыл мен нақылдарыңыз сізден қалды,  
Мақал мен мәтел ой – толғамның алды.  
Мұрағаттарыңыз кітаптардан оқылып,  
Адамзат атаулыға рухани азық болады.

Көктегі жұлдызымыз жанады,  
Бұл шешімге жұртым нанады.  
Ахметбек акын ортаға оралып,  
Халқының шөлі жырға канады.  
Ортайғанымыз асып – тасып толады,  
Инш Алла, Хақ жаратқан қолдайды.  
Бұқар жырау ауданы гүлдей жайнап,  
Басымызға бақ – дәулет кеп, қонады!

«Сарыарқа» – Қазақтың биік аспанмен тілдескен, заңғар тауы, күнге ұмтылған, құшақтасаң қолың еш жетпес, жасыл - желек тоғайлары, шетсіз де шексіз, кең байтақ, сары – ала ренді, жайқалған жайлауы, боз кілемдей құлпырған, көк орай шалғыны, туған жерін сомдап, сағынып сезімін тудыратын, жанға нишалы жусаны, жотадан екпіндей құлап, бұралаңдай аққан бұлағы, жалтыраған айнадай, айдын шалқар көлі, еркелей бетті сүйген, мақпал самалы, тыныштығын қорғайтын, арстан сынды айбатты, аң патшасы, замана екпінінің символы, арқаның паң маралы, дала симфониясын саздаған, әнші құстары, қарқындай өскен, жарқырай түскен, сымбатты қалалары, қыр гүліндей, қылықты қыздары, хас батырдай, қайратты ұлдары, қонақ жай, кең пейілді, дана халқымыз аса бір әсем күйде, жұмақтың төрі тәрізді сипатта, көзімнің қарасындай болып, таңғы елес тәрізді, ерекше түрде, жүрек сезімімде, орнын мәңгілікке тапқан.

Мен ғашықпын Сарыарқаға,  
Ол ұқсайды күндей сұлу калқаға.  
Сүйіспеншілігім таусылмай,  
Қарай бергім келеді киелі арқаға.

Қазақ даласы әндетіп тұрғандай,  
Сауық пен сайран құрғандай.  
Шабытым ашылып, шырқағанда,  
Мойының маған бұрғандай.  
Шырағы күн, шаңырағы аспан,  
Кең дала, егісіңнен төгілген дән.  
Айдыны көкке күмістер шашқан,  
Шіркін – ай, Сарыарқам менің!

Өрісте малдарын өргізіп баққан,  
Нұраның суын, шамғып жаққан.  
Ағашқа сырғаны тізіп таққан.  
Шіркін – ай, Сарыарқам менің!  
Бұл ұран, айтылған ғасырларға да,  
Табатын мәңгі өмірден жалғасын да,  
Сарыарқа тағдырын сақта, Қазақ,  
Бірлік пенен тірліктің арқасында.

Аққан қан мен төккен тер,  
Атадан келіп, жеткен жер.  
Ұлы тарихтың кара нары,  
Ұрпағына он батанды бер.  
Анаһын ақ сүтін ақтасын,  
Бабалар мұрасын сақтасын.  
Ғалам шарында тұрақтап,  
Даналар сөзіне тоқтасын!

## 7.2 САМАЛДЫ САРЫАРҚАМ СИМБАТТЫ

Алпысқа таяп қалған осы шағымда,  
Өлең жаздым өрік – мейіз бағымда.  
Өрмелей шығып, өркешті шыңына,  
Семізбұғы тауындағы тас тағымда.  
Тулаған жүрек орнында еш тұрған ба,  
Масаттана сауық – сайран құрған ба?

Таудан құлдилап аққан кербез бұлақ,  
Көкжиекке мойнын бірде бұрған ба?  
Айналам қызыл арай, көп шалғын,  
Асыр сала ойнаған ол шат балғын.  
Қанша қарасам да көзім бір тоймас,

Нәзік гүлді Сарыарканың шатқалын.

Арасында Баян мен Қарқаралы таулары,  
Жайнаған Торғай және Далба баулары.  
Киселі Бұқар жырау ауданы күмбезінде,  
Дем бүріккен Нұра, Ертіс, Есіл сулары.  
Қиш – қара бұлт төніп аспаннан,  
Жанымды мысықша тырнайды.

Тылысымнан сайраған дауыс,  
Ахметбек акынды жырлайды.  
Тарихты парактал ашайыншы бет,  
Ұрпаққа қайрадан айтарым міндет.  
Отыз екі сол Голошекин заманында,  
Қазақты сорлатты, аштық – індет.  
Он алты, әріден зердемде қалған,  
Еңбек әскеріне жастарды алған.

Амангелді Иманов басшы болып,  
Апаттыққа сара жолды салған.  
Сарыарқада сыбырлаған отыз жеті,  
Мүштіктен үштік сот келіп жетті.  
Айырығандай сүт бетінен қаймақ,  
Иыялылар өмірлерін қиып кетті.  
Қырық бес келді, қанды балақ,  
Шырқын бұзған осынша тұрақ.  
Ишқынта боратып, ажал оғын,  
Сарыарқазғұмырын етті ғой шолақ.

Полигон дүмпуі қыр асқан,  
Көңіл шіркінді кір басқан.  
Ғарыштан құлағалы темір,  
Жүйкені қашап зар айтқан.  
Бізғарлы желтоқснның желі сокқан,  
Сексеналты ши тастап от жаққан.  
Тәкаптар, тарлан тау тұғырланып,  
Шығына тәуелсіздік туын таққан.  
Уақыттың аяғында еш байлау жоқ,  
Сарыарқаға тең түсер жайлау жоқ.

Өрелі, өршіл өлкемізде туып өскен,  
Ахметбектей ақынның арманы жоқ.  
Өлті – кетті құйындатқан, жойқып нөсер,  
Күлімдеді күніміз шуақты, рух шоғын көсер.  
Кемпіркосақ та шұғыладан көпірін салып,  
Болашақ арман – мұраттарға жол төсер.  
Кәсіпкерлер жүргізіп нарықтық сауданы,



Ұлы сапқа тік тұрды Бұқаржырау ауданы.

Білім, мәдениет, эконмиканы өркендетіп,  
Әлеуметтік ортаға әкелді пайты пайданы.  
Мерейлі тойларға жырдан шашу шашамыз,  
Ғалам тізімінде алтын әріппен жазыламыз.  
Екі мың отыз стратегиясымен қаруланып,  
Дамыған сол елу елдің қатарына қосыламыз!

## Қ А Р Т Т Ы Қ Ж А Қ Т А Н Ж Е Л Т Ұ Р Ғ А Н

Не көрмеген, мына менің дархан далам,  
Ой жүгіртсем өткеніңе аң – таң қалам.  
Тұрсын таулар гүлге орана шаттанып,  
Өлең жаздым қолға алып жорға қалам.

Ойға шомып келемінғой ештеп,  
Алған бағытым киелі мектеп.  
Қырық жыл қарғып өткендей –  
Ұстаздық сәттерді бір екшеп...

Жасымда келіп қалдыау алпыс беске,  
Неше түрлі қызықтар түседі еске.  
Қара өлең, әңгімені айтып берем,  
Балалар, оқысаңдар кілең беске.

Мен ғой Максұтхан,  
Көңілімді тасытқан.  
Айтысарға келгенде,  
Талайды жасытқан.

Алпыс бес, ердің жасы,  
Ағарған самай шашы.  
Айтқаныма куә болар,  
Ауылдың кәрі – жасы.

Көңілім де ақ,  
Құлағым сақ.  
Байрағымда,  
Болмасн дақ.

Білімге де тоймаймын,  
Үйренбей қоймаймын.  
Кітаптан басқаны,  
Қолыма алмаймын.

Арманым зор,  
Бағынтар өр.  
Ырғып өтем,  
Кездессең ор.

Астық шақ кетеді,  
Кәрілік келіп жетеді.  
Алым да өкінішпен,  
Бұл фәниден өтеді.

Шындықты жасырма,  
Наннан сөзді еш асырма.  
Жалқау, надан адамның,  
Өмірі асып - тасырма?

Бостан – босқа қайғырма,  
Бастан бақты тайдырма.  
Жалмауыз жау болса дағы,  
Оны у тамаққа тойдырма.

Сол алпыс бесті ескеремін,  
Өмір жолымды тексеремін.  
Дана халқыма зор сүйсініп,  
Қателерімді кеш дер едім.

### САРЫАРҚА ЖӘНЕ КЕРНЕЙ АУЫЛЫ

Сарыарқа аспандағы сары күн,  
Шығыстан арайлап атар күн.  
Таң шапағын шашқаннансоң,  
Шалқыта ән құстар төгер үн.

Сарыарқа жердегі сары гүл,  
Жұпар ісімен мас еткен гүл.  
Қыздарға жүректен ұсынылар,  
Қырдан құлпырып жеткен гүл.

Сарыарқа – Айсұлу және Күнсұлу,  
Келеді ғой бұл жалғанға сол сұлу.  
Баяндағы тәкаппар Баянтаудан,  
Арманда өткен екен – ау Баянсұлу.

Сарыарқа – сап – сары алтын,  
Еш өшірмейтін сұлулық атын.  
Шығар құн, туар ай, Жер ана,  
Асқактатар асыл адам затын.

Сарыарқа қасқиған, хас дала,  
Ел ордасы «Астана», бас қала.  
Жаңа Қазақстанды ұлықтар –  
Ертеңгі болашақ, ол, жас бала.

Облыс орталығы – Қарағанды,  
Сәнімен қызықтырар қарағанды.  
Даңқы мыс, темір, көмірімен –  
Бүкіл дүние жүзіне тарағанды.

Аттары Ульянов пен Тельман құрыған,  
Орнына Бұқар жырау ауданы құрылған.  
Адамдары қыздырып, еңбектің көрігін,  
Сол, жоғары бәсекелестікке бұрылған.  
Тұрған ауылымыз, жүз жылдық Керней,  
Қалайша тұра алады ұлы көшке ермей.  
Ауданымызға толғанда мерейлі он жыл,  
Алға басады, намысын қолынан бермей.  
Қолыма алғанда саз кернейді,  
Жанымды өрт сезім кернейді.  
Ауданға жетпіс жыл толғанда –  
Жыр көшіне қосамын «Кернейді».  
Сарыарканың «Белағаш» қорабында,  
«Керней» тұр тоғыз жол торабында.  
Төрт түлік мал, мол бидай да өскен,  
Құнарлы қара – қоңыр топырағында.  
Бұлақтары кенде емес ағысқа,  
Кенейліктер жетер табысқа.  
Алдарына зор мақсат қойып,  
Тұлпары дайын бәйгі – шабысқа.  
«Кернейде» бұлбұлдар сайраған,  
Жетпіс жылдықты тойлаған.  
Нұрлан ел – жұрт камын ойлап,  
Кәсіпкерлік ғылымына бойлаған.  
Мәліметтерін компьютерге топтайды,  
Нұрланнан бірде – бір жан мін таппайды.  
Түр түрімен нан – тоқаштарды пісіріп,  
Дүкендерін уақытынан бұрын жаппайды.  
Бабалар дәстүрін ұмытпайды,  
Пәктікке ол шаң жуытпайды.  
Аруақтарға дұға бағыштатып,  
Айт мәзірін еш бұлжытпайды.  
А. А. Любименконы адамдар сипаған,  
Даланы пір тұтып, өз үйіне симаған.  
Ауа райын болжап, мол өнім жинап,  
Жеті өлшемей, темірді бір қымаған.  
Көп мәселелерді әріден ойлаған,  
Оларды шешпей тағы қоймаған.  
Ойдан – қырдан ғылым іздеп,  
Білімнің нәріне бір тоймаған.  
Адамдары гүл – гүл жайнаған,  
Жарасып, бірге біте қайнаған.

Еңбектің ері Любименко А. А.,

Трактор құлағында ойнаған.

Мектеп те айқара есігін ашқан,  
Күн күлімдеп, шуағын шашқан.  
Көз тартып, енселі сол ғимрат,  
Білім – тәлім жүгін тартқан.

Кернейде ұлдар мен қыздар туады,  
Өнер мен білімді іздей жүріп қуады.  
Еңбекте есепсіз ерен ерлік көрсетіп,  
Жетістіктерімен гүл жоғын буады.

Жаксылықты сұрыптаймын,  
Жамандықты құрықтаймын.  
Сарыарқадан күш – қуат алып,  
Ел – жұртымды ұлықтаймын.

Мәселені білмеген қандай жаман?

Өткенді Сарыарқадан қилы замаң.

Елбасының жолдауын қабыл етіп,

Бұқаржыраулықтар жүрсін аман.

Сарыарқа жер жанаты,  
Адамдары қос қанатты.  
Қырандары биік самғап,  
Бостандық таңы атты.

«Кернейден» халыққа сәлем жолдаймыз,

Екі мың жеті жолдауын біз қолдаймыз.

Екі мың отыз стратегиясын да құптап,

Елде ақылды экономиканы сомдаймыз!

Терең ой – қялдарға шомылып, елес атаулы кереметпен сапарлас жосылып, қолыма қалам тіркелім де, компьютермен тердім жапсарлас – жұпшыны да, замандарды қоян – қолтықтаған үш мәтін, Алла қолдап сол бір сәтін: «Жұлдыз, өлең - өзен», «Бұқар жырау жырларымен хаттандым», «Ана тілі – баба тілі».

Тұрған ауылым «Керней» болады, адамдарының мол ырысы кең етекке теңдей болды, «Омар» өзені көктемде арнасына сыймай ағады, дархан жері мал – жанға нән жағады, адал да салиқалы қызметтерімен өр мінез адамдары болашақта еңбек ері атанады, халқының ұйымшылдығы, қонақжайлылығы «Сарыарқаға» да мәшһүр болады, Қазақстанда қой үстіне боз торғай жұмыртқалап, бүкіл халық қолына бақ – дәулет келіп қонады!

Алпыс жылдай жеті жерді желістеп, жортып жүрмін: балалық шақтан бастап, ақсақалдардан тәлім тартып жүрмін; іңгүйықтағы ғарыш жұлдызынан, ғылым дәмін татып жүрмін; су беті

айнасына қарап, сан қилы бейнелер әлемін көріп жүрмін; жер жаханды аралап, даналарды тыңдап жүрмін; жетпіс жеті ағаш егіп, қайың - қарағай – қарағандармен сырласып жүрмін; компьютермен сен деп сөйлесіп, интернет жүйесіне кіріп жүрмін; әр түн таң – тамаша түстер көріп, аруақтардан аян алып, жаппар Аллаға тәубемді қайра – қайра айтып тұрамын.

Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан стратегиясын «Сарыарканың» сар жайлауы, оның бай койнауы, өзара жарасымдарын тапқан барша жамағаты қолдайды ғой. Облыс өркендеп, металл – кремни заводы Бұқар жырау ауданына салынып, өр өлкеміз қарыштай дамып, «Сарыарқа» бірлестігіне үлесін қосады ғой, ақылды экономиканың мол жемісін қазақстандықтар бүкіл Әлемге паш етеді ғой!

Ахметбек ақынның және Бұқар жырау ауданының мерейлі күндерін дүбірлете тойлайық, өткенді – бүгінді – болашақты ойламай қоймайық, шаттық – қуаныш сәлемін барша адамзатқа, шын жүректен жолдайық!

Таңдайына бұлбұл қонған қазақпыз,  
Өзіміз де, осында дүниеде азақпыз.  
Адамдармен сөйлесіп, сайрағанда -  
Шіркін, дәріга - ай, біз ғажаппыз!  
Қазақ, сөз патшасын даралайды,  
Оны мың бұралтып саралайды.  
Ой - өрісті өрімдей тарқатып,  
Жауын тілімен - ақ қаралайды.  
Қазақ өз жусанын сағынады,  
Жүрегінің әміріне бағынады.  
Елден жырақта жүргенде,  
Отан тұмарын тағынады.

### 7.3 АНА ТІЛІ - БАБА ТІЛІ

Армысың бабадан келе жатқан сана тіл,  
Бармысың қарт Аралдай азалы ана тіл?  
Ғасырлар илеуінде шынығып шындалған,  
Қазақты Қазақ қылып тұрған дана тіл.

Лаулаған өртпен қақталдым,  
Мылтыққа ұқсап оқталдым.  
Ортамнан қысым көрсем де,  
Ерке қазақ болып сақталдым.  
Қазақтың тіліне нұр төккен күн дейді,

Халықтың той – думандарын сәндейді.  
Қазақтың майса жер жұмағы көгінде,  
Қалықтай шарықтаған әуенді ән дейді.

Ана тіліміз – балдан да тәтті,  
Тамсандырар талай жұртты.  
Естігенде бөбектің нәрлі сөзін,  
Елестетесің бақытты сәтті.

Қазақ тілі махаббатқа жеткізеді,  
Екі жасты бақыт төріне өткізеді.  
Қозы Көрпеш пен Баян сұлудайын,  
Ғашықтықтың сезіміне шөктіреді.

Ана тілім мамықтай жұп – жұмсақ,  
Арманды толғайды, көзімізді жұмсақ.  
Ойға шомып, зейін сала, құлақ қойып,  
«Менің Қазақстаныммен» бір тұрсақ.

Ана тілі балқыған болаттай ыстық,  
Белгісіндей мәңгілік балауса жастық.  
Адам болып осы ғұмырға келген соң,  
Азамат бол, өмір өзенге үн қостық.

Ана тілі сондайын қымбат,  
Тұрған бойы толы сымбат.  
Өткірлігі алмас қылыштай,  
Жарқыраған таң болып ат!

Қазақ тілі болар жұмақтың бағы,  
Тілісідердің намыстары жоқ тағы.  
Тілі мемлекеттіктің бір белгісі ғой,  
Еш бір уақытта таймас оның тағы.

Қазақ тілі адамдардың ұстазы,  
Тәлім мен тәрбиенің ол ұстасы.  
Өнегелі тұлғаны сомдайтын,  
Рух асқақтығының тұтқасы.

Қазақ тілі білімнің көктер құрағы,  
Адамдарды алға жетелер шырағы.  
Ғарыштан халықты ақпараттап,  
Компьютер мен оның ойы қырағы.

Қазақ тілі тұнып тұрған байлық,  
Қазаққа Алладан түскен сыйлық.  
Қазақстанды өркендете дамыту,  
Қазақстандықтарға ерен бұйрық!

## БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫМЕН ХАТТАНДЫМ

Оқып Бұқар жырау жырларын хаттандым,  
Тарлан тарих қойнауына тездеп аттандым.  
Ақ табан алқа көл сұламада бәрімен бір болып,  
Уақыттың таразы – тозаңында таттандым.

Сарыарқа жонынан көрдім қалмақ пен жонғарды,  
Ерлер ат үстіне қонғанды, елім жұтап тоңғанды.  
Қан кешті жауларын, мың шегедей тойтарғаны,  
Сондағы айбынды да қаһарман халқым заңғарды.

Қалқаман – дара тұрған, бас батыр,  
Жорықтардағы тұрағы, боз шатыр.  
Бұқардайын бала берген, сол әкенің,  
Шайқастағы ерліктері іске татыр.

Он үшке жеткенінше жағын ашпады,  
«Мен білемін ғой» деп, асып – таспады.  
Ол, дау – дамайларды шешуге келгенде,  
Жұртынан сасып – пысып еш қашпады.  
Бұқардың туып - өскен өлкесі кең дала,  
Ғасырда біреу – ақ болар оған тең бала.  
Ақылшы болған Қазақтың үш ханына,  
Құтты бір тау шыңындағы, сең қала.

Он үштен асқан соң, оны мен солын айырды,  
Жыр жорғасын ауыздықтап, жеке қайырды.  
Көргенім бар ғой сол қалың бұқара арасынан,  
Бұқар жыраудайын бірегей алып ол шайырды.

Осы тұста Абылай төбе хан еді,  
Айналасына айтқандары заң еді.  
Ертеңге адымдап келе жатқан,  
Қазаққа арайлап атар таңы еді.

Жыйырмасыншы ғасыр тарих қойнауына кетті,  
Жыйырма бірінші ғасыр үмітімен бұрды бетті.  
Абылай ханнан – Президент Нұрсұлтан ұласып,  
Осынау, Егемендік Туына Қазақтар келіп жетті.

Күніміз шығыстан арайлап атқандықтан,  
Бұқар жырау Сарыарқада жатқандықтан.  
Жараспас, аталы сөзге бармай қалғанымыз,  
Дуаға толы жырдан дәмді татқандықтан.  
Сарыарқа гүл – жазира ән – сән жерім,  
Тұлпарша көсілген, арқалы торы керім.

Далба тауы шапаны етегіне аруланған,

Бұқар жыраудайын қайран сал – серім.

Тірдалы ортаға қайтып оралдым,

Патша сөз, нәрлі тілді құп алдым.

Бұқар жырау заманайында болып,

Ой – толғау мәніне құрық салдым.

Жыр жауһарында жүз он үш жасты жасады,  
Бұқар жырау жыры, наландық мысын басады.  
Сарыарқадағы осы Бұқар жырау ауданы,  
Қазақстанның дамуына зор үлес қосады!

### ЖҰЛДЫЗ, ӨЛЕҢ - ӨЗЕН

Сарыарқада бар маңғаз өзен – «Көкпекті»,

Оның өткел қыл көпірінен кімдер өтпейті.

Сұрапыл, сондай ала сапыран замандарда,

Армандарына бірі жетсе, скеуі жетпейті.

Ғарышта бар жұлдыздар жымындасқан,  
Су бетіне түсеміз деп, өзара ақылдасқан.  
Ғалам тілімен жырларын Жерге айтуға,  
Өздері ымменен түсінісіп қылмындасқан.

Өзен айдынына жұлдыздар қонып сыбырласқан,

Бір ақ жарық жұлдыз, ол ақынмен хабарласқан.

Өлең - өзен сөз патшасын шалқыта, өз жырлап,

Сәулелі ойтолғау айтып, менімен тайталасқан.

Өлең - өзен қыл шылбырша тас өрледі,  
Арқаның сұлуындай майысып, теріледі.  
Аламан жарыстағы торы сәйгүліктей,  
Мәреге ұмтылып, ол алға қарай керіледі.

Өзен камысынан тоған өрмедім,

Ахметбек ақынды мен көрмедім.

Су айна осы ақынды сомдағанда,

Ол дара тұлға, өр екен – ау делім!

Өлең – жыр құлаққа жетіп естіледі,  
Өлең - өзеннен ми толығып, ес кіреді.  
Зердемізге сары ала кілемше төселіп,  
Адам жанын биік самғатып, өсіреді.

Еш уақытта да сатпаған – ау өз арын,

Ауданымыздың мақтанышы ол дарын.

Тілі алмас, жаны мамық сол ақынымыз,

Бүкіл Әлемге көрсетеді Қазақ дидарын!

Ахметбек ақын, өлең - өзен саркылмаған,  
Бұлақ көзін жапса дағы о тартылмаған.  
Асқақ Қазақтың парасатты ұғымында,



Жайсаңға ешбір жаман ой артылмаған.

Өлең мен жыр, тулай аққан өзен тәрізді,

Бей – жай қалдырмас жас пенен қарімізді.

Өрттеніп, қиналып қалған сол бір сәтте,

Шөлімізді басар, шырын - медет нәрімізді.

Көкпектінің мөлдір суы лайланбасын,

Жортар жыр пырақтар байланбасын.

Ғылым, өнер мен ақын өлмейтіндіктен,

Атаулы сол күндер несіне тойланбасын?

Сарыарқанын әрбір қыры қызықтырған қарағанды,

Көкпектінің оңы мен солы топ – топ қараған - ды.

Ақынның «Қызыл қайыңынан» көз тартар қос қала:

Темірі тау Теміртау, металл - кремнилі Қарағанды.

Қарағанды облысы көмірлі,

Мал – жан, бидай, темірлі.

Ғылымын биікке тұғырлап,

Өркенді өнері болады өмірлі.

Қарағандының көмірі тау - тау емес пе,

Сарыаркам тұнып тұрған бау емес пе!?

Ахметбек ақынның туып өскен ауылы,

Жаратқанға шүжіршілік, сау емес пе?

Теміртауда пештер болат балқытады,

Металлург жалын гәккүйін шалқытады.

Қайнаған еңбек симфониясын айғақтап,

Көңіл күйін келтіріп, асқақ толқытады.

Қарағанды гүлдері келтіріп тұр сәнімізді,

Сол өзен айнасы айшықтап тұр мәнімізді.

Ахметбек ақынның осы мерейлі тойында,

Шырқатамыз жүрек жарды, нұр әнімізді.

Сарыарқа – туған жер маржаны,

Дүниеде ең қымбаты адам жаны.

Азаматтықтың асыл белгілері –

Тіл, өнер, ғылым, ар мен ұжданы.

Аяулы ауыл, өмір бесік, ақын туған,

Салт – дәстүрді санада берік бұған.

Дәнді дақылдар егіп, малдрды бағып,

Жер - көкпен ақылдасып арман қуған.

Қасиетіңнен айналайын, бидай дәні,

Көсілген Сарыарқаның сандуғаш әні.

Ахметбек ақынның өз арманындай,

Ел ордасы Астананың сымбат сәні.

Өлең - өзенді мартенде балқыта қортайын,

Әрілі – берілі жорғамды желіте жортайын.

Келер ұрпақтарды жырмен хаттандырып,  
Міндет пен сенімді ыждахаттан, артайын.

Өлең - өзеннің көркі қоға болар,

Өмір - өзеннің өрісі саға болар.

І үлденген Қазақстанның сәні –

Ақын жан, мөлдір үн аға болар.

Ахметбек ақын жакқан жұлдыз,

Тағдыр таңына татқан жұлдыз.

Дуылгалы – дуалы дана даланың,

Тыныштығын баққан өз жұлдыз.

Жұлдыз, Жер, өзен, өлең, ақын –

Ол ақынның әні халыққа жақын.

Айдын арайына шомылып тұрсақ,

Жібермеспіз сол жұрттың хақын.

Жер, су атауларын қайтарайық,

Кәдүгінгі Қазақ боп маркайайық.

Ахметбек ақын ауылын арулап,

«Қызыл қайын» деп сайратайық.

Ахметбекті ортамызға шақырайық,

Ұрандатып, бар дауыспен ақырайық!

Өткен сол бір замандарды зарлатып,

Ілгері де, кейін де барысып бақырайық!

Гіл сананы ашып шығады,

Адам атаулы соны ұғады.

Ол жүз отызға толғанда,

Арқадан жыр өзен ағады.

Өсем саз кісі көңілін сергітеді,

Жыр бесігі әлдиінде тербетеді.

Ахметбек ақынның салған әні,

Жан дүниені балқыта ерітеді.

Ой туындайды сана тереңінен,

Ол алыстар надандық кереңінен.

Рухқа күш, қуат дәні түсер - ау,

Атар таң, келер күн ертеңінен.

Көкте Ахметбек ақын рухы қалықтасын,

Өнерлі, ар – ұжданды халық шарықтасын.

Тұлаған өзен мен жыр - өлеңнің киесінен,

Тілсіз, дінсіз ол мәңгірттер құрықталсын!

Өлең - өзен қашанда да тоқтамас,

Ахметбек ақынды кім жоқтамас?

Нұрсұлтанның саясатын жақтап,

Ақыл экономикасын кім қолдамас?  
Ғарыш жұлдызындай жарқырайық,  
Сол кербез Көкпектідей сарқырайық.

Ахметбек ақынның рухына бас иіп,  
Осы күміс жыр буындай бұрқырайық!  
Келе жатыр... Кімнің несі кеткендей.  
Өнер, ол жан еш адамды жек көрмей.  
Елес боп, кейде елден жарық бөлінер,  
Ұясынан ұзап ұшқан дана кептердей

### Атым Адам

Адам, адам, адам -  
Адымдап басарсың кадам.  
Адамдарға бас иіп,  
Қош айтысып, бір қалам!  
Адам деген ардақты есім,  
Жақсы адамдарды көргенде кетеді есім.  
Ғаламда адамға кім жетеді,  
Жаратқан бір Аллада тоқсантоғыз есім!

Адам деген биік ат,  
Аскақтап жатқан.  
Күнге теңелер не зат,  
Арайланып атқан?  
Он сегіз мың ғаламда,  
Адам орны бір бөлек.  
Қан ойнайды саламда,  
Тамырланып әр білек.  
Адамдықтың белгісі өрлі адамгершілік,  
Сырт көзге көрініп тұратын.

Қиын екен іштен шыққан жаугершілік,  
Тұзақ болып өрініп тұратын.  
Адамгершілік, адамның ділінен байқалады,  
Рухыменен жарыса сабақтасып.  
Дінсіздер құлай жаздап дінінен шайқалады,  
Мақұлықпен қат - кабаттасып.

Адамға ең қымбаты өмір болар,  
Өнегелі - өрелі тұмыр кешсе.  
Дүниеде ең кара зат көмір болар,  
Тұтатқанда жанбай өшсе.  
Жер анадан адам болып туған соң,

Жаратқанға шүкіршілік еткен жөн.

Ата мен баба ғибадатын қуған соң,  
Асқақтаған арманға жеткен жөн!

### Ант суынан ішемін

Мен, Максұтхан, мектептегі ұстазбын,  
Омірдегі зор жауапкершілік, ұғынарым.  
Берерім тәлім мен тағылым болған соң,  
Білім - тәрбие шәкірттеріме ұсынарым.  
Саналы ғұмырымды халққа арнаймын,  
Адалдықтың ақ жолынан таймаймын.

Шексіздік ілімі мен өнерінен сусындап,  
Ғалымдар қазанында пісіп, қайнаймын.  
Жиырма бірінші ғасырдың көшіне ілесемін,  
Заманыма сайма - сай ескегімді мен есемін.  
Төл тарихымның даналық сабағын ескеріп,  
Үлкен - кішімен сөйлесіп, сіз бен біз десемін.

Жиырма бірінші ғасырға лайық тұлға,  
Жарасады осы замандық қыз бен ұлға.  
Жаһандану дәуірінде қалмайық кенже,  
Ұқсағандайын боп ертедегі кара құлға.  
Адамгершілігі мол адам тәрбиелеуге,  
Ант суышан ішемін, шын жүректен!

Шәкірттерге білім теңізін билетуге,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!  
Ізбасарларымды қазақша сөйлетуге,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!  
Отанымның даңқын қырға өрлетуге,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!

Қазақы ұлттық дінді өрге бастыруға,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!  
Мұсылмандық дінді санаға қостыруға,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!  
Халқыма адалышан қызымет етуге,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!  
Алдымдағы мақсаттарыма жетуге,  
Ант суынан ішемін, шын жүректен!

## Алтын ұя мектебiм

Алтын ұя мектебiм,  
Бiлiмнiң нәрi еккенiң.  
Берiп тәлiм - тәрбие,  
Нұлы шуақ төккенiң.  
Өнеге тұтамыз ұстазды,  
Iлiмге баулыған шәкiрттi.  
Ой - өрiс желiсi ұстамды,  
Жан - дүниемiздi өрлеттi.

Бiздер бақытты баламыз,  
Туған елге тiрек боламыз.  
Отанға адал еңбектенiп,  
Бiлiм шындырын аламыз!  
Бiлiм ордасы кайнаған,  
Мектебiмiз жайнаған.  
Халқымның болашағы,  
Балдырғандар ойнаған.

Туған жерiм, шұрайлым,  
Шыққан күнiм, арайлым,  
Қазақстаным – тұрағым,  
Өмiр гүлiндей, шырайлым.  
Бiздер бақытты баламыз,  
Туған елге тiрек боламыз.  
Отанға адал еңбектенiп,  
Бiлiм шындырын аламыз!

Дiн ислам  
Болғандықтан дiнiмiз ислам,  
Бiздер атанамыз мұсылман.  
Бас кiтабымыз құран кәрiм,  
Оны ұстанған иманды жан.  
Дiн – ғылымның атасы,  
Iлiмнiң ең ұлық саласы.  
Мұны бiлу дұрыс болар,  
Бар мұсылман баласы.  
Меккеге түскен жетi аят,  
Мұны бiлмеген болады ұят.  
Құран - жүз он төрт сүре,  
Қүдiреттiлiкке келiп саят.  
Аяттар пейiш есiгiне бұрады,  
Сүрелер аяттардан тұрады.

Алланың сол қасиетті сөздері,  
Құран кәрім кітабын құрады.  
Құдай әмірі Мұхаммедке жетті,  
Қарилардан әлемге тарап кетті.  
Хақтың даңғыл жолын ұстанып,  
Бұл дүниеден талай діндар өтті.

Илам діні тұғырланған қазық,  
Ұлттарға болған рухани азық.  
Төрт бағытты тең түгендеп,  
Алысқа жайылатұғын жазық.

Азаншы намазға шақырады,  
Құран мақымында оқылады,  
Дұға және хадис шапағаты,  
Санаға құйылып тоқылады.

Аллаға айтамын шүкіршілік,  
Тәубесіне келмеу күпіршілік.  
Тілде хақ, істе сауап барда,  
Жердегі жарасқан тіршілік.

Діліміз исламнан тамырлансын,  
Халал ақ ұндайын қамырлансын.  
Құдай қазақтан қашық тұрмас,  
Ол ислам дінімен шымырлансын.

Дінсіздің деңгейі таяу малға,  
Ұқсағандай алжыған шалға.  
Шариғаттың нәрін алмаса,  
Онда адам баса ала ма алға?

Бір Алладан қорққан дұрыс,  
Тәңірі тәлімін ұққан дұрыс.  
Ата діннен ақиқат тауып,  
Көш ілгеріге шыққая дұрыс.  
Иманның шапағында шаттанайық,  
Ислам дінімен қатты хаттанайық.  
Мұсылман легіне келіп тоқтанайық,  
Қажылыққа ниеттеніп аттанайық!

## Ана тілі, баба тілі – даналыққа жеткізер жол

Бабалар, әке – шешем сөйлеген тіл,  
Ғасырлар илеуінде шыңдалған тіл.  
Қазақ болмысын жырларға қосып,  
Айтыс төрлерінде тыңдалған тіл.

Тілімнің байлығына шаттанамын,  
Тілімнің маржанына мақтанамын.  
Ақылман ой, төрелік байламдарға,  
Терең бойлай барып, тоқтанамын.  
Бұлбұлдайын сайрайтын тіл,  
Домбырамен қосылатын тіл.  
Ең жазира даланы сарнатып,  
Қобыздайын жосылатын тіл.

Сөз тарланына тоқтаған елміз,  
Қазақ тілін көп жоқтаған елміз.  
Жиында ағылшындай шүлдірлеп,  
Орысшалап дөп боқтаған елміз.

Осындай тілдің қор болғаны – ай,  
Шаң басып, былығы қалғаны – ай.  
Абай дана шумақтаған жырының,  
Қараусыз нәзік гүлше солғаны – ай.

Алдымен қазақ тілін біліп ал,  
Халық үшін бар өнерінді сал.  
Білімнің тасып бара жатса,  
Орыс, ағылшын да бола қал.  
Қазақ болсаң тілінді біл,  
Аталы сөзді құлағыңа іл.  
Қиындық күйді кешсең де,  
Қылды қақ жаратын тіл.

Ақиқат сөзім атойлап тұрады,  
Құйма құлақ сайраның құрады.  
Дүниенің жаһандану заманына,  
Қазақ көш басы болып тұрады!

## Арда Қазақ

Өмір дегенің су екен,  
Ағады да кетеді.  
Байлық деген бу екен,  
Ұшады да кетеді.

Артыңда қалатыны бала екен,  
Шаңырақ отын сөндірмейтін.  
Мәңгілік қонысың ең дала екен,  
Қара түнекті төндірмейтін.  
Сөзді өшірмейтін хат екен,  
Сөрелерден табылатын.  
Сүйекте қалатын дат екен,  
Семсермен шабылатын.

Дүниені көп кезіп араладым,  
Сөз маржанын сараладым.  
Жер слұлығынан толғақып,  
Данаға сүйсініп дараладым.  
Абай ақын дана екен,  
Хақ Раббы дара екен.  
Адамды қинайтығұн,  
Көңілдегі жара екен.

Дананың берері мол екен,  
Керегінді ала білсең.  
Алланың жазуы дөп екен,  
Есіңе сала жүрсең.  
Әкенің орны бөлек екен,  
Мәуелі бәйтеректейін.  
Ананың орны ерек екен,  
Биязы бәйшешектейін.

Әке балаға баптаушы екен,  
Айтпай – ақ ұқтыратын.  
Ана балаға жақтаушы екен,  
Ыммен – ақ ықтыратын.  
Балаға, ата – анаға дәнекер,  
Шаңырақтың мереке – сәні.  
Ата – ана балаға тәлімгер,  
Жанұяның берекелік - мәні.

Мектеп, зор ғалам екен,  
Білімдерді миға тоқытатын.  
Мұғалім, ұлы ғалым екен,  
Оқушыны мәндеп оқытатын.



Дарын алыстан көрінеді екен,  
Адымдап нық басқанда.  
Дарапоз ерекше өрінеді екен,  
Жарыстарға қосқанда.

Дарындылық бар қазақы ойында,  
Кеменгерлік оның тұла бойында.  
Сен, нағыз казактың өзі болсаң,  
Менің айтқандарымды мойында.  
Қазак, ол, асқар тау, мұнартқан,  
Көк аспанмен тілдесіп, сөйлескен.  
Өнер, білім, ғылымға құмартқан,  
Өлеңі, әні, күйі, биіменен үйлескен.  
Қазак, ол, дархан дала, жерұйық,  
Ұшқан құстары әуесінде сайраған.  
Өзендері ағысты Еділ – Жайық,  
Асыл тастарын егеудей қайраған.

Қазак, ол, бәйтерек, мәуелі -  
Жапырақтарын кең жайған.  
Ұрпақтары нұрлы, сәулелі,  
Болаттайын берік, қайнаған.

Қазак, ол, халық, қонақ жай,  
Құдасын құдайындай күтетін.  
Жау шықса, қалмас би – жай,  
Қауқары бар жүндей түтетін.

Қазак, ол, ел бағалайтын арды,  
Ділі биік, тұғырлы.  
Тәубе тұтатын қолдағы барды,  
Діні берік, құмырлы.

Қазак, ол, ой - өрісті бала,  
Оңы менен солын танитын.  
Фәлсафасын ұға ұлы дала,  
Пышак жүзіндей жанитын.

Қазак, ол, шуақты күн,  
Арайлап, шығыстан ататын.  
Ғасырлардан жетер үн,  
Өрлікке шақырып тұратын.

Қазак, ол, айтыста қозатын,  
Істеген еңбегі жанатын.  
Уақытпен жарысып озатын,  
Ұйқысы тез - ақ қанатын.

Қазак, ол, қашықтағы жұлдыз,  
Бір сөніп, екі жанатын.

Берікке тағылатығұн құндыз,  
Көрсетер серілік канатын.  
Қазақ, ол, тұтырлы тұлға,  
Парықты парасатқа жүтінген.  
Қырдан қолыңды бұлға,  
Достықты шақырып көрінген.  
Қазақ, ол, бір ғалам,  
Айтуға тұрарлық.  
Қолдағы сол қалам,  
Жырды құрарлық.  
Қазақ, ол, кемеңгер Абай,  
Еш уақытта сөніп - өшпейтін.  
Қазақ халқы ерекше бай,  
Жерінен бақ, береке кетпейтін.  
Біздің қазақ дәл осындай,  
Айтқандарыма наныңыз!  
Тазалығы көз жасындай,  
Сөздің мәйегіне қаныңыз!

### Сөз күдіреті

Айтылған сөз, зеңбіректен атылған оқ,  
Оған тең түсер еш бір күш – қуат жоқ.  
Тілдің күдіретіндей ой тұжырымдасам,  
Сонда ғана көңілім жүреді дей алам тоқ.

Сөйлемдер сөздерден құралады,  
Нақылға кім қарсы тұра алады?  
Тарихнама тағылымы айтылса,  
Дұрыс жолдан кімді бұра алады?  
Сөз – рухты көтеретін ұран,  
Мұсылманға бас кітп құран.  
Қандай қиындық болсадағын,  
Қазақ жүгін көтеріп тұрам.

Сөздің күдіреттігіне сенемін,  
Ақыл мен сананы бірге жегемін.  
Жалғасқан ұрпақтар санасына,  
Адамгершілік дәндерінен егемін.  
Сөз – түрлі хабарларды жеткізеді,  
Қылдай көпірден сүрінпей өткізеді.

Ұлық мақсатқа ұмтылған адамды,  
Таудай биік армандарға жеткізеді.

Сөз бар адамды жақсылыққа үйреткен,  
Сөз бар жамандығымен елді күйреткен.  
Арамды адалдықтың қайраты қиратып,  
Айбындық қаһарына шаншып түйреткен.

Мұздақты жол аяқты тайдырады,  
Жалған сөз адам жанын аздырады.  
Сүйрендеген, уытты ұп - ұзын тіл,  
Алдына теп – терең ұра қаздырады.  
Алла салсын аузымызға дәмді сөз,  
Сұлу қылықты көрсін қырағы көз.

Адамгершіліктің парызын аркалап,  
Мойныда түссе қиындық, оған төз.  
Құдай сақтасыншы озбырлықтан,  
Аулақ жүрейікші қызымырлықтан.  
Өлең мен жырдың самалына малып,  
Хақ нәсіп қылсын қызық - ырзықтан.

Сөз теңізінде қазақша қалықтайық,  
Сөзімізді ғылымдармен байытайық.  
Мінбелерден даналықты таратып,  
Адамзатқа жоба айтып қайтайық.

Сөздің құдіретін ұққандаймын,  
Талай дәулерді жыққандаймын.  
Тілдің маржандарына қанығып,  
Күй сазға түсіп шыққандаймын!

#### 7.4 ОТАН - АНА

Отан – бірге туғандар мен жанұяң,  
Отан, ақ қайың көлеңкесіндегі саяң.  
Балалық шақта асыр сала ойнаған,  
Тау мен тас және де жар мен қияң.

Отан - өзен мен көлің,  
Нан – тұз, құм - шөлің.  
Әр түліктен тараған,  
Өрісте өбіткен төлің.

Отан – елің мен жұртың,  
Отан - болат тұяқ атың.  
Бабадан балаларға мирас,  
Тарихтан жеткен затың.

Отан – ер ардағы тас қала,  
Отан – ел ордасы жас қала.

Ол қазақстанның астанасы,

Қазақтың шаһары, бас қала.

Отан – қос текті домбыра,

Отан – мұқдасың домбыра.

Күй сазын үнімен таратар,

Отан – сырласың домбыра.

Отан – шырқалған жыр - әнін,

Отан - талмас қанат қыраың.

Жаһандану заманында қажет,

Күш – қуат және рух - ұраңың.

Отан – желбіреген байрақ,

Дүние жүзіне болған айғақ.

Намыстың отын маздата,

Мығым орныққан шаңырақ.

Отан – биіктегі көк аспан, төңірек,

Отан - тереңнен нәрленер бәйтерек.

Үй мен мектеп ауласында тербелген,

Еңбекпен, баптап өзің өсірген терек.

Отан – Шыңғыстау мен Алатау,

Отан – Қаратау мен Балқантау.

Қара орман халқымның мақтаны,

Хантәңірі, Баянтау мен Ұлытау.

Отан – Сары арқа мен Көкшетау,

Отан – Бетпақдала мен Ақшатау.

Маңдайынан сұлу бұлттар сүйген,

Әлемге әйгілі Хантәңірі, киелі тау.

Отан – жаңа жауған аппақ қар,

Отан – жалтыраған айдын мұз.

Төмен қарасаң басты айналтар,

Тау бұйратындағы шындырау құз.

Отан – азаматтың кимыл – ісінде,

Отан – мемлекет шекарасы ішінде.

Күндіз де, түнде де ойда жүретін,

Адам атаулының өңі және түсінде.

Отан – адамдардың көзінде,

Уақыттың қалдырған ізінде.

Ордабасы төрінде түйіндеп,

Даналардың айтқан сөзінде.

Сол бабалардан қалған мынау уағыз -

Барлық адам өзінің Отанына қарыз.

Жау шыға қалса іштен ия сырттан,

Отаныңды қорғау азаматтық парыз.

Отанды аяндайын аяла,  
Бау – бақшадай сен саяла.  
Бойында болса ишратың,  
Отан - ана, деп жарияла!

### Асқак рух

Рух – көңіл – күй толқыны,  
Ол жақтырмайды олқыны.  
Сезінбей қап рух құдіретін,  
Соғып кетпесінші салқыны.

Рух – қазағымның жүрегі,  
Рух – қазағымның тірегі.  
Жаны мен тәнінің серігі,  
Рух - адамдардың керегі.

Рухты адам еш қайыспайды,  
Исеңдағы бірде майыспайды.  
Көпіре қайнап та тасымайды,  
Қиындыққа да еш жасымайды.

Рух – көзге көрінбейтін қуат,  
Рух – ерді қайраттаушы зат.  
Жасынан рух шыңдалмағанда,  
Адам ағзасын бүлдіретін дат.

Рух – асылдың асау асқактысы,  
Отандық сезімнің нар түйткісі.  
Батырға берілетін ерлік қасиет,  
Қаһармандықтың бар ұйтқысы.

Рухы биік ерді жау алмайды.  
Рухы асқак биді дау алмайды.  
Рухы мығым ел – жұрттың,  
Діні мықты, ділі сау болады.

Рух – тілекпен сомланады,  
Рух - арнаумен қомданады.  
Рух - батамен жолданады,  
Рух - өсиетпен томданады.

Амансыз ба рухты аталарым,  
Кеш дер ем болса қаталарым?  
Қазақстанымыз гүл жайнап,  
Табыстарын тойлай берсін!*

### **Ақжарым – ауылым, Қазақ дегенде, елжірейді бауырым**

*Ақжар ауылым, ақ жарлы қалам,  
Хат жаздым қолыма алып қалам.  
Зулаган компьютердің заманында,  
Кейде сағынып өзіңе барып қалам.*

*Алладан, жерге түскен әмірім бар,  
Көңілімді жұбатар мамырым бар.  
Көнеден бүгінгі күнге кеп жеткен,  
Адам бәйтерегінен, тамырым бар.*

*Тамыр тегіміз түрік болар,  
Атадан мирас, ерлік болар.  
Даналар сөзіне құлақ ассақ,  
Шаңырағымыз берік болар.*

*Ақжар бабаларым тұрған ауылтын,  
Қазақ дегенде елжіреткен бауырын.  
Аймағанбет пен Жыржыс көрген,  
Меккеге барғандағы жол ауырын.*

*Ұлдары Отанын қорғаған,  
Қыздары оларды қолдаған.  
Махаббат сезімін білдіріп,  
Ауылым сәлемін жолдаған.*

*Ұлы жеңісті тойлаған,  
Қазақ ұранын ойнаған.  
Ерен еңбегімен өркендеп,  
Ауылымыз гүл жайнаған.*

Қазағым, жарасымды төріміз,  
Көк байрақты, туған жеріміз.  
Алтын бесік, күміс сулы бұлақ,  
Қожса, молла, ақын, сері ерміз.

Ақжар – көк шаңырақтай ауылым,  
Рухың келісті, бармысың бауырым?  
Ақжарым, сазы жарасқан мекенім,  
Тұлға сомдар, бәйтерек тамырым!

Ақжарды бабастар тұрақ еткен,  
Дарындар, ғылымды қуып кеткен.  
Шипагер - ұстаздықты меңгеріп,  
Адамдық шыңына барып жеткен.

Бабас деген еңселі ру болады,  
Халыққа дарын дару болады.  
Ел - жұттың атын даралар,  
Сахананың көркі ару болады.

Жүрегімдегі сағыныш, Ақжарым,  
Қазағымның бейнесі ақ - жарқын.  
Жемісі мол, ырысы көл тасығын,  
Отанына көрсеткен нар нарқын.

Ауылымыз көңіліміздің толқыны,  
Ел мен жұртымыздың қарқыны.  
Ұл мен қыз көкейіне тұрақтаған,  
Арман – тілектерінің жарқыны.

Қайырмасы:

Ақжар, бақ - берекем екенсің,  
Гүлжауһардай көркем екенсің.  
Жайқалып құлтырған ауылым,  
Сары арқадағы еркем екенсің!

Ақжар Қызыл таумен бағымдалған,  
Арқыраған өзендерімен ағымдалған.  
Жота, тобе, жазық - жасайлымдар,  
Ұлан – гайыр даламыз сағымдалған.

Соқпақ жолдарыңмен жүргенмін,  
Тастарыңа да шығып тұрғанмын.  
Ақ қайыңдарыңмен көп сырласып,  
Ақ көңілімді әсемдікке бұрғанмын.

Жеті таспа қамшы өргенмін,  
Той – думандарды көргенмін.  
Боз бала болып, қызға барып,  
Жеміс – жидекті тергенмін.

Қайырмасы:

*Ақжарым ауылым, сәулетайым,  
Сандуғаш әуенімен сайратайын.  
Сымбат жырын тасқындатып,  
Наз көңіл өртімен қайнатайын.*

*Басымды иемін ауылдағы о ағаларға,  
Шабыт келіп тұр, өзенді жағалауға.  
Дұғай сәлем жолдағаным дұрыс - ау,  
Жағдай боп тұр ауылды сағалауға.*

*Басымды иемін ауылдағы апаларға,  
Ақ орамал, ақ жаулықты аналарға.  
Алысты көріп, көпті санаға түйген,  
Ақ тақиялы, ақ сақалды даналарға.*

*Басымды иемін ауылдағы қарындастарға,  
Өзімменен жасытұстас, замандастарға.  
Бар адамзатқа басымды үш қайтара иіп,  
Құран ағыштаймын аруақ қандастарға!*

*Ауылым, менің жүрегімдегі әнім,  
Қара көзге нұр тартатын сәнім.  
Ауылды ұзақ уақытқа көрмесем,  
Келмерме екен – ау, менің мәнім.*

*Ақ боз атымды тағаладым,  
Алыстап өзенді жағаладым.  
Ауылыма құн жетпейді деп,  
Жаннан қымбат бағаладым.*

*Қайырмасы:*

*Ақжарым, қайда қалып барасың?  
Мәңгілікке менің есімде қаласың.  
Баба ауылынан алыстаған сайын,  
Шоқ жұлдыздай болып жанасың.*

*Ата қолын жайып бата берсін,  
Аппақ таң шапағын ата берсін!  
Ақжардай асқақты ауылдарым,  
Сары далада еркін жата берсін!*

## **Ауылым**

*О, туған-жер ауылым,  
Сенсің бақыт байлығым.  
Бауырыңда тербеліп,  
Өтіп жатыр әр күнім.*

*Таңы алтын арайлы,  
Шұғыла боп тарады.  
Түні мақпал шырайлы,*

Көктем күліп қарайды.  
Сарқыраған Шилі өзені,  
Жап-жасыл қыр-өзегі.  
Жайнаған әсем гүлдері,  
Ырғалған жасыл-желегі.  
Түйе, түйе – Түйетас,  
Суы зам-зам Сиректас.  
Жұпар исі аңқыған,

Көк  
шалғынды Жартас.

### Отан

Ғаламға жұлдыздар шашылған,  
Дүниенің қақпасы кең ашылған.  
Құс жолы легіне адамдар кіріп,  
Он сегіз мың ғаламға қосылған.  
Мөлдір аспанда күн күлімдеген,  
Биікке қыран құс шарықтаған.  
Жазиралы әсер гүлдей жайнап,  
Көк айдында ақху қалықтаған.  
Күлімдеген күн ару қыздай,  
Бақыт орамалын сермеген.  
Шыңдағы құс боз баладай,  
Намысын қолдан бермеген.  
Гүл шыққан жер клемдей,  
Қазақы оюымен әрленегі.  
Айдындағы құс еркемдей,  
Махаббатпенен өрленген.  
Жайқалған жапырақ Отаным,  
Өзім туған топырақ Отаным.  
Қайран қазақтың қос қанаты,  
Желдей ескен пырақ Отаным.  
Ән ұран Отанды айшықтайды,  
Ел таңба Отанды айғақтайды.  
Қазақтың самалы толқытқан,  
Көк ту Отанды байрақтайды.  
Ардақ тұтам Отанды,  
Елім, жұртым тірегім.  
Асқақ тұтам Отанды,  
Соғып тұрса жүрегім.  
Отан өмірден қыбат,  
Еш уақ сатылмайтын.

*Отанды сатқан дат,*

*Еш уақ кешілмейтін.*

*Отанды жырға қостым,*

*От өткелден мен астым.*

*Қазақ болғанымға қуанып,*

*Қасиетті жерді бастым.*

*Отаным шексіз байлығым,*

*Ән ұранымыз шырқалсын!*

*Сезілер қазаққа сайлығым,*

*Көкшіл туымыз ырғалсын!*

## **Астана**

*Қазақтың байтақ жерінде,*

*Сарыарқаның киелі төрінде.*

*Ару қала Астана жайнаған,*

*Мәңгі жасампаздық өрінде.*

*Астана жастар қаласы,*

*Ғылым саласы.*

*Бағындырса жеті өнерді,*

*Болама адамның шаласы.*

*Ағалар қаласы Астана,*

*Апалар қаласы Астана.*

*Еңбектің көрігі қызған,*

*Ғасыр қаласы Астана.*

*Аталар қаласы Астана,*

*Әжелер қаласы Астана.*

*Ғынтымақты ұстанған,*

*Даналар қаласы Астана.*

*Бірліктің қаласы Астана,*

*Іріліктің қаласы Астана.*

*Қазақы рух байрақтаған,*

*Ерліктің қаласы Астана.*

*Тапқырлықтың қаласы Астана,*

*Сабырлықтың қаласы Астана.*

*Достықтың өнегесін өрбіткен,*

*Тамырлықтың қаласы Астана.*

*Бәйтеректі қала Астана,*

*Сан өрнекті қала Астана.*

*Хан шатырлы, Ақ ордалы,*

*Ең көрнекті қала Астана.*

*Жаным менің Астана,*



*Қаным менің Астана,  
Дархандықтың сыйы,  
Ханым менің Астана.*

*Арым менің Астана,  
Барым өзің Астана.  
Ауыр жүк көтерер,  
Нарым сен Астана.*

*Қазақтың туы да Астана,  
Көк майса нуы да Астана.  
Есілдей еркелейтін өзеннің,  
Көк айдын суы да Астана.*

*Ел таңба да Астана.  
Кең қамба да Астана.  
Жердің бар байлығы,  
Кен қазба да Астана.*

*Ән ұран сазы Астана,  
Асқақтатар Отанды.  
«Нұр астана» үйіндегі,  
Хақ құран сөзі Астана.*

*Қазақтың ақ арманы Астана,  
Президенттің қолы жүретін.  
Қазақстанды өрлетер тұлға,  
Қазақ елінің ертеңін көретін.  
Сүйікті қалам Астана,  
Берікті қалам Астана.  
Сәлетің-әулетің нұрлы,  
Көрікті қалам Астана.*

*Астана шашуын шашсын ақын,  
Болашағымыз, болсын жарқын.  
Ән салып, би билесін әр толқын,  
Ұғып бұл өмірдің баға-нарықын.  
Жаса жас қалам Астана,  
Жаса бас қалам Астана!  
Тұғырың еш мызғымасын,  
Асыл тас қалам Астана!*

## **Кітап**

*Кітап дегенім алтын сандық,  
Кіріпші қаланған білім-байлық.  
Кітап оқысам жаным кіреді,  
Жол жүргендейін мың айлық.*

*Кітаппен тарихқа бойлаймын,  
Ата-ана аманатын ойлаймын.  
Ұлттың бағындырған шыңын,  
Ел-жұрт төрінде тойлаймын.*

*Кітаппен ертегіге кіремін,  
Ғасырларға жол саламын.  
Ғылым-білімнің теңізінен,  
Өзіме қажетімді аламын.  
Кітаптың кереметіне алданамын,  
Ғылымның тереңіне таңданамын.  
Білім-тәрбиенің асылын көргенше,  
Кітаптың құлы боп жалданамын.  
Адамгершілік те кітапта,  
Жаман мысал да кітапта.  
Ізгілік- парасатты іздесең,  
Имандық негіз де кітапта.*

*Кітап елмен тілдестіреді,  
Жыршымен жүздестіреді.  
Ғаламның кеңістігін кезіп,  
Сөз жорғасын іздестіреді.*

*Кітаппен бірлесіп ұшамын,  
Алыстарға самғап кетемін.  
Еш бір шаршап-шалдықпай,  
Арманымға барып жетемін.*

*Кітаптан сөз қалдырамын,  
Білімнің нәрін салдырамын.  
Халқыма хатымды жазып,  
Рухты сөреден алдырамын.*

*Кітап менің шыбын жанымдай,  
Өз мүшемдегі қызыл қанымдай.  
Қара түнек ұйқысынан оятқан,  
Шығыстан шыққан таңымдай.  
Кітапты оқып әспеттейік,  
Білім қазынасына бойлайық.  
Қымбат өмірді зор бағалап,  
Кітапты ғалымға балайық!*

**Әже**

*Әжем менің, әжем менің ардақтым,  
Кең пейілді, мейірімді-салмақтым.  
Сенің бейнең көз алдымда мәңгілік,  
Сенің сөзің тұр санамда жарқырап.*

*Аяладың «ботам»-дедің жұбаттың,  
Еркелетіп, жүрегімді қуаныттың.  
Сен бар кезде мен бақытты болыптың,  
Кезім енді жетті бұны ұғатың.  
Әже, сені сағынып жүр құлының,  
Басы өзің айтылытын жырымның.  
Сипап шашты алақаның аялы,  
Түн ұйқымды әлдилейсің әлі күн.*

**Төрт су арнасы тоғысқанда, сұлу қыздың қос бұрымындай  
, толықсып аққан өзен немесе Сарыарқаның самалы**

Алла нәсіп етіп, менің замандастарым ХХІ ғасыр, техниканың үдей дамыған компьютерлік ғасырында өмір сүруде. Қазақстан егемендігін алған соң өзінің дамуындағы даңғыл жолын даңғылдап, айтарлықтай табыстарға жету үстінде – саяси жағыдайымыз тұрақты, эконимакалық ақуалымыз көтерілуде, әлеуметтік ауқатымыз жақсаруда, ұлттық мәдениетіміз дамуда, спорттық көрсеткішіміз жақсаруда. Бүкіл дүние жүзілік жаһандану үрдісіне аяғымызды сеніммен басып, дүниежүзілік сахнаға, мен дархан қазақымын, - деп зор мақтанышпен жарқырап шығатын болдық.

Мұсылмандық қағидаттармен рухтанып, Бұқар жырау жырларымен сусындап, Ыбырай Алтынсарин өсиетімен өркендеп, Алаш туын қолда берік ұстап, Бұқар жырау ауданының тұрғындары Президенттің жолдауларына үн қосып, халықтың әл – ауқатын көтеруге өздерінің күш - жігерін барынша жұмсауда. Мұның дәлелді, Паламент мәжілісінің депутаттары Дауылбай Құсайынов пен Рауан Шаекиннің және аудан әкімі Е.Нашаров пен мәслихат хатшысы А.Жүніспековтың халық алдында айтқан деректері. Уақыт пырағының жылдамдығы сондайын Бұқар жырау Қалқаман ұлының туғанына 340 жыл, осы жыраудың атындағы ауданымызға 70 жыл, ал Қазақстанның тәелсіз мемлекет атанғанына 17 жыл толып та қалды. Бұл үш үлкен тойдың бір – бірімен тұспа – тұс келуінің өзі жүрегімізге шаттық сезімін ұялатады, тәуелсіздігіміздің баянды, болашағымыздың жарқын боларын паш еткендейін. Тарлан тарихымызға қысқаша шолу жасаған соң, осы үш тойға арналған сый, сиясы кеппеген жаңа кітапқа астарластырып, ауданымыздың бірер беделді азаматтарын атай отырып, жанымның лүпілін суреттеп көрейін.

*Ау, арда қазақ, арда қазақ,  
Дархан пейілің барда қазақ.  
Сарыарқадай кең жазира,*

Даламызда бар орда қазақ,  
Сарыарқам тауың биік асқарлы,  
Шөбі шүйгін, көлдерің шалқарлы.  
Жазда жайқаласың, гүл жайнап,  
Қыстағы жер беті қалың қарлы.  
Сарыарқам, сары гүлді далам,  
Төріңде Астанадай ару қалам.  
Бәйтеректің биігіне шығып,  
Жүрек жарды әнімді салам.  
Сарыарқам сұлу қыз сылаңдаған,  
Биік ұшырып, арманды аралаған.  
Қайран Сарыарқамның сымбаты,  
Тәнті қылып, жанды жаралаған.  
Тебіренемін, қарап Сарыарқаға,  
Не жетеді, күндей сұлу арқаға?  
Қызыл ерін, бота көз, найза қас,  
Жаны пәк, ақ - жарқын қалқаға.  
Сағынамын сары түс самалымды,  
Ашамын, тас – түйін қамалымды.  
Құшақтап бір сүйуге құштармын,  
Жібектей жайнаған Жамалымды.  
Сарыарқаны күмбірлетті Құрманғазы,  
Тәттімбеттің сарыжайлау күй - сазы.  
Қаз дауысты Қазбектің дуалы сөзінен,  
Құлағыдар болып келеміз қысы – жазы.  
Аспандатам Қазақтың барыстарын,  
Есімде ұстаймын Қазақ арыстарын.  
Бұқаржыраудың ауданынан шыққан,  
Мақтан етем Ғазалидің Арыстанын.  
Даралар ем Бұқар жырау бабамды,  
Жыр жанаты бабалардан шығады.  
Бұқар жырау ауданын мекен еткен,  
Жыр сүйер қазағым мұны да ұғады.  
Сарыарқаның таулары асқақты,  
Ұшқан құстың қанаты талатын.  
Көсем сөз дарапоздарына қарап,  
Көрген жан таңданып қалатын.  
Даналар, тау тұлғалы сомданған,  
Сарыарқаның тарихы томданған.  
Қаныштайын ғалым сымбатына,  
Ағылшын мың арал да таңданған.  
Сарыарқаның топырағынан айналдым,

*Мың бір саққа жүгіріп кеп, толғандым.  
Жан дүнием алып ұшып, шабыт оянып,  
Әнші құстардың жырына жалғандым.  
Сарыарқам, бой тұмарым,  
Қашанда қанбас құмарым.  
Көкте сары күн көрінгенде,  
Оттай жанады жанарым.  
Сарыарқам сайран жерім – ай,  
Күнікейдей кербезді белім – ай.  
Сарыарқадай жырдың бағын,  
Мекен еткен қазақы елім – ай.  
Сарыарқам, қасиетті жер,  
Байлығыңды еліңе бере бер.  
Замана зырылымен зырлап,  
Ұлы көшке ілесіп жүре бер!  
Күндіз бөрікті Сарыарқа,  
Бұқар жырау болған арқа.  
Атап өтейінші төртеуін,  
Ой - өріс саумалын сарқа:*

## ПОСЕВНОЙҒА АРНАУ

Құрметті АРЫН ұлы Посевнойға,  
Сізге, әсте, жетерме екен баға?!  
Ел – жұрт үшін тудыңыз,  
Өнер – білімді де кудыңыз.  
Жұмыр жерді көп аралап,  
Дертке қарсы тұрдыңыз.  
Ой – шұңқырлардан өттіңіз,  
Шипалы сөздерді айттыңыз.

Бүгінгі күн, шаттық – мереке,  
Пайғамбар жасына жеттіңіз.  
Көктемдей құлпырдыңыз,  
Көк бұлақтай сарқыраңыз.  
Асыл тастай жарқыраңыз!  
Иғыңызға шалаң, астыңызға аргұмақ,  
Жортқанда жолыңыз болсын асыл аға!

## ҚАЗКЕНГЕ АРНАУ

(Ботакара кентінің тұрғыны, Бұқар жырау аудандық денсаулық сақтау жүйесінің беделді қызметкері, жоғарғы санатты хирург дәргер)

Өткіздің осыншама сауық пенен жиын,  
Сұрастырып дос пен жаран жағдайын.  
Ойыңнан еш бір уақытта шығармай,  
Халықтың денсаулығы менен жайын.  
Дәргерлік ғылымды өз зердене ілдің,  
Экологиялық қасіреттерге түнілдің.  
Қан тамыры жолдарын тазартып,  
Жүйке, жүрек, бауырларға үнілдің.

Хирург міндетін сәтті атқардың,  
Аудандық жүйені ұзақ басқардың.  
«Кернейлік» ауылдастар атынан,  
«Рахмет» сөзі бар саған айтарым!

Аңқылдаған аппақ көңілің,  
Дариядай кеңінен тасыған.  
Көрсен дағы көп қиындық,  
Кезің жоқ қой бір жасыған.

ҚАЗКЕН! Құтты болсын туған күн,  
Сарыарканың самалынбір қуған күн.  
Бакыттың бақ құшағына бөленіп,  
Асқарлы АЛПЫС жасқа толған күн.

Көңіл – күйің асып тасысын,  
Арман қанатың өрге бассын.  
Бойыңа АЛЛА қуат беріп,  
Беделің көк аспаннан ассын.

Бакыт құсы алақанына қонсын,  
Аспандағы жұлдызың жансын.  
Ұрпақтарға үлгі етерліктейін,  
Ғұмырың, дәйім, ұзақ болсын!

Білім байлығын алу мен беру нұрлы нәсерге ұқсап, ақ тілекпен, бабаның оң батасымен қуаттанып отырса, зерделі жанды одан бетер сергіте түседі, шабытын шарықтатады, шығармашылық шалқарында қалықтауына, онан әрі көкке шарықтауына күш пен жігер береді. Білім мен тәлімді бүкіл дүниежүзілік деңгеймен үзеңгілес ұстап, өркениет бәсекелестігіне төтел беретін өнегелі тұлғаны тәрбиелейді.

**Көкенұлы Баян Көкенович – Бұқаржырау ауданының №1 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі.**

Қазақтың киелі жерінде, Сарыарканың сары даласында Баянтау сынды әсем де сұлу тау бар. Қазақ ырымшыл да дана халық қой. Баян ағамыздың есімін әкесі Баянтаудай көрікті, асқар таудай асқакты, ер тұлғалы ел азаматы болсын деп, - Баян қойса керек.

Сұңғақ бойлы, сергек ойлы, батыр денелі, мәрт мінезді, кен маңдайлы, үлкен көзді, қыр мұрынды, өте сезімтал, орақ ерінді, дәм менен тұзы жарасты, бет пішіні жарасқан, бақыт құшағындағы, сондайын кішіпейіл, акын жүректі азамат – бұл біздің Баяндайын ағамыз.

*Баян ағамыз Баянтаудай асқақты,  
Баян батырға дөп, ұқсап қалыпты.  
Өр өмірін елі мен жұртына арнап,  
Бала санасына ілім дәнін салыпты.  
Аудандық білім бөлімін басқардыңыз,  
Халқыңыздың сенімдерін ақтадыңыз.  
Отанға деген сүйіспеншілікті көрсетіп,  
Шығармашылық үрдісті жақтадыңыз.  
Қиын белестен өттіңіз,  
Зейнетке сіз де кттіңіз.  
Сый - құрметке бөленіп,  
Мұратыңызға жеттіңіз!*

Киіз туырлықты ұлыстың ұйысып ту тіккен темірқазығы, ұлт бірлігінің тұғыры болып табылатын Сарыарқада қазақ тарихы үшін келелі орын алатын Ботақара елді мекені тұр. Ол осы төңіректегі үш Жұланды төбелерінің бірінің бөктерінде орын тепкен. Көбіне жақсы адам ауылдан шығады ғой! Тілге тиек етіп отырған Бұқар жырау ауданының орталығы да, қазақ орта мектебі де, Баян ағамыз да сол Ботақарада тоғысып табылғандай.

Баян Көкенұлы бүкіл саналы ғұмырын халыққа білім беру саласына арнаған тұлға. Физика пәнінің мұғалімі, көп жылдар аудандық білім бөлімін байыппен басқарған, әдістемелік мұрасы жеткілікті, олар заман талабына сай, ұстаздар мен шәкірттерге берері мол. Баян Көкенұлы нағыз арда Қазақтың бірі және бірегейі!

**Әмітайұлы Тілеуғалы Амиртаевич – Қарағанды облысы мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктігін арттыру мен қайта даярлау институтының редакциялық – баспа бөлімінің меңгерушісі, әдіскер ұстаз, Қазақстан Республикасы Білім беру үздігі.**

Бұқар жырау ауданы Қарағанды облысының ірі аймақтарының бірі. Ауданымызда жүзден аса ұлт өкілдері жетпіс жыл бойына тату – тәтті өмір сүруде, сөйлесу тілдері мен сенім – нанымдары әр түрлі болса дағы олар бірін – бірі жатсынбай, қайта қиындық туа қалса өзара қол ұшын берісе – бірігіп тарқатады. Мұндай өзара түсіністік, әрине, жақсы тәрбие мен саналы білімнің нәтижесі. Өттеген – ай сыз болған ба? Бұл уақытқа дейін қазақ тілі мемлекеттік тіл болса да, көптеген тілдердің көлеңкесінде қалып келеді. Осындай келеңсіздікті түзеу төңірегінде жүрген тіл жан ашырларының бірі Тілеуғалы ағамыз.

*Тілеуғалы - сізді аға деймін,  
Арнадан асқан саға деймін.  
Адал еңбегіңізді есептесем,  
Нарқы нардай баға деймін.*

*Үлкен қалада тұрасыз ғой,  
Әңгіме – сөзді құрасыз ғой.  
Ғылым мәселесін зерделеп,  
Елге мойынды бұрасыз ғой.*

*Тіл заңын келеміз өңдеумен,  
Тілім жалығады күндеумен.  
Жүрміз ғой құр әуірімдеп,  
Құп құрғақ, жай үндеумен.*

Тілеуғалы ағамыз қарапайым математика мұғалімінен Қарағанды шаһарындағы қазақ орта мектебінің директоры, қаладағы оқу бөлімінің инспекторы, әдістемелік кабинеттің жетекшісінен мұғалімдердің білімін көтеру институтының редакциялық – баспа бөлімінің меңгерушісіне дейінгі дүрбелені мен қызығы мол жолдарды нағыз қазақ болып, аброймен жүріп өтті.

***Балпанов Серік Балпанович – Бұқаржырау ауданының №1 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің директоры, физика пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі.***

Серік менің замандасым, ақылға ақыл, нақылға нақыл қосар сырласым. Туған ауылдарымыз «Бабай» мен «Семізбұғы» көршілес – қоралас орналасқан, қырат – бөктерлі жеріндегі шөбі шүйгін, өзен – бұлақты өлкесіндегі суы мөлдір, туыс – бауырлас елдегі адамдары сыйлы.

*Серік Балпанұлы - замандасым,  
Бір анадан тугандай қандасым.  
Қандайда сынға мұқалмайтын,*



*Құрыштай сертті, жолдасым.*

*Отаның үшін туған ұлсың,*

*Өнер мен білім қуған ұлсың.*

*Заманамен үзеңгілес болып,*

*Күз қатарда тұрған ұлсың.*

*Тәлім, тәрбиені тең қойдың,*

*Бейінді оқытуға ден қойдың.*

*Саралап, даралап, бағымдап -*

*Беріле оқу керек деп қойдың.*

Қазақта айтады ғой: «Ер жігітке жеті өнер де аз», - деп. Замандасымның мықты маман иесі, сонымен қатар, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт ағасы екендігіне халқым куәгер. Дарын әр адамның бойында болады, оны ерте аша біту және онан әрі қарай дамыту, бірінші кезекте, ата – ана мен ұстаздардың парызы, үкіметтің қарызы. Секең есепке жүйрік болса, қара домбыраның күйін, көне қобыздың үнін келтіруге, ән – шашуды ұйымдастыруға, өлең – сөз патшасын құрастыруға, дүйім жұртты өнерімен тәтті етуге, түрлі тарихты шежірелеп беруге табиғат апаның өзі дайындап қойғандайын таңғажайып, керемет әсерде боласың. Дарын иесі деп осындай адамды бұрындағы аталарымыз айтса керектің.

Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп айтқанындай, тәлім мен тәрбиені, білім мен ғылымды шәкіртіне үйретуді, жалықпайтын да шаршамайтын, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын, шығармашылық қызметке толық берілген, еңбекқор да парастты мұғалім ғана жүзеге асыра алады. Осындай мұғалімнің бірі, ұстаздардың ұстазы, менің замандасым Серік Балпанұлы деп білемін.

*Әмір Шарапат Қауденұлы – Қарағанды қаласындағы №92 қазақ гимназиясының директоры, физика пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, педагогика ғылымының кандидаты.*

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы, Кенейден әріректе, он сегіз шақырым қашықтықта «Ақжар» ауылы орын тепкен. Ынтымағы жарасқан, адамдары бауырмал елді мекенде, негізінен, Бабас ата ұрпақтары тұрады. Ел жадында мына есімдер жатталып қалған: Аймағанбет қажы, Жыржыс қажы, Қазали қожа, Абдрахман қожа, Қалым молла, Ақтай сері, Мәулен оқымысты, Сату ұстаз, Уәйда аға, Құлкен аға, доктор Қадірхан, ғалым - хирург Ғазиз, профессор Арыстандар т.б. Ақ шағаладай үйлері көше – көшемен тәртіпті салынған, аулалары тап – таза, маса тайғандайын. Осы ауылда Қауден ағамыз бен Майра апамыздың айрандай ұйыған, еңселі жанұясында шаңырақтың тұңғышы Шарапат дүниеге келген. Қауден ағамыз бар ғұмырын бала тәрбиесіне

арнап, мектепте қызымет істеген, ұлағатты ұстаз атанған. Ақжарды төңіректегі ел – жұрт оқығандардың ауылы, дәргерлер ауылы деп атайды, себебі, ауыл мектебінің көптеген түлектері ақ халатты абзал жандар болып шартарапқа тараған, ел азаматтары болып, Отанына еңбектерін сіңіріп, абройлы жүріп жатқан жайлары бар.

Осындай азаматтардың бірі немесе бірегейі Шаралатты жырлама қосып өтейін:

*Шаралат, қадірменді інім,  
Сенсіз кетті талай күнім.  
Аузымды бірде – бір ашпай,  
Төңірекке тарамды үнім.*

*Ауылда қалдырып, балалықты,  
Ұнатпадық біздер шалалықты.  
Құлақ асып ата – ана сөздеріне,  
Ескердік көсем сөз даналықты.*

*Бітіріп, арманға қанат,  
Ойға қондырдық санат.  
Жұртыңа пайдаң тиер,  
Халқыңа болшы жанат!*

Мектеп директоры Шаралат Қауденұлы мен академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ педагогика кафедрасының оқытушысы Мұхаметкәрім Құрманұлы өздерінің еңбектерінде мынандай өзекті мәселелерге көңіл бөлген - философия, этнопедагогика, саяси экономика, әлеуметтік – саяси теория салаларын қамтитын кіріктірілген білімдер негізінде әлеуметтік өмірдің қоғамдық дамуының мазмұнын, заңдылықтарын оқып – үйренуге жетелеуінде. Оқушының танымдық қабілетінің кеңеюіне, ойлау, салыстырып саралау, қортып – тұжырымдау кезеңдерін қамтитын шығармашылықпен жұмыс істеуге бет бұру. «Қазақ этнопедагогикасының негіздері», «Қазақ рухының философиясы», «Қазақтың байырғы математикасы» және т.б. бағыттарда оқушыларға қазақ халық ауыз әдебиеті мен ұлттық педагогикалық ойлар және білім беру жүйесінің даму тарихының жалпы мәселелері, қазақ халқының рухани дінгеінің уыздары мен қазақ даласының дарабоз данышпандарының даналық тағылымдары, олардың дүниетанымындағы ұлттық рух көріністері, рухани мұралардың айшықталуы оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарындағы маңыздылығы мен рух философиясын оқытудағы басты құралдардың бірі және бірегейі екендігі, әрбір оқушының математика ғылымы саласындағы күнделікті алған білімінің өміршеңдігіне көз жеткізуіне, оның ұлттық салт – дәстүрімізбен де тікелей байланыстырып ұштастыруы қарастырылады.

## Інім - Шарапат

Қызыл тау көзінен түлеп ұшқан,  
Шарапат, інімсің-ау білім құған.  
Ғылымның кілтін қолыңа ұстап,  
Халықтың баласы болып туган.

Ақжар ауылы туган жерің,  
Теңбіл допты құған жерің.  
Егін-шөпті гүл жайнатып,  
Нұр жауын жауған жерің.

Ерке сезім арманына барғансың,  
Көкжиекке де қарап тұрғансың.  
Шексіздікке сүңгіп, ойға беріліп,  
Оң-солыңа да мойын бұрғансың.

Қараганды елін жараттың,  
Ұстаздық жолды ұнаттың.  
Мектеп ұжымын басқарып,  
Іскерлік сырын таныттың.

Директордың отырған орны,  
Тоқсан екінші гимназия төрі.  
Ұлы халықтың педагогикасы,  
Ұлттық ұлық тәрбиенің өрі.

Ақыл-ойды өрелі өрнекпен өрдің,  
Педагогиканың масағын тердің.  
Оқыту әдістемелерін бағымдап,  
Ілімнің нәрін оқушыларға бердің.

Аталар мәдениетін жалғадың,  
Дананың даналығын толғадың.  
Ұрпақтарды сабақтастырып,  
Өткен мен ертеңді жалғадың.

Мектепке маған кел дедің,  
Жағдайыңды айт дедің.  
Әңгіме-дүкенді құрайық,  
Қонақ болып қайт дедің.

Гимназия терең мәнді екен,  
Мұғалімдер өте сәнді екен.  
Қонақ жайлықтың белгісі,  
Жылы еті аса дәмді екен.

Мектебіңе келіп сайран салдым,  
Шарапат, өзіңнен сабақ алдым.  
Жүрек жарды сөздеріңе семіріп,  
Таң-тамаша күй кешіп қалдым.

*Жаныма жылы сөз айттың,  
Әрілі берілі барып қайттың.  
Тың ойларды маған ұсынып,  
Сана түйсігімді байыттың.*

*Құрметті інімсің Шарапат,  
Нар сөзің мен үшін марапат.  
Адамның таң шолпанындай,  
Нұр сәулеңмен манаурап ат!*

### **Бөлем - Егінбай**

*Алтынторылар өсіп-өнген,  
Далба өңірі аталар мекені,  
Қазаққа қашаннан белгілі,  
Нағашы орны бөлек екені.  
Әкелеріміз серт байласқан,  
Шешелеріміз де сыйласқан.  
Ата-әже өнегесін ұстанып,  
Ұрпақтары біте қайнасқан.  
Аталар жүрегі елжіреген,  
Жиендеріне жанын беріп.  
Сәбидің жұпар исіне маз,  
Әжелер жүр балаға еріп.  
Жыр жолдарымды сен оқы,  
Далба таулары шоқы-шоқы.  
Аналарымыз апалы-сіңілілі,  
Түрлі ойымды санаңа тоқы.  
Қушақтасып жүруші едік кешеде,  
Қосақтап жіберген егіз құлындай.  
Жүрек жарды сағыныш сезімінде,  
Сол өткен шақтың бөз-бұлындай.  
Қадірменді бөлем Егінбай,  
Қандыкөлдің ақ қазындай.  
Балалық шақ өтіп кетті,  
Сарыарқаның жазындай.  
Көктем бұлбұл сайраған,  
Қыз бен бозбала ойнаған.  
Өрт жалыны ұшқындап,  
Жастық шогы қайнаған.  
Аспандағы күніміз сөнбейді,  
Бөлелерді еш жан бөлмейді.*

*Тәлім мен тағылымға толы,  
Аталардың өсиеті өлмейді.  
Бөлелер балдық бауырмал,  
Өмірдің асылын қабыл ал.  
Ұрпақ өсіп, дәулет тасып,  
Өріске толсын қалың мал!*

Алғабас негізгі мектебінің жетінші сынып оқушысы, дарынды шәкіртім (әдебиет пәні мұғалімі Өлфия Екпінтай қызы) Қайыркұлыва Әселдің үш жыры:

### Сізден дана таба алман

*Ғасырдан бел асып,  
Тілдесем бе бабаммен?  
Заман жайлы толғанып,  
Үндесем бе бабаммен?*

*Хан-деп, басын имеген,  
Жағынуды сүймеген.  
Қара қылды қақ жарып,  
Адалынан сөйлеген.*

*Үлгі алайын діңіңнен,  
Мірдей өткір сөзіңнен.*

*Ел!-деп, мұңын жоқтаған,  
Ер!-деп, ұлың ақтаған.  
Жер!-деп, байтақ еліне,  
Аруақты ұран тастаған.*

*Үлгі алайын данадан,  
Бұқардайын бабадан.*

*Үш жүз басын қоссын-деп,  
Жауын таптап бассын-деп.  
Кеңес құрған ханымен,  
Елдің бағын ашшын-деп.*

*Үлгі алайын бабамнан,  
Сізден дана таба алман.*

Қарағанды облысы мемлекеттік МББҚ БА және ҚД институтының ғылыми Кеңесінің ұсынуымен Баян Көкенұлы, Тілеуғалы Әміртайұлы, Серік Бәкіпұлы ұжымдасып, физика пәнінен «Тестер жинағы» және «Есептерді шығарудың үлгілері» атты оқу - әдістемелік құрал ретіндегі екі кітапты, сонымен қатар, Шарапат Қауденұлы,

**Мұхаметкәрім Құрманұлы** «Ұлттық гимназияның қалыптасуы мен дамуы» және «Бейіндік оқытуға және бейналды даярлыққа арналған вариативті білім беру бағдарламалары» атты екі кітапты шығарды. Бұл жаңа кітаптарда Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің білім стандартында жалпы орта білім беретін мектептердің барлық түрлерінде бейіндік оқыту барысындағы қажеттіліктерге айырықша көңіл бөлінген:

- білім және тәлім – тәрбие беру барысында мектеп табалдырығын аттаған әр - бір балаға Тұлға ретінде қарай отырып, оның икемін, бейімін, ұмтылысын, бойындағы басым да кәсіби бағытын анықтауға; ,

- анықтай да тиісті қажеттілікті жасай отырып, ол оқушының бейіндік қабілеттерін одан әрі дамытуға, дағдыларын қалыптастыруға;

- қызық та қиын бәсекелестік өмір жолына араласа білетін де, одан сүрінбей өтетін ой – санасы мықты, білімді де білгір жеткіншектерді сомдауға.

Оқу - әдістемелік құралдар мектеп оқушыларына, жаратылыс тану бағытындағы мұғалімдерге, технология және техникалық ыңғайдағы барша адамдарға таптырмайтын, қазақтың төл тіліндегі өте құнды кітаптар. Бұл ,70 жылдық тойға сый!

XXI ғасыр - өмір сүруді, яғни бағдарлы оқытуды жүзеге асыру ауқымында жеке жауапкершілікті күшейтумен үндесетін өзіндік қабілеттерді дамытуды талап етеді. Оқыту барысында алатын білімді терең меңгеруге, оны белсенді қолданып, бәсекелестікке төтеп беру дәрежесіне оқушыларды оқытушылар жеткізеді. Мұндай жағдайда білім мазмұны адамзат жинақтаған білім мен тәжірибенің жетістіктерінен көз жазбай, қоғамдағы өзгерістерге де үнемі бейімделіп отыруды қажеттейді.

## **IX ТАРАУ. ҚЫСҚАША ШЕЖІРЕ**

*Атадан ұл мен қыз тумаспа,*

*Ата – бабалардың жолын құмас па?*

*Бауырларым - ай, ет жақындарыңды танымағаның жөн*

*болмас - ау,*

*Әр бір азаматтың борышы зой, халқы мен жерін сүйіп, текті*

*болғаны – ау!*

*Қазақ шежіресін жалғастыра сөйлетейін, ой тұлпарды*

*терлетейін,*

*Есентүгел елін ұлы көшке ілестіріп,*

*Қазақты мақтан тұтып,*

*Аллаға басымды иейін!*

## 9.1 ЕСЕНТҮГЕЛДЕН ТАРАҒАН ҰРПАҚТАР

*Қазақ... Арғын... Қаржас... Есентүгел... Кенжалы...  
Аймағанбет қазы...*

*Аталыдан би қойсаң,  
Адаспас жол мен жобадан.  
Атасыздан би қойсаң,  
Босанбас аузы парадан.  
Бұқар жырау Қалқаман ұлы*

Төрткүл дүниенің төрт бұрышын билеп, әлемді аузына қаратқан түркі тектес елдің түп атасы ғұндар. Көк аспаң, айбынды таулар, құнарлы жерлер, ирелеңдеген өзендер, шалқыған дариялар – ғұн немесе арғындардың ат тұяғы жеткен ұлан ғайыр даланың бәрінде аталып, көбі осы біздің заманымызға келіп жеткен. Қазақтың ауыз әдебиетін, эпос жырларын оқып отырсаңыз жырдағы жер, су, тайпа, ру атаулары өзіміздің өмірімізбен қабағтасып, ұштасып жатады. Батыс пен шығыстың жылнамаларынан мен мұндалап, Қазақ деген дана да дара халқымыздың тарихының тас таңбалы белгісі байқалып тұрады.

Бауырмал және қонақжай қазақ халқының ата тарату дәстүрі ұрушылықты, адамдардың арасындағы қарама – қайшылықты тудырмайды, кеісінше, ол ел - жұртымызды бауырмалдыққа, туыскандыққа, өзара сыйластыққа баулитын тарихи өте құнды мұрағат. Ғылыми зеттеулерге қарағанда, Қазақ халқының көне шежіресі НҰҚ пайғамбардан басау алып, жалғаса береді, жалғаса береді. Нұқ пайғамбардан ЯФАС, оның үлкен ұлы ТҮРІК... АҚҚУРАЙДАН: Алаш, Сейілхан. АЛАШТАН Жәйілхан. ЖӘЙІЛХАННАН Майқы би. МАЙҚЫ биден Өзбек, Сабман. САБИАННЫҢ балалары: ҚАЗАҚ, Сазак, Долағай, Айырқалпақ...

ҚАЗАҚТАН: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Ақарыстан Ұлы жүз, Жанарыстан Орта жүз, Бекарыстан Кіші жүз тарайды.

АРҒЫН атамыздан: Алқожа, Дайырқожа, Өстісаба, Қытайби, Қотанби...

МЕЙРАМСОПЫДАН Сүйіндік, одан Сүйініш пен Оразкелді.

ОРАЗКЕЛДІДЕН Қаржас...

ҚАРЖАСТАН: Құлке, Бегім, Алтынторы...

ҚҰЛКЕДЕН: Әлімбет, Анай

ӘЛІМБЕТТЕН: Бабас, Байболат, Ақша...

БАБАСТАН: Жанақ, Бапақ, Жайпан, Табылды...

**ЖАНАҚТАН:** Қожаберген, Қайым, Асан, Үсен, **ЕСЕНТҮГЕЛ,**  
Сарғалдақ...

Есентүгел

Есентүгелден:

1.Сапы. 2.Сайдалы. 3.Арық. 4.Кенжалы.

Сапыдан:

1.Тоғатай. 2.Аңдамас. 3.Торғай. 4.Көшкінбай. 5.Ерубай.

6.Жетпісбай.

ТОҒАЙДАН: Салпаңқұлақ, Өткей.

ӨТКЕЙДЕН: Түсіпбек, Ашықбек.

ТҮСПБЕКТЕН: Рахметжан, Жұмабек, Бөкен.

РАХМЕТЖАННАН: Қанипа.

ЖҰМАБЕКТЕН: Сабыр.

АҢДАМАСТАН: Рахым, Қатпа.

РАХЫМНАН: Жұмаділ, Қабыш, Ібіш, Қойшыбай, Далабай.

ҚАТПАДАН: Қабен.

ТОРҒАЙДАН: Кәкен, Сату, Қаби, Темірғали.

САТУДАН: Болат, Майдан, Жанат, Нәзия, Қайрат, Мәден.

ҚАБИДЕН: Мәдениет, Сағыдат, Шайзат, Идаят, Аманкелді, Мереке.

ТЕМІРҒАЛИДАН: Марат, Руслан, Нұрлан.

КӨШКІНБАЙДАН: Жұмыш, Сәрсен.

ЕРУБАЙДАН: Кәріпжан.

ЖЕТПІСБАЙДАН: Қабди, Дыбыс, Әбушама, Шамаран.

ДЫБЫСТАН: Шәймерден, Шайхан, Қуаныш, Мейрам, Жұмажан,

Жақсылық, Нұрлан.

ШАЙХАННАН: Нүркен, Динара, Жеміс.

МЕЙРАМНАН: Жарас.

ЖҰМАЖАННАН: Жандос, Мәдинә.

ЖАҚСЫЛЫҚТАН: Құндыз, Аягөз.

НҰРЛАННАН: Азат, Айсұлу, Нұрхат.

НҰРКЕННЕН: Дәлил.

ӘБУШАМАДАН: Сапарғали, Қапар, Назар, Совет.

САПАРҒАЛИДЕН: Арман, Жұлдыз.

ҚАПАРДАН: Лаура, Аяжан, Думан.

НАЗАРДАН: Бакытгүл, Назира.

СОВЕТТЕН: Дәурен, Айгүл.

ШАМАРАННАН: Берік, Еркін, Мәжит, Сайран, Төлеген, Теңдік,

Бүркіт.

ЕРКІННЕН: Асқар.

МӘЖИТТЕН: Маржан.

САЙРАННАН: Ғалым, Арнагүл.

БҮРКІТТЕН: Лияс.



**Сайдалыдан:**

1.Атаби. 2.Тастемір. 3.Мәжкен. 4.Ыбырай.

АТАБИДЕН: Өстемір.

ӨСТЕМИРДЕН: Абсалам, Мәрден, Нұрлан, Түсіпбек.

ТАСТЕМИРДЕН: Әшірбек.

МӘЖКЕННЕН: Хасен, Құсайын, Смағұл, Жүкен, Мықтай, Дүйсенбай,  
Сейсенбай.

СМАҒҰЛДАН: Қырықбай, Қайролла.

ЖҮКЕННЕН: Аяш.

ДҮЙСЕНБАЙДАН: Ақан.

АҚАННАН: Алмас.

**Арыктан:**

1.Бектемір. 2.Нүрпейіс. 3.Асылбек. 4.Әпейіс.

БЕКТЕМИРДЕН: Жүніс, Шалқарбай.

НҮРПЕЙІСТЕН: Нүртек.

НҮРТЕКТЕН: Айтұмхан.

АЙТҰМХАННАН: Төлеутай.

ТӨЛЕУТАЙДАН: Кәмәлбену, Аккуан, Кәбира, Рахуан, Қуаныш,  
Қаныш, Боранбай, Айнұр.

Кәмәлбанудан: Зарифолла, Ғарифолла, Аргұл, Асанғали, Айсан.

АҚҚУАННАН: Әлия, Сәния.

Кәбирадан: Нұрысан, Назира, Нұрия.

ҚУАНЫШТАН: Роман.

ҚАНЫШТАН: Сұлтанғали, Оразғали.

БОРАНБАЙДАН: Әбуғали, Сабина, Алина.

Айнұрдан: Әділ, Әліжан.

АСЫЛБЕКТЕН: Әмір, Бәкір, Омар.

ӘМИРДЕН: Қабдырапу (Қауден).

ҚАБДЫРАПУДАН (ҚАУДЕННЕН): Шарапат, Ишрат, Асығат, Сымак,  
Мұхтар, Мұқатай, Мақсат, Жарас, Қанағат.

ШАРАПАТТАН: Қарақат, Ботагөз. Қарақаттан: Жасұлан. Әйгерім

ИШРАТТАН: Алмагүл.

АСЫҒАТТАН: Ерболат, Бекболат.

СЫМАҚТАН: Рахат, Саят.

МҰХТАРДАН: Қаныш, Дәулет, Бекзат.

МҰҚАТАЙДАН: Арман.

МАҚСАТТАН: Сұнғат.

ЖАРАСТАН: Олжас.

ҚАНАҒАТТАН: Айтбек, Айдын.

**БӨКІРДЕН:** Сейілхан.  
**СЕЙІЛХАННАН:** Мерғали, Айнагүл, Қайрат.  
**МЕРҒАЛИДАН:** Толқын, Әлия.  
**ҚҰРАТТАН:** Ниязбек.  
**ОМАРДАН:** Оразхан, Мейірхан.  
**ОРАЗХАННАН:** Мұрат, Сағат, Набидаш, Сайран, Қайдар, Әминаш.  
**МҰРАТТАН:** Төлеген, Дархан, Әсел, Бахтияр, Төрехан.  
**САҒАТТАН:** Жанар, Анар, Дәрижан.  
**САЙРАННАН:** Әнкер, Ақбота.  
**ҚАЙДАРДАН:** Дәмир, Гүлден, Дарина.  
**МЕЙІРХАННАН:** Талғат, Міназа, Әсет, Әспет, Зәуреш, Мейрамгүл.  
**ТАЛҒАТТАН:** Ернар.  
**ӘСЕТТЕН:** Санжар.  
**ӘПЕЙІСТЕН:** Көмек, Шұбар, Серік.  
**КӨМЕКТЕН:** Рымтай, Рымшаш, Аманкелді, Аман, Төленді, Кәмила,  
 Ерғали, Алтын, Күміс, Иманғали, Құрманғали.  
**АМАННАН:** Сәбина, Алмас.  
**ТӨЛЕНДІДЕН:** Дәулет.  
**ЕРҒАЛИДЕН:** Асан, Дәриға, Рәбияға.  
**ИМАНҒАЛИДЕН:** Еркебұлан, Данияр.

Есентүгел

**ӘЛІМБЕТТЕН:** Қасаболат, Ұмбет, Дәулет.  
**КАСАБОЛАТ.**

1	<b>Қасаболаттан:</b>	Бабас, Базар, Ақша, Байболат.
2	<b>Бабастан:</b>	Жанак, Балак, Жайпаң, Табылды.
3	<b>Жанақтан:</b>	Асан, Үсен, Есентүгел, Қожаберген, Қайым, Сарғалдақ.
4	<b>Есентүгелден:</b>	Сапы, Сайдалы, Бектемір, Арық, Кенжалы.
5	<b>Кенжалыдан:</b>	Аймағанбет қажы, Нұрғазы.
6	<b>Аймағанбет қажыдан:</b>	Ақыш, Ысқақ, Манап, Шеризат, Оқаш.
7	<b>Ақыштан:</b> <b>Ысқақтан:</b> <b>Манаптан:</b> <b>Шеризаттан:</b> <b>Оқаштан:</b>	Сейіт, Баттал, Зейтін, Термизи. Мұхамедия (Мина). Мәдина, Шайхан. Жәзира. Уайда.

## АҚЫШ, ЫСҚАҚ ЖӘНЕ ОҚАШТАН.

1	Термизиден:	1.Максұтхан (Мэтэй). 2.Мұсахан. 3.Қапиза. 4.Райхан. 5. Мұрат. 6.Әсимә. 7.Шоллан. 8.Мұхтар. 9.Қайыр. 10.Әлия.
2	Мұхамедиядан:	1.Гүлнаһар. 2.Қадырхан (Кэтэй). 3.Гүлжауһар. 4.Асылхан. 5.Гүлназия. 6. Гүлзифа. 7.Гүлнафис. 8.Фазылхан. 9.Әлихан.
3	Уайдадан:	1.Еділ. 2.Жайық. 3.Дана. 4.Қабдуәли. 5.Дәриға.

## ТЕРМИЗИ МЕН МӘПШТЕН.

Ер балаларынан:

1	Максұтханнан:	1.Нұрлан. 2.Асқар. 3.Нәзігүл. 4.Асыл.
2	Мұсаханнан:	1.Нүркен. 2.Аргын. 3.Ардақ. 4.Болат. 5.Қымбат.
3	Райханнан:	1.Гүлнар. 2.Махмет. 3.Мәдинә. 4.Айдын.
4	Мұраттан:	1.Әсел. 2.Ботакөз.
5	Мұхтардан:	1.Аян. 2.Темірлан. 3. Дарын.
6	Қайырдан:	1.Нұрым. 2.Гүлім.

Қыз балаларынан:

1	Қабдрахман – Қпизадан:	1.Гүлмира. 2.Қайрат. 3.Қанат.
2	Еркін - Әсимадан:	1.Алтын. 2.Меруерт. 3. Еркебұлан. 4.Ерқанат.
3	Қайролла, Рымбай – Шолпаннан:	1.Әсет. 2.Гүлшат.
4	Аманкелді - Әлиядан:	1.Айнұр. 2.Мәдиар. 3.Гүлнұр. 4.Ажар. 5.Олжас. 6.Бактияр.

## МҰХАМЕДИЯ МЕН КҮЛШИРАДАН.

1	Қадырханнан:	1.Шәрипә. 2.Айдын. 3.Әсет. 4.Аймаң.
2	Асылханнан:	1.Ардақ. 2.Нәрімман.
3	Фазылханнан:	1.Әлімхан. 2.Әлібек. 3.Дана, 4.Лейла.
4	Әлиханнан:	1.Әділхан. 2.Әйгерім.

## УАЙДА МЕН БӘТІМНЕН.

1	Еділден:	1.Дина. 2.Раушан.
---	----------	-------------------

2	Жайықтан:	1.Әлимә.
3	Қабдуәлиден:	1.Айдар. 2.Ерден.

### МАКСУТХАН МЕН СӘУЛЕДЕН.

1	Нұрланнан:	1.Мирас. 2.Арсылан.
2	Асқардан:	1.Наргиза.
3	Нәзігүлден:	1.Аяулым. 2.Арайлым.
4	Асылдан:	...

## 9.2 ТҮЙІН

Жерлерді аралап, барып қайттым,  
 Дүниеге көз қарасымды байыттым.  
 Сана – сезім, ой - өрісті сайратып,  
 Халқыма кітаппенен сәлем айттым.  
 Соныменен кітап тәмам болсын,  
 Гүл жайнаған мол заман болсын.  
 Отанға ынтымақ – бірлік дарып,  
 Елім мен жұртым аман болсын!  
 Қош бол карағым келгенше,  
 Қайта айналып жеткенше.  
 Күнде мен сіздерді күтемін,  
 Жарық дүниеден кеткенше!

### *Ұрпақтарымызбен мың жасаймыз*

Онымда бала боп ойнақтадым,  
 Жиырмамда ер жетіп қалдым.  
 Отыз – қырықымда еңбектеніп,  
 Елуімде ой - қияға кетіп қалдым.  
     Бар дүние санмен өлшенеді,  
     Әр сан келесіге орын береді.  
     Сандар сабырлыққа салып,  
     Уақыттың өз көшіне ереді.  
 Өмір жолдарын жүріп өттім,  
 Алпысқа мен де келіп жеттім.  
 Мұғалім мамандығына беріліп,  
 Өлең мен жырды серік еттім.  
     Алпыс жас деген асу екен,  
     Алға алты адым басу екі.  
     Адымды он жыл санасам,

Толкын тәрізді тасу екен.  
Алпысым алысқа жетелейді,  
Адамдык парызды өте дейді.  
Алдындағы баланы тәлімдеп,  
Жүз жастан асып, өт дейді.  
    Пайғамбар жасы алпыс үш,  
    Бойға сый етеді орасан күш.  
    Алпыс үш жастан өтсендер,  
    Періштедей болып көкке ұш!  
Жетпіс деген желісті болар,  
Жеті жұртқа келісті болар.  
Ақия – ойы кемелінен шығып,  
Халқына өнегесі өрісті болар.  
    Сексенге келген, сең болар,  
    Теңіздегі тауға тең болар.  
    Жаңа туған жас баладай,  
    Ақ жүрек пейілі кең болар.  
Токсанында адам шал болар,  
Жер тірер таяғы тал болар.  
Тісі түсіп, құр иегі қалғанда,  
Қорегі ақ нан мен бал болар.  
    Жүзде, жүзіміз солғын тартар,  
    Ауырып, уайым – қайғын артар.  
    Денені бастырықпен асқандай,  
    Төсек тартып, күрсініп жатар.  
Отыз жыл – бір айналым,  
Алпыс жыл – екі айналым.  
Юпитердің үшінші элипісі,  
Токсанға тең үш айналым.  
    Ой жүгіртсем сол өміріме,  
    Жетемін бе екен ол арманға?  
    Арман деген алыс екен – ау,  
    Жеткізбейтігүн бұл адамға.  
Кіндік кескен жерім қымбат,  
Еркелеп өскен өңірім қымбат.  
Нұрларын төгер күн қымбат,  
Ай туар мезгіл іңірім қымбат.  
    Уайымы жоқ балалық шақ,  
    Гүл жайнаған жемісті бак.  
    Ойнап - күлген сол бір бала,  
    Көйлегің көк, тамағын ток.  
Алғашқы арманым сауқ құру,

Студент болып түзде жүру.  
Қилы кедергілерден сүрінбей,  
Өнер, білім тұғырында тұру.  
Мектеп табалдырығын аттағанмын,  
Әр түрлі ғылымдарды жаттағанмын.  
Өлең сөздің патшасымен дидакталасып,  
Жырдың тор тұлпарын баптағанмын.  
Мектепті бітіргенім, ер жеткенім,  
Қанаттарым бекіп, ұшып кеткенім.  
Тырмысып, алға беттей ұмтылып,  
Бұралаң өткелдерден жай өткенім.  
Тәтті болсыншы асымыз,  
Аман болсыншы басымыз.  
Алла зор денсаулық беріп,  
Мың ассыншы жасымыз!

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Астана, 2004ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті қоғам үшін.» Қазақстан Халқына Жолдауы. Астана, 2004 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда. Астана, III сиезд. 2004 ж.
4. «Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан.» Қазақстан Халқына Жолдауы. Астана, 2007ж.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы, 2003 ж.
6. Сағадиев Қ. Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек. Алматы, 2004 ж.
7. Физика пәнінің Стандарты, 2002 ж.
8. «Педагогика және психология» ( Ғылыми сөздік). «Мектеп», Алматы, 2002 ж.
9. «Мұхаммед пайғамбардың хадистері». Алматы, 1994 ж.
10. «Қазақ мәдениеті». «Рауан», Алматы, 2005 ж.
11. «Қазақстан». «Қазақ энциклопедиясы», Алматы 2005ж.
12. Ана тілінде ойларын оюлаған, ауылдық сөз зергерлері - халық арасынан әңгімеге тартылған, ардақты азаматтар: Құметен Қамзе (бес мәрте қажсылықта болған, Қарағанды қаласы, 86 жаста), Өлеулин Айтқожя Шәйкен ұлы (Алғабас ауылы, 43 жаста), Ысқақова әжей (Семізбұғы кенші, 97 жаста), Танашев Құрмет Бұқпан ұлы (Ботақара кенті, 83 жаста), Бисенбеков Ақтай сері (Ақжар ауылы, 70 жаста), Қабаев Екпінтай (Алғабас ауылы, 71 жаста.), Саманбекова Нұрғайша (Керней ауылы, 67 жаста), Жаманбаев Жылгелді (Керней ауылы, 67 жаста), Восколович Ольга Петровна (Қарағанды қаласы, студент, 19 жаста), Ибрайев Ернар (Керней ауылы, 17 жаста).
13. «Абай Құнанбаев» (Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар), «Прогресс», Мәскеу, 1970 ж.
14. «Нумерология», А.Ф.Александров, «РИПОЛ КЛАССИК», Москва, 2002г.
15. Интернет жүйесі, 2006 - 2007 ж.ж.
16. «Физика және астрономия» журналы. «Азия Принт Адвертайзинг», 2006 - 2007 ж.ж.
17. «Өзгеріс - перемена» газет. «АРКО» ЖШС, Қарағанды, 2006 - 2007 ж.ж.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	<b>6</b>
<b>I ТАРАУ. ХХІ ҒАСЫР – БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҒАСЫРЫ</b>	
1.1 КЕРНЕЙ ОРТА МЕКТЕБІ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІ... 8	
1.2 МЕКТЕП КОМПОНЕНТІ НЕМЕСЕ ОҚУШЫ КОМПОНЕНТІ (ТАҢДАУ КУРСЫ).....	10
1.3 ДЛНАМА ЖӘНЕ ҚАРА ШАҢЫРАҚ ОБРАЗЫ.....	20
1.4 ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА САЯХАТ.....	26
1.5 НҰР ШУАҒЫНДАҒЫ МЕКТЕП.....	32
1.6 БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ.....	38
1.7 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ - БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ОТАНЫМЫЗ.....	47
1.8 МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ - ЖОҒАРЫ АДАМГЕРШІЛІК ПЕН БІЛІКТІ МАМАНДЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ.....	50
1.9 ЖУСАН ИІСІ.....	52
1.10 МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	54
<b>II ТАРАУ. ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ ТАҒЫЛЫМЫ (АҢЫЗ - ДАСТАНЫ АРАЛАС ӨНГІМЕ)</b>	
2.1 ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ.....	56
2.2 БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҰСТАЗДЫҚ.....	60
2.3 ЖЕКЕЛЕГЕН АҚЫЛ - ОЙ ӘРЕКЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ТҮСНІКТЕР.....	61
2.4 МҰСЫЛМАН ӨЛЕМІ.....	64
2.5 ҮШТІКТІҢ ҮЛЕСІ ҰЛАН ҒАЙЫР.....	69
2.6 ҚЫР ГҮЛІНДЕЙ ҚҰЛПЫРҒАН.....	70
2.7 ҚАДІРМЕНДІ ШЕКСІЗ САНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ ЖЕТІ САНЫ.....	73
2.8 ҚАЗАҚ ТАҒАМДАРЫ.....	80
<b>III ТАРАУ. ТУҒАН ЖЕРІМ ТУҒЫРЫМ</b>	
3.1 ТАБИҒАТЫМ - ТАҒДЫРЫМ.....	86
3.2 ҒЫЛЫМИ ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	90
3.3 ҚАСИЕТТІ ЖАЗБА.....	92
3.4 БАЙҚОҢЫРДАН ҒАРЫШҚА, ҒАРЫШТАН ЖЕРГЕ.....	93
3.5 ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯ.....	96
3.6 ЕКПІНТАЙ АҒАНЫҢ ЕКПІНІ.....	102
<b>IV ТАРАУ. ТӘЛІМ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ</b>	
4.1 1 – 12 СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ТӘЛІМ – ТАҒЫЛЫМ, ЖОҒАРЫ АДАМИ, ҚАЗАҚЫ – ҰЛТТЫҚ САБАҚТАР	



БАҒДАРЛАМАСЫ.....	109
4.2 ОСЫ ЗАМАНҒЫ ТЕХНОЛОГИЯ.....	120
<b>V ТАРАУ. ИНТЕГРАЦИЯ УЧЕБНО – ВНЕУРОЧНОЙ РАБОТЫ И ПРОФИЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ</b>	
5.1 ИНТЕГРАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА.....	127
5.2 НООСФЕРНОЕ СОЗНАНИЕ ПЕДАГОГА.....	129
5.3 «СКЕЛЕТ ЧЕЛОВЕКА И ЗАКОНЫ МЕХАНИКИ».....	130
5.4 МЕЛОДИЯ ИЗ СЕМИ НОТ.....	137
5.5 НУМЕРОЛОГИЯ.....	146
5.6 ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛАР.....	152
<b>VI ТАРАУ. ЖАНУА</b>	
6.1 ҰРПАҚҚА ХАТ.....	166
6.2 АНА АЛАҚАНЫ ЖЫЛУЫ.....	174
6.3 ТІЛЕУ ЖӘНЕ ТҮС.....	185
6.4 АЙМАҒАНБЕТ ҚАЖЫ.....	186
<b>VII ТАРАУ. КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ</b>	
7.1 АҚЫН – КӨПТІҢ КӨНІЛІНДЕГІН ЖЕТКІЗУШІ.....	218
7.2 САМАЛДЫ САРЫ АРКАМ СЫМБАТТЫ.....	221
7.3 АНА ТІЛІ - БАБА ТІЛІ.....	227
7.4 ОТАН – АНА.....	241
7.5 ОЛИМПИАДА АЛАУЫНДАЙ ЛАУЛАЙЫҚ.....	254
7.6 ҚАРҒЫСҚА ҚАЛУ – ҚАСИЕТ, ҚАРҒЫСҚА ҚАЛМАУ – ҚАСИЕТ.....	260
7.7 ҚҮДАНДАЛЫҚ ТУРАЛЫ.....	262
7.8 ДІЛ.....	263
<b>VIII ТАРАУ. КОНТАКТ ДВУХ МИРОВ</b>	
8.1 ВОСКОЛОВИЧ ОЛЬГА (УЧЕНИЦА 11 – КЛАССА).....	266
8.2 СЕМІЗБҰҒЫМ САҒЫНЬШЫМ.....	271
<b>IX ТАРАУ. ҚЫСҚАША ШЕЖІРЕ</b>	
9.1 ЕСЕНТҮГЕЛДЕН ТАРАҒАН ҰРПАҚТАР.....	293
9.2 ТҮЙІН.....	298
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....</b>	<b>301</b>

Баспаға Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы,  
Бұқаржырау ауданындағы Керней орта мектебінің әдістемелік  
кеңесі ұсынған

## **ҚҰС ЖОЛЫ ТӘЛІМ – ТАҒЫЛЫМДЫҚ ТОЛҒАНЫС**

*Авторы:* Ақыш Мақсұтхан Термизиұлы

**Редакторы:** Ә.О.Туганбаев  
**Техникалық редактор:** Е.К.Хасенов

Баспаға қол қойылған күні 11.06.2008ж.  
Көлемі 7,8 б.п. Таралымы 300 дана. Пішімі 60x84 1/16. Қағазы №1  
Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс №526

ТОО «Полиграфия-санат» баспасы. Қарағанды қаласы, 2008ж